

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

ӘОЖ 94:930.2:070(574)-054.7

Қолжазба құқығында

**ШУРШИТБАЙ БЕЙБИТГУЛ**

**ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ОРАЛМАНДАР МӘСЕЛЕСІ:  
ТАРИХИ ТАЛДАУ (1991-2009 ж ж.)**

07.00.02 - Отан тарихы  
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін  
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі  
тарих ғылымдарының  
докторы, профессор  
З.О. Дүкенбаева

Қазақстан Республикасы  
Астана, 2010

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР</b> .....	3
<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>1 ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ</b> .....	17
1.1 Шетелдегі қазақ диаспорасының Отанына оралу тарихы.....	17
1.2 Шетелдегі қазақтарды Қазақстанға шақыру идеясының туындауы, жүзеге асуы.....	25
<b>1 ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ОРАЛМАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕСІ</b>	
2.1 Көші-қон туралы заңның қабылдануы және қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі.....	43
2.2 Оралмандарға қатысты құқықтық ережелер және құқықтық-нормативтік құжаттарды жетілдірудегі баспасөздің рөлі.....	58
<b>2 ОРАЛМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕРЗІМДІК БАСЫЛЫМДАРДА</b> .....	76
3.1 Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	76
3.2 Қазақ баспасөзіндегі оралмандардың мәдени-рухани өмірі.....	99
3.3 «Нұрлы көш» бағдарламасының мәні мен маңызы.....	113
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	127
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	132

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы.

**ДЖҚҚ** – Дүниежүзі Қазақтарының қауымдастығы.

**ДЖҚ** – Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.

**ҚазКСР ҒА** – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылым Академиясы.

**ҚР** – Қазақстан Республикасы.

**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

**ҚРОММ** – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты.

**ҚХР** – Қытай Халық Республикасы.

**КСРО** – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы.

**КОКП** – Кеңес Одағының Коммунистік партиясы.

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

**ШҚМУ** – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

**ШҚО** – Шығыс Қазақстан облысы.

**ШҰАР** – Шыңжан Ұйғыр Автономиялы районы.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Бүгінгі таңда шетелдерде шамамен 5 миллионнан астам қазақ ирриденттері мен диаспора өкілдері тұрады. Біз оларды жинақтап «этникалық қазақтар» деп атаймыз. Шетелдегі қазақтардың саны біз ойлағаннан кем немесе одан әлде қайда көп болуы мүмкін. Қалай дегенмен де, Қазақстаннан сырт, алыс-жақын шетелдерде қазақ диаспорасы мен ирриденттерінің қомақты бөлігі өмір сүріп жатқаны белгілі. Қазақ ұлтының шетелдегі бұл өкілдері түрлі тарихи кезеңдерде, әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан. Оған қазақ жерінің отарлануы мен қазақ халқының өз ұлттық мемлекетінің жойылуы, сыртқы күштердің әлімжеттілігі әсер етті. Шекара сызықтарының әділ жүргізілмеуі, отаршылдық езгі, саяси қуғын-сүргін, т.б көптеген факторлар қазақтардың бүгінгі Қазақстан шегінен сырт аймақтарға, алыс шет елдерге қоныстануына әкелді. Шетелдегі отандастар туралы мәліметтер алу, қазақ халқына жасалған тарихи әділетсіздікті ашық айту тек Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2002 жылы 23 қазанда Түркістан қаласында өткен дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Отанынан тыс жердегі қазақтардың болашағы туралы былайша ой толғаған еді: «Қазір Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын қазақтардың саны 5 миллионнан асады. Міне, осыны ойлағанда 40 пайыздан астам шетелдерде тұратын бүкіл дүниежүзіндегі қазақтың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады» [1]. Елбасының қазақтар тұратын мемлекеттердің басшыларымен кездесулерінде қандастарымыздың қал-ахуалына қатысты мәселелер сан мәрте ресми түрде қозғалды.

Бүгін де шетелдегі отандастардың келемін деушілерін елге оралту Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді стратегиялық саясатының құрамдас бөлігі болып отыр. Елбасы бастамасымен мемлекет бұл іске ұдайы көңіл бөліп келеді. Бүгінгі күнге дейін отандық тарих ғылымында жүйелі қарастырылмаған өзекті мәселе - шетелдегі қазақ диаспорасының өздерінің отанына оралу тарихы мен бұл үрдістің бүгінгі қазақ баспасөзінде көтерілу мәселесі. Еліміз үшін аса игілікті істі одан ары жалғастыру және оның барысында кездескен түрлі мәселелерді тиімді шешу, анағұрлым кемелденген, кешенді іс-шараларды ойдағыдай жүргізу үшін көші-қон үрдісін ғылыми тұрғыдан зерттейтін, отандастарымыздың елге оралуын, жерсіндірілуін, еліміздің экономикасы мен мәдениетіне, әлеуметтік жағдайына тигізген оңды әсерін жан-жақты бағамдайтын уақыт жетті. Әсіресе, отандастардың елге оралу үрдісін, оралмандар мәселесін төртінші билік деп аталатын бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз беттерінде көтерілуін зерттеу және ол мәселелерді тарих тұрғысынан саралап, зерделеу өзекті.

Шетелдегі қазақтардың тарихи Отаны - Қазақстан Республикасына оралуы еліміздің тәуелсіздік тарихының құрамдас бөлігі. Өйткені, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жариялауы, елдің саяси тұрғыдан құқықтық-демократиялық даму жолына түсуі, экономикалық салада нарықтық

катынастарға көшуі, бәрінен бұрын Республикадағы тұрғылықты ұлт қазақ халқының жан-жақты дамуына мол мүмкіншіліктердің жасалуы шетелдегі қазақтардың елге оралуының басты алғышарты болды. Ұзақ уақыт бойы тарихи әділетсіздік салдарынан Қазақстан Республикасының аумағын тастап кеткен немесе Қазақстаннан сырт және оған шекаралас өзінің тарихи ата қонысында тұрып жатқан қазақ ирриденттерінің өкілдері Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алу қарсаңында-ақ елге орала бастады. Бұл қазақ халқының төл тарихындағы өте айтулы оқиға, ұлттың ұлт болып ұйысуының, үлкен елдіктің белгісі еді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Германия, Израиль секілді елдер шетелдегі өз отандастарын елдеріне шақырды және олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық жағынан сол елдерде тұрып жатқан тұрғылықты халықпен түбегейлі теңесуіне жағдай жасады. Ал жапондықтар тіпті екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан азаматтарының мүрдelerіне дейін түгендеп өз еліне алып кетті. Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін елдің жаңа басшылығы шет елдердегі қытай диаспорасымен тұрақты байланыс жасап, ең алдымен олардың арасындағы үздік ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің елге оралуына, елдің экономикалық-саяси өміріне атсалысуына, ғылыми-техникалық зерттеулер жасауына жағдай жасады. Шетелдегі қытай диаспорасы өкілдерін, зиялыларын елдің тұтастығын іске асыру сынды аса келелі саяси іске пайдаланды. Демек, шетелдегі отандастарын іздеу, олармен тұрақты байланыс жасау, қалағандарының елге оралуына жағдай жасау, әлемдік тәжірибеде бар дәстүр. Бұл елдерде диаспораны зерттеу (диаспорология) іргелі ғылымға айналған. Өз кезегінде бұл саладағы кешенді зерттеулердің сол елдердің саяси, экономикалық және мәдени дамуына әкелетін пайдасы шексіз. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің қарсаңында-ақ шетелдегі отандастарының өз тарихи ата мекендеріне қоныс аударуына жағдай жасады. Мысалы, 1991 жылдың наурыз айында «Еңбек шарты» деген айдармен Моңғолиядағы ағайындарды елге көшіру ісі басталды. Тәуелсіздіктен кейін ел үкіметі шетелдегі қандастарды көшіріп алуды арнайы мемлекеттік бағдарлама және заң шеңберінде іске асыруға көшті. Бұл ретте ең алғаш «Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы» министрлер кабинетінің қаулысы, одан соң [2], «Халықтың көші-қоны» туралы Заңды атауға болады. «Шетелдердегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Соның әсерімен шетелдегі отандастарымыз өз бетімен елге орала бастады. Егемендіктің екпінімен Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Иран, Ауғанстан, Түркия елдерінен келуші ағайындар күннен күнге көбейді. Оралмандар мәселесі баспасөз беттерінде қарала бастады. Тәуелсіздік жылдары қандастардың елге оралуы, ұлттық-патриоттық тәрбие, отанға оралудың түрлі қиындықтары, ел ішіндегі түрлі кедергілер, арнайы қаулылар мен бағдарламалардың, заңның қабылдануы т.б. мәселелер қазақ баспасөзінде кең қамтылды. Тәуелсіздік алған соң, қазақ баспасөзі, оның ішінде еліміздің «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақ елі», «Шалқар», «Көш», «Айқын» т.б, облыстық газеттер, «Жұлдыз», «Ақиқат», «Жалын», «Парасат»

журналдары шетелдегі қазақтар мен олардың елге оралуы, оларға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтар, оралмандардың азаматтық алуы мен жерсіндірілуі, т.б. мәселелер төңірегінде көптеген ақпараттық және проблемалық мақалаларды жиі жариялап келді. Қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі және шетелдегі қазақ диаспорасына қатысты бұл үрдіс әлі де өз жалғасын таба бермек. Бас-аяғы жиырма жылдан бері қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалар бүгін де Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихының дерек көзіне айналды. Оларды шетелдегі қандастардың елге оралу үрдісіне қатысты дерек ретінде қарау, саралау, көтерілген мәселердің ауқымын анықтау, жүйелеу, жетістіктер мен кемшіліктерді көрсету күн өткен сайын аса қажет болуда. Сол себепті, тәуелсіздік алғаннан қазірге дейінгі қазақ көшінің мән-жайы, жетістіктері мен кемшіліктері, көші-қон үрдісінің жалпы ауқымы, мемлекеттік көші-қон саясатының орындалуы, заңдылықтың сақталуы, оралмандарды жерсіндіру, ортаға бейімдеу мен оларға мемлекет тарапынан жасалған материалдық және рухани көмектің жағдайы, ұлттық-патриоттық тәрбие т.б. мәселелердің қазақ баспасөзінде қаншалықты көтерілгені және қалай көтерілгені, ауқымы аталмыш зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуын және қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесіне байланысты зерттеулер қарастырлады. Олар: Кеңестік және қазіргі кезеңдегі іргелі зерттеулер; және бүгінгі зерттеушілердің әртүрлі мақалалары.

Кеңес Одағы кезінде шетелдегі қазақтарды зерттеу ойдағыдай жолға қойылды деуге келмейді. Бұрынғы кездердегі асыра сілтеулерге байланысты билік басындағы әміршіл-әкімшіл жүйе барынша өз қателігін бүркемелеуге тырысты. Жаппай кеңестік ұлт құруға құлшынып отырған елде жекелеген ұлттардың ұлттық мүддесі мүлде ескерілмеді. Мұндайда шетелдегі қазақтар туралы салиқалы ой қозғау мүмкін болмады. Шетелдегі қандастарды ішке тарту былай тұрсын, оларды көбіне отан сатқындары, коммунизмнің жаулары ретінде көрсетуге тырысты. Елдегі қазақтардың олармен қарым-қатынас жасауына тыйым салынды. Шетелдегі қандастар туралы жазылған ғылыми жұмыстар катал цензурадан өтті. Кейбіреуі қорғауға жіберілмеді. Мұндай жағдай шетелдегі қандастарымыз туралы жүйелі ғылыми түсініктің қалыптасуына кедергі болды. Соған қарамастан, шетелдегі қазақтардың тарихы туралы біраз ғылыми жұмыстар қорғалды. 1970 жылдары Л. Бадуамов «Шыңжаң қазақтарының Ұлы ықпалы мен төңкерісі» туралы диссертациясын қорғады [3]. Шетелдегі қазақтар туралы шамалы мәліметтер «Қазақ совет энциклопедиясына» енгізілді. Шетелдегі отандастармен байланыс жасайтын «Біздің Отан» (кейінгі «Шалқар») газеті тұрақты шығып тұрды. ҚазКСР. ҒА. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шетелдегі қазақтардың рухани мұрасы туралы қолжазбалар қорын жасақтап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді [4].

Кеңестік дәуірдің тарихи демография мәселесі бойынша М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиевтің бірлесіп жазған «Социально-демографические процессы в

Казахстане (1917-1980 гг.)» [5], монографиясы аталған мәселе туралы тұңғыш рет талданып, қорытылған еңбек болып табылады. Бұл монографияда Қазан төңкерісінен кейінгі ұзақ кезең ретінде көп ұлтты Қазақстандағы ел-жұрт мәселелері елдегі көкейкесті әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер тұрғысынан кеңінен зерттелді. Жоғарыдағы авторлар ХІХ ғасырдың аяғынан ХХ ғасырдың 80-жылдарына дейінгі кезеңдегі көші-қон мәселелеріне де көңіл бөледі. Бірақ, идеологиялық шектеулердің салдарынан шетелдегі қазақ диаспорасы мәселесі жұмыста кеңінен қарастырылмаған. Қазақтардың шет жұрттарға бытырай қоныстануының саяси және тарихи себептері терең талданбаған. М.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның «Демографические процессы современного Казахстана» атты монографиясында 1980-1990 жылдардағы демографиялық үрдістер, ел-жұрттың саны, даму динамикасы, оның сапалық көрсеткіштері, жыныстық, жастық құрамы, т.б. талданған [6]. Бұл еңбекте қазақтардың өз елінде азаю себептері талданғанымен, шетелдегі қазақтар мәселесі, оларды елге қайтару ісінің еліміздің демографиялық хал-ахуалымен болған тығыз байланысы қарастырылмады.

Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы өзге ұлт диаспоралары тақырыбына да біршама зерттеулер жүргізілді. Кезінде өлкедегі жұмысшылардың қалыптасуы мен дамуын тарихи демографиялық тұрғыда зерттеу мәселесі көп жақты күрделі құбылыс болғандықтан, мәселенің демографиялық, этнографиялық, экономикалық, әлеуметтік аспектілері баса қарастырылды. Мысалы, заң ғылымының кандидаты А.М. Нұрмағамбетовтың Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының құқықтық мәселелеріне арналған жұмысында осы заманғы ішкі көші-қон мәселеріне, атап айтқанда, еңбек көші-қоны, оның Қазақстандағы нарықтың жай-күйіне ықпалы қарастырылған [7]. А.М. Нұрмағамбетов «экономикалық босқындар» деп аталатын ерекше әлеуметтік топты бөліп көрсетті.

Тәуелсіздік жылдарында алғашқылардың бірі болып қазақ диаспорасы жайында Г. Мендікұлованың «Казахская диаспора: история и современность» еңбегі жарық көрді [8]. Автор еңбегінде шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қазіргі қал-жайына, Қазақстанмен байланысына кеңінен тоқталады. Еңбекте автор қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи себептерін талдай келе, шетелдегі қазақтарды «диаспора» және «ирригент» деген екі топқа бөлді. Ол бойынша шалғай шет елдерге: Ауғанстан, Иран, Түркия, Германия, АҚШ, Франция секілді Қазақстан шегінен оқшау, жырақта тұрған елдердегі қазақтарды «диаспора» деп, ал Қазақстанмен шекаралас, біртұтас геотарихи аумақта өмір сүрген қазақтарды «ирригент» деп атайды. Соңғысына Қазақстанмен көрші немесе оған жақын жатқан Қытай, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия елдеріндегі қазақтар жатады. Бұл елдердегі қазақтар өздерінің байырғы ата мекенінде жұбын жазбай, шоғырлы түрде отырғандықтан, ұлттық мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін толық сақтаған деп айтуға болады. Ал диаспора аталған алыс шетелдердегі қазақтар өздерінің тілі мен салт-дәстүрінен ажырап қалған. Г. Мендікұлованың аталған зерттеу еңбегі тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі шет елдегі қазақ диаспорасын біршама жан-

жақты зерттеген, қоғамда, әсіресе орыс тілді ортада олар туралы дұрыс көзқарастарды орнықтыруға әсер еткен бірегей еңбек деуге толық негіз бар.

Осы заманғы отандық саяси ғылым шеңберінде көші-қон демография саласын зерттеудің негізін қалаушылар ретінде М.Б. Тәтімов, Н.В. Алексеенко, Ә. Ғали, Д. Ғали сынды ғалымдарды айтуға болады [9]. Аталмыш ғалымдар көші-қон мәселесін түрлі қырынан зерттеп, оның құқықтық-экономикалық және әлеуметтік-саяси жақтарына тұжырым жасады. Бұл еңбектер Қазақстандағы көші-қон мәселесі мен демографиялық жағдайды сипаттап қана қоймай, ондағы көкейтесті мәселелерді дәл көрсете алуымен құнды. Қазақстандағы көші-қон тарихына қатысты, халықаралық деңгейде маңыздылық танытатын күрделі үрдістерді қарастырған, «Қазақ диаспорасы: Бүгінгі мен ертеңі» атты монография жарық көрді. Бұл ұжымдық еңбекте диаспоратанудың және қазақ диаспорасының іргелі мәселелері қарастырылған [10]. Халқымыздың өз тағдырына деген ерекше ықыласы XX ғасырдың басында ерекше көрініс алғаны баршаға белгілі. Ол ХХІ ғасырдың басында да солай қайталанды. Академик Ә.Н. Нысанбаевтың редакторлығымен шыққан «Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы» атты еңбекте қазіргі жаһандану заманындағы еуразиялық кеңістікте орын алған қазақ диаспорасының маңызды мәселелері жан-жақты зерттелген [11].

Қазақ диаспорасының қалыптасуында кеңестік тоталитарлық жүйенің де қосқан үлесі мол болды. Ресей ғалымы И.И. Алиевтің «Этнические репрессии» атты монографиясын осы мәселелерді қарастырған еңбектердің қатарына жатқызамыз [12]. Ол ұлттардың репрессияға ұшырау себептерінің саяси қырларын ашып көрсетеді. Бұл үрдістің бел ортасында қазақ халқының да болғаны белгілі.

1991-жылдардағы көші-қон үдерісіне көптеген Қазақстандық ғалымдардың мақалалары арналды және Қазақстандық тарихшылардың келесі бір тобы - Кеңес дәуірі мен қазіргі кезеңдегі көші-қонның біртұтас жүйесін терең зерттеуді мақсат тұтты. Бұл ретте А.Т. Тілесовтың «Саяси-әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының қалыптасу ерекшеліктері» [13], Б.Р. Найманбаевтың «Қазақстандағы 1970-1999 жылдар аралығындағы көші-қон (миграция) процестерінің тарихы» [14], Қ.А. Енсеневтің «Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959)» [15], Ә.Б. Аманның «Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары)» сияқты еңбектерін атауға болады [16].

1991 жылдардан бастап Қазақстанның көші-қон және демографиялық жағдайына, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани өміріне ерекше өзгерістер ала келген ағайындар туралы, олардың тарихи Отанына оралуы мен жерсіндірілуіне, жалпы оралмандар мәселесіне арналған іргелі зерттеулер жарық көре қойған жоқ. Ғалымдарымыз шетелдегі қазақ диаспорасы мәселесін жекелеген мемлекеттер бойынша, белгілі бір мәселе төңірегінде зерттеді деуге болады. Бұл еңбектерде қазақ халқының бір бөлігінің түрлі тарихи жағдайда, әсіресе, Кеңес одағының әміршіл-әкімшіл саясаты



салдарынан өз ата қоныс жерімен қоса шетелдік болып қалғанын немесе алыс шетелдерге бас сауғалағаны тарихи тұрғыдан біршама зерттелгенімен, 1991 жылдан бастап жаппай үрдіс алған көші-қон жағдайы жүйелі зерделенген жоқ. Бірақ, оралмандардың елге келуі мен олардың орналасуы, азаматтық алуы, әлеуметтік қамтылуы т.б. мәселелер қазақ баспасөзінде көптеп көтеріліп келеді. Қазақстандағы көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері оралман мәселесіне көңіл бөліп, оның шын мәніндегі ұлттық саясат деңгейіне көтерілуіне, Үкімет саясатының басым бағыттарының бірі болу керектігіне ықпал етіп келеді. Бұл қатарда Ш. Мұртаза, М. Мағауин, М. Жолдасбеков, А. Жағанова, М. Шаханов, А. Сейдімбек, Б. Тілеуханов, Б.Тайжан, Ә. Ысқақ, У. Қалижан т.б қайраткерлерді айрықша атап өткен жөн. Бұл іске Тәуелсіздіктің алғашқы кезінен елімізге шетелдерден көшіп келіп, азаматтық алған және Қазақстанда бір кісідей еңбек етіп жүрген оралман зиялыларының өкілдері де атсалысып келе жатқанын атап өтуіміз керек. Олардың қатарында шетелдегі отандастарымыз бен олардың елге оралуы жөнінде өзіндік зерттеу материалдарын жариялап, пайдалы ұсыныстарын, ой-пікірлерін айтып жүрген З. Қинаятұлы, Н. Мұқаметханұлы, Т.Зәкенұлы, З. Қабылдинов, А. Мауқараұлы, Ж. Қамайұлы, И. Жеменей, Қ. Бодаухан, Р. Айыпұлы, Е. Кәпқызы, Н. Бұлытай, Б. Қайратұлы, А. Ахметбекұлы сынды азаматтардың қосқан үлесі зор. Олардың мазмұнды мақалалары, шетелдегі қандастар туралы зерттеулері мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді.

Шетелдердегі этникалық қазақтар тақырыбын бірінші болып көтерген және ол туралы үзбей жазып келген халықаралық «Шалқар» (бұрынғы «Біздің Отан») апталық газеті еді. Кеңес Одағы кезінде жарыққа шыққан бұл газет шетелдегі қазақтарға Кеңес Одағының қазақтар қоныстанған елдердегі елшіліктері арқылы тегін таратылып, шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс жасаудың бірден-бір рухани құралына айналды. Газет беттерінде үнемі шетелдегі қазақтардың айтулы тұлғалары туралы таныстыру мақалалары, тарихи деректер, Қазақстан туралы жағымды жаңалықтар жарияланып тұрды. «Шалқар» газетімен бір уақытта шетелдегі қазақтар тақырыбын жиі тілге тиек еткен «Қазақ әдебиеті» газеті болды. Онда әсіресе шетелдегі отандастарымыздың әдебиеті мен мәдениеті туралы жазылды әрі шетелдегі қазақ жазушыларының шығармаларына да орын берілді. Қазақ баспасөзінде алғашқылардың бірі болып «Қазақ әдебиеті» газетінде Б. Тоқанұлының «Рухани ашаршылық, ұлттық өгейліктің басталғаны ма?» [17], Ә. Мендекенің «Социалистік Қазақстан» газетінде «Жақынынды жат етпе» [18 ] атты мақалалары жарық көріп, оралмандар мәселесі қарала бастады.

«Жұлдыз» журналында шетелдегі қазақ әдебиеті туралы арнайы айдар да ашылды. Журналдың 1994 жылғы 10-12 сандарында жазушы М. Мағауиннің «Ұлттың күре тамыры» деген айдармен «Ұлы көш мұраты» [19] және «Көші-қон шырғалаңы» [20] атты мақалалары жарияланды. Онда қарымды қаламгер Қазақстанға бағыт алған ұлы көштің тарихи маңызына тоқтала келіп, оны Қазақ елінің жаңғыру жолындағы қайталанбас ұлы үрдіске балады, сондай-ақ, заман ағысына кереғар, мүлде баяу жүріп жатқан көші-қон үрдісінің жай-күйіне

алаңдаушылық білдірді. Аталған екі басылыммен бір уақытта шетелдегі қазақтар және олардың елге келуін кең ауқымда жазған халықаралық «Қазақ елі» газеті еді. Газет алғаш жарыққа шыққан күннен бастап шетелдегі қазақтардың хал-ақуалына, олардың елге келгеннен кейінгі жағдайына қатысты түрлі мақалалар мен хабарларды жиі жариялап тұрды. Онда Т. Зәкенұлының Қытайдағы қазақтар туралы «1916 жылғы дүркін», «Бүгінді біліп, болашақты барласақ» [21], «Қара арғымақ сүрініп қу томарға айналды», «Мен бір бүтін қазақпын», «Дарияға құйған бір бұлақ» атты сериялы мақалалары жарық көрді [21, 3 б.]. «Қазақ елі» газетінің 22 наурыздағы санында журналист Есенгүл Кәпқызы Моңғолиядан көшіп келіп облыстан-облысқа, ауданнан-ауданға көшіп жан сақтап жүрген оралмандардың өмір тіршілігіне, бір жерде тұрақтамауының нақты себептеріне үңіліп көрді [22]. Бүгін де аталмыш газет өз бағытынан таймай оқырмандарының сұранысын қанағаттандырып келеді. Шетелдегі қазақтар және олардың елге оралу проблемаларын жиі көтеріп келе жатқан газеттің бірі - еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан». Газет тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шетелдегі ағайындардың Отанға оралуына қозғаушы болса, кейінгі кездерде «Халықтың көші-қоны» туралы Заңының қабылдануына белсене атсалысты. Еліміздің көші-қон үрдісіне қатысты көптеген қаулылары мен бағдарламалары, үкімет шешімдері және «Халықтың көші-қоны» туралы заңы, дүниежүзі қазақтарының үшінші құрылтайы және онда көтерілген маңызды мәселер осы газеттің бетінде жарияланды. Еліміздің көші-қон үрдісіне жауапты ең жоғары өкілетті органдардың (ҚР Көші-қон агенттігінің және кейінгі Көші-қон комитетінің) жұмысы да осы газет арқылы жұртқа жетіп жатты. 2005 жылы қыркүйек айының 28-30 күндері аралығында өткен әлем қазақтарының үшінші құрылтайы қарсаңында «Егемен Қазақстан» газеті өзінің мерекелік санында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, «Алтын бесік» журналының бас редакторы С. Балғабаевтың алдыңғы екінші қазақ құрылтайы кезіндегі атқарылған жұмыстар туралы «Еңсеру» [23] атты мақаласын, Қазақстан оралмандар одағының төрағасы А. Үкібаевтің «Елге ел қосылса құт» [24], Қытайдан келген профессор С. Жанболатовтың «Нұрлы болашақтан таймайық» [25], академик М. Асылбектің «Қазақстандағы демографиялық процесс тарихы мен ақтаңдақтары» [26], З. Қинаятұлының «Оралмандардың азаматтық құқын қамтамасыз етудің бүгінгі жай-күйі» [27], Қ. Шамақайұлының оралмандарға қатысты «Не істеу керек?» атты мақалалары жарық көрді [28]. «Түркістан» халықаралық апталығы да оралмандар мәселесін өткір көтеріп жүрген газеттердің бірі. Осы газеттің тілшісі, кезінде Моңғолиядан келген Есенгүл Кәпқызы оралмандар тақырыбына қатысты ұтқыр ойлы мақалаларымен мәдениет және ақпарат министрлігінің арнайы марапатына ие болды. Оралмандар тақырыбын еліміздегі «Ана тілі», «Айқын», «Заман Қазақстан» және «Жас Алаш» газеттері де жиі көтеріп келеді. Бұдан басқа «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жанынан шығатын «Алтын бесік» журналы тағы бар. Аталған басылым беттерінде жарияланған материалдар сан жағынан әр алуан және әртүрлі тақырыптарды көтерген, сол кездегі жағдайдан нақтылы

мәлімет беретін дереккөздері болып табылады. Біз олардан ағайындардың елге келгеннен кейінгі жағдайы туралы мәліметтер алып қана қоймай, осы мәліметтерді өзіміздің саралау, зерттеу нысанымызға да айналдырып, одан сол кездегі қазақ баспасөзінің әлеуетін айқындауға тырыстық.

Жалпы оралмандар мәселесіне қатысты мақалалардың ішінде Г. Ниязханқызының «Қазақстандағы көші-қон процестері және оралмандар» [29], С. Нұрмұратовтың «Қазақ оралмандарының өркениеттік мәселелері» [30], К. Нурумбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы оралмандардың орналасуы және әлеуметтік – экономикалық жағдайы» [31], А. Айталының «...Адам Отанын іздейді» [32] сияқты көлемді проблемалық, зерттеу мақалаларын атауға болады.

Зерттеу жұмысының екінші өзегі болып отырған оралмандар мәселесінің қазақ баспасөз беттерінде көтерілуі бүгінге дейін жүйелі қарастырылмаған тың тақырып. Еліміздегі көші-қон үдерісінің негізгі ағымына айналған бұл өзекті тақырыпты қазақ баспасөзі осы үрдіс бастау алған алғашқы күннен бастап үздіксіз жазып келеді. Тіпті қоғамдық саяси-әлеуметтік ауқымды мәселеге айналған бұл тақырыпты өзінің басты нысанына айналдырмаған бірде бір қазақ басылымы жоқ деуге болады.

**Зерттеудің нысаны** 1991 жылдан басталған шетелдегі қазақ диаспорасы мен ириденттерінің тарихи отанына оралуы, қоғамдағы оралмандар мәселесінің қазақ баспасөзінде өзекті тақырыпқа айналу көрінісі зерттеліп, жұмыстың нысаны ретінде алынды.

**Зерттеу жұмысының пәні** Қазақ диаспорасының тарихи отанына оралу және қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесін тарихи тұрғыда зерттелуі.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Қазақ диаспорасының тарихи отаны Қазақстанға оралуы тарихын бүгінгі тарих ғылымы талабына сай, жаңа методологиялық көзқарас тұрғысынан талдау жасай отырып, баспасөзде оралмандар мәселесінің қозғалуын зерделеу жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- шетелдегі қазақ диаспорасы мен ириденттерінің қалыптасу тарихы, олардың біртұтас қазақ ұлтының ажырамас бөлігі екенін дәйектеу және оларды тарихи отанына тарту, көшіп келгендерді оңтайлы орналастыру мемлекетіміздің ұзақ мерзімді стратегиялық саясаты екенін және бүгінде атқарылып жатқан барлық іс-шаралардың нәтижесін айқындау;

- Қазақстанның озық ойлы зиялыларының, қазақ тілді басылымдардың қашан да алыстағы ағайынды назардан тыс қалдырмағанын, кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе тұсында да оларға қол ұшын беру, олармен мәдени-рухани қарым-қатынас жасау мәселесінің қазақ зиялылары тарапынан ұдайы өзекті болып келгенін зерделеу;

- ҚР Президенті Н. Назарбаевтың, ұлт зиялыларының тың бастамаларының арқасында мемлекеттік қолдау мен шетелдердегі қазақтардың атамекенге, тарихи отанына оралу мүмкіндігіне ие болғанын және ол мәселелердегі қазақ баспасөзінің рөлін ашып көрсету;

- шетелдердегі қазақтарды ата қонысына қайтару саясатындағы қол жеткізген табыстар көлеңкесінде шоғырланған қиыншылықтар мен келеңсіздіктерді зерделеудегі қазақ баспасөзінің орнын дәйектеу;

- тарихи деректер мен ресми құжаттарға, баспасөз материалдарына талдау жасай отырып, оралмандардың қазақ ұлтының өсіміне, басқа ұлттармен салыстырғандағы үлес салмағының артуына тигізетін оң әсерін бағалау;

- көші-қондардың халықтың әлеуметтік-кәсіби құрамына тигізген әсерін анықтау;

- қандастарымыздың жаңа ортаға бейімделуіне, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне талдау жасау және осыған қатысты Қазақстан Республикасының заңдары мен құқықтық нормативтік актілеріне өзгертулер мен толықтырулар жасауды қажет ететін тұстарын айқындау.

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Оралмандарды қабылдау және жерсіндіру бойынша келелі жұмыстар атқарылды. Мұның барлығы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитеті мен оның жергілікті департаменттерінде, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында, басқа да құзырлы мекемелерде (статистика, көші-қон полициясы т.б.) және мемлекеттік мұрағаттарда, дерек ретінде хатталып қалды.

Алайда, зерттеу жұмысының басты негізі болып отырған қазақ баспасөзі, аттап айтсақ «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ Елі», «Ана тілі», «Жас алаш», «Заң», «Айқын», «Көш», «Дидар», «Атамекен», «Алтын Орда», «Ақиқат», «Отан тарихы», «Қазақ өркениеті», «Жұлдыз», «Фемида», «Алтын бесік», «Шалқар» т.б. ағымдағы ақпарат құралдарының материалдарын оралмандар мәселесін қарастыруда тың дерек ретінде қолдануға негіз болды.

Атап айтқанда басты дерек көздері төмен-дегідей: Ақпарат құралдарындағы баспасөз мәліметтері. Бұл санатқа еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ басылымдарда жарияланған көші-қон тақырыбына қатысты түрлі тақырыптағы мақалалар мен хабарлар, үкіметтік қаулылар т.б. кіреді. Мұрағат құжаттары мен нақты статистикалық деректер: Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының қорлары және Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты мен Шығыс Қазақстан облысы Мемлекеттік мұрағаты. Сондай-ақ деректер Семей қаласында орналасқан Шығыс Қазақстан облыстық Қазіргі заман тарихы құжатнамасының орталығынан да алынды. Мұрағат деректері мен зерттеу еңбектерден шетелдегі этникалық қазақтардың атажұртына қоныс аударуы 1955-1962 жылдар арасындағы ҚХР-нан ауа көшіп келгендер және 1990 жылдардан басталған «Ұлы көшпен» шектелмейтіндігін, бұдан бұрын да қандастарымыздың ұйымдасқан түрде қаулы, жарғы ресми хат-қатынастар:

Шеттегі ағайындар туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының, ҚР шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінің жазған хаттары да мұрағатта сақталған. 1991 жылдардан бастап, Қазақстанға көшіп келген оралмандар саны баспасөз беттеріндегі түрлі деректерден емес, нақты статистикалық мәліметтерден алынып, диаграммалар жасалды. Елге келген оралмандардың әлеуметтік мәселесі, мәдени-рухани өміріне байланысты деректер осы

тақырыпты негізгі бағытына айналдырып, үзбей насихаттап келген қазақ баспасөздерінде жарияланған материалдардан алынса, оралмандардың құқықтық мәселесіне қатысты деректердің кешені «Халықтың көші-қоны туралы» заң 1997 жылы және 2002, 2009 жылдардағы осы заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардан қаралды.

3. Демография және көші-қон мәселелеріне арналған топтамалар мен зерттеу т.б. материалдар. Бұл санаттағы материалдарды шетелдегі қазақ диаспорасы мен Қазақстанның көші-қон және демографиялық мәселелеріне арналған арнайы зерттеулер құрайды. Олар осы мәселе туралы жан-жақты мәлімет алуымызға және көші-қон үрдісін ғылыми тұрғыдан жүйелеуімізге негіз болды.

**Зерттеу жұмысының методологиялық негізі.** Көші-қон үрдісіне қатысты баспасөз материалдары, мұрағаттық деректер, әр кездегі зерттеулер теориялық және сыни көқарас тұрғысынан талданып, кеңінен пайдаланылды. Қаралған мәселелерді ғылыми тұрғыда ашып көрсету үшін тарихи зерттеудің логикалық тәсілімен тығыз байланысты тарихилық, объективтілік, жан-жақтылық сияқты негізгі методологиялық ұстанымдарын басты назарға алдық.

Зерттеу барысында оралмандар мәселесінің әлі де күрделілігіне және шетелдегі қазақ диаспорасының ауқымды болуына, олардың тарихи отанына оралуына байланысты ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа көзқарастар, түрлі ұсыныс-тілектер басшылыққа алынды. Сондай-ақ, оралмандармен пікірлесу, олардың ортасында болып, күнделікті өмір-тіршілігіндегі өзекті мәселелердің мән-жайына үңілу арқылы, олар кездесіп отырған мәселелер шынайы қарастырылды. Зерттеу барысында жинақтау, қорыту, сондай-ақ диалектикалық, статистикалық, демографиялық, логикалық, салыстырмалы талдау т.б. әдістемелері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері.** Зерттеуде 1991 жылдан басталған қазақ көшінің қазірге дейінгі аяқ алысы мен ауқымы, сипаты, нәтижесі, оған қазақ басылымдарының әсері сараланады. Сол себепті зерттеудің хронологиялық шеңбері 1991-2009 жылдар аралығындағы 18 жылдық кезеңге арналған. Зерттеу жұмысында тәуелсіздікке дейінгі кездердегі шетелдегі қазақтардың Қазақстанға оралу тарихына да шолу жасалды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Диссертацияда шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуы және қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесінің көтерілуі алғаш рет кешенді қарастырылған және тарихи зерттеулердегі, баспасөздегі түрлі мәліметтер мен мұрағаттардағы деректерді бір-бірімен салыстырмалы түрде зерттеудің нәтижесінде төмендегідей жаңа, нақтылы, ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

- зерттеу жұмысында алғаш рет шетелдердегі этникалық қазақтардың өздерінің тарихи отанына оралу үрдісі жан-жақты зерттелген, шетелдегі қандастарымыздың атажұртына оралу тарихының тек бүгіннен ғана бастау алмағаны, XIX ғасырдан XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына дейін әр кезең, әр жылдары мұндай үрдістің заңды немесе заңсыз түрде әлденеше рет болғаны көрсетілді;

- шетелдегі қазақ диаспорасы мен ирридентерінің тарихи әділетсіздік озбырлығы салдарынан өз еріктерінен сырт мәжбүрлі түрде шетелдік болып қалғаны ашып көрсету;

- алғаш рет қазақ баспасөзінде шетелдегі қазақтар мен олардың тарихи отанына оралу үрдісі, оралмандарды жерсіндіру, квотамен, тұрғын үймен және жұмыспен қамту, оларға әлеуметтік жеңілдіктер қарастыру туралы жарияланған материалдар сараланды және еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі шетелдегі қандастарымыздың тарихи отанына оралу үрдісінің жалпы барысына, қарқыны мен ауқымына, көші-қон үрдісінің ұйымдастырылуына талдау жасалған;

- баспасөз негізінде оралмандардың құқын қорғайтын заңдар мен нормативтік құжаттардың әлеуеті және олардың жүзеге асуы сарапталған және оларды жетілдіруге байланысты тұжырымдар дәйектелген;

- шетелдердегі этникалық қазақтардың елге оралуының тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси маңызы көрсетіліп, оралмандардың отаншылдық тәрбие мен еліміздің экономикалық әлеуетін арттырудағы, отаршылдық үстемдік езгі тұсындағы ұмыт бола бастаған ұлттық салт-дәстүрмізді жаңғыртудағы, тілімізді, дінімізді әспеттеудегі мәдени-рухани өмірімізге қосқан үлесі нақтыланды;

- оралмандардың келуіне байланысты Қазақстан халқының табиғи және механикалық өсімі, сонымен бірге облыстар көлеміндегі ел-жұрттың ұлттық құрамы туралы мәліметтерді және республикадағы көші-қон үдерістерінің ағымдағы есебінің кейбір көрсеткіштері мұрағат қорларын пайдалану арқылы тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр;

- шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отаны Қазақстанға оралуына байланысты ғылыми еңбектер, баспасөз материалдары, мұрағат құжаттары тарихнамалық тұрғыда зерделеніп, көші-қон үрдісін зерттеу бұрын ескерілмеген тың деректермен толықтырылды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:** Зерттеу жұмысында еліміздегі көші-қон үрдісін одан ары жетілдіру, оралмандар мәселесін тиімді шешу, аталмыш мәселелердің қазақ баспасөзінде ұдайы көтеріліп, билік пен арадағы шынайы дәнекерге айналуы туралы төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі тарихи тұрғыда жан-жақты талданып, өзіндік баға берілді.

- Қазақстан тәуелсіздік алған соң шетелдердегі этникалық қазақтардың елге оралуы бұрын болып көрмеген деңгейде қарқын алды және осының нәтижесінде республикада қазақтардың үлесі өсе бастады;

- еліміздің егемендік жағдайында шетелдегі қазақ диаспорасын көшіріп алу мәселесін ұлттың стратегиялық жоспары ретінде қарап, бұл істе мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіру, «Нұрлы көш» бағдарламасы негізінде бірыңғай іс-шаралар кешенін қалыптастыру қажет;

- шетелдегі этникалық қазақтардың елге оралу тек келуші оралмандар үшін ғана жасалып жатқан шара емес, тұтас Қазақстанның саяси-экономикалық және

мәдени әлеуетін арттыру үшін де жасалып отырған аса маңызды стратегиялық саясат ретінде қарастырылып, қазақ баспасөзі осы мақсатта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі қажет;

- баспасөз материалдарын сараптау арқылы көшіп келуші ағайындардың психологиялық жағдайына кері әсер ететін факторлардың қатарына елімізде біршама жайған бюрократтық, жемқорлық және мигрантофобиялық (көшіп келушілерді жақтырмау) іс-әрекеттерді жатқызуға болады;

- қазақ баспасөзінде қанша мәрте жазылғанымен, шетелден келген оралмандардың біліктілігін, зияткерлігін пайдалану, тілдік кедергілерге карамастан оларды мамандығына сай орналастыру, қарапайым шаруаларды ортаға бейімдеу, жұмыспен, жермен қамтамасыз ету әлі де оң шешімін таппай келетін мәселелер екендігі анықталды;

- бүгін де Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы мен басқа да заң талаптарына сәйкес, оралмандардың құқын қорғауға қазақ баспасөзі әлі де белсенділік танытуы тиіс. Баспасөздегі сыни материалдар бойынша шара қолдануға, қателіктерді, кемшіліктерді түзетуге мемлекеттік органдар құлықсыз болып келеді.

**Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы.** Зерттеу жұмысы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және шетелдер тарихы кафедрасының мәжілісінде 2010 жылы 28 маусымында қаралды, 2010 жылы 16 қыркүйекте Мемлекет тарихы институты Индустриалды-инновациялық даму және этноәлеуметтік үдерістер тарихы бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды. 2010 жылы 6 қазанда осы институттың ғылыми-теориялық семинарының кеңейтілген мәжілісінің қорытындысы бойынша БД 53.33.02 Диссертациялық кеңесіне қорғауға ұсынылды.

Тақырыпқа байланысты С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің Шетелдегі қазақ диаспорасының дайындық бөлімінде арнайы курстар өткізіледі. Диссертацияның негізгі мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен 4 ғылыми басылымда және басқа да баспасөз беттерінде, сондай-ақ халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 7 мақала басылған.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Зерттеу жұмысы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және шетелдер тарихы кафедрасының мәжілісінде 2010 жылы 28 маусымында қаралды, 2010 жылы 16 қыркүйекте Мемлекет тарихы институты Индустриалды-инновациялық даму және этноәлеуметтік үдерістер тарихы бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды. 2010 жылы 6 қазанда осы институттың ғылыми-теориялық семинарының кеңейтілген мәжілісінің қорытындысы бойынша БД 53.33.02 Диссертациялық кеңесіне қорғауға ұсынылды.

Тақырыпқа байланысты С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің Шетелдегі қазақ диаспорасының дайындық бөлімінде арнайы курстар өткізіледі. Диссертацияның негізгі мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен 4 ғылыми басылымда және басқа да баспасөз

беттерінде, сондай-ақ халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 7 мақала басылған.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, негізгі мәселені қарастырған 3 тараудан, қорытынды бөлімнен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.



# 1 ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

## 1.1 Шетелдегі қазақ диаспорасының Отанына оралу тарихы

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, дүние жүзінде 3000-нан астам ұлт-ұлыстар өмір сүретін көрінеді. Қоғамның мешеу дамыған формацияларында ұлттар мен ұлыстар бір-бірімен араласпай, дербес өмір сүргені тарихтан белгілі. Үнемі өсіп-өркендеу, қозғалыс, өмір сүрудегі қажеттілік барысында диалектикалық заңдылыққа сәйкес, әуелі көрші рулар бір-бірімен араласып, алыс-беріс жасап, қоғамдық қатынасқа түссе, заман өте келе бұл үрдіс кең етек алып, араластық, жалпылық сипатқа ие болды. Бұған адамзат арасындағы экономикалық қарым-қатынас негіз болды. Ал саясат адамзаттың бір-бірімен аралас-құралас болуына одан да күшті әсер етті. Басқаны айтпағанда жарты әлемді жаулап алған Шыңғысхан бастаған XIII ғасырдағы Монғол шапқыншылығы Азия мен Еуропаның қаншама ұлт-ұлыстарын бір-біріне араластырып, бір-біріне тәуелді еткені тарихтан белгілі. Ал әлемге жаһандану үрдісін мықтап орнықтырған XX ғасыр дүниенің әр түкпіріндегі сан мыңдаған ұлыс, ұлттарды мидай араластырып жіберді. Бір-біріне тәуелді етті. Бүгінгі таңға өзгеге тәуелді емес құралып, жеке дара өмір сүріп жатқан бірде-бір ел жоқ. Қай елде болмасын негізгі ұлттың сыртында ұлттық диаспоралар бірге өмір кешіп жатыр. Бұған жоғарыда айтқанымыздай саяси-қоғамдық, экономикалық факторлар әсер еткені даусыз. Қазақ халқы да осы бір жаһандық үрдістен тысқары қалған жоқ.

Әрине, әр ұлт өкілдері қатар өмір сүріп жатқан қоғамдық ортада өзекті мәселелер туындамай тұру да мүмкін емес. Соның ішінде монғолдар құрған Алтын Орда, Ақ Орда мемлекеттерінің ыдырауы нәтижесінде, сонау XV ғасырдың ортасында Жәнібек, Керей хандарының бастауымен дербес мемлекет құрған қазақ хандығы басынан сол заманнан бергі бірде-бір дәуірде қиындық арылмағанын тарихтан жақсы білеміз. Бұл мәселелердің күшейе түсуі XVII ғасырдан басталған Жоңғар шапқыншылығы дәуірі болса, XVIII ғасырдан басталған Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ халқының басындағы қиыншылықты шарықтау шегіне жеткізді. Қазақ бас бостандығынан толықтай айырылып, Ресейге бодан болды. Байырғы ата-бабаларымыздың мекен етіп, тіршілік кешкен жерінің айырылды. Алмағайып заманда қалған жеріне де толық қожалық ете алмады, аты қазақтың жері болғанымен, заты басқаның билігіне көшіп, отаршылдар баса көктеп кіріп, шұрайлы алқаптарды бауырына басты. Қазақтың барлық шұрайлы жерлерін қарашекпенді орыс мұжықтарына тартып берді. Олар үнемі менмендік, өктемдік, басқыншылық көрсетіп, қарапайым қазақ халқын басып жаншыды. Ол аз болғандай екі ұлы держава орыс пен қытай қазақ даласының көп бөлігін өз территорияларына біржолата кіргізіп алды.

Осылайша мәселердің бірі аяқталды-ау дегенде, екіншісі туындап отырды. Күллі әлемді дүр сілкіндіріп, назарын өзіне аударған Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен соң сорлы қазақ халқы енді көзіміз ашылар деп ойлап еді.

Өйткені кедей-кебшікке теңдік беруді ұрандатқан Кеңестік қызыл коммунистер пролетарлық интернационализм, Лениндік ұлт саясаты деген сияқты сырты бүтін, іші түтін зұлым саясатпен аз халықтарды, соның ішінде байтақ жері бар, қойын кенге, қойнауы малға толы қазақ даласын біржолата отарға айналдырып, ұлт ретінде жойып жіберудің астыртын саясатына көшті.

Халық отарлаудың бұл астыртын саясатын түсінген жоқ. Заман өзгерді, тынышталды деп ойлап кезінде шетел асып кеткен немесе Кеңестер Одағының Қазақстаннан тыс жерлерінде қалған қазақтардың кейбір бөлігі атажұрты Қазақстанға оралуға ниет танытты. Сөйтіп, шетелдегі қазақ диаспорасының отанына оралуы Кеңестік дәуірде басталды. Мәселен 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Жетісудан босқын болған 300 мыңдай қазақ-қырғыз Қытайға өтіп кеткен. Кейін патша өкіметі құлап, Ақпан және Қазан төңкерістері жеңіске жеткен соң, көбі қайта оралды. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігінің кеңестік дәуірде атажұртына оралғандардың алғашқы легі еді.

Бірақ Кеңестер одағының астыртын отарлау саясаты 1931 жылдан басталған ашаршылық, күштеп ұжымдастыру, халық жауы ретінде қуғындау (1937 жылы) қазақ халқының бір бөлігін тағы да шетелге және басқа республикаларға кетуге мәжбүрледі. 1931-1933 жылы күштеп ұжымдастыру, жаппай ашаршылық жағдайында Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанға біршама халық ауа көшті. Ал, 1934 жылдары бұларды кері қайтаруға арналған шаралар қолданылды. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты дерегіне жүгінсек «1934 жылы республикааралық көші-қон кезінде Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен Қарақалпақстанға көшіп кеткен 7000 шаруашылықты Қазақстан жеріне көшіру туралы» қаулы қабылданған [33].

Алдын ала жасалған жоспар бойынша олардың көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысына орналастырылды. Әулие-Атаға – 200, Жаңақорғанға – 300, Арысқа – 150, Келеске – 800, Сайрамға - 200, барлығы – 1650 шаруашылық бөлінген. Ал, Алматы облысының Іле, Талдықорған, Қаратал, Еңбекшіқазақ аудандарына – 200 шаруашылық жіберілді. Одан кейін Ақтөбе облысының Арал, Шалқар, Ақбұлақ, Степной, Ключевой, Темір аудандарына барлығы – 1200 шаруашылық бөлініп берілді.

Бұл кеңестік дәуірде шетелдегі қазақ диаспорасының отанына оралған екінші легі болатын. Алайда, шетелдегі қазақтардың бір бөлігі Қазақстанға қайтып жатқанда, екінші бөлігі түрлі нәубет салдарынан Кеңес Одағының өзге аймақтарына, тіпті алыс, жақын шетелдерге ауып жатты. Жалпы, халық ішінде кезінде нәубеттен кеткендердің басым көпшілігі Қытайды паналаған деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде Қытайды паналғандардың біршамасы 1955-1962 жылдар арасында «кеңестік азамат» деген ат алып, қытайдағы Кеңес Одағы елшілігінен төлқұжат алып кері қайтқаны белгілі. Тарихшылардың зерттеуіне сүйенсек, нәубеттен Отанына қайта оралмай қалғандардың көпшілігі Ресей мен Орта Азия елдерінде 1931 жылдың күзінен бастап Қазақстандағы Ф. Голощекин тәртібінен Батыс Сібір өлкесіне кетушілер байқалған болса, 1932 жылдың алғашқы айларында аш-жалаңаш босыған қазақтардан Батыс Сібір елді-мекендері аяқ алып жүргісіз болды. Батыс Сібір Өлкелік партия

комитетінің хатшысы М. Зайцевтің айтуына қарағанда, босқындар негізінен колхозшылар болды да, тек олардың шамалы ғана бөлігі бай-кулак элементіне жатты. Қазақ даласына келген босқындардың қаншалықты көлем алғанын Батыс Сібірдің Қазақстанмен шекаралас көрші Славгород ауданындағы қазақтардың 10000 адамға көбейгенінен, ал олардың 6000-ы Славгород қаласының өзінде ғана орналасқанынан да байқауға болатын еді. Батыс Сібірдің басқа аудандарындағы қазақтар да босқындар есебінен шұғыл өсті. Мысалы, Баевск ауданында 1300 босқын қазақ есепке алынған. Сондай-ақ, авторлар мұрағат мәліметтерінен 1932 жылға дейін қазақ босқындары Сібірдің Қазақстанмен шектескен аудандарына ғана орналасқан болса, ал 1932 жылдың алғашқы айларында олардың Сібір жеріне тереңдеп кеткенін, шалғай жатқан Новосибирск жері тәрізді аудандарда да «қоныстана» бастағандығын айтады.

Бұл еңбектегі деректерге жүгінсек қазақ босқындарының Орта Азия елдеріне де көптеп паналаған. Авторлар 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданының мәліметтері есептелмеген) Орта Азия жеріндегі көрші республикаларға және Қытайға көптеген қазақ шаруалары көшіп кеткен. Оның ішінде Өзбекстанға 3436, Түркменстанға 7371, Тәжікстанға 1767, Қырғызстанға 1031, Қарақалпақстанға 2355, Қытайға 563 қожалық көшкен.

Сол жылдарғы нәубеттен шетелдерге бас сауғалағандардың алды, тіпті, Моңғолияға дейін жеткен. Бұл жөнінде тарих ғылымының докторы Зардыхан Қинаятұлы «Жылаған жылдар шежіресі» [34] атты еңбегінде былайша баяндайды: «1937 жылы көктемнен бастап партия белсенділері ішкі істер жансыздарының тікелей араласуымен, қазақ арасынан ұсталатын адамдардың жасырын тізімі жасалғандығын, оған ірі молдалар, байлар мен билер, үкімет белсенділері және наймандар саяси қырғынға ұшырады, аксүйек байы да, молдасы да емес, тек наймандар үшін қырғын болған деп атап өткен. Тәуекел ауылы (наймандар) 1917 жылы қазан төңкерісінен қашқан деген сылтаумен 16 танымал азаматтарын атқа теріс мінгізіп айдап әкеткен. Айдалған 16 адамның 14-і оралған жоқ», - дей келе, 1937-1938 жылдары саяси жазамен 3270 қазақ атылған. 1937 жылы Моңғолияда 23229 қазақ болғанын ескерсек, әрбір жетінші немесе алтыншы қазақтың бірі «саяси құрбандыққа ұшырады» - деп көрсетеді [34, 280 б.]. Алысқа бармай-ақ, өзімнің атам Тарлаубай ағайындарымен Қытайға өтіп кеткен. Қытай үкіметі бір қазақ ауылын түгел қырып өлтіргенін естіп, өздеріне келе жатқан Қытай әскерінен қашып Моңғолияны паналады.

1931-1937 жылдар арасындағы нәубет аяқталған соң Қытайдан 1944 жылы да біршама қандастарымыздың Қазақстанға қайта оралған. Мұрағат деректеріне қарағанда 1944 жылы тамыз айында Қытайдың Шыңжаң өлкесінің «Кобук» (Қобық) деген жерінен 451 шаруашылық Тарбағатай ауданына көшіп келген. Осы Қытайдан ауған қазақтардың басшысы, әрі беделдісі Ағыбай Мәсәлимов екендігі айтылады. Елді бастап көшіп келгендігі себеп Қытайдың империялық отарлық саясатына қарсы тұру болған. Осы тұлғамен қоса, беделді үш адам аталады. Олар – Наби Рысжанов, Асқар Қоңыров, Ғабидулла деген азаматтар. Бұлар ауыл басылар. Осылар Ағыбай Мәсәлимовтың туысқаны зәңгі (старшын)

Тұрысбек Шүмековке бағынған. Сондай-ақ, ру ішіндегі судья (би) Хажыбай есімі аталады. Демек, қазақтардың бұл тобы 1928-1929 жылғы тәркілеу науқанында Қытай ауған наймандар болатын. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігінің кеңестік дәуірде үшінші рет атажұртына оралуы еді. Бірақ, кезінде қуғын-сүргін көріп, шетел асуға мәжбүр болған қандастарымыздың отанына жоғарыдағы айтқанымыздай Кеңес үкіметі тұсында қайта оралуы онша ауқымды болған жоқ. Әрі мемлекет тарапынан жүргізілген нақты саясат негізінде емес, шеттегі ағайындарымыздың өздерінің топтасып, ұйымдасуы негізінде жүзеге асты. Тарихта көмескі қалып, зерттеушілердің назарына онша іліге бермеуі де сондықтан

Ал, халқымыздың тарихтан жақсы білетін, әрі ұйымдасқан алғашқы көші 1955-1962 жылдар арасында қытайдан атажұртына ат басын бұрғандар. Бұл жылдары Қытайдан Қазақстанға қоныс аударылғандардың саны 200 мыңнан асты. Оларды барлық ресми құжаттарда шартты түрде «Кеңес азаматтары» деп аталды, себебі: «1945 жылы қаңтарда Шығыс Түркістан ислам мұхтариаты (республика) құрылғаннан соң, Шәуешек, Алтай және Қашқардағы кеңес консулдықтарының жанынан құрылған «Кеңес мұғаджарлар қоғамының» өкілдері мен олардың сенімді адамдары (агенттері), Кеңес үкіметіне қайтамын деген адамдарға, Кеңес Одағы азаматтығының төлқұжаттарын үлестірген. Олардың арасында көтеріліс, аштық жылдары шекара асқан ұйғыр, дүнген, өзбек тағы басқа ұлттар болғанымен көбі қазақтар болды». Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігінің кеңестік дәуірде төртінші рет атажұртына оралуы еді. Осылайша кеңестік дәуірде шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігі әлденеше рет атажұртына оралғанымен қарапайым халықтың жақсы білетіні осы 1955-1962 жылдар арасында «Кеңес азаматтары» деген атпен Қазақстанға Қытайдан оралған қандастарымыздың тарихы ғана десек артық емес.

Әр тұста отаршылдардың саясаты өзгеріп, болмашы мүмкіндіктер туған сәттерде тағдыр тәлегімен жат жұрттық болып кеткен қандастарымыздың белгілі бір бөлігі туған жерлеріне қайта оралып отырды.

Жалпы, әр дәуірде түрлі себептермен жатжұрттық болып қалған қандастарымыздың Қазақстанға қайта оралуын арнайы зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Мәселен сан реткі отаршылдық пен басқыншылық, нәубет салдарынан алыс шетелдерге босып кеткен қандастарымызбен өз жерінде отырып-ақ алпауыт державалардың салдарынан жерімен қоса, шекара сыртында қалған отандастарымыз жайлы, ол жерлердің қазақтың байырғы мекені екендігі, ондағы қазақтар байырғы ата қонысында отырғаны жайлы кеңестік тарихшылар сөз қозғамады. Керісінше әр жылдары Қазақстанға Кеңес Одағының басқа республикаларынан күштеп қоныс аударылғандар мен басқа да жақын шетелдерден көшіп келгендер тарихы тереңірек зерттеліп келді.

Бұдан шығатын түйін шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің тарихи отанына қайта оралуы тек тәуелсіздіктен соң ғана жүзеге асты десек тарихқа терең үнілмеуден туындаған қателік болар еді. Біздің зерттеуіміз бойынша кеңестік дәуірде одақтас республикаларға, шетелдерге кеткен қазақтар топ-тобымен төрт рет оралған.

Керісінше қазақтардан кеңестік дәуірде одақтас республикаларға, шетелдерге кетушілер де аз болған жоқ. Сталиннен бастап, Голощекин қостап Қазақстанға билік жүргізген шовенистер қазақ халқын аштыққа әдейілеп ұшыратты, ел иесі, жер иесі қазақтарды, әсіресе осы даланың қазақтікі екенін, ешкім еншілес бола алмайтынын дәлелдеп, ұлты үшін, ел-жері үшін күресуге қабілетті бас көтерерлерін, басқаша айтқанда, сүт бетіндегі қаймағы болған озық ойлы, зиялы тобын қуғын-сүргінге ұшыратты. Түрлі нәубеттерге ұшыраған талай арыстарымыз алыс шет елдерге бас сауғалауға тура келді. Тіпті қарапайым халықтың шекараға жақын орналасқан бөліктері үдере көшіп, жат жерді паналады.

Ал қазақтардың бір бөлігінің шетелдік болып қалуы Қазақстан жерінің белгілі бір аймақтарын басқа республикаларға бөліп беруі арқылы да жүзеге асты. Ол өлкелерде отырған қазақтар да жерімен бірге сол кездегі ұғым бойынша шет елдік болмаса да, жат елдік болып кете барды. Мысалы 1924 жылғы Орта Азия республикаларында жүргізілген аумақтық қайта бөлісте Қазақстан біраз жерінен қол үзіп қалса, кейінірек Өзбекстанға Қарақалпақстан, Тамды аймағы, Достық, Бостандық ауданы, Мырзашөл алқабындағы жерлер берілді [35].

Кейіннен Д.А. Қонаевтың басшылығымен Киров, Жетісай, Мақтаарал аудандары Қазақстанға қайтарылғанымен, негізінен қазақтардың атамекенінде 300 мың халқы бар жаңа құрылған 3 аудан мен 5 мал кеңшары (Шымқорған, Темиряев, Қызылқұм, Арнасай. Амангелді) Өзбекстанда қалып қойды. Сөйтіп, қазақ-жоңғар соғысында, ХІХ ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, Кеңес заманындағы 1918-1920 жылғы азамат соғысы және шетел интервенциясы, 1921 жыл және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тұтқындалу және т.б қайғылы-қасіретті оқиғалар салдарынан көп қазақ өз Отанынан ауа көшіп, шетелдерге кеткені рас.

Осындай ел басынан өткен әлденеше реткі нәубет салдарынан қазіргі есеппен дүниежүзіндегі 15 миллиондай қазақ ұлтының 60 пайыздан астамы ғана Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Қалған 40 пайызы дүниежүзінің 40-тай мемлекетінде тарыдай шашылып жүр. Олардың дені Өзбекстан, Қытай, Ресей елдерінде өмір сүріп жатқаны белгілі. Осылайша шетке кеткен қазақтар атажұртын аңсаумен жүздеген жылды артқа тастап, әлденеше ұрпақ ауысты.

Қазақтың атажұртында қалғандарының өзі ұлттық рухтан айырылды. 1980-жылдардың соңында Кеңестік Қызыл Империяның осындай отаршылық саясаты қазақ халқын тілінен, ұлттық салт-сана, дәстүрінен біржолата айырылудың сәл-ақ алдында тұрғаны белгілі.

Кеңестік дәуір тұсында қазақтардың өз елінде азшылық болуына әсер еткен бірінші фактор жоғарыда айтқанымыздай түрлі нәубет салдарынан жергілікті қазақтардың шетелдерге бас сауғалауға мәжбүр болуы болса, екінші фактор кеңес одағының түкпір түкпірінен басқа ұлттардың Қазақстанға қоныс аударуы болды. Қазақстанның кең-байтақ даласын отарлау, орыстандыру саясатын жүзеге асыру мақсатында тың игеру, жер қойнауын байлықтарын игеру деген желеумен миллиондаған отбасы басқа республикалардан көшіріліп әкелінді.

Алайда аса кең көлемдегі бұл шараны саясат тұрғысында көші-қон емес ұйымдасқан түрдегі шара ретінде ғана баға беріп келді. Тың игеру барысында Қазақстан демографиялық, экономикалық, экологиялық зиян шекті. Осылайша, Қазақстанға өзге республикалардан көшіп келушілер саны 1960 жылдардың ортасына дейін қарқынды жүрілуі нәтижесінде елімізде жұмыс күші молайды, бірақ, бұл үрдіс елдің экономикасын өркенделуге елеулі түрде жағымды әсер еткенімен қазақтың ата жұрты, байырғы тұрғындары қазақтардың сыбағалы салмағы азаюына әкеп соқты. 1954 - 1962 жылдары ҚазКСР-не 2 млн астам славян ұлттары көшіп келді, қазақтардың жалпы саны 1962 жылғы санақ бойынша 29 пайыз болды. Басқа ұлттардың, әсіресе орыс ұлтының саны артып қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды. Бұл Қазақстанда қазақ ұлтының салт-дәстүр, тілмен айырылуына әкеп соқты. Барлық жерде мектептер мен бала бақшалар орыс тіліне көшті. Бұған Республика астанасы Алматы қаласының өзінде 1980 жылдар соңында қазақ тіліндегі екі ғана мектеп қалуы дәлел бола алады. Әрі қазақ мектептерін ұлттық рухынан айыру үшін А. Байтұрсынов жасаған төте араб әліпбиі мектептерден алынып тасталды. «1936-1941 жылдары «жаңа алфавит» орыс графикасына енгізу арқылы өзінің ұлтсыздандыру саясатына даңғыл жол ашып алды. Енді саяси – идеологиялық тұрғыдан ауытқығандарды қаулы-қарарлар мен мерзімді басылымдардың күшімен-ақ реттеп отыратын мүмкіндікке қол жеткізді» [36].

Өзге ұлттың сыбағалы салмағының өсу үрдісі жұмыс күшінің құрамында да мықтап орын алды. Қазақстанның табиғи байлығын игеру міндеттерін орындау көбінесе негізінен сол тұста демографиялық басымдыққа ие болған славян халықтары есебінен жүзеге асырылды. Бұл саясатты империя өркениеттен қалыс қалған дамуы төмен аймақтарды өркенге жеткізу, ұлы ұлттың «кіші ұлтқа» көрсетіп отырған бауырмалдық көмегі, жомарттығы ретінде түсіндірілді. Қазақстанға орталықтан шеткі аймақтарға ұйымдасқан түрде қоныс аударудың басты мақсаты орталық жерлерде саяси белсенді, басқаша ойлайтын немесе қарапайым басы артық халықтан арылу болып табылады. Алайда, Республика аралық көші-қондағы Қазақстанға ағылу 1960 жылдардың ортасы, 1970 жылдардың басында тоқталды деуге болады. Демографтардың есебі, статистика мәліметтері бойынша 1957–1961 жылдар аралығында Қазақстанға бұрын әкімгерлікпен, әдейілеп көшіріліп әкелінген 10 мың жанұя кері көшіп кеткен.

Сол жылдардан бастап Қазақстанға көшіп келушілерден гөрі көшіп кетушілер басым бағыт алды. Алайда көшіп келушілер саны ауылдық жерлерден ойлағанға қалалық жерлерде әлдеқайда басым болды. Сөйтіп 1960 жылдардың соңы, 1970 жылдардың басында Қазақстанда көші-қонның теріс сальдосы қалыптасты. Жұмыс күші кеміді. Осылайша кері көшу нәтижесінде Қазақстан 1970 жылдары халықтың өсімінің 28%-ін, (Бұл кезде табиғи өсім 2356 мың адам болған), 1980 жылдары тиісінше 38%-ін жоғалтты. Ал 1979–1989 жылдары санақ аралық кезең бойынша Қазақстанға 513112 адам келді. Яғни халықтың жалпы санының 3,5%-ін құрады. 2160739 адам көшіп кетті (3,1 %). Жалпы көші-қон өсімі 52373 адамды немесе 0,4%-ін құрады. 1975 жылдан

бастап Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін осы себепке байланысты жылына шамамен 100 мың адамды жоғалтып отырған. Республикада көші-қонның кері сальдосы 1994 жылы 400 мың адамнан асып түсті. Тек 2003 жылдан кейін ғана біртіндеп төмендей түсті. Бірақ көші - қон үдерісі тоқтаған жоқ, керісінше кері көшудің жаңа себептері пайда болды. Міне, еліміздегі демографияның осындай тұсында тәуелсіздігін алған жас мемлекет өзінің алғашқы Ата заңы аясында көші-қон үдерісін реттейтін базаны қалыптастыра бастады. Әрі бұл жұмыс жедел қолға алынып, аз жылдың ішінде осы салаға қатысты көптеген заң, құқықтық актілер әзірленіп, қолданысқа енді. Бұған әсер еткен негізгі фактор бастапқы жылдарда Кеңес Одағы құрамындағы 15 республиканың көпшілігі өздерінің тәуелсіздігін алған тұста бұрын жоғарыдағыдай түрлі себептермен Қазақстанға қоныс аударып, тұрақтап қалған, көбі бірнеше ұрпаққа жалғасып Қазақстан туған отаны болып кеткен ұлттық топтар өзінің этникалық байырғы отанына қайта бастады. Бұл Қазақстанда сол тұста жұмыс күшінің айтарлықтай әлсіреуіне әкеліп соқты. Мысалы 1993 жылы Астанадан 12 мың, Жамбыл облысынан 10,5 мың, Оңтүстік Қазақстаннан 10,6 мың, Алматы қаласынан 15 мың орыс ұлтының өкілдері өздерінің тарихи отанына қоныс аударды. Бұл аралықта шетте жүрген ағайындарда атажұртына орала бастады.

1989-1999 жылдары эмиграция нәтижесінде Қазақстан Республикасы көлемінде орыстардың саны 1,6 миллионға, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысында 219 мыңға (24 %) Қарағанды облысында 2003 мыңға (25% ), Алматы облысында 178,3 мыңға (24%) жетті. Тарихи отанына қайту үдерісінде орыстардан кейінгі екінші орында немістер иеленді. Атап айтқанда осы он жыл ішінде Қарағандылық немістердің саны 102 мың адамға (65%), Ақмола облысында 86,6 мыңға (62%), Алматы облысында 75 мыңға (80%) төмендеді. Осындай эмиграциялық үрдіс 1999 жылға дейін өте қарқынды жүрді. 1994 жылы Қазақстан көлемінде 480,8 мың адам (қазақ емес ұлт өкілдері) өзге елдерге қоныс аударды. Керісінше миграция баяу жүрді. Сол жылы небәрі 70,7 мың адам Қазақстанға көшіп келді. Тек 1995 жылдан бастап эмиграциялық үрдіс сәлде болса бәсеңсіді. Ал одан кейінгі жылдарда керісінше миграция үрдісі белең алды деуге болады. Бұған әсер еткен бірінші жағдай Қазақстан республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты негізінде түрлі себептермен шетел азаматы болып қалған қазақтардың байырғы отанына қайта оралуы болса, екінші жағдай өтпелі дәуірде экономикалық үдеріс күрт төмендеп кеткен жаңа тәуелсіз мемлекеттер (ТМД) ішінен 1995 жылдан кейінгі мезгілде біздің еліміздің экономикасы тың серпінге ие болып, көтеріле бастауы болды. Сондықтан шетелдерден әсіресе ТМД елдерімен жұмыс іздеп келушілер саны күрт өсті. Бірақ бұл екінші жағдай елімізде жергілікті ұлттың басымдыққа ие болуына кедергі. Сондықтан мемлекетіміз бұл үрдіске барынша шектеу қоя білді. Керісінше кезінде түрлі себептермен шекара асып кеткен немесе өз жерінде отырып отарлау саясаты салдарынан жатжұрттық болып қалған шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуына жағдай жасауды мықтап қолға алды.

Бірнеше ғасырға жалғасқан қазақ даласын отарлау саясаты өз шегіне жетті. Соның ішінде 70 жылдан астам салтанат құрған Кеңестік қызыл Империяның отаршылық саясаты салдарынан қазақ халқы тілінен, ұлттық салт-сана, дәстүрінен біржолата айырылу алдына тұрды. Мәселен, Кеңес Одағының белгілі бес республикасының бірі өндірісі өркендеген, атағы таудай Қазақ ССР-нің астанасы Алматы қаласында бір ғана қазақ мектебінің қалуын айтсақ та жетіп жатыр. Сондай-ақ, статистикалық мәліметтерге жүгінсек Қазақстанда осы жердің негізгі халқы қазақтардың саны жалпы халықтың тең жартысына да жетпей қалды (40% шамасында) [37].

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы осы басқыншылықтың шегіне жеткенін, бұдан ары мұндай құлдыққа шыдау мүмкін еместігін көрсеткен дүмпу болды.

Сөйтіп, заман ағымына сай 1980 жылдардың соңында Кеңес үкіметінің тамыры шіріп, шаңырағы шайқалды. Одақтас басқа республикалардың қатарында Қазақстан да 1990 жылы 25 қазанда егемендігін, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіз Қазақстан қоғамының әр саласында елдік дербестікті қорғауға нығайтуға бағытталған іс-шараларды қолға алды.

Кез келген халық егемендікке қол жеткізген соң, оны сақтап қалуға қажетті мемлекеттік құрылымдарды нығайтып, ең басты құндылықтарды қалпына келтіруді қолға алары сөзсіз. Қазақстан мемлекеті үшін де тәуелсіздігін алғаннан кейінгі ең өзекті мәселе осы тәуелсіздікті сақтап қалудың тетігі бола алатын құндылықтарды айқындау болды. Ол үшін бірінші кезекте Қазақстан Республикасында өмір сүріп отырған ұлттар мен ұлыстардың татулығын, береке бірлігін сақтау, барлық ұлттарды тең көру, олардың өз тілдерін мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін сақтап қалуына жағдай жасау мәселесі тұрса, екінші кезекте мемлекеттің негізіне айналған байырғы, негізгі ұлт қазақтардың мүддесін қорғау, кеңестік дәуірде ұлт ретіндегі нақты болмысынан ажырап, дінін, тілін, жоғалтып мәңгүрттене бастаған халықтың рухын көтеру болды. Тек кеңестік дәуірдегі отаршылдық саясаты ғана емес, дүниежүзілік сипаттағы әлеуметтік экономикалық кеңістіктің біртұтас интеграциясы жаһандану үрдісін одан бетер үдете түскен бүгінгі дәуірде ұлтымыз өзіндік этникалық келбетін жоғалтпай, рухын биік ұстап, ұлттық болмысын толықтай қалпына келтіру жолындағы іс қимылдарды күшейтудің маңызы зор екені анық. Мұндай мақсатқа қол жеткізудің ішкі мүмкіндігі ұлттық идеология қалыптастырып, халқымыздың рухын көтеру, ұлттың табиғи өсімін жеделдететін демографиялық жағдайлар жасау, шаралар белгілеу, маңызын жоғалтып бара жатқан тілін, дінін, салт-дәстүрін қалпына келтіру, ол үшін қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру, қазақ балабақшалары мен мектептерінің санын көбейту болса, сыртқы мүмкіндік шет елдердегі қазақ диаспорасын өзіне тарту болды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы дүниенің әр түпкіріне тарыдай шашылып кеткен қандастарына есігін айқара ашты, «Қайт, қазақ, Отаныңа!», - деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі бастап жар салды [38].

Бұл күнге дейін шетелдердегі қазақтар, әсіресе, Қытайдағы, Түркиядағы, Моңғолиядағы, Ауғанстан, Ирандағы қазақтар атажұртын, ондағы қалған



ағайындарды бір көруге зар болып келген еді. Сондықтан да, шетелдегі қазақ қандастырымыздың да аңсары Қазақстанға ауды. Бүгінге дейінгі қазақтың соңғы, ұлы көшін Моңғолиядағы қазақтар бастап, атажұртқа ағылды.

Шетелдегі қандастарымызды тарихи отанына шақыру біріншіден, тәуелсіз Қазақстанның адам факторы, ұлт факторы мәселесі, экономикалық қуатты мемлекет болу үшін адам ресурстары тапшылығын болдырмаудың жолы болса, екіншіден, тағдырдың тәлкегімен әлемнің әр шалғайына тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға қамқорлық жасау жөніндегі Елбасы идеясынан туындағаны анық. Бұл егеменді елге, оның шетте жүрген өкілдеріне деген әділеттілікті қалпына келтіру болып табылатындығында сөз жоқ.

Бұл ретте ұлттығымызды сақтап қалудың ішкі мүмкіндігі бірінші орында тұруы заңдылық. Әрине, соңғы 300 жылға жалғасқан отарлау саясаты, 70 жыл санамызды улаған кеңестік коммунистік идеология қазақ халқының ұлттық рухын, салт-дәстүрін, тіпті, тілі мен дінін санамыздан өшіру үшін барлық айла-тәсілдерді қолданса да, дегеніне жете алмағаны белгілі. Ғасырларға жалғасқан отаршылдық саясат заманында да халқымыздың ұлттық рухы өлген жоқ. Өзгеге тәуелді болса да, атажұртында отырған қабырғасы қалың ел күні ертең бар қазақтың басы қосылып, тәуелсіз тұрғыда бір шаңырақ астына жиналатын күннің туарынан үміттерін үзбей, санадағы рухты ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып бүгінге жетті.

## **1.2 Шетелдегі қазақтарды Қазақстанға шақыру идеясының туындауы, жүзеге асуы**

Идеологияның көзге көрінбейтін темір шымылдығы шетелдегі қандастарымызбен еркін араласуға мүмкіндік бермек түгіл, қатаң тыйым салса да, халықтың зиялы тобы алыстағы ағайындардан қолдарын біржолата үзіп, көз жазып қалмады. Соның бір көрінісі шетелдегі қазақ диаспорасымен ақпараттық азын-аулақ байланыс еді. Сондықтан шетелде тұрып жатқан қазақтарды Қазақстанға шақыру туралы тәуелсіздіктен кейінгі туындаған идеяның түп тамыры кеңестік кезеңнен бастау алады.

Кеңес Одағының құрамындағы 15 республиканың бірі Қазақстанның 70 жыл бойы қоғамның қай саласында болмасын дербес саясат жүргізуге мүмкіндігі жоқ болып келгенін жақсы білеміз. Қазақ халқы осы жылдары ұлттық салт-дәстүр, рухани құндылықтарынан біртіндеп айырыла бастады.

Бірақ қайда да мемлекеттің «төртінші билік» болып есептелетін (бейресми түрде) баспасөздің ықпалы тоталитарлық Кеңестер Одағы кезінде де белгілі дәрежеде болды. Бұл ретте қазақ баспасөзі, әуелгі кезекте, біртіндеп құрып бара жатқан қазақ тілін қорғауға зор ықпал жасады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы шетелдегі қандастарына басқа жағынан қол ұшын бере алмаса да, қазақ тілінде шығатын газет-журналдарын қазақтар тұратын шетелдерге жеткізе алатын. Өйткені, ол дәуірдегі жалпы кеңестік баспасөз коммунизм идеясын ғана дәріптетеді. Осындай мүшкіл халдегі атына заты сай емес, ҚазақКСР-і шетелдегі қандастарымыздың мүддесін қорғауға, қол ұшын беруге де дәрменсіз еді. Тек коммунистік

партияның идеологиясын дәріптеді. Бұл тұста жалпы кеңестік баспасөзбен бірдей қазақ баспасөзі де «Таптық – партиялық методология мәселесінің зерттеу нысанын да, тарихи деректі де өз саясаты мен идеологиясына икемдеп отырғандықтан коммунистік партияның «қызыл сызығынан» асып пікір білдіру мүмкін болмады» [39]. Алайда қазақтың ұлттық болмысын партия саясатына икемделіп, асыра мақтуын шетелдегі қазақ диаспорасы шындық екен деп ұқты.

Өйткені кеңестік баспасөз ұлы Кеңестер Одағының күш-қуатын, капиталистік жүйеге қарсы айбынын насихаттау атты бір ғана мүддені көздейтіндіктен, барлық басылымдарды шетелдегі оқырмандарға жеткізу кеңестік идеологияның құрамдас бөлігі еді. Міне, осы саясат тұрғысында 1960 жылдардан бастап (Моңғолияда 1990 жылға дейін) Қазақ ССР-ның ең беделді басылымдары «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» сияқты газеттері мен «Білім және еңбек», «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақстан әйелдері», «Балдырған», «Ара» сияқты көптеген журналдары шетелдерден Моңғолияға, ҚХР-на және Кеңес Одағының қазақтар көп шоғырланған Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Омбы, Орынбор, Астрахань облыстарына көп данамен таратылып тұрды. Ал ел аралық бірден-бір басылым «Біздің Отан» (кейіннен Шалқар) басқа да шетелдерге таратылатын еді [40].

Бұл басылымдар, жоғарыда айтқанымыздай, тек коммунистік идеологияны ғана дәріштейтіндіктен қазақ мүддесіне, әсіресе, шетелдегі қандастарымыз мүддесіне қатысты бірде-бір материал жарияламайтын. Алайда, Қазақстан қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтын боямалап, асыра сілтеп мақтайтындықтан, шетелдегі қазақтарға қазақтардың отаны бар, ол Қазақстан, әрі ұлттық бітім болмысын толық сақтап келеді деген ұғым туғызды. Ол патриоттық сезімге айналып жатты. Сондықтан бұл басылымдардың қазақ диаспорасына таралуы коммунизм идеологиясын ғана емес, ұлттық бірлікті жалғастыруға да белгілі дәрежеде әсер етті. Әрі мемлекет қаржысымен шығатын бұл басылымдардың сапасы өз дәрежесінде ең озық, бағасы арзан, мазмұны да қызғылықты болып келгендіктен, шетелдегі қандастарымыз үзбей жазылып оқитын. Әсіресе, газет-журналдардағы фотосуреттермен үздіксіз жарияланып жататын ақын-жазушы, әнші-күйші, әртіс, спорт, өнер қайраткерінің қазақ зиялыларының туындылары, өмірбаяндары, өнер жолдарының жариялануы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы қазақтарға мақтаныш сыйлады.

Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы ауқымында мемлекеттік идеологияны дәріптеу міндетін атқарса, шетелдегі қазақтар үшін қазақ ұлты идеологиясының алтын тамыры, темірқазығы деуге болады. Кеңес заманында қазақ баспасөзі арқылы қалыптасқан сана-сезім болмағанда, Қазақстан тәуелсіздігін алды дегенді ести сала, жат-жұрттағы қандастарымыз ақ жүрек, адал ниеттерімен бірден атажұртқа ағылмас еді. Әсіресе, Моңғолия қазақтарының ұлы көшпен жөңкілуі Кеңестік дәуірдегі қазақ баспасөзінің тікелей әсері еді. Кеңес дәуірінде Моңғолиядағы әр сала маманы зиялылар, әр малшы кемінде Қазақстанның 5 мерзімді басылымын жаздыртып алатын. Міне, сондықтан

қазақ баспасөзінің үні кеңестік дәуірде де шеттегі қандастарымыздың толықтай болмаса да, бір шамасының құлағына жетіп, жүрегіне ұлттық сана ұялатқанын айтпай кету мүмкін емес. Керісінше, қазақ баспасөзі Қазақстан Республикасы егемендік алған тұста нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде қаржылық қиындықтарға ұшырап, бұрынғы үрдістен айырылып қалудың аз-ақ алдында тұрды. Бірақ, бұрын қазақтың үні шетелдегі қандастарға баспасөз арқылы ғана әлсін-әлсін жетіп отырса, бұл тұста алыстағы ағайындар лек-легімен Қазақстанға өздері келіп нақты өмірді көзімен көріп, тәуелсіздігіне сеніп, көші-қонның көлігін сайлауға, өзгелерге насихат айтуға көңіл қуаныштарын арқалап қайтып жатты. Осы үрдіс тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жалғасын тауып, 1989-1990 жылдары «Қазақ әдебиеті», газеті шетелдегі қазақтар жайлы мақалалар жариялай бастады. Өздеріне қаратылып айтылған сөздер шетелдегі қандастарымызды әсерге бөледі. «Біздің де тәуелсіз отанымыз бар екен» деген мақтанш сезімін тудырды. Ұлттық бірлікті, бүркемелеп астыртын түрде жеткізетін «Шалқар» газеті енді ашық атой салды. Әсіресе, 1990 жылы Қазақстан егемендігін жариялай сала тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» [41] деген хаты жарыққа шықты. Бұл бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған оқиға еді. Сөйтіп, шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи отанына шақыру идеясы Елбасының өзінің бастауымен қолға алынды.

Қазақ баспасөзі тәуелсіздік орнығып, шетелдегі қандастарымыз, әсіресе, зиялы қауым өкілдерінің атажұртқа орала бастауы шетелдегі ағайындардың өмір тарихын ауқымды түрде жазып, халықтың санасына жеткізуге зор ықпал етті деуге болады. Мысалы «Шалқар» газетінде 1993 жылдан бастап «Қытай қазақтары», «Моңғолия қазақтары» атты айдарлардағы мақалаларды сол елдерден келген журналистер, тарихшылар жазды [42].

1994 жылдан бастап «Жас Алаш», «Жұлдыз», «Ақжелкен», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Түркістан» т.б республикалық басылымдарға оралман журналистер қабылданып, шетел қазақтары және оралмандар жайлы деректі құнды материалдар жазыла бастады.

1995 жылдан бастап «Қазақ елі» атты тікелей қазақ халқының бірлігін ту етіп көтеруге арналған жеке газет шықты. Ол диаспора мен оралман мәселесін жүйелі түрде жазды. 2001 жылы шетелдегі қандастарымыздың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, көшіп келген оралмандардың хал-ахуалын басты тақырыбы етіп ұстанған «Көш» газеті өмірге келді.

Осылайша, кеңестік дәуірден тамыры үзілмей жалғасқан ұлт болып ұю дұрыс, бір шаңырақ астына топтасу идеясы еліміз тәуелсіздік алған соң шетелде тұрып жатқан қазақтарды Қазақстанға шақыру идеясына негіз болды.

Бұл тұрғыда ел билігін ұстаған Президент Н.Ә. Назарбаев қазақ диаспорасында өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тарихын терең білетіндігін, бүгінгі жай-күйіне қанық екендігін танытты. «Қазақтар бет-бетімен таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытқандай күйге жетті. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болып тәлкекке ұшыраған

халық ешқайда да жоқ шығар?» [1, 1 б.], - деп туған халқының бастан кешкен нәубеттеріне шынымен қабырғасы қайысып, қайғыратынын әртүрлі мәнерде сөйлеген сөзінде өзге ұлт өкілдері алдында ашық айтты. Тек өз елімізбен шектелмей, қазақтар тұратын мемлекеттерге жасаған ресми сапарларында сол елдің басшыларына қазақ диаспорасының жағдайына көңіл бөлуді, Қазақстанмен байланысын жасауына, тіпті байырғы отанына ораламын деушілерге кедергі келтірмеуді тапсырып, олардың да оң жауабын ала білді.

Мұндай жебеуге арқа сүйенген ұлтжанды азаматтар Қазақстан көлемінде де, шетелдердегі қандастарымыз ортасынан да табылып, Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясын іске асыруға кірісті. Еліміздің ұлтжанды зиялы қауымы, нақты айтсақ, 1991 жылдың басында ақын-жазушылар ортасында көтеріліп, зиялы қауымның ой-пікірлері баспасөз беттеріне жариялана бастады.

1992 жылдың басында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» [41,2 б.] атты әйгілі хаты әуелі шетелдердегі хабар тарату радиодан үндеу ретінде таратылып, ертеңінде бірқатар қазақ газеттерінде жарияланды.

Хатта 1991 жыл қазақ елі үшін тарихта алтын әріппен жазылып қалатын жыл болғанын, еліміздің саяси ұстанымының жаңаша сипат алғанын, тәуелсіздік арқасында тарихи тұлғаларымыз - Абылайға, Қабанбайға, Бөгенбайға, Төле биге, Исатайға, Махамбетке, Сыпатайға ас беріліп, бүкілхалықтық құрмет көрсетілгенін, жоғалып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырғанын айта келіп, шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи отандарына шақырып былайша үндеу тастады: «Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған, Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба?» - деген сұрақтар алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні ыстық», - дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында адам құқығы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан үкіметі «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандыру тәртібі мен шарттары» туралы арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. «Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!», - деп айтты елбасымыз [43].

Бұл хат өз халқымыздың да, шетелдегі қандастарымыздың да ұлтым, ұлысым деген ой санасын оятты, рухын көтерді. Ендігі жерде қазақ баспасөздері бетінен өзге адамдардың ашық хатқа үн қосқан ой-пікірлері жарық көре бастады.

Жер жерде шет елдегі қандастарымызды атажұртына шақыру идеясы өріс алып, қоғамдық ұйымдар құрылды. Басқа да мүмкіндіктерді пайдаланып, қандастарымызбен қарым-қатынас күшейді.


Жалпы, бұрын да қандастарымыз легімен атажұртқа оралған ұлы көш болғанын білеміз. Ол 1950-1960 жылдың басында Қытай қазақтарының түрлі қысымға шыдамай, Қазақстан шекарасын асып үдере көшуі еді, 200 мыңнан астам қандастарымыз атажұртына қайта оралған бұл көш «Ұлы көш» ретінде тарихта қалғаны белгілі. Енді міне тарихтың тағы бір толқынымен екінші «Ұлы

көш» басталатын мүмкіндік пайда болып, тек қозғаушы күштің іске кірісуін күтіп тұрған еді. Әрине, қозғаушы күш Қазақстан мемлекеті, оның алысты болжайтын көреген саясатты кемел басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды.

Алыстағы ағайындарды атажұртқа шақыру жалпы халықтық қолдау тауып, мұнан соң «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» құрылды. Іштегі, сырттағы қазақтардың санасын дүр сілкіндіріп оятқан, құлағын елең еткізген осындай оқиғалардан кейін дүниежүзі қазақтарының құрылтайына шақыру шарасы қолға алынды.

Мұндай батыл бастама, игілікті шара жер иесі, ел иесі жергілікті байырғы ұлт - қазақтардың да, әлемнің әр түкпіріндегі қазақ диаспорасындағы қандастарымыздың да рухын көтерді, ширақ іс қимыл танытуға мұрындық болды. Бірнеше ғасыр бойы өзге ұлттың отарында болып, ұлттық тіл, діл, дін, салт-санадан айырылуға жақын қалған қазақ ұлтының 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялауы дүниежүзінің түкпір-түкпіріндегі жат елдерде өмір сүретін, бірнеше ұрпаққа жалғасып, сол елдің азаматы ретінде танылып келген қазақ диаспорасының құлағын елең еткізуі заңды құбылыс еді. Сондықтан еліміз тәуелсіздігі үшін барша қазақстандықтар ғана емес, шетелдегі қазақтар да, соның ішінде, ұлтжанды қауым бөріктерін аспанға атып, мейілінше қуанды.

**Диаграмма 1. Оралмандардың келген негізгі елдерінің пайыздық көрсеткіші**



Осы 19 жыл ішінде Қазақстанмен көршілес мемлекеттерді қойып, сонау алыстағы Сауд Арабиясынан, Түркиядан, іргелес болса да саяси жағдайы ауыр Ауғанстаннан да қандастарымыздың келуі осының айғағы.

Міне, шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи отанына шақыру идеясы осылайша бүкіл қазақ ұлтының жүрегінен жол тапты. Ата-бабаларының заман өзгеріп, жақсылық күн туса, атажұртқа ұрпақтарыңды жеткізіндер деген өсиет, аманаты бойынша тарихи отанына ат басын бұрудың қамына шұғыл кіріскендер әр елден табылды.

Тәуелсіздік алғаннан бері 19 жыл ішіндегі қазақ диаспорасынан 800 мыңға жуық қандасымыздың тарихи отанына оралды.

Шетелдегі қазақ диаспорасының атажұртқа оралу қозғалысы туралы сөз болғанда, Моңғолия қазақтарының белсенділігін ерекше атауға болады. Моңғолиядағы қандастарымыз бұдан да бұрын Қазақстан нақты тәуелсіздікке қол жеткізбей, Кеңестер Одағының құрамынан шықпай тұрған кезде, дәлірек айтсақ 1991 жылдың сәуір айында атажұртқа көш түзеу идеясын қолға алған болатын. Өйткені, социалистік жүйедегі елдер құрамына жататын, шын мәнінде Кеңес Одағының отары Моңғолияда коммунистік жүйе 1990 жылы құлап, демократиялық жүйе қалыптасып, халық еркіндікке қол жеткізе бастады. Осы еркіндікті Моңғолиядағы қазақ зиялылары жақсы пайдалана білді. Оның үстіне Моңғолияда ескі жүйе күйреген соң, халық тұтастай күйзеліске ұшырады. Елді жұмыссыздық жайлады. Моңғолдардың өздері шетелдерден, әсіресе Оңтүстік Кореядан жұмыс іздеп, бұрынғы 70 жыл бойы жабық шекара қақпасының ашылуын аңсай күткен халық шетке шыға бастады. 1990 жылдың желтоқсан айында Моңғолияда, үкімет Еңбек министрлігі жанынан жұмыссыздарды шетелдерге шығарып, жұмыс істету мәселесін реттейтін бюро құрды. Осындай оңтайлы сәтті пайдаланған Сағат Зақанқызы, Аятқан Тұрысбекұлы, Сайт Зақанұлы сияқты зиялы қауым көші-қон туралы Қазақстанда Моңғолияда ауызға алынбай жатып, еңбек - шартын пайдаланып атажұртқа барғысы келетіндердің басын қосып, ұйымдастыру шараларын қолға алды. Олар Қазақ КСР-нің Талдықорған облысы (бұрынғы атауымен), Кербұлақ ауданының атқару комитеті төрағасының орынбасары В.М. Колупаев және ауылшаруашылығы бірлестігінің төрағасы Н. Жантілеуовпен алғашқы келісім-шартты 1990 жылы желтоқсанның 27-сі күні Сарыөзекте келісім-шартқа қол қойды. Бұл күнді шетелдегі қазақ диаспорасының атажұртқа қадам басқан алғашқы сәтті күн ретінде белгілеуге де болатын шығар. Өйткені, үкіметаралық келісім шарт жасамай жатып-ақ жоғарыдағы келісім-шарт бойынша 96 қандасымыз 1991 жылдың 12 наурызында Моңғолиядан Қазақстанға көш басын бұрды. Ал екі елдің Еңбек министрлері арасындағы келісім-шарттағы да сол адамдардың қолымен жасалып, 1991 жылдың мамыр айында Қазақ КСР-нің еңбек министрі С. Бейсенов, Моңғолияның Еңбек министрі У. Цолмон арасындағы үкіметаралық келісім-шартқа қол қойылды. Міне, осылайша ұлы көш басталды. Осы сәт туралы Сағат Заханқызы «Ұлан–Батордан біздің адамдар бес күн жүріп 1991 жылы наурыздың 17-сі күні сағат 15 кезінде Сарыөзек бекетіне келіп жетті» деп жазды. Болашаққа үлкен үміт арқалап, атамекенге келе жатқан кілең жастар сәнді киініп, құлпырып кетіпті. Оларды қарсы алуға Нұрбай Жантілеуов бастаған аудандық атқару комитеті мен ауыл шаруашылық бірлестігінің жауапты қызметкерлері, көркем өнерпаздар,

ауданның қариялары мен жастары жиналып күтіп тұрған. Олар алыстан келген қандастарын құшақ жая қарсы алып, ескі таныс туыстарындай шұрқырасып қарсы алды [40, 65 б.]. Алайда, Моңғолия қазақтарының тарихи отанына оралуы да даңғыл жолмен жүрген жоқ. Түрлі бөгеттер, Қазақстанға қоныс аударуды теріс деп тауып сынаған материалдар Моңғолияның орталық газеттерінің өзінде көптеп жарияланды.

Кенес одағында және Моңғолияға өрістеген демократиялық өзгерістер аясында шетелдегі қандастарымыздың байырғы отанына оралу мәселесін көтере бастағанын, оның себебі мен салдары қалай болатыны жайлы сенсация туғызатын материалдар Қазақстаннан да бұрын Моңғолияның орталық басылымдарында 1991 жылдың өзінде жариялана бастады. Тіпті халық ішінде Моңғолиядағы қазақтар 150 жыл Моңғолияның суын ішіп, ауасын жұтып, байлығын пайдаланып, үкімет қамқорлығын көріп, әлденеше ұрпағы ер жетсе де «бөрінің бөлтірігі тауға қарап ұлиды» дегендей ойлары бөлек екен, Баян-Өлгейдегі қазақтар түбімен қопарылып Қазақстанға көшіп келіп, кетіп жатыр екен деген қау-өсектен күллі Моңғолия халқы құлақдар болды, шу көтерілді. Қазақтарға теріс пиғыл танытатындар да шықты. Моңғолия мемлекеттік сыйлығының лауреаты Баян-Өлгей аймағында туып-өскен қазақ тілін жақсы білетін, Моңғолия қазақтарынан шыққан ақын - жазушылардың шығармаларын аударып, Моңғолия оқырмандарына таныстырған қарт жазушы Бөхийн Бааст, Доржийн Надмид, Н. Батбаяр сияқты көптеген адамдардың осы тақырыпта теріс пиғылды көзқараспен жазған материалдары Моңғолияның «Ардын эрх» («Халық құқы»), «Засгийн газрын мэдээ» («Үкімет орны жаршысы») газеттеріне жарияланды [44].

Бір ғана нақты мысал келтірсек. Моңғолияның «Ил товчоо» («Айқын шежіре») атты газетінде Хурэн – Алагийн Отгонбаяр «Қазақстанда босқындар лагері қажет болды», - деген мақаласында [45], Моңғолиядан көшіп барған 40 мың қазақ иесіз, жұмыссыз қалып, жан сақтай алмай отырғанын айта келе, «бұлар Қазақстанға еңбек шартымен барғандар ма, әлде босқындар ма? Бұған жауапты кім береді. Моңғолия Президенті П. Очирбат па, премьер-министрдің орынбасары Қ. Зардыхан ба? (Академик Қинаятұлы Зардыхан ол кезде Моңғолияның премьер-министрінің орынбасары тұрған), З. Сағатпа, Моңғолия Еңбек министрлігінің Алматыдағы өкілі Х. Сайран ба? (Сайран Қадырұлы Моңғолия мұсылман қоғамдарының төрағасы) деп жазды [40, 51 б.].

Ал «Ардчилал» («Демократия») газетінің 1994 жылы 8 желтоқсанның 8 күнгі санында Н. Батбаярдың «Қазақтар Моңғолияда опасыздық жасады» деген мақаласында да көшкен қазақтарды 150 жыл бойы мекен еткен жерін, паналатқан, беттен қақпай өз азаматтарымен (моңғолдармен) бірдей теңдік берген елін сатып кетті деп жерден алып, жерге салды [46].

Орталық басылымдар дүрбелең туғызуға Моңғолия қазақтарының ата жұртқа көшуін қаламайтын теріс пиғылдағы кейбір зиялы, Моңғолияға беделді қазақ азаматтарын пайдаланып солармен жасаған сұхбаттар, сол азаматтардың өздері жазған мақалаларды жариялады. Мысалы КОКП-ның орталық басылымы «Правда» сияқты ең беделді Моңғолияның халықтық революциялық

партиясының «Үнэн» газетінің тілшісі болып ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған Қаһар Ойнақбайұлы ағамыз орталық басылымдарға ондаған мақала жариялап, бұл қазақтардың Моңғолияға жасаған опасыздығы деген түсінік қалыптастыратын кері, пиғылды адамдарды соңынан ертті.

Ал Моңғолияның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, атақты кардиолог дәрігер Қайрол Жәлелұлы. (Тегі ноғай, әйелі қазақ) «Ардын эрх» газетіне «Мен Қазақ емеспін, өлсем сүйегім Моңғолияда қалады» деген мақала жариялады. Бұл Моңғолиядағы барша қазақтың намысына тиді [47].

Сондай-ақ ұлы көшке қарсы болғандардың қатарында ұзақ жылдар бойы Баян-Өлгей аймағының, басқа да аймақтарда аймақ басшысы қызметін атқарған Моңғолияның революциялық партиясы (Коммунистік) орталық комитетінің мүшесі болып жүрген, халыққа аса беделді ақсақалдардың бірі Сарай Асқанбайұлы да ұлы көшке қарсы болып орталық басылымдарға мақалалар жазды. Сарай Асқанбайұлының «Ардын эрх» («Халық құқы»), жариялаған осындай пиғылдағы «Ұлы көштің табанына кімдер тапталды», деген мақаласында дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын жеріне жеткенше жамандады. Ол: «Бізден барған кадрлар мал бағып жүр. Бізде әкімшілік орынбасары болып жүрген адам шөптің күзетшісі көрінеді. Бізден барған адамның 30 пайызы жұмыссыз көрінеді. Қазақстанның өздерінің хабарларына қарағанда 7 миллион қазақтың 1,6 миллионы өз ана тілін, әдет-ғұрпын білмейді. Өткен жылы Дүниежүзі қазақтарының жиналысы дегенді ұйымдастырды. Бұл жиналысқа 1,2 миллион қазағы бар Шыңжаннан (ҚХР) бірде-бір адам қатысқан жоқ [48].

Өзбектің 870 мың қазағының атынан сөз алған Өзбекстан Президентінің Кеңесшісі А. Умбетбаев жиналыстың сахнасынан Өзбекстан қазағының бірде-бірі келмейді дегенді айтты. ...Сол сияқты менің бала-шағаларымның бәрі Ұланбатырда жұмыста. Менің ешбір елге босқын болып кеткім келмейді, өз Отанымның болашағына нық сенемін» деп жазды. Бұл мақаланы Моңғолиядағы ұлы көшті, атажұртқа ат басын бұруды қолдайтын Отан сүйгіш азаматтар қазақ тіліне аударып «Түркістан» газетіне бастырды. (Аузы дуалы ақсақалдарымыздың мұндай пиғылы ел ішіне іріткі салатынын, халыққа түсіндіру мақсатында).

Дәл осындай орталықта Моңғолиядағы қазақ диаспорасының атажұртқа қоныс аудару идеясын теріске шығарған мақалалар жарияланды Баян-Өлгейде, Қазақ аймағындағы ұлттық тілде шығатын «Жаңа өмір». газеті мен Моңғолияның орталық радио-теледидар басқармасының Баян-Өлгейдегі қазақ радиосы бұл пиғылға тойтарыс беруге арналған материалдарды газеттің әр санында, күн сайын беріп тұрды. Әсіресе күн сайын кешкі сағат 9-бен 10 аралығында тұрақты берілетін Баян-Өлгей қазақ радиосының хабары сол тұста осы аймақтағы қазақтардың намазын қаза кетіріп, міндетті түрде тыңдайтын, жалғыз ақпарат көзі болды деуге болады. Халық «Тоғыздың хабары» деп атап кеткен. Тыңдай алмай қалғандар кеше «Тоғыздың хабарынан» көші-қон жайлы не айтты деп сұрайтын. Мұның шындығын С. Асқанбайұлы «Мемлекет жаршысы» газетіне жариялаған мақаласын аударып басқан «Түркістан»



газетінің 1994 жылғы 28-қазандағы санынан көруге болады. С. Асқанбайұлы «Өлгейдің радиосы жиындарды ( ДЖҚ-ның құрылтайын айтып отыр) күні-түні дәріптегенімен оның көлеңкелі жағын айтпады» деп жазады. Өлгей радиосы шынында солай істеді. («Жаңа өмір» газеті нарықтық қиыншылығына байланысты тұрақты шыға алмады. Пошта жүйесі тоқтап қалғандықтан халыққа кең тарай алмады). Сондықтан осы қазақ радиосы Моңғолия қазақтарының бұрынғы Отанына оралуына ықпал еткен бірден-бір зор күш болды [49].

Бірақ біз бұл еңбекте негізгі нысан ретінде еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының оралмандар мәселесін көтеруі жайлы талдауды мақсат еткендіктен Моңғолия баспасөздеріндегі материалдарға қысқаша ғана тоқталдық.

Сондай-ақ, шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуына Моңғолиядағы қандастарымыздан кейін коммунистік қатаң режимдегі ел болып саналатын Қатайдағы ағайындардың өзі тартыла бастады. Олар елдегі коммунистік бақылаудың әсерінен ДЖҚ бірінші құрылтайына өкілдерін жібере алмағандарымен, көші-қон үрдісін белсенді бастап кетті. Тек 1993 жылы сәуір айының 9 күні Қытай Халық Республикасынан атамекенге бағытталған алғашқы көш Қорғас шекарасынан өтіп, Алматы қаласына жетті. Ол 1962 жылғы Қытай қазақтарының көшінен 31 жылдан кейін елге жеткен көш еді. Сондай-ақ, ол тәуелсіздіктен соң Қытайдан атамекенге бағытталған көштің басы болатын. Бұл жолы көш бастаған азаматтар өздерінің отбасыларымен атамекенге біржолата қоныс аударған зиялылар Ж. Сәмитұлы, Т. Зәкенұлы, сыншы-ғалым Ә. Сағындықұлы, ақындар А. Ахметбекұлы, Ғ. Қалибекұлы еді. Ол азаматтар Қазақстан «Жазушылар Одағының» сол кездегі төрағасы Қ. Найманбаевтың шақыртуымен, еңбек шарты деген желеумен қоныс аударды. Олардың елге келгені туралы хабар «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Ақын-жазушыларды Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Қ. Найманбаев және «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редактры О. Бөкеев күтіп алды [40, 80 б.].

Шетелде тұрып жатқан қазақтарды Қазақстанға шақыру идеясының туындауы туралы сөз болғанда дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары, сол форумдарда көтерілген тың идея, ұсыныс мүмкіндіктерді айтпау мүмкін емес. Жалпы шетелдердегі қазақ диаспорасының тәуелсіз Қазақстанға оралу мәселесі Елбасының бастамасымен күні бүгінге дейін үш рет шақырылған дүниежүзі қазақтары құрылтайын бір-біріне бөліп қарауға болмайтыны да белгілі. Өйткені, Отандастарымыздың атажұртына оралу мәселесіне қатысты ең бір күрделі мәселелер осы құрылтайларда әңгіме өзегіне айналып, алдағы ұйымдастырылатын шаруалар мен ұстанатын бағыттар айқындалып, осы негізінде шешімін тауып келеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи отанына шақыру бағытындағы іс-шараларға дүниежүзі қазақтарының 1992 жылы 29 қыркүйекте шақырылған бірінші Құрылтай жарқын жол ашты. Әлемнің 40-тай еліне тарыдай шашылып кеткен шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері байырғы отаны тәуелсіз Қазақстанда бас қосып, ұлттық бірлік мәселесін талқылады [50].

Дүниежүзі Қазақтарының алғашқы Құрылтайының негізгі мақсаты қазақ деген халықтың сан ғасырдан соң тәуелсіздігін жариялап ешкімге көз алартпайтын бейбіт қатар өмір сүруді мұрат еткен, Қазақстан атты дербес, егемен мемлекет құрғанын әлемнің 40-тай еліне тарыдай шашылып кеткен қазақ этностарының назарына толық іліктіру, атажұртқа ораламын деушілерге тәуелсіз Қазақстанның есігі ашық екенін жеткізу, осы саладағы Қазақстан Республикасының ұстанатын бағыт-бағдарын айқындау болды. Қазақ баспасөздері дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында Елбасының сөйлеген сөзін және өкілдердің қосар ой ұсыныстарын, құрылтай шешімдерін, құрылтайдың маңызын жалпақ жұртшылыққа жеткізді.

Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы, араға 10 жыл салып барып 2002 жылдың 23-24 қыркүйегінде Түркістан қаласында болып өткені белгілі. Құрылтайда ҚР Президенті дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, Қазақстанның соңғы 10 жылда жеткен жетістігі мен келешегі, шетелдегі қандастарымызбен байланысын тереңдету жолында қолға алынып отырған игі шаралар жөнінде толығынан тоқталды. Баяндамада шетелдерде тұратын қазақтардың негізгі топтарын атап айтқанда Қытайда, Моңғолияда, Өзбекстанда, Ресейде тұратын қазақтардың әрқайсысының ерекшелігіне тоқтала келіп, әрқайсысындағы өзекті мәселелерді қозғады [51].

Н. Назарбаев мәселенің ең бастысы, әр елдегі дүниежүзі қазақтарының дамуына, қазақтардың әртүрлі әліпби қолданып отырғаны қарым-қатынасқа, атажұртына оралған қандастарымыздың жаңа ортаға тез сіңісіп кетуіне, жұмыс-қызметке орналасуына кедергі келтіріп отырғанын ерекше атады. Сондай-ақ, Қазақстанның өз тәуелсіздігін алған күннен бастап шетелдегі қазақ жастарының атажұртқа келіп, оқып білім алуына айрықша назар аударып отырғанына тоқталды. Мәселен, шетелдегі қазақ диаспорасына арнап Жоғары оқу орындарынан жыл сайын арнайы квота бөлінетінін, олардың ата-мекенде қалып, білім алуының, белгілі бір мамандықты игерудің барлық мүмкіндіктерін жолдары қарастырылып жатқанын тілге тиек етті. Баяндамада шетелдегі диаспоралармен байланыс туралы ғана емес, байырғы Отанына оралар дейтін қандастарымызға жасалынатын қолдау, көмек, қамқорлық жайлы да атап көрсетті. «Біз жыл сайын көшіп келу квотасын белгілейміз». Ол жағдайға байланысты, бұл квота бойынша келгенде үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтеледі. Басқа да көмектер жетерлік. Жалпы өз еріктерімен келген қандастарымызды қоса есептесек, осы жылы жарты миллионнан аса қазақ атажұртына келеді. Елбасы бірде айтқан еді: «Аман болсақ біздің елге оралған қандастарымызға Германия мен Израильдей көмек жасаймыз деп. Оған да жетерміз. «Қазір істеп жатқандарымыз осы істің бастамасы деп саналу керек», - деді [52].

Алайда, шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи отанына қайтаруға байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер біздің қоғамымызда жетерлік.

Мәселен тарихи Отанынан қол үзіп кеткен, тіпті тегін білер-білмес ұлттың тілінен, мәдениетінен, дәстүрінен айырылғандардың бар екені рас. Екіншіден,

диаспораның ерекшелігі - оның өзінің тарихи Отанындағы мәртебесі, деңгейі интеллектуалдық, экономикалық күш-қайраты мен жігері. Осыған қарағанда шетелдегі қазақтар әртүрлі деңгейде өмір сүруде. Мысалы, кейбір деректерге қарағанда Ресейде бір миллионға жуық қазақ бар дейміз. Ал оның басым көпшілігі Қазақстан мен Ресей шекарасында мал шаруашылығымен айналысып отырғандар. Астрахань, Волгаград, Саратов, Орынбор, Челябинь, Омбы, облыстарындағы қазақтардың да көпшілігі ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығымен айналысады. Олардың аздаған бөлігі ғана қалаларда тұрады. Белсенді бизнеспен айналыспайды. Ал интеллектуалдық күш Мәскеуде, Санкт-Петербургте және басқа да үлкен қалаларда шоғырланған. Олар-білімді адамдар. Және бұларға орыс зиялылары оң көзімен қарап, сол өмір сүріп жатқан ортасына еңбек етіп жүрген қазақтар.

Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақтардың да кәсібі, мүмкіндіктері әртүрлі. Соған қарай тарихи Отанына көзқарасы, ұлттық сана-сезімі де әртүрлі. Сондықтан бүгінгі таңда шетелдердегі қазақтардың бәрі Қазақстанға келуге дайын еместігін де естен шығармауымыз қажет. Мұның көптеген себептері бар. Әуелі әрқайсысының қалыптасқан мекені, жұмысы, мақсаты бар десек, бұл тіпті де «Ит – тойған жеріне, ер - туған жеріне» деген сөз емес. Адам адам болған соң алды - артын ойлауға тиіс. Екіншіден, қазақ үдере көшіп жатса, сол елдің беделіне нұқсан келеді. Мұндай қолайсыз мемлекет болып көріну Ресейге де, Қытайға да, Моңғолияға да және басқаға да тиімсіз. Сондықтан ол мемлекеттер сыртқы көші-қоның реттеп отырады.

Сол сияқты біз шетелдерден келген қандастарымыздың мүмкіндігін, қабылет-қарымын пайдалана алмай отырмыз. Пайдалануды ойламаймыз. Көбіне менсінбей қараймыз. Әйтпегенде олардың ортасында небір күрделі мамандық иелері көп. Сөйте тұра шетелдерден маман шақыртамыз. Мәселен 2005 жылы 20 мың жұмыс күшін шетелден шақырдық, 2006 жылы бұдан да көп шақырды. Осы шақырып отырған елге керек мамандарды шетелдегі қазақтар арасынан неге іздемеске? Осы туралы қазақ баспасөзінде бірнеше рет ұсыныс та білдірілді. Өкінішке орай, қазақ диаспорлары арасынан ондай мамандар іздеуге Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігінің бас қатырғысы келмейді. Өйтіп бас ауыртпай-ақ, дайын шетелдік мамандарды алып келгенді қолайлы көреді. Шетел қазақтарының арасында сондай мамандар бар дейсің бе деген менсінбеушілік психологиясы. Осы психологиядан арыла алмай отырғанымыз. Мысалы, Ақтауға жан-жақтан кемелер көптеп келуде. Атырауда да флот бар. Бірақ, капитан жоқ. Ал көрші Астрахандағы қазақтардың арасында қазақтан шыққан капитандар жетеді. Бірақ оны шақырмаймыз. Басқа жерден, шетелден капитан іздеп, оған үйіп-төгіп ақша береді, жағдай жасайды.

Дұрысы үкіметте, министірліктерде ұлтқа жаны ауыратын ұлтжанды азаматтар аз. Қазаққа, оның тіліне деген салқындық осылай кез-келген жерде көрініс беріп отырады, шетелден маман шақыру мәселесінде қазақ диаспораларымен жұмыс істеуге енжарлық танытса, оның төркіні ұлттық мүддеде екені рас. Осы ретте мынандай бір мысал келтіре кетейік,

Қазақстандық дәрігерлер Қытай медицинасының құпиясын біліп, қыр-сырын үйренеміз деп, 5-6 ай Қытайға барып оқыды. Сонда сол Қытай медицинасының қыр-сырын білетін адамдар елімізде жұмыссыз жүрді. Олар - Қытайдан келген оралмандар. Оларды бірақ менсінбеді. Сол сияқты елге келген ағайындардың арасында Қазақстан үшін керекті сирек кездесетін мамандық иелері, мысалы, әскери мамандар да бар. Бірақ олар осындай көзқарастың салдарынан өз орындарын таппай жатады.

Қайда барса да Қорқыттын көрі. «Сонда шетелдегі қазақ қайтып күн көреді?» дегіміз келмейді-ақ. Қалай болғанда да жат жұрттаң гөрі өзекке тепсе де өз жұрты жақын болатын шығар. Қазақ диаспорасының тұрмыстық, кәсіптік тұрғыда осындай мықты қасиеттері бола тұрса да оларға ұлттық тұрғыдағы қауіп-қатер бұдан да күшті. Ол бүгінгі жаһандану заманында ұлт болып сақталып қалу мүмкіндігінің аздығы. Аталған мәселелер «Егемен Қазақстан» газетінде Б. Тайжанның «Оралмандар, Отан деп оралғандар» [53], «Оралмандар орнықпай отыр», «Ана тілі» газетінде Д. Белдеубайдың «Оралмандарға үй сатып беру бекітілді, бірақ ...» [54] деген мақалаларда анық көрініс тапқан.

Бүгінгі таңда алып ұлттар өзінің тілімен, мәдениетімен шағын ұлттарды жұтып бара жатқандықтан қазақ диаспораларының сақталып қалатындарына сенімі жоқ. Сондықтан олардың бір ғана таңдау жасауы - тарихи Отанына оралуы керек, әйтпесе жоқ болып кету қаупі тұр. Мысалы Қытай, Ресей және басқа да құдіретті мемлекеттерде қазақтың проблемасы оларға батпайды. Ол түсінікті. Еврейден шыққан этносоциолог Фришман «Егерде, 18 жасқа дейінгі жастардың 10 пайызы ғана өз ана тілінде сөйлесе, ол ұлттың 10 жыл ғана ғұмыры қалады» дейді. Өйткені келесі ұрпақ сол өзі өмір сүріп отырған ортаның тілін қабылдайды да Қытайда тұрса қытай, Өзбекстанда тұрса өзбек болып кете береді. Ол ұрпақ тілінен, мәдениетінен, дәстүрінен, ұлттылықтан бір рет қол үзген соң, оның ұлтына қайта оралу мүмкіндігі жоқ. Іргедегі Ресейді ғана алайық. Онда тұратын бүгінгі ұрпақ түгелімен орыстануға жақын. Өйткені қазақ мектептері өткен ғасырдың 60 – шы жылдарынан бастап жабылды. Содан бері 40 жылдан асты. Дегенмен ұлтсыздандым деуге көбінің намысы жібермейді. Сөйте тұра ассимиляция процесі қазақтар көп қоныстанған Қытайда да, Ресейде де, Өзбекстанда да жүріп жатыр. Осыған байланысты тарихи Отанға оралу - қазақ диаспорасы мәселесін шешудің бір жолы.

Қазақстанға барып орыс атанғаннан Ресейде отырғаным дұрыс. атажұртыма ассимиляциядан қашып барып, ассимиляцияға ұшырасам, бұл менің жаныма тіпті қатты батады. «Алдымен өздерің қазақтанып алындаршы» деген пікірді жиі естісек, бұл қазақтың өзінің тағдыры қылыштың үстінде тұрғандай. Бұл - біздің еліміздің есінде қатты ұстайтын мәселе. Қалай болғанда да, шетелдегі қазақтарды көшіріп алмасак, олардан біздер айырыламыз. Олар өздерін-өздері алдап, Францияда тұрып қазақ болғысы келгенмен, бәрібір көпке жұтылып кетеді. Мысалы, Францияда қанша ұлт тұрсын 70 миллион француз бар дейді. Қазақ сияқты диаспораларды, кірме ұлттарды олар есепке алмайды. Бәрін французға жатқызып, бір ұлт - француз ұлты бар дейді. Сол сияқты өзіміз араласып жүрген Түркияда да солай. Мен бір түрікпен сөйлесіп, қанша күрд бар

екенін сұрағанымда, «70 миллион» деді. Ал «Қанша түрік бар?» дегенімде, «Ол да 70 миллион» деді. Осы әзілдің астарына үңілсек, ащы шындық – басқа ұлтты мойындамаушылық жатыр [55].

Көптеген елдерде санақ жоқ. Сондықтан санақ жүргізілмеген елдерде қазақтың санын білу мүмкін емес. Және көптеген елдердің ұлттық концепциясы бөлек, тек өз ұлтын ғана мойындайды. Ресейде соңғы есеп бойынша 800 мыңдай қазақ бар десе, ресейлік статистиктер, социолог мамандар қазақтардың саны шын мәнінде аз, олар орыстанып кеткен қазақтар дегенді айтады. Сондықтан ұлттың саны мен сапасын айыру - үлкен мәселе. Басқаны айтпағанда, Қазақстанның өзінде он миллионға жуық қазақ бар десек, соның ішінде нағыз қазағы қанша?

Иә, сырттағы қазақтар «Мен шетелде тұрсам да қазақпын, Қазақстан маған не береді?» - десе, біздер мына жақта «Қазақстанға не беремін дегенше, қолыңнан келгенінше атамекеніңе көмектес», - дейміз. «Ең болмаса қолыңды жаймай, тарихи Отаныңа өз күшіңмен қоныс аударсаң, еліңе берген сыйың сол болады», - дейміз. Әрине, көмек көретуді қажет ететіндей ағайындар да бар. Онымен қоса өз күшімен келіп, Отаныма қолымнан келген қызметімді көрсетемін деп жатқандар да бар. Екі жақтың психологиясының бір-бірімен үйлесе бермейтінін де мойындаған жөн. Осыған байланысты үкімет бүгін «Отандастар» бағдарламасын әзірлеуде. Азаматтық алу мәселесі бұрынғыдан гөрі жеңілдетілді дегенмен, оның да қайта қарайтын тұстары баршылық. Осы мәселе де реттелуі керек.

Сол сияқты көші - қон саясатының орындалуы көбіне Көші- қон комитетіне қатысты болса, оның бүгін жұмыс аясы тарыла түсті. Көптеген елдерде көші-қон мәселесімен министірліктер айналысады. Және бізде бұл мәселеде шашыраңқылық бар. Ал енді олардың проблемаларына келсек, олар сонау Қытайда, Иранда отырып алып, «бізді қазақ етуге көмектесіңдер, мектеп салып беріңдер, оқулықпен қамтамасыз етіңдер» деген сияқты өтініштерін білдірсе, олардың ескере бермейтін бір мәселеі бар. Олардың ұлты қазақ болған мен ұлтына, тіліне мәдениетіне бүйрегі бұрғанымен, шетелдің азаматы. Біздер дипломатиялық жолдармен баса - көктеп барып мектеп салып бере алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарын да жеткізе алмаймыз. Мұнын бәрі алдымен дипломатиялық жолмен шешілуге тиіс. Басқаны айтпағанда, бұқаралық ақпарат құралдарын жеткізу, оны сатып алу да оларға қымбатқа түседі. Оны олар сатып ала ала ма? Солай-ақ болсын. Мұның тағы бір жағы бар. Біздер өз күшімізбен шетелдегі ағайындарға бәрін жеткізуге тырыссақ, оны олардың экспансия деп ойлауы әбден мүмкін. Ондай көзқарастар да жоқ емес. Мысалы, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына дейін Ресейге Қазақстаннан орыстар ғана емес, шекарадағы қазақтар да көшті. Басты себебі - зейнеткерлік жасының 58 және 63 болып кетуі. Олар Волгаград, Омбы, Астрахан, Саратов сияқты облыстарға барып қоныстанды. Сонда, әсіресе Волгаград облысының қазақтары Қазақстан өзінің қазақтарын бізге араластырып, ұлттық саясатымызды ушықтыру үшін әдейі жіберіп отыр деген пікір таратты [56]. Демек, біздің диаспораларымыз тұрып жатқан жерлерде әртүрлі пікірлер бар. Соның

салдарынан біздің қазақ диаспорасына қамқорлық көрсету бағытындағы жұмыстарымыз басқаша бағаланып жатады. Бұл біздің қазақ диаспораларымен қарым-қатынасымыздың әлі де күрделілігі. Сол сияқты Қытаймен де өзіндік қиындықтар бар. Дегенмен, Қазақстан өз саяатын жүргізуде.

Шынын айтқанда, араб әліпбиіндегі немесе латын әліпбиіндегі оқулық жазу оңай шаруа емес. Оқулық жазған күннің өзінде ол оқулықта, мысалы, «Менің Отаным - Өзбекстан» деген сөз болуы тиіс. «Менің Отаным Қазақстан» десе, ол оқулықты Өзбекстан үкіметі қабылдамайды. Бұл – үлкен саяси-идеялық мәселе. Сол сияқты біздің өзіміздің де «Менің Отаным – Ресей» деген оқулықты орыс» деген оқулықпен оқуы қажет. Осыған байланысты бұл күрделі мәселе. Мәселен, Германияда баланың 16 жасқа дейін басқа тілде, басқа оқулықпен оқуына мүмкіндік жоқ. Ал Өзбекстан туралы айтатын болсақ, оларда 9 сыныптан кейін балалар лицейге, колледжге оқуға кетеді. Біз 12 жылдыққа бағыт алып отырмыз.

Осы мәселе төңірегінде баспасөз арқылы ойын білдірген жазушы Қазыбек Нұрқасым былай дейді: «Мен мына бір фактіні айтайын. Ресейде тұратын басқа ұлттар арасында «Сіздің азаматтық құқыңыз сақтала ма?» деген сауалнама жүргізілгенде, оған қатысқан орыс ұлтынан басқалардың 56 пайызы сақталмайтындығын айтса, қалғаны тіпті де сақталмайтындығын айтады. Ресейде орыс емес басқа ұлттарға көзқарас өзгерді.

Біріншіден, Ресейдің ғасырлар бойы тірнектеп жинаған империясы құлап, орыс халқының көңіл-күйі төмендеді. Біздер егемен ел болдық деп қуанып отырсақ, олар бізден айырылды деп ренжулі. Кешегі өзі билеп-төтеген қазақтардың өз алдына мемлекет болғаны үлкенінің де, кішісінің де көңілін май ішкендей кілкітеді. Демократиялық тұрғыдан оң көзбен қараушылар болғанмен, жеккөрушілік те бар. Екіншіден, еңбек нарығындағы бәсекелестік. Ресей өздерінің жұмыссыздығын басқа ұлттар өкілдерінің көптігінен көреді. Үшіншіден, қазақтар, мұсылмандар қылмысқа жақын тұрады, салық төлемейді, ертең тарихи Отанына тайып тұрады, олармен жұмыс істеу қиын деген пікірді алға тартады. Осының негізінде саяси фашистік ұлы державалық партиялар тіпті өрескел қылмысқа барып, ұрып-соғып жатады. Бұл - шындық.

Бұрынғылар «Ат үйірін сағынса, артқы аяғын қағынар, ер үйірін сағынса, ер-тұрманын тағынар» дегендей, елге сағынып көшіп келіп жатқан қандастарымыз аз болмас. Дегенмен, айтып отырғандай, мигрантофобия аяққа басылып жүргісі келмеген адамды өзінің атамекеніне оралтуға мәжбүр етеді. Мысалы еврейлерді алайық. Осыдан 4 жыл бұрын Парламент Мәжілісінде Израильдің депутаттары қонақ болды. Олар - Санкт - Петербургтен, Мәскеуден барған еврейлер, бір-бірімізбен әңгімелестік. Израильге келіп жатқан еврейлерге олар да керемет жағдай жасап жатпағанмен, білімін, қабілетін, іскерлігін мемлекеттің дамуына, ұлттық мүддесіне жұмсауына мүмкіндік береді, мысалы, атақты композитор келсе, ол мектепте музыкадан сабақ беріп, кейінгі ұрпақтың көтерілуіне жұмыс істейді. Сонда израильдік депутаттар енді бір 30 жылдан кейін дарынды композитор да, ғалым да, спортшы да Ресейден

емес, Израильден шығады, өйткені дарынды еврейлердің бәрі өзінің тарихи Отанына келіп жұмыс істеп жатыр дегенді айтты.

Жағдайым керемет болмаса да еліме келдім. «Сен еврейсің» деп көзіме ешкім шұқымайды. Көңіл-күйім, азаматтық рухын жоғары дегенге сайса, біздің шетелдегі ағайындардың «Қазақстан маған не береді?» емес, «Қазақстанға мен не беремін ? » үлгісін осы еврейлерден үйренсе жаман болмас еді [57].

Бұл да рас. әрі ДЖҚ Құрылтайының баяндамаларында Қазақстанға өз еркімен келіп жатқан ағайындар туралы бағдарлама қабылдау жөнінде айтылды. Бұлар, жоғарыда айтқандай, қол жайып келіп жатқандар емес. Олар іскер, білімді, қабілетті адамдар болғанмен, біздің ортаға бейімделмегендіктен, әсіресе біздің жемқорлық жағдайға, үлкен тосқауылдарға кездесіп, жүрегі шайлығып жатады. Сырттағы қазақтар да солай. Мысалы, Түркияда қауымдас болып тұрып жатқан қазақтардың Қазақстанға көшіп келгісі келеді. Ал олардың ортаға бейімделгенше қауымның бірлігіне сызат түсіргісі келмей, бір жерден орын тепкісі келсе, ондай тілекке құлақ асу керек. Жалпы, шетелдегі қазақ бизнесмендерінің атамекенге келуіне бізде қалыптасқан паракорлық, жемқорлық тосқауыл болып отыр. Олар осыдан қорқады, бұл да шындық. Қазір Мәжілісте «Кәсіпкерлік туралы» Заң жобасы қаралуда. Осы заң жобасына үйренсек, Қазақстанға қарай аяқ баспайды?. Себебі, бұл жоба қабылдана қалса, биліктің кәсіпкерді екі құлағынан бұрап, арқасына мініп алып, қамшының астына алатын түрі бар. Сонымен шетелдегі бизнесмен, іскер ағайындарымыздың байланыс орната алмауының себебі – біздің шағын және орта бизнестің тартымсыздығында, биліктің оны уысынан шығармай өзі билеп –төстеуінде. Осы құрылтайда мен байқаған қуанышты жайдың бірі – шетелдегі қазақтардың мәдени мұра бағдарламасына деген ықыласы. Олар экспедицияларға қатысып мәдени мұраларды жинауға, іздестіруге қатысуға, өз көмектерін беруге ынталы. Мұны Мәдениет, ақпарат және спорт министрілігі түсіністікпен қабылдады деп ойлаймын.

Ішкі көші-қон мәселесі сыртқы көші-қоннан да күрделі. Деректерге қарағанда, жылына еліміздің ішінде ауылдан қалаға, ауылдан ауылға дегендей, 150-160 мың адам көшіп-қонады. Олар бүгін үкімет бізге – ішкі көші-қонға мән бермейді деп, өзінше талап қойып жатыр. Сыртқы және ішкі көші-қонның екеуінде реттеу қажет. Соның ішінде «ішкі көші-қон реттелмесе, сыртқысы қауіптірек» деп «Отан тарихы» журналында Г. Ниязханқызының «Қазақстандағы көші-қон процестері және оралмандар» [29, 54 б] мақаласында қаралды.

Қазір 100 мыңдап көшсе, бара-бара миллиондап көшетін болса, баспанасыздық, жұмыссыздық қаладағылардың әлеуметтік-саяси тұрақтылығына әсер ететін фактор. Сондықтан ішкі көші-қонға мән бермеу - мемлекеттің қауіпсіздігіне мән бермеу деп ойлаймын. Мысалы, Қырғызстандағы жағдай ішкі көші-қонның реттелмеуінен туындады. Үкіметіміз өткен жылы «Ішкі көші-қон туралы» Заң жобасын Парламентке алып келіп, кері қайтарып алды. Орыстардың көші-қонына қатысты тағы бір мәселе бар. Өткен ғасырдың 90-жылдарында Ресейге шұбырған орыстардың

біразының Қазақстанға қайта оралғысы келіп отыр. Мәжілісте Валерий Котович, Михаил Трошихин, Иван Чиркалин тағы басқалар оларға оралман мәртебесін беру және көші-қон заңына өзгерістер енгізу туралы мәселе көтерді. Мұның артында Қазақстандағы орыс диаспорасының ықпалы тұр. Мұның бір рет бетін қайтарған, тағыда көтерілетін түрі бар. Бұл жерде мен мынаны айтар едім. Өзі жақсы адамға қайдан да орын табылады. Ал білікті, білімді орыстар орын тапты. Қайта келмек болып жүргендер - өз жұртына да, басқа жерге де сыймай жүргендер. Бұл жерде бізде қате кетпеу керек.

Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайын еліміздің барлық баспасөздері әсіресе қазақ тіліндегі газеттер, соның ішінде біздің зерттеуімізге нысан болып отырған «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ елі» «Көш», «Ана тілі» «Жас қазақ» тағы басқа көптеген газеттер Құрылтайдың өтетінін көп уақыт бұрын халыққа хабарлап, алғашқы Құрылтайдан кейінгі 10 жыл ішіндегі шетелдердегі қазақ диаспорасымен байланысын, қандастарымызды атажұртқа көшіріп алу, келгендерге жағдай жасау, кезекті құрылтайда көтерілетін мәселе т.б. жайларды, қамтыған мақалалар, сұхбаттар көптеп жарияланды.

Мәселен «Егемен Қазақстан» газеті Құрылтай басталарға таяу уақытта сандарында осы мәселеге тікелей қатысты, ДЖҚ қауымдастығының бірінші орынбасары, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі сияқты лауазымды тұлғалармен сұхбат өткізді. «Түркістан» газетінде «Қандастарымыз -қара орманымыз» деген тақырыпта ДЖҚ бірінші құрылтайынан кейінгі 10 жылдың ішіндегі мемлекет тарапынан атқарылған шаруалардың нәтижесі, бүгінгі таңдағы күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді сараптаған көлемді материал жарияланды [58].

2005 жылы 29-қыркүйекте Астанада өткен дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында басқосуға қатысқан жалпы өкілдер әлем қазақтарының бірлесуінің биік белесі болды деп бағалағаны белгілі. Қазақстан бүгін де әлемнің әр түкпірінде 40-тай мемлекетке тарап кеткен қандастарының тарихи отанына оралуымен жүйелі айналысып мемлекеттен әр жыл сайын қомақты қаржы бөліп отырғаны еліміздің экономикалық зор мүмкіндігі мен Елбасы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен ұлт тағдырына айрықша көңіл бөліп отыруының нәтижесі болмақ. Сондықтан да, ДЖҚ III Құрылтайы Қазақстанның қарыштап дамып келе жатқан кезеңінде өтуімен ерекшеленді.

ДЖҚ Құрылтайлары тек көші-қон мәселесі емес, шетелдегі қандастарымыздың мәселесіне кешенді түрде қарап, барлық саладағы өзекті мәселелерді шешуге, бағыт бағдар беруге назар аударғаны белгілі. Құрылтайда ДЖҚ қауымдастығының төрағасы Н. Назарбаев баяндама жасады. «Ең бастысы қазақ халқының үлес салмағы артты. Егер 1989 жылы республикадағы қазақтардың үлес салмағы 40 пайызға жетер жетпес болса, қазір бұл көрсеткіш 58 пайызға жетті» - деді елбасымыз өз сөзінде [60].

Елбасы Қазақстан Республикасы қандастарымызды отанына оралтудың кешенді бағдарламасын жасап жүзеге асырып келеді. Тәуелсіздік жылдарында, яғни 1991 жылдан 1-шілдеге дейін елімізге барлығы 110 мың 591 оралмандар отбасы қоныс аударды. Сөйтіп, еліміздегі қазақтардың саны 600 мың адамға



көбейді. Соңғы кезде көші-қон квотасының жыл сайынғы мөлшерін 15 мың отбасына жеткізіп, оған қаржыны мемлекеттік бюджеттен толық бөліп отырмыз. Осы қаржыны толық қадағалау қажет. Қандастарымызға айтар жайдың тағы бірі мынау: Тарихи отанына оралған ағайын ең алдымен «Қазақстан не береді?» деп емес, «Мен Қазақстанға не беремін?» деп ойланғандары дұрыс болар еді [59].

Жалпы бұл Құрылтайдағы баяндамасында Елбасы оралмандарға қатысты қамқорлыққа да, сол қамқорлықты дұрыс түсіну жолындағы оралмандардың мақсат-міндет, мүддесіне де кеңінен тоқталуымен ерекше болды. Ендігі жерде баспасөз құралдары осы шегелеп айтқан тапсырмаларды насихаттау, кемшіліктерді көре біліп, жариялап мемлекет назарына іліктіру басты міндет екені белгілі. Міне, осы міндеттерді еліміздің қазақ баспасөз құралдары қалай атқарып отыр? Әрине, осы Құрылбайдан соң құрылтай көтерген мәселелерге қатысты қазақ баспасөздерінің барлығы саны жағынан да, көлемі жағынан да қомақты материалдар жариялап, үн қосқанын байқауға болады.

Бірнеше мысал келтірсек, еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда»-, «Не істеу керек?», - атты мақалада жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың көлемді мақаласын жариялады [60]. Мақалада толассыз ағылып келіп жатқан қандастарымызды бөгетсіз қабылдап алып, жағдай жасауға кедергі болып отырған қаржы тапшылығы, баспананың жоқтығы, жұмыстың табылмауы емес, қолдан жасалған түрлі кедергі тосқауылдар екенін нақты мысалдармен келтіреді. Оралмандардың тек құжат жинау жолындағы көретін қиындықтары, Қазақстан Республикасының шекарасын аттаған азамат 3-5 күн ішінде көші-қон полициясына тіркелуі қажет екенін оралмандар түгіл Қазақстан азаматтарының өзі білмейтінін, оралмандар білсе де кейде жететін жеріне жетіп болғанша уақыты өтіп кететінін, сол үшін сотқа дейін барып он бес мың теңге айыппұл төлейтіні қолдан жасалған кедергі екенін айтады. Сол сияқты тұрақты тіркеуге тұру, көші-қон туралы заңға толықтыру, өзгертулер енгізіліп біршама жетілдірілгенімен ондағы шарттарды орындау механизмі яғни ереже бекітілмегенін, көші-қон квотасының уақыт өткізіліп барып бекітілетінін, квотадан тыс өз бетімен көшіп келушілердің жайы мүлдем ескерілмейтіні, ол жақтағы қызметін, мамандығы бойынша жалғастыра алмайтынын, сондай-ақ Қытайдағы қазақтардың асыл тұқымды малын шекарадан алып өтуіне ҚХР-ны емес, Қазақстанның мал дәрігерлік ұйымы рұқсат бермей отырғаны сияқты ондаған кедергілерді атай келіп, мұның әрқайсысын оңтайлы шешудің жолдары жөнінде өз ой-пікірін ортаға салған.

Рас, оралмандар көбінесе өздеріне көрсетіліп жатқан көмектерге көңілі тола бермейді. Шындығын айту керек, оралмандардың квотаға кіру мәселесін шешудің әлі күнге дейін нақты ережесі жоқ көші-қон комитеті жасап, Әділет министрлігі бекітіп беру керек. Көші-қон квотасына кім кіреді, қандай тәртіппен кіреді, соның бәрі жабық компьютер бетінде емес ашық түрде ілініп тасталуы керек. Ал күні бүгінге дейін Үкімет, Көші-қон комитеті, Әділет министрлігі және көші-қон полициясының мамандары бастарын сәл ауыртыңқырап, көші-қон квотасына арналған заңды түрден сәл ауыртыңқырап,

көші-қон квотасына арналған заңды түрде бірде-бір ереже жасаған жоқ. Аталған құзырлы органдар өз міндеттемелерін «облыстық көші-қон басқармаларының қасында аранайы құрылған комиция бар» деп соларға жүктейді. Квотаға кімдердің кіретінін ешқандай ережесіз облыстар мен аудан орталықтары шешкеннен кейін оның сыры белгілі ғой. Комиссия мүшелерінің ішінде өтірік шыны аралас, әртүрлі қоғамдық ұйымдардың мүшелері бар екені тағы белгілі. Қазақстанның оралмандарға жасап жатқан жақсы істерін бір-ақ күнде жоққа шығармау үшін квотасна кірмеудің нақты заңды ережесін заңдастыру керек дер едім. Ол ережені бұзған адам жауапқа тартылуы керек. Мысалы бұрын үйдің кезегінде тұрған адам өзінің үй алатын мерзімін білетін, біреудің біреу алдына түсіп, кезексіз үй алса дау шығатыны да олар соттасуға дейін барып жататын. Ал қазіргі көші-қон жағдайында ешкім жауапқа тарта алмайсыз. Өйткені ереже жоқ. Олар квотаға орта жолдан біреуді тіркеп жібергісі келсе де өздері біледі. Келген қандастарымызды бір-бірінен алаламай, жағдайларын дұрыс шешіп беру жағына баса назар аудару керек.

Сондай-ақ дүние жүзінде арнайы бейімделу орталықтары деген бар. Мұндай орталықтар Израиль мен Германияда өз жұмыстарын кісі қызығарлықтай, адам сүйсінетіндей дәрежеде атқарылуда. Ал бізде саусақпен санарлықтай. Бейімделу орталықтары аудан орталығында, ауылды жерлерде болуы керек. Бейімделу орталықтарын ашып оралмандар келгенде жерсіз жерге келгендей күйде болмау үшін оларға жоқ дегенде алты ай жағдай жасалуы керек.

## **2 ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ОРАЛМАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

### **2.1 Көші-қон туралы заңның қабылдануы қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі**

Қазақстан Республикасының оралмандар мәселесін өзінің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан бастап, көші-қон саясатын реттейтін заң және құқықтық актілер шеңберінде қарастырылып, бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар арқылы жетілдіріп, кемелдендіру үстінде.

Жалпы, бұрын-соңды Қазақстанда көші-қон үдерістерінің заңды үрдісі болмағаны белгілі. Өйткені Кеңестік дәуір тұсында ел ішіндегі көші-қон қарқынды жүріп, тың игеру, жер қойнауын байлықтарын игеру деген желеумен миллиондаған отбасы басқа республикалардан көшіріліп әкелінсе де, ұйымдасқан түрдегі шара ретінде ғана баға беріп келді. Сондықтан көші-қон саясатын реттейтін заң, заңнамалық актілер еліміздің тәуелсіздігін нығайту, кеңестік империя құлаған кезде жұмыс күшін басқа жолмен толықтыру мақсаттарынан туындады. Бұл ретте елімізде жұмыс күшін шетелдегі қазақ диаспорасы есебінен толтыру, шет елдегі қазақтардың атажұрт, байырғы Отанына оралсам деген бабаларынан жалғасып бүгінгі ұрпаққа жеткен армандарын нақты жүзеге асыру, сол арқылы ғасырлар бойы отаршылдықтан өшуге айналған ұлттық рухымызды көтеру мақсатында шетелдердегі қандастарымызды көшіріп алу, басқаша айтқанда көші-қон, оралмандар мәселесі мемлекеттік саясат дәрежесінде күн тәртібіне қойылып, бұл мәселені ғылыми егізде реттеу қажеттілігі туды.

Шет елдегі қазақтар мәселесін алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым Сабыр Ахметжанұлы Қасымов: «отандастарымыздың өзге елдерге көшу себептерін тарихи негіздерге сүйене отырып, қазақтардың өз жерінен қуылуы, шеттегі диаспораларымыздың көптігі отаршылдардың халықты ыдырату мақсатындағы шараларынан туындаған зардап» - деп түйіндейді.

Сабыр Ахметжанұлы еліміз тәуелсіздік алған күннен-ақ оралмандар үшін саяси, құқықтық және ұйымдастыру әдістері ескерілген қазақ халқының тұтастығы бағдарламасын дайындау қажеттігін ұсынған еді.

Ол өз тезистерінде оралмандардың тарихи отанына оралуы тек оралмандардың өздеріне ғана керекті мәселе емес. Егер Қазақстан ұлттық және тәуелсіз мемлекет боламын десе оралмандар мәселесін шешуші фактор ретінде қарастыру қажеттілігін атап көрсетеді.

Сонымен қатар бұл неше ғасырлық отарлау зардаптарын жою, сайлау компанияларын құру, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қалыптастыру үшін керекті бірден бір фактор деп бағалады. Ол сондай-ақ мемлекеттік шешімдерге әсерін тигізер мынадай ұсыныстарды ортаға салады: «Теория жүзінде дәлелденген шетелдердегі 5 миллион қазақ диаспорасының көпшілігі Қытай Халық Республикасы мен Ресей империясының қазақ жерін бөлудегі құрбаны болып қана қоймай, Ресей жүргізген отарлау саясатының да отына түсті. Олар ұлттық, әлеуметтік діни көзқарасына байланысты КСРО орнатқан әскери

жазалау шаралары салдарынан Қазақстаннан қуылды, жазаланды, мал-мүлкінен айырылды. Қарсыласқан қазақтар қырыла отырып, қазақ жерінің бүгінгі шекарасынан арман шегінді», - деді. Сондай-ақ, 1990 жылдардың басындағы Қазақстанның демографиялық жағдайын «жер бетіндегі қазақтың азайып кетуіне жол беру», - деп бағалады.

Ол шетелдегі қазақтар саясаттың жазасынан қашқан немесе күшпен айдалған репрессия құрбандарының ұрпақтары екенін үкімет деңгейінде мойындап, оған халықаралық нормаларға сәйкес репрессия құрбандарына арналған әділетті шешім шығарып, осы шараларды жүзеге асыра алатын заң жобаларын жасау керек деген ойын дәйектей түседі. Ол ел тәуелсіздігі қарсаңындағы декларация жобасын әзірлеу кезінде, «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы», «Азаматтық туралы», «Саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» заң жобаларына сол кездегі депутаттар мен аппарат қызметкерлері арқылы көп ұсыныстар білдірді. Өкінішке орай, мұның көпшілігі үкімет мүшелері тарапынан қолдау таппады. Егер Сабыр Ахметжанұлы айтқандай шеттелден келген қазақтарды «репрессия құрбаны ұрпақтары». деген дәреже беретін құжат бекітілсе, қандастарымыздың көптеп келуіне жол ашатын еді. Оған қоса заңды түрде репрессия құрбандары ретінде мемлекеттік деңгейде жеңілдіктер жасауды жергілікті әкімшілік және құқық қорғау орындары мойнына алатын болар еді. Бұл шетелдердегі қазақтарды қорғап қалудың және өз мемлекетімізде қазақтардың сыбағалы салмағын молайтудың бірден бір негізгі жолы болар еді.

Сондықтан көші-қон мәселесіне мемлекет айрықша назар бөлді. Сондай-ақ көші-қон мәселесіне жауапты Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін дербес орталық атқарушы орган Қазақстан Республикасы көші-қон және демография жөніндегі агенттігін құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы шықты [61].

Көші-қон үдерісі құқықтық тұрғыда реттейтін алғашқы нормативтік акт «Халықтың көші-қоны туралы» Заң 1992 жылдың 26 маусымында қабылданды. Бұл заң елімізде жұмыс күшін тарату, (әсіресе түрлі мамандық бойынша) өз бетімен жұмыс іздеп келуші келімсек топтардың әрекетін реттеу, ең бастысы этникалық қазақтардың көшіп келуін ұйымдастыру, реттеу мақсатын көздеді [62]. Көшіп келуші оралмандарға осы заң аясында қамқорлықтар көрсетіліп, жағдайлар жасаудың негізін қалады. Осылайша қазақ халқының шетелдегі диаспорасын байырғы Отанына шақырудың құқықтық негізі «Халақтың көші-қоны туралы» заңының негізгі бөлігі ретінде қарастырылды. Алайда, көші-қон туралы заңның жалпы көші-қон мәселесін, соның ішінде еліміздің тәуелсіздігін арттыруға, ұлттық біртұтастығымызды қамтамасыз етуге қызмет ететін шетелдегі қандастарымыздың байырғы Отанына оралуына жеңілдік туғызатын, жағдай жасайтын, реттейтін баптарындағы олқылықтар, тіпті мүлдем ескерілмей қалған жағдайлар бұл заңның қажеттілікке толық жауап бере алмайтынын көрсетті. Әсіресе «Көшіп келуші» мен «босқын» түсінігінің ара жігі толық ашық-айқын сипатталмады. Осы кемішіліктің орынын толтыру мақсатында әртүрлі жолмен Қазақстанға келетін шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне жеңілдіктер көрсету мақсатында сол жылы 23 қыркүйекте «Қазақ

диаспорасынның өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы министрлер кабинетінің Қаулысы қабылданды [55]. Қаулыда шетелдегі қазақ диаспорасынан түрлі оқу орындарына түсуге келген талапкерлерге Қазақстан Республикасы азаматтарымен бірдей құқық беру, қажетті материалдық жағдайлармен мемлекет есебінен қамтамасыз ету, өндірістік ғимарат, тұрғын үй салуына жер бөлу, олардың Қазақстанда болған кезінде емдеу-сауықтыру жәрдемін пайдалану ережесін белгілеу қатарлы көптеген жеңілдіктер қарастырылып, қатысты министрліктер мен ведомстваларға міндет жүктетті.

Көші-қон жөніндегі алғашқы заңның олқы тұстарына байланысты жалпы халықтың пікірі, баспасөзде жарияланған сын, ескертпелер осындай қорытындыға әкелді. Сондықтан Үкіметте, Парламентте және жеке адамдардың бастамасымен 1996 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заңның бірнеше нұсқасы әзірленіп халықтың талқылауына ұсынылды. Осы талқылау негізінде аталмыш заң жобаларының олқы тұстары жайлы қазақ баспасөзінде сын мақалалар көптеп жариялана бастады. «Қазақ елі» газетінде Б. Уатқанның «Отандастар тағдыры ойыншық емес» [64], «Егемен Қазақстан» газетінде Г. Сәдірқызының «Көш-керуен кері бұрылып кетпесе екен» [65] т.б. мақалалар жарық көрді, онда мемлекет тарапынан қабылданып жатқан заңдық құжаттар талданды. Е.М. Арын, Е.М. Әбенев, Қ. Бодауханұлының «Саясат» журналында «Қазақ диаспорасының көші-қонын үйлестіру жәйттері» атты бірлесіп жүргізген зерттеулерінде «...үкіметтік деңгейде үйлестірілмеген миграциялық процесс мемлекеттің экономикалық, демографиялық саясатына кері әсерін тигізумен қатар, ұлтаралық шиеленістің де туындату себепкері болады» деп [66], оралмандар мәселесіне жауапкершілікпен қарау жайлы ой түйілді.

Қазақ баспасөзінің белсене араласуымен, 1997 жылы халықтың көші-қон мәселесін заңдастыратын өзгертулер мен толықтырулар еңгізіп, «Халықтың көші-қоны туралы» заңы қайта қабылданды. Сөйтіп, 1997 жылы 13 желтоқсандағы №204 Заңы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының толықтырылған екінші реткі заңы қабылданды да, 1992 жылы 26 маусымдағы алғашқы заң өз күшін жойды [67].

Заң қабылданбас бұрын қазақ баспасөз беттерінде кеңінен талқылаудан өтті. Мысалы, «Қазақ елі» газетінде Ф. Оңғарсынова «Тағыда заң жобасы туралы» [68]. мақаласында Үкіметт жобасын қабылдамай, депутат Ә. Ысқақұлы ұсынған заңның балама жобасын негізге алған дұрыс, себебі онда халықтың көші-қонының өзекті мәселелеріне байланысты талаптар толық ашылып көрсетілген дейді. К. Елемес «Кетушіден келушінің мүддесі биік болса» [69]. мақаласында заң жобасының 5-тараудағы 26-бабын өзгертуді сұрайды, себебі ҚР-нан кетушілерді қаржыландыру қаржыландырушы органдардың есебінен жүзеге асырылады, көшіп кетушілер сапырылысып жүре бермесіне кім кепіл? Сондықтан заң жобасындағы «Республикадан кетушілерді қаржыландыру» дегенді «Отанына оралушы оралмандарды қаржыландыру» деп өзгерту қажет деген елдік мүддеден туған ұсыныстар айтылды. «Егемен Қазақстан», «Жас

Алаш», «Ана тілі», «Түркістан» т.б баспасөз беттерінде осы мәселеге қатысты келіп түскен хаттар, үндеулер беріліп, заң жобасы кеңінен талқыланды. Осылайша бір жыл бойы халықтың, құзырлы мекемелердің талқылауынан өткен соң қазақ баспасөзін жарияланған сын, ескертпе, ұсыныстар ескеріле отырып, 1997 жылы 13 желтоқсанда «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының толықтырылған екінші реткі заңы қабылданды да, 1992 жылы 26 маусымдағы алғашқы заң өз күшін жойды [63, 1 б.].

2001 жылдың бірінші наурызында 1997 жылы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Тәуелсіздіктен соң өріс алған қандастарымыздың атажұртына қайта оралуы бүгіндері кең тынысты, шешілмеген мәселелері көп, өзекті де өрісті дүниеге айналды. Соның бірі қандастарымыздың тарихи Отанына қайта оралуына мүмкіндік жасау жолындағы Елбасынан бастап мемлекетіміздің, мемлекеттік емес ұйымдардан басқа да күштердің қолға алып, олардың жүзеге асырып жатқан шараларымен тікелей байланысты. Осындай қоғамдық ұлы өзгерістің, ел өмірінде бірден емес, біртіндеп қана жүзеге асатын сан түрлі мәселелер туындататыны да сөзсіз. Тіпті терең талдау, зерттеу жасауды талап ететін қоғамдық ғылымның дербес саласына айналды. Ғалымдарымыздың бұл тақырыптағы теориялық мақалалары жарық көрді. Еліміздің тіпті шетелдердің баспасөз, ақпарат құралдары қазақ диаспорасы, көші-қон мәселесі жөнінде үзбей материалдар жазды. Әсіресе, республикамыздағы ұлт жаңашыры-қазақ баспасөз құралдары Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ «Халықтың көзі, құлағы һәм үні» бола білді. Шетелдегі қандастарымыздың атажұрты, байырғы отанына оралуына жасалып жатқан мүмкіндіктер мен қолға алынып жатқан шараларда, кеткен кемшіліктер, жаңадан туындайтын өзекті мәселелер, келген оралмандардың жай-күйі, тәуелсіз елінің дамуына қосып жатқан үлесі дегендей, барлығы да еліміздің баспасөз, ақпарат құралдарының назарынан тыс қалған емес.

Тәуелсіз еліміздің туын әлем аренасында биіктен желбірету үшін ұлы мақсатты жүзеге асырудың маңызды бір саласы, шетте жүрген қандастарымыздың Отанына оралуына мүмкіндік туғызу, олардың күш-қуат, әлеуетін пайдалануды насихаттау ерекше маңызға ие болды. Біз бұл еңбекте шетелдердегі қазақ диаспорасының тарихи отандарына қайта оралуына еліміздің қазақ тілді басылымдарда жарық көрген қазақ диаспорасы мен тәуелсіз отанына оралған оралман ағайындардың өмір тіршілігіне, олардың өзекті мәселелеріне қатысты материалдар мен мемлекет, үкімет, басқа да қоғамдық ұйымдар тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларға қатысты материалдарға талдау, сараптама жасап, олардың осы саладағы ауқымды іске қанша үлес қосқанын, проблемалық жайлардың шешімін табуға ықпалы, рөлі қай деңгейде болғанын саралап, бұл саладағы істің болашақтағы бағыт-бағдар, тенденциясына тоқталу мақсатын көздедік.

Халықтың көзі мен құлағы болған бұқаралық баспасөз ақпарат құралдарында заманның мемлекеттік құрылымының әр дәуірінде ерекше маңызға ие өзекті тақырып болатыны белгілі. Көпшіліктің назары әдетте осы тақырыпқа ауып тұратындықтан, мұндай өзекті немесе даулы-шулы мәселе

жайлы жазылған материалдарды оқырман қауым іздеп тауып оқиды. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары баспасөз өзінің басым бағытына (қоғамның ғылым, білім, өнер, спорттың кәсіби мамандықтың белгілі саласына арналған басылымдардың өзі) қарамастан мұндай өзекті мәселені жарыса жазады.

Дүниені дүр сілкіндірген демократиялық қозғалыс 70 жыл бойы халықтың құқын аяғына таптап, коммунистік идеологияның бұғауында ұстаған ұлы держава Кеңестер Одағы ыдырап, одақ құрамындағы елдер тәуелсіздігін алған 1990 жылдарда Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары үшін де өзекті, даулы-шулы тақырыптар жетіп артылатын. Әсіресе ұлт мәселесі, тіл мәселесі көкейтесті мәселе еді. Солардың қатарынан әр кездегі тарихи жағдай, түрлі зұламат нәубет, отаршылдық езгінің салдарынан жазықсыз жапа шеккен шет елдердегі қандастарымыздың байырғы Отаны Қазақстанға қайта оралуына мүмкіндік туғызу мәселесі көтерілісімен бұқаралық ақпарат құралдары өртке тиген дауылдай іліп әкетті. Бұл мәселеге қырын қарайтын топтар мен өзге ұлт өкілдерінің сойылын соғатын басылымдар, нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде дағдарысқа ұшырап өз халқын асырай алмай ұралап жатқан шақта өзге елдерден «келімсектердің» келуіне қарсы болып өз уәждерін алға тартып, айқай шу көтерді.

Ал өмір бойы еркіндік, теңдік, тәуелсіздік аңсаған, орыстың боданынан біржолата, әрі қысқа мерзім ішінде толық құтылуды алдына мақсат етіп қойған өз ұлтыңыздың ары мен ұжданын қызғыштай қорғап жүрген қазақ басылымдары қалам қарымын көрсетті, алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың атажұртына оралуына мүмкіндік жасаудың ұлтымыз үшін қаншалықты қажет екенін қарапайым халыққа түсіндіруді мақсат тұтқан материалдар барлық қазақ басылымдарында толассыз жариялана бастады. Басқаша айтқанда алғашқы болып шетелдегі қандастарымызды Отанына оралуына мүмкіндік туғызу мәселесін көтерген орталықтағы беделді қазақ басылымдары болды. Мәселен, жоғарыдағы Сағат Заханқызының бастамасымен Моңғолияның қазақ зиялылар өкілдері Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы басшыларымен еңбек күшін әкелу жөніндегі келісім шарт туралы еліміздің аға газеті «Социалистік Қазақстан» (Қазіргі «Егемен Қазақстанда») Әмірхан Меңдекенің «Жақыныңды жат етпе», деген мақаласы жарық көрді [18, 3 б.].

Бұл қазақ баспасөзінің оралман деген атқа ие болған шетелдегі қандастарымыздың атажұртына қоныс аударуы жөніндегі алғашқы материал деуге де болады. Осылайша алғашқы кезеңде елге оралып жатқан ағайындардың ыстық ықыласын жеткізген материалдардың соңы оралман тірлігіне қатысты сан түрлі мәселелерді жеткізген өзекті материалдарға ұласты.

Әсіресе бір қарағанда лайықты атау сияқты көрінгенімен оралмандардың өзіне ұнай қоймаған «Халықтың көші-қоны туралы» заңындағы «оралман атауына қатысты сын-пікірлер қазақ баспасөзінен жиі көрініс тапты. Өйткені оралмандар жөніндегі басты құжат 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы бекітілген «Халықтың көші-қоны туралы» заңында «оралман» сөзіне

«репатриант» терминін қосарлап қолданып: «репатриант (оралман) жалпы саяси қуғын-сүргін, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи Отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы адам, сондай-ақ, оның ұрпақтары» деген анықтама берген болатын [67, 3 б.].

Бұл кезде жалпы қоғамда шетелдегі қазақ диаспорасы түгелдей жоғарыда аталғандай қуғын-сүргінге ұшырап жат-жұртқа кеткен қандастарымыздың ұрпағы деген түсінік болғаны да бүкпесіз шындық еді. Ол кезде келген оралмандар ата-бабаларының репрессияға ұшырағаны туралы анықтама қағаз тапсыратын болғаны соның айғағы.

Алайда 2002 жылы (ҚР 2002.03.27. № 313) «Халықтың көші-қоны» туралы заңына өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, онда оралман атауы заңдағы «репатриант» терминімен қосарланбай дербес қолданылады, әрі жаңа түсінік, анықтама беріледі [62, 3 б.]. Ол анықтама: «Оралмандар» Қазақстан Республикасы егемендігін алған кезде, оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар», - деген анықтама берілген.

Бұдан «Халықтың көші-қоны туралы» алғашқы заңының шикілігін, тіпті «оралман» атауына берілген анықтаманың терістігі ары қарайғы барлық баптардың дұрыс болмауына әсер еткенін көруге болады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін «Ана тілі» газетінің үстіміздегі жылда жарияланған философия ғылымдарының докторы Нұргелді Уәлиұлының «Оралман сөзін олқы көрмейік» [62], атты мақаласына жүгінейік «Қазақ тілінде оралман деп Қазақ халқының тарихында жаппай қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған, этникалық жазалаудан (геноцит) қашып, саяси сауға сұрап, жат елге жаппай қоныс аударған қандастарымыздың, олардың үрім-бұтақтарының тәуелсіздік таңы жаңа атқаннан кейін, өз Отандарына қайта оралғандарын айтады» деген анықтама берген. Оралмандардың намысына тиіп, оралман сөзінен ат тонын ала қашатыны да сондықтан. Жоғарыда айтқанымыздай, заңдағы анықтама мен қарапайым халықтың санасындағы анықтама екі басқа екені осыдан-ақ көрініп тұр. Мақала авторы қарапайым халық емес философия ғылымының докторы екенін ескерсек, заңда берілген анықтама ешкімнің санасында жоқ екенін байқаймыз.

Шын мәнінде, бүгінгі Қазақстанға көшіп келушілердің барлығы нәубет жылдарында шетел асып кеткендердің ұрпағы емес екені тарихтан хабардар әрбір қазаққа белгілі.

Қазақтың байырғы даласы, өзінің ата қонысында отырып-ақ қытайдың, орыстың отаршылдық саясаты салдарынан шетелдік болып қалған қазақтардың ұрпағы қаншама. Мәселен бір кездері Қазақстанның астанасы болған Орынбор бүгін Ресей қаласы. Сол кездері өз елінің астанасында туып өскен немесе қызмет істеп тұрған азаматтар «Орынбор Ресей еліне қарап кеткен екен», деп қаланы тастап қашу мүмкін емес еді. Сондықтан олардың ұрпағын «Сен қашқынның ұрпағысың» деп қалай айтпақпыз.



Ал Қытай Халық Республикасында Шыңжаң Ұйғыр автономиялық аймағында тұратын 1,5 миллион қазақтың ата-бабасы бір кездері Жоңғар басқыншылары тартып алған ата-мекендеріне (1758 жылдары) қайта мекендеген керейлер. Алтай тауының арғы беті сан ғасырлық қазақ мекені. 1864 жыл екі империя Ресей мен Қытай шекара бөліскенде Өр Алтай Қытайдың жері болып қалды. Ал Моңғолиядағы қазақтар осы Алтай өңіріндегі керейлерден бір бел асып, Моңғол Алтай тауына 1864 жылдардан бастап мекендеген ата-бабалардың ұрпағы. Түркия арқылы батыс Еуропаның көптеген елдеріне тарап кеткен қазақтар да 1935-1949 жылдар аралығында Қытайдағы аумалы-төкпелі заманда Қазақстаннан емес Қытайдан қашып бас сауғалағандар [63]. Сондықтан Нұргелді Уәлиұлының оралмандар жөніндегі бұл анықтамасы шындыққа жанаспайды.

Дәл осы мақалаға қарсы дау айтпаса да өз жерінде отырып озбыр, отаршыл саясат салдарынан шетелдік болып қалғандар жайлы шындықты дұрыс жағынан алып көрсеткен материалдар да баспасөз беттерінде аз да болса жарияланды. Ғылыми еңбектерде де жазылды.

Бұл ретте қазақтардың шет елдердегі диаспорасының тарихын екіге бөліп қарауға тура келеді. Олардың бір жартысы - қазақтың байырғы ата - мекенде отырып, үлкен державалардың отаршылдық саясаты салдарынан шетелдік болып қалғандар. Басқаша айтқанда қазақтың өзге елдер отарлап алған бөлігінде, Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі шекарасына қанаттас өлкелерде өмір сүріп жатқандар. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ә.Н. Нысанбаев былай деп жазады: «Бүгінде Қазақстаннан тыс жерлерде өмір сүріп отырған 5 миллиондай қазақтардың жартысынан көбі өз мекенінде өмір сүріп отыр. Бұл - қазақ диаспорасын жан-жақты зерттеудің еске аларлық ерекшелігі. Қытай Халық Республикасында ұлттық үш облыс пен екі округті, Моңғолиядағы бір ұлттық аймақты, сондай-ақ, ТМД елдеріндегі, атап айтсақ, Өзбекстан, Ресейдегі қазақтардың негізгі бір бөлігін бұрыннан өз атамекенінде отырған қандас бауырластарымыз құрайды» [11, 65 б.], - деп жазды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы бірінші орынбасары Талғат Мамашов өзінің «Алыстағы ағайын» [72] атты еңбегінде: «...Ресей, Өзбекстан қазақтары негізінен өздерінің ата-бабаларының ежелгі қонысында отыр. ХІХ-ХХ ғасырлардағы әртүрлі шекара бөлісінің нәтижесінде атажұрттан сырт қалып қойған. Қытайдағы қазақтар туралы да осыны айтуға болады».

Ал, мерзімдік баспасөздер бұл мәселеге қатысты ғылыми тұжырымдама жасамаса да адамдардың пікір ұсыныстарымен санасып, көптеген мақалалар жариялады.

«Қазақ оралмандарының өркениеттік мәселелері» атты мақаласында С.Е. Нұрмұратов «Әлемнің кез-келген елінде оралмандар, яғни репатрианттар мәселесі әртүрлі деңгейде орын алғаны белгілі. Өйткені кейбір елдерде өз халқы ата-бабасының қонысынан алыстап кеткен жоқ. Тарихи себептерге байланысты шетелдік болып қалды» деп жазады [30, 2 б.].

«Отан тарихы» журналынан 2005 жылы № 3 санында Г. Ниязханқызы: «Қазақстандағы көші-қон процестері және оралмандар» [29, 150 б] атты

мақаласында: «Қазақ өз алдына ел болып, шаңырақ көтерген соңғы бес ғасырда алты мәрте жат жерге үдере көшуді бастан кешірген екен. Олар: 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды», 1750 жылы «Керей көшкен», 1916 жылғы «Дүрбелең кезеңдегі көш», 1931-1933 жылдарғы нәубет, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін. Әрине бұл әлем кеңістігінде ел болып қалыптасу кезеңдегі қазақ халқына тағдырдың салған ауыртпалығынан туған көш еді. Сонымен қатар 1864 жылғы Ресей мен ҚХР арасындағы бекітілген шекара бөлісінде Қазақстанның шығыс аудандарында тұратын қандастарымыз өз еркісіз Қытайға қарап кетті. Сондай-ақ, 1960 жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі бірнеше аудан кеңістік саясаттың құрбаны болып, өз еркінен тыс Өзбекстан жағында қалып қойды,»- деп қазақтардың бір бөлігінің (ең мол бөлігінің) қуғын-сүргіннің кезінде әлде кімдер айтқандай Отанын сатып емес, саясат салдарынан өз жерінде отырып-ақ шетелдік болып қалғаны анықтай түседі. Міне, бұл мақалалар Нұркелді Уәлиұлының пікіріне қарсы «оралман» терминін жоққа шығармаса да, оралмандардың барлығын ел басына күн туған заманда қара басының қамын ойлап, Отанын сатып, шетелге қашып кеткен сатқындардың ұрпағы деп қарау қате түсінік екенін оқырмандар назарына жеткізе білді деуге болады [34, 132 б.]. Бірақ, халық санасындағы «оралмандар» мәз-баяғы қалпында қиыншылық заманда қара басының қамын ойлап, Отанын сатып, шетелге қашқандардың ұрпағы деген жиіркенішті ұғым күйінде қалды. Сондықтан да оралмандардың өздерінің де бұл атауға көңілі толмады, анығырақ айтсақ мүлдем қарсы болды.

Оралмандардың бұл атауға қарсы болуына негізгі себеп қарапайым халықтың оралмандарды отанын сатқан қашқындардың ұрпағы ретінде түсінуі деуге болады. Екінші жағы қазақ басылымдарында осындай идеялы материалдар аз да болса жарияланды. Нақты айтқанда жергілікті халық ішінде шеттен келіп жатқан ағайындарды нарықтың экономикалық өтпелі кезеңінде мемлекет өз халқының тіршілігін түзете алмай жатқан шақта елге масыл болды деп есептейтіндердің (ауыртпалық түсірді), идеясын кей басылымдар дәріптеген материалдар жариялады. Тіпті қандастарымызды беттен қағып, кеудеден итеруге, жергілікті халықты оралмандарға қарсы қойып арандатуды көздейтін бірен-саран материалдардың ішінде «Қазақстан» телеарнасының «Көктөбедегі кездесу» бағдарламасынан 2005 жылы (дәл айы күні есте қалмапты) берілген Қоғам қайраткері Өмірзақ Сарсенов деген халыққа танымал азаматтың, Қазақстан Республикасы теле-радио корпорациясына орынбасары белгілі ақын Жүрсін Ермановпен сұхбаты кезіндегі «Оралмандарға беріліп жатқан үй баспана немесе квоталық жәрдемақылық көмектер Қазақстан халқының табан ет, маңдай терімен құралған дәулет. Біз кешегі ел басына күн туған заманда шет елдерге қашып кеткендерді ұрпағына не үшін өз жалақымызды бөліп береміз» деген пікіріне де бірде бір басылым арқылы наразылық танытқан жоқ. Ал, осындай кереғар пікір туғызатын, шетелдерден келген ағайындарды сыртқа теуіп шеттету мақсатын ұстанған мақала біздің нысанамыздағы қазақ баспасөздері ішінде «Алтын Орда» газетінде жарияланды Журналист Бақытгүл Бабаштың «Қияндағы қандастардың оралуы

люмпенизация әкеле ме?» [73] деген мақаласында «Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан мемлекет көмегіне арқа сүйеіп және соны міндетсініп отырғандарға деген халықтың көңіл күйін түсінгің де келеді: Басына әлдеқандай күн туа қалғанда атамекенін алмастырып кеткендер енді келіп несіне міндетсінеді» деп шетелдерден келіп жатқан қандастарымыздың бәрі 1931-1937 жылдардағы нәубет кезінде шекара асып, қашып кеткендердің ұрпағы деген түсінікпен жазуы журналистің тарихтан хабары жоқтығын көрсетеді. Автор ойын сабақтай түсіп, «демографияны реттейміз деп жер жүзіндегі қазақтарды Қазақстанға тоғытқанда ертеңгі күні кедей тұрмысы төмен өмір сүруге бейімі жоқ «әскерді» өз қолымызбен жасап алмаймыз ба?» деп орынсыз, дәлелсіз пікірін одан әрі сабақтай түседі. Бұл пікірдің «Халықтың көші-қоны туралы» заңындағы «оралман» атауына теріс анықтап бергені сияқты тарихты түсінбеушілік екендігінде дау жоқ.

Жалпы қазақ диаспорасының көпшілік бөлігі өзінің ата жұртында отырып-ақ шетелдік болып қалған. Бұлар демографтар тілімен айтсақ диаспора өкілдері емес, ирридиенттер. Міне, осындай нақты шындықты, нақты тарихты тарихшыларымыз өзі түбегейлі түрде зерттеп оқулықтарға енгізу мәселесі жолға қойылмағандықтан журналистеріміз шалыс басып, шетте жүрген қазақтардың бәрін басына қиыншылық түскен кезде отанын сатып қашып кеткендердің ұрпағы ретінде бағалауы қисынға келмейді.

Қазақ көшіне қарсы болғандардың бірінші тобы оларды ел басына күн туған заманда қара басының қамын ойлап қашып кеткендер ретінде бағалап, оралмандарға қамқорлық жасаудың қажеті жоқтығын алға тартса, екінші бір тобы шетелдегі қазақтардың біршамасы байырғы қазақ жерінде отыр. Біз оларды көшіріп алмай жер территориясымен қосып алуға тиіспіз деген идея танытады. (Ресейдегі Астрахан, Курган, Саратов, Омбы, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы, ҚХР-ның Алтай, Іле, Тарбағатай өңірі тағы да басқа сол сияқты). Бір ғана мысал келтірсек «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Нұржігіт Ақышевтің «Қазақ өз жерінен неге көшеді» [74] деген мақаласында И. Калашниковтың «Қатыгез ғасыр» атты атақты романында қазақ халқының найман, керей, меркіт сияқты рулары XIII ғасырда қазіргі Моңғолия территориясында өмір сүрген нақты оқиғалар арқылы дәлелдеген» дей келе Моңғолия Қазақтың жері, ондағы қазақтарды өз жерінен көшуі дұрыс емес деген пікір айтылып, керісінше ол жер де біздің ата қонысымыз, біздің территориямыз болуға тиіс деген ишара білдіреді.

Бұл әрине, жеке адамның пікірі. Әлемдік түрлі одақтастық, қауымдастықтың бүгінгі ахуалында мәселені бұлай шешу мүмкін емес екендігі белгілі. «Қалың елім-қазағым» деп ата жұртқа қоныс аударған ағайындарымызға жасалып жатқан мемлекет саясат аясындағы қамқорлық, қолдау көмекке байланысты теріс көзқарасты, теріс пиғылды, түсінбеушілікті дәріптеп, ушықтырған, қандастарымыздың көңілін жаралаған материалдардың санының тым аздығы көңіл қуантады. Бұл жағынан еліміздегі баспасөз ақпарат құралдарының, кей елдердегі демократияны желеу етіп түймедейді түйедей етіп

көрсетіп, шу көтеріп, жаңалық туғызуға бара бермейтінінің, баспасөз еркіндігін дұрыс жағынан түсінетінінің куәсі деп бағалауға тұрады.

Өмір Есқалидың «Солтүстікке көш керуен сап түзеді» [75] атты көлемді сыни-проблемалық материалда: «Оралмандар құрылтайында Кәмәрия Хаслан деген азаматтың бір ауыз сөзі санамызда жаңғырып қалыпты «Құдайақы, оралмандар деп айтпаңыздаршы! Келіміз деп кемсіткендей, құлаққа түрпідей тиеді, жүрекке шаншудай қадалады. Бірге туған бауырмыз ғой, - деп ағынан жарылып, қиыла өтінгені бар», - деп жазды. Міне оралман атауының тонының теріс айналып мүлдем басқа ұғым - келіміз дәрежесінде қалыптасқанын осыдан байқау қиын емес. Тіпті «Көш» гезетінде Абай Мауқара. «Мен «оралман» атауымен келіспеймін, өйткені Махамбеттің өлеңдерінде «ман» деген жұрнақ болымсыз етіс мағынасында қолданылады. Айталық, «барман», «келмен» деген етістіктер «бармаймын, келмеймін», - дегенді білдіреді. Сол сияқты оралман атауы да оралмаймын деген мағына беріп тұрғандай. Әрине зат есім тұрғысында «оқырман, көрермен» деген сияқты атау тұлғасында тұрғаны шындық. Бірақ адамдардың бәрі былай қабылдай бермейді ғой. Меніңше «оралғандар» деп атаса мағынасы айқын болар еді», - деп жазады [76].

Оралман атауы баспасөз беттеріндегі бірер мақала арқылы ғана талқыланып, әңгіме өзегіне айналып жүрген мәселе емес. Бұл мәселе Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да құлағына жеткен. Көңіліне ұнамаған. 2008 жылы қазақ тілді газеттердің бас редакторларымен кездесуінде бір ұлтты жергілікті және оралман деп екіге бөлудің қажеті жоқ деп өз көзқарасын білдірген болатын. Бұған халық бұқара тіпті қарапайым халықта және бұқара да үн қосқан болатын.

Сондай-ақ бұл тақырыпта 2009 жылы мамыр айында Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл институтында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі көші-қон комитетінің төрағасы Хабылсаят Әбішовтың қатысумен «Оралмандар мәселесі» атты дөңгелек үстел әңгімесі өтті. Бұл дөңгелек үстел әңгімесіне қатысқан белгілі ғалым, тілші Нұргелді Уали, Балқожа Жанұзақов, Оқаш Жақысбек және ҚХР-ның халық жазушысы Серік Қапшықпай, Жұмаділ Маман ДЖҚ қауымдастығының бөлім бастығы Ботагөз Уатқан сияқты осы саладағы білгір адамдардың пікірлерін «Оралман – шет елден келген қазақтардың атауы емес» деген тақырыпта жариялады .

Отырысты басқарған көші-қон комитетінің төрағасы Хабылсаят Әбішов «оралман» сөзі туралы түсініктеме беріп «оралман» - репатриант деген сөздің аудармасы, ол шетелден келген қазақтың атауы емес, Отанға оралып жатқан бауырластарымызға мемлекеттік көмек көрсету үшін жасалған құқықтық, мәртебелік категория. Ал оны «отандас», «қандас», «бауырлас» сөздерімен алмастыру, меніңше, көңілге қонымсыз, өйткені Қазақстаннан көшіп кеткен немесе бізбен отандас, «қандас» десең шетелдіктер шошуы мүмкін. Жалпы оралман деген сөз шетелден келген бауырларымызға азаматтық алғанға дейін қолданылатын атау», - деді

Қытайдың халық жазушысы, ақын Жұмаділ Маман бұл атауға қарсы екенін айта келе бұл күнде «оралман» деген сөздің артында мемлекет қамқорлығы

жатқанын оралмандардың көбі білмейтін, керісінше олардың көңілінде кезінде кетіп қалып, кейін қайта оралған дейтін кейбір адамдардың таяз пікірі көңілге көлеңке түсіретінін айтты. Ал, дүние жүзі қазақтары қауымдастығының бөлім бастығы Ботагөз Уатқан «оралман» атауын «этникалық қазақ» деген атаумен алмастырсақ деген пікір ұсынады:

«Оралмандар» атауына қарсы дау айтатындардың жанын жегідей жеген мәселе жоғарыда Жұмаділ Маман айтқандай шетелден келген ағайындардың барлығын жергілікті халықтың дені 1931-1937 жылдар аралығындағы аштық, не жаппай қуғын-сүргін нәубет кезінде қашып кеткен қазақтардың ұрпағы деп түсінуге байланысты.

Ал қазіргі ҚХР территориясы Шыңжаң өлкесі (жергілікті халық атауымен Өр Алтай) қазақтың байырғы мекені Төр Алтайдың (ШҚО Катонқарағай ауданы) жалғасы екені жөнінде сонау 1964 жылы Қытайда басылған тарихта Қытайдың өзі мойындайтынын журналист Бодаухан Тоқанұлы «Менің ата-бабам қуғын-сүргіннен қашқан жоқ. Сонда мен оралманмын ба, кіммін?» деген мақаласында айқын көрсеткен.

Бүгінде Қытай мен Моңғолияда өмір сүріп жатқан қазақтардың тағдыры тіптен басқаша. Найман, керейлердің 1370 жылдарға дейінгі Шағатай дәуіріндегі, одан кейінгі Әмір Темір заманындағы ата-қонысы өр Алтай, жалпы қазіргі Шыңжаң өңірі болды. Бұл өлке үшін қазақ пен жоңғар арасындағы қырқыс, атыс-шабыс екі ғасырға жалғасты, 1700 жылдардың ортасында жоңғарлар қазақтар мен қытайлардан жеңіліп, қырылғаны қырылып, қалғаны босап кетті де, өр Алтай бос қалды. Сөйтіп, Абылай хан Цин патшалығымен дипломатиялық келісімге келіп, Алтай тауының шығысы мен оңтүстік беткейін ресми түрде қазақ хандығына қаратқаны жайлы қазақ тарихшыларынан бұрын қытай тарихшыларының өздері жазып кеткен (Цин патшасы «Гаузуун патшалығының орда естелігі», 793-том. 20-бет, Тайпей, 1964).

Тек отаршылдардың озбыр саясаты салдарынан 1868 жылы Ресей мен Қытай шекара бөліскенде бұрын ешкім бөліп-жармаған, біріне жайлап, біріне қыстап келген қазақтың біртұтас даласы өр Алтай (ҚХР) мен төр Алтай (Шығыс Қазақстан) шекара сызығының екі жағында қалып қойды. Міне, сол күннен бастап өр Алтайдағы ағайындар шетелдіктер, нақтылап айтсақ, қытайлықтар болып есептелінді [77].

Әйткенмен, Қазақстанда өмір сүріп жатқан бүгінгі ұрпақ бұл тарихтан бейхабар. Жалпы Қытай қазақтары, нақтырақ айтсақ Шығыс Түркістан тарихы жайлы тарихи материалдар қазақ баспасөзі бетінде тым аз жарияланды. Бұл ретте «Егемен Қазақстан», «Қазақ елі» газеттерінде жазушы, тарихшы ғалым Тұрсынхан Зәкеннің топтама мақалаларын жариялаған болатын. Өзге ауыз толтырып айтатындай көлемді материалдарды газет беттерінен кезіктіре алмадық.

Әрине, Қытайда, басқа да елдерде нәубет кезінде бас сауғалап, қашып барған қандастарымыздың ұрпақтары да өмір сүретіні шындық. Бірақ, оларға да қандай, қалай кінә артпақпыз? Олар сол кездегі солақай саясаттың құрығына бай-мансапсың, пиғылың теріс деген желеумен мықтап іліккен жазықсыз

жандар болды. Егер де бас сауғаламағанда өзі ғана емес, ұрпақтары тып-типыл болып құрып кететін еді. Жалпы қазақ халқы ондай тұрлаусыз болса, Ұлы Отан соғысы кезінде де біразы қашып кетпеспе еді. Сондықтан нәубет кезінде шекара асқандардың жазығы ұрпақтарын қырғыннан аман сақтап қалғандығында болмаса керек. Бүгінгі оралман ретінде қарашаңыраққа келіп, еліміз тәуелсіздігін нығайтуға үлес қосып жатқандардың біршамасы-сондай заман тәлкегіне ұшырап, құрып кетуден өзін емес, бүкіл әулетін құтқарып қалған аталарымыздың үрім-бұтағы. Сондықтан оларға құрмет, мейірбандық сезім тіптен бөлек болуға тиіс. 1940 жылдардың аяғында Қытайдағы қырғыннан қашып Үндістан, Пәкістанға өткен қазақтарға түбіміз бір туыспыз деп түрік ағайындардың қамқорлық жасап, бір қиырдан көшіріп алғанын кейбіреулер біле ме екен? Оның қасында шетелдегі қазақтар біздің нағыз бауыр етіміз емес пе? Әрі оралмандарға жасалған қамқорлық ғана емес, еліміздің егемендігін баянды ету жолындағы ұлттық саясат екенін түсінуіміз керек.

Оралман, диаспора мәселесіне қатысты дау-дамай туғызып жүрген екі ұшты пікір жөніндегі қорытындыны қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, соның ішінде ұлт мәселесі, қазақ ұлтының бүгінгі жай-күйі, болашағы жөнінде үнемі сөз қозғап, келелі мәселе көтеріп жүрген білікті ғалым, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Амангелді Айталының «Алтын орда» газетіне жарияланған сұхбатындағы ойларымен түйіндейік [78]. «Мен әуелі мынаны айтайын. Жат мемлекеттерде бес миллиондай қазақ бар дейміз. Осылардың бәрін диаспора деуге бола ма? Ғылыми анықтама бойынша шет елдерде түрліше жағдаймен өмір сүріп жатқан ұлттар тобының бәрін диаспора дей алмаймыз. Диаспора дегеніміз - ұлттың тегін білетін, - ұлттық сана-сезімі терең, сол ұлттың өкілімін деп, оның тілін, мәдениетін, тарихын білуге ұмтылатын, өзінің тарихи Отанымен тығыз байланыс жасап, түбінде өзім болмасам да ұрпағымды атамекеніне жеткізсем деп, атажұртына оң көзімен қарап, екінші көзімен өзі мекен етіп отырған елге қарап, яғни екі жақтың да мүддесін үйлестіріп жүретін топ. Осы тұрғыдан келгенде шет елдерде тұратын ағайындардың бәрін диаспора деуге болмайды».

Алайда, қазақ баспасөзінің шетелдегі қандастарымызды атажұртқа шақыру тұрғысындағы басты ұстанымы мемлекет саясатын дәріптеу болды. Көпшілік басылым Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел ойын, кеменгер идеясын мемлекеттік, үкіметтік мекемелердің түрлі деңгейдегі шешім қаулы-қарарларын, нұсқауларын, халықтың пікір ұсыныстарын үздіксіз насихаттады.

Бұл зерттеуде ел көлеміндегі сан түрлі газет-журнал, радио–теледидар бағдарламалары мен эфирдегі шығарылымдарды түгендеу мүмкін болмағандықтан, зерттеу нысаны ретінде еліміздегі беделге ие, көп тиражбен тарайтын әрі осы мәселеге барынша мүдделі ұлтымыздың өз елінде басымдыққа ие болуына, ұлттық идеологияның қалыптасуына күштерін салып, шырылдап жүрген басылымдар: «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ елі», «Ана тілі», «Жас Алаш», «Заң», «Айқын» сияқты орталықтан қазақ тіліндегі басылымдарды және облыстық газеттерден шетелдерде қандастарымыздың ауқымды тобы тұратын ҚХР-ның ШҰАР-мен тікелей шекаралас облыс

болғандықтан мұнда қоныс аударушы оралмандар саны жағынан алдыңғы қатардағы облыстардың бірі Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің осы тақырыптағы жарияланған материалдарына талдау жасадық. Осы мақсатпен аталмыш газеттерге жалпы шолу жасалып белгілі бір жылдағы материалдар толық сараланып, оның жанрына, тақырыбына зерттеу жасалды.

Тарихи Отанына ат басын тіреген қандастарымыз қақында, әсіресе ДЖҚ-ның әр жылғы құрылтайларының шешімдерін қазақ баспасөздері тұрақты насихаттады. Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайы қарсаңында «Жас алаш» газетінде жарияланған Жарқын Жаншуақовда «Қытайдағы қазақтардың маңдайы жарқырап келсе» [79] атты мақаласы нақты өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғап, құрылтай осы мәселені шешсе, құрылтайға Қытай қазақтары да қатысса деген ой-пікірін ортаға салады. Мақалада дүниежүзі қауымдастығының атқарып отырған шаруасындағы бірізділікті нақты деректермен сынайды. Қытай қазақтары әдебиетінің ірі тұлғалары Қажықұмар Шабданның, дүниеден өткен атақты ақын Омарғазы Айтанұлының, Ғалым Қанапияұлының таңдамалы шығармаларын басудың орнына, «мен сондай едім» -деп келгендердің түкке тұрмайтын шығармаларын басатынын, Қазақстанға Қытайдан туыстарын шақыру жолындағы кедергілердің түйінін шешуге ат салыспайтынын сынға алады. Сондай-ақ, шетелдерден келген небір мықты азаматтардың мамандығы бойынша қызметке орналаса алмай жүргендігінде ДЖҚ-ның шаруасы жоқтығын айтады. Мақала нақты деректермен құнды. Мәселен, сол елеп ескерусіз жүрген білімді де білікті азаматтардың біразының атын атап, түсін түстеп нақты дәлел келтіреді:

«Жапонияда оқып, химия ғылымдарынан докторлық қорғаған Уәтхан Сейтұлы, Қазақстанға келіп, кеше ғана тарих ғылымынан докторлық қорғаған Нәбижан Мұқаметханұлы, Қытайдағы айтыстың 42 рет бас жүлдесін жеңіп алған Америкадан «Әлемнің әйгілі адамы» атағын иеленген Қайрат Құлмұхамедұлы, Америкада Гарвард университетін оқып, 10 жыл ғылыми жұмыс жасаған Жігер Жәнабілұлы, Қытайда қазақша оқып, Алматыға келіп химия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін даярлаған жұмысын орыс тілінде қорғаған Райс Әріпжанұлы, дүниені дүр сілкіндіріп, қазақ операсының жұлдызына айналған Майра Мұхамедқызы, Бельгияда 12 жыл жұмыс істеп отанына оралған Марат Уәтханұлы, сауданың көзін тауып, Қазақстандағы алпауыт компаниялармен үзеңгі қағыстыра бастаған Жеңіс Түркияұлы сияқты әр саланың мамандарын қауымдастықтың іс-шараларынан көрген жоқ», - деп жазады «Егемен Қазақстан» газеті, ал құрылтай басталған күні еліміздегі барлық қазақ баспасөзі: «Бұл – құрылтай қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде қадам басқанының белгісі». - деген тұжырым жасаған мақалалар жарияланды. Елбасы, ДЖҚ Қауымдастығының төрағасы, Н.Назарбаевтың баяндамасын және дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайына қатысушыларға жолдаған үндеуін «Сапар сәтті болсын!» деген тақырыппен жариялады [80].

Сондай-ақ, барлық газеттер құрылтайға қатысқан лауазым иелері мен қандастарымыз ортасындағы беделді өкілдермен сұхбат өткізіп, құрылтай

жұмысына деген көзқарастарын, қорытынды бағаларын ортаға салды. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газеті қоғам қайраткері Халифа Алтаймен, Түркиядан «Шығыс Түркістан» қоғамының төрағасы Абдулверн Жанмен, «Қазақ әдебиеті» газеті Еуропа қазақтарының орталығының төрағасы Дәлелхан Жаналтай, АҚШ-тағы қазақтар өкілі Ермұхан Қосжігіт, ДЖҚ-ның Моңғолиядағы бөлімшесінің төрағасы Миземхан Күнтуғанның сөйлеген сөздері басылуы. Барлық газеттер құрылтай барысын паш ететін фотосуреттермен безендірді. «Егемен Қазақстан» газеті тілшілері Жанкөбек Әлімханұлы, Бақтияр Тайжан «Отан ортақ деп келді барша қазақ» деген атпен құрылтай барысын толық жеткізген репортаж, «Фото күнделігі» деген атпен суреттер топтамасын берді [81].

Құрылтай туралы материалдардан оқырмандардың ең көп іздейтіні алда көші қон мәселесі қалай өрістейді, Қазақстан қазақ ұлтының еліміздегі үлес салмағын арттыра алама, осы мәселелер төңірегінде қандай шешім қабылданды, бағыт-бағдар айқындалма деген мәселелер екені сөзсіз.

Бұған нақты жауап бере білген басылымдардың бірі «Қазақ Әдебиеті» газеті болды. «Қазақ Әдебиеті» газетінде Думан Рамазанның [82] мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Алдағы уақытта көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайта беруді жоспарлап отырмыз. 2003 жылы квота бойынша 5 мың отбасы келетін болса, 2004 жылы ол 10 мыңға, 2005 жылы 15 мыңға жетеді. Демек, жылына атамекенге мемлекет көмегімен 50-60 мың оралман келеді деген сөз. Ал енді бұл квотаның үстіне өз жағдайларымен «елге көшіп келемін дегендерді құшақ жая қарсы аламыз» деген сөзі, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құлмұхамедтің «Отандарыңыз осы. Алтай мен Атырауды орап жатқан ұлы далаға он Ұлыбритания, бес Франция сиятын мемлекеттеріңіз осы. Бұрынғыдай күмілжімей, бүгежектемей, бұпантайламай «Қазақстан деген елімнің-қазақ деген халқымын» деп, кеуделеріңізді тіктеп көтеріп жүріңіздер» деген әр қазақ мақтан тұтар сөздерін мақала ішінде даралап, көрнекті етіп бере білді.

Қорытындылай келсек көші-қон туралы заңның қабылдануы мен жетілдірілуінде қазақ баспасөзінің рөлі маңызды болды. Заңдарды қабылдауда, өзгерістер енгізуде, жобалар жасауда қазақ баспасөзі беттерінде талқылаудан өтіп, ұсыныстар айтылып терең мән берілді.

Сондай-ақ көші-қон оралмандар мәселесіне өз беттерінен кең көлемде орын берген негізгі басылымдар өз-өз ерекшеліктерін де таныта білді. Мәселен «Егемен Қазақстан» газеті республикалық бас газет тұрғысында оралмандар мәселесіне қатысты заң, қаулы-қарарлармен оларды жүзеге асыруға бағытталған құқықтық нормативтік актілер мен ережелерге тұрақты орын беріп отырды. Сондай-ақ көлемдік, шығарылымдық (аптасына алты рет) санына байланысты оралмандар мәселесін кең көлемде насихаттай білді. Аталмыш газет көптеген көлемді сұхбаттар, проблемалық мақалалар жариялады. Парламент мәжілістері, Үкімет отырыстары, министрліктер мен ведомствалардағы осы тақырыптағы алқалы жиындардан хабарлар, репортаждар үзбей беріп тұрды.



Ал, осы тақырыпқа сүбелі үлес қосқан «Түркістан» газеті оралмандардың экономикалық-әлеуметтік мәселелерін көтеруге айрықша үлес қосты деуге болады. Республикамыздың түкпір-түкпіріне көшіп келген оралмандардың өмір тіршілігімен етене танысып, олардың тұрмысындағы орын алып отырған келеңсіздіктердің бетін ашудың сыртында, көптеген проблемалық мақалалар жариялай білді. Мәселен осы басылымның тілшісі Есенгүл Кәпқызының 2000 - 2007 жыл аралығында оралмандар мәселесіне қатысты жазған публистикалары «Сөздің шыны» деп аталатын 370 беттік кітапқа арқау болғанын айтсақ та жеткілікті.

Қазақтың тарихын, ұлттық мәселелерін ту етіп ұстанған «Қазақ елі» газеті болса оралмандардың рухани мәселелеріне ерекше баса назар аударды. Осы саладағы өзекті мәселелердің түйінін тарқатуға, алыстан келген ағайындарымыздың өнер, мәдениетін дәріптеуге арналған материалдар газет бетінен түспеді. Олардың ортасындағы тарихшы ғалымдар, өнер-мәдениет майталмандары өмірінен сан ондаған очерклер жазды, көлемді сұхбаттар жариялады. Тек көшіп келген оралмандар ғана емес шетелдегі қазақ диаспорасындағы мәдени мұраларымызды, рухани қазынамызды түгендеуді басты тақырыпқа айналдырды. «Қазақ диаспорасының қайраткерлері» атты айдармен шетте жүрген қандастарымыз арасындағы рухы биік тұлғаларды күллі Қазақстанға насихаттап таныта білді.

Бұл тақырыптар оралмандар мәселесін насихаттаумен дербес айналысатын «Көш» газетінде де елеулі орын алды. «Көш» газеті сонымен қатар шеттен келген қандастарымыздың өміріне қатысты барлық мәселеніні бірін де қалдырмай жазумен ерекшеленді. Оралмандардың құқықтық сауатын ашуға арналған айдарлар ашып, заңға, қаулы қарарларға қатысты түсінік беріп отырды. Оралман оқырмандармен етене байланыста болды. Олардың жазған мақалаларын арнайы айдармен үздіксіз жариялап тұрды. Оралмандардың өздерінің тұрмыс тіршілігіне байланысты түйткілді мәселелер бойынша редакцияға жолдаған хаттарына мамандар арқылы жауап беріп отырды. Жалпы оралмандарға қатысты мәселелерді кешенді түрде насихаттады.

Оралмандар өміріне өз бетінен кең көлемде орын берген газеттердің бірі – «Ана тілі» газеті. Бұл басылым оралмандардың халқымыздың рухани байлығын тасытуға қосып жатқан үлесіне тілдік қырынан келді. Әсіресе орыс тілін білмеуден болып қызметке орналаса алмай жүрген оралмандар туралы материалдар жариялады.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Алтын бесік» журналы өзінің басты бағыты ретінде шетелдегі қазақ диаспорасына Қазақстанның бүгінгі өркениеттегі қарышты қадамын, халықаралық аренадағы беделін, қазақ ұлтының рухани байлығын қалпына келтіру жолындағы атқарылып жатқан шаруаларды насихаттауды басты бағыт етіп ұстанды.

Ал, Шығыс қазақстан облыстық «Дидар» газетіне жасалған талдау сараптамалар негізінде облыстық қазақ басылымдарына баға берсек, бұл газеттердің оралмандар өміріне қатысты материалдарының негізгі арқауы осы облыс, аудан басшылары тарапынан осы өлкеге ат басын тіреген

қандастарымыздың арасында ұйымдастырылып жатқан шаруаларды насихаттау екендігін аңғарамыз. Сондай-ақ, осындағы оралман ағайындардың еліміздің экономикасын дамытуға қосып жатқан үлестерін, нарықтық қатынасты игерудегі үлгі-өнегелерін көпшілікке таныту негізі бағыттары болды. Алайда, жергілікті басылымдар басшылыққа тәуелді болғандықтан (қаржыландыру тұрғысында) басшылық тарапынан кетіп жатқан кемістіктер, немқұрайлылықтар жайлы сын материал аз жазатынын аңғаруға болады.

## **2.2 Оралмандарға қатысты құқықтық ережелер және құқықтық-нормативтік құжаттарды жетілдірудегі баспасөздің рөлі**

Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңының бекітілуі осы арқылы оралмандарға құқықтық тұрғыда теңдік беріліп, олардың мүдделерін қорғаудың мүмкіндіктері кепілдендірілді. Қандас бауырларға деген жанашырлық, ұлттық мүддені ту еткен халықаралық, республикалық масштабтағы ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылып, әртүрлі деңгейдегі бас қосулар, пікірлесулер жиі өткізілді. Сол бас қосу, пікірлесулердегі айтылған сын (әсіресе оралмандардың құқықтық мәртебесін жетілдіруге байланысты) көтерілген проблемалар бұдан кейінгі кезеңде мемлекеттен, үкіметтен қабылданған түрлі шешімдер мен заңнамалық актілерде көрініс тапты.

Бірақ көші-қон, оралмандар мәселесін кешенді түрде шешуге, реттеуге бұл заң мен оны жүзеге асыруға арналған заңнамалық құжаттар, тәртіп, ережелерде де түйіткілді тұстар көп болды.

Мысалы, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 204-1 Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 4-ші бабында «Басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына заңды негіздерде 6 айдан астам тұрақты қоныс аударушы адамдар осы заңның 11-бабын да көзделгендерден басқа жағдайларда көшіп келушілер мәртебесін алады. Көшіп келушілерге репатриантар (оралмандар) реэмигранттар, қоныс аударушылар, босқындар мәртебесі беріледі және саяси баспана беруі мүмкін». деп көрсетілген. Оралмандардың заңды құқықтарының ең бастысы Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқығы. Ал, заңда бұл құқық қарастырылмаған десе де болады. Оралмандардың құқығын жүзеге асыратын түрлі ережелерде де қандастарымыз оралмандар мәртебесіне ие болғаннан қанша уақыттан кейін Қазақстан азаматтығын алынатыны да ашып көрсетілмеген.

Сондықтан да оралмандардың құқықтары ең алдымен осы мәселе тұрғысында көп бұзылады. 1992-2002 жылдар аралығында шетелден келген қандастарымыз бірнеше жыл бойы тіпті 6-дан 10 жылға дейін азаматтықтарын ала алмай сандалды. Азаматтық ала алмағандықтан олардың жұмысқа орналасу, зейнетақы алу мүмкіндіктері де шектеулі болды. Өйткені ол кезде Қазақстан Республикасы азаматы деген жеке куәлігі жоқ адам әлеуметтік жеке бас куәлігін де ала алмайтын. Әлеуметтік жеке бас куәлігі жоқ адам зейнетақы ала алмайды, қызметке де орналаса алмайды. Сондықтан оралмандар

құқығының қорғалуына қатысты қазақ баспасөздерінің барлығы да бұл мәселені жарыса жазды. Бірақ соншалықты нәтижеге жете алған жоқ. Баспасөзде көтерілген сын-пікірге басшылық органдар көңіл аудармады.

Жалпы, демократиялық қоғам орнығып, баспасөз еркіндік алған тұста Кеңестік дәуірдегі мемлекеттік басшылық органдардың заң орындарының баспа бетіндегі сын бойынша шара қолдану үрдісі көп жағдайда бұрынғы мәнін жойды. Дегенмен, нақты өмірде дәл кеңестік дәуірдегідей болмаса да баспасөз беттеріндегі сын, ескертпелер, ұсыныстар түрлі органдардың, соның ішінде әкімшіліктің назарына жетті десе де болады.

Қолданыстағы заңда оралмандардың Қазақстан азаматтығын алудағы, басқа да мәселелердегі кемшіліктері заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге түрткі болды. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңы бекітілгеннен кейін Үкімет қаулысымен оралмандардың Қазақстан азаматтығын 6 айға сыйғызып беру ережесі белгіленді. Бірақ бұл ереже тек 2004 жылдың екінші жартысында ғана іске аса бастады [83].

Оралмандарға қатысты өзекті мәселелерді үзбей жазатын баспасөз құралдарының да назарына іліккен тағы бір мәселе: Парламенттің «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі болды. Осы мәселелерге байланысты Е Кәпқызы «Түркістан», «Қазақ елі», «Көш» газеттерінде түрлі мақалалар жазып, мәселелерді көтерді. «Түркістан» газетін де Парламентте Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы мәселе қаралуына байланысты «Оралмандар жеңілдік сұрайды» деген тақырыпта мақала жарияланған. Автор өз мақаласында «Жоба тарихи Отаны ретінде Қазақстанға тұрақты тұруға келетін этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасы азаматтығын алу талаптарын оңайлату мақсатында әзірленген. Заң жобасы бойынша тарихи Отанына оралған қандастарымыз шетел азаматтығынан бас тарту туралы жазбаша өтініш арқылы Қазақстан азаматтығына ие бола алады, әрі оның республика аумағында тұрақты тұру мерзімі заңмен белгілеудің қажеті жоқ. Бұл дегеніміз-оралмандар үшін көп жеңілдік. Өйткені, бұрын Қазақстан аумағында тұрақты тіркелуге келген мемлекеттің азаматтығынан шығаруға қыруар уақыт кететін болса, жоғарыдағы заң қабылданған күнде қандастарымыз аталған белестерден өтуге мәжбүр болмайды. Бүгінге дейін тарихи Отанына оралушылардың тең жартысынан астамы Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алмай отырғандар. Ол қандастарымыздың азаматтық алу процесінде кездесетін түрлі кедергілермен байланысты. Соның бірі Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы өтініш білдірген күннен бастап ел Президентінің алдынан өткен күнге дейін бір немесе бір жарым жыл кететіндігі. Әлеуметтік мәдени даму жөніндегі комитет бұл мерзімді алты айдан асырмау туралы жоба енгізілген. Ұсыныс мәжіліс тарапынан қабылданбады. Себебі, олар өтінішті ішкі істер және сыртқы істер министрлігінде қаралатындықтан, оның бір жақты етуіне алты айдан артық уақыт керек екендігімен түсіндіреді. Депутат Амангелді Айталы “Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы заңның 16- бабына тарихи Отаны

ретінде Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін оралмандарға мемлекетінің шекарасына өткен күннен бастап республика азаматтығын алу мүмкіндігін жасау туралы ұсыныс енгізілгенімен, ол қаралып отырған заң жобасын өзгертеді деген желеумен қабылданбай қалды.

Бұрын Қазақстан аумағында тұрақты бес жыл тұрып келген шетелдіктерге азаматтық алу құқығы берілетін болса, бұл жоба бойынша үш жылға қысқартылмақ. Соңғы 50-ден астам түзетулер мен толықтырулар енгізіліп парламент сенатының қабылдауына жіберіледі. Ел Президенті қабылдайды деген сенімдеміз», - деп жазды [84].

Қазақ баспасөз беттеріндегі оралмандарға қатысты жарияланған осындай мейлі қолдау көмек, мейлі проблемалық мәселе болмасын осы заңдар мен құқықтық нормативтік актілердің, ережелердің орындалудың негізгі арқауы, түп қазығы болып отырды. Баспасөздегі сын, ескертпе, ұсыныстар түрлі заңнамалық актілерді, қаулы қаралды қабылдау кезінде үнемі болмаса да ескерілетіні, баспасөздің ықпалын көрсетеді. Тіпті «Халықтың көші-қоны туралы» заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар баспасөз құралдарының дабылынан соң іске асты десек де болады. Осылайша оралмандар құқығын қорғайтын басты заң «Халықтың көші-қон туралы» заңына 1997 жылдағы қабылданған заңға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жетілдіріле түсті.

Ең соңғы өзгертулер мен толықтыру 2009 жылдың 12 сәуірінде енгізіліп, 2010 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енді. Бұл жолғы өзгертулер мен толықтырулар осы заң алғаш қабылданған 1997 жылдан бергі 12 жыл ішінде заңның жетімсіз тұстарына байланысты пікір ұсыныстары мен баспасөз көтерген сындар негізінде көптеген түзетулер енгізілген, біршама жетілдірілген нұсқа болғаны белгілі.

Алайда күні бүгінге дейін заң неше рет жаңаланып, өзгертулер мен толықтырулар енгізілсе де бірінші тарауда айтылғандай «Халықтың көші-қоны туралы» заңындағы «оралман» атауының тұжырымдама анықтамасына байланысты дау-дамай шешімін таппай келеді.

Оралман ұғымының заңдағы анықтамасының екі-үшті болуы олардың мәртебесін толық айқындауға қауқарсыздық танытты. Осыдан болып заң актілердегі оралман ұғымы мен баспасөздегі оралман ұғымының арасында айырмашылық, алшақтық пайда болды.

Қазақстан Республикасында көші-қон туралы заң, құқықтық норматив ережелері бекітілгенге дейін мемлекеттік, өкіметтік ресми құжаттарда да, баспасөз беттерінде де «оралман» деген ұғым, атау қалыптасқан жоқ. «Отандастар», «шетелдегі қандастар», «ағайындар», шетелдердегі қазақ диаспорасынан байырғы отанына оралушылар сияқты тіркестер арқылы беріліп келді. Тіпті репатрианттар деген мағынасы жақын халықаралық термин де қолданды. Бірақ бұл атау-оралман сөзінің тура баламасы бола алмады, тек жақын синонимі ғана. Әрине шетелден келген қандастарымызды жеке әлеуметтік топ ретінде қарап, түрлі шаралар белгілеу үшін топқа қысқа да нұсқа

атау беру қажеттілігі мемлекеттік іс қағаздар, құжаттар үшін де нормативтік актілер үшін де, тіпті баспасөз үшін де қажеттіліктен туындағаны да белгілі.

Осы қажеттілік тұрғысында қалыптасқан «оралман» атауы өмірге келді. Ресми түрде де, баспасөзде де, халық арасында да толық қалыптасты. Тіпті Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері де оралман сөзін ешбір аудармасыз түсінетін, термин ретінде қалыптасты десек те болады.

Бірақ оралман атауы шетелден келген қандастарымыздың өзіне ұнай бермейтіні даудың негізгі себебіне айналды. Жалпы оралман ұғымына берілген түсінік, анықтама бір ізге түспегендіктен заңды анықтама мен халықтың санасындағы анықтама жер мен көктей алшақ болды. Бұл кезде жалпы қоғамда шетелдегі қазақ диаспорасы түгелдей жоғарыда аталғандай қуғын-сүргінге ұшырап жат-жұртқа кеткен қандастарымыздың ұрпағы деген түсінік болғаны да бүкпесіз шындық еді. Ол кезде келген оралмандар ата-бабаларының репрессияға ұшырағаны туралы анықтама қағаз тапсыратын болғаны соның айғағы.

Алайда 2002 жылы (ҚР 2002.03.27.№ 313) «Халықтың көші-қоны» туралы заңына өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, онда оралман атауы заңдағы «репатриант» терминімен қосарланбай дербес қолданылады, әрі жаңа түсінік, анықтама беріледі. Ол анықтама:

«Оралмандар» Қазақстан Республикасы егемендігін алған кезде, оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар», - деген анықтама берілген [85].

Жалпы оралман сөзінің анықтамасы Заң, қағаз жүзінде өзгерсе де, халық санасында өзгермей қалып қалды.

Сөйтіп, баспасөз беттеріндегі мақалалар мен халықтың арасындағы қалыптасқан түсінік бойынша оралмандар дегеніміз - Қазақстандағы 1931 жылғы аштық пен 1937-1938 жылғы қуғын-сүргін нәубеті кезінде шет елдерге бас сауғалаған (тіпті қара басының қамын ойлап, Отанын сатқан қашқындар, сатқындар) ретінде қалыптасқан.

Бұл Қазақстан халқының отаршылдық, құлдық идеясы дәуірлеген, кеңестік заманда, Қазақстан мектептерінде қазақ тарихының оқытылмауынан болған сауатсыздық деуге толық негіз бар. Қазір жоғары білімді зиялыларымыздың өзі (тарихпен шұғылданатын қызықтайтын топты қоспағанда) «Мен шетелден келген оралман десейіз, «сонда сіздердің ата-бабаларыңыз 1931-1937 жылдардағы аштықта, нәубетте қашып кеткен бе?» деп сұрайды [76, 5 б.].

Сөйтіп «оралман» сөзі заңда өз орнын таппаған дұрыс қолданылмаған атау болғандықтан оралмандардың наразылығын туғызды, әрі заңның солқылдақ болуының негізі осы көзқарас, осы анықтамада жатыр десек те болады. Сөйте тұра бұл ұғымды дұрыстауға мұрындық болып, мәселе көтеріп отырған қазақ газеттері ғана десе артық айтқандық емес. Газеттерде, телеарналарда ұйымдастырылған бірер талқылауды есепке алмағанда бұл мәселені көші-қон комитеті де, Парламент те қолға алып заңға толыққанды өзгеріс енгізе алмай келеді.

Сондай-ақ, «Халықтың «көші-қоны туралы» Заңына әлденеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілсе де, әлі де шешімін таппаған мәселелердің көптігі заңды бұдан да жетілдіре түсу қажет екендігін көрсетеді. Оралмандар тірлігіне қатысты заң бойынша шешімін таппаған басты-басты кемшіліктер ретінде баспасөз материалдарын талдау қортындысы негізінде төмендегі жайларды атауға болады:

-Жаңадан көшіп келген оралмандарды жаңа ортаға бейімдейтін әр облыста бейімдеу орталығын құру. (Қазір қағаз жүзінде көпшілік облыстарда бейімдеу орталықтары бар, бірақ аты болғанымен заты жоқтығы баспасөзде жиі айтылып жүр.)

-Оралмандарға баспана сатып алу үшін берілетін көмек ақшаның мөлшерін кемінде ауылдық жердегі сатылатын үйлердің орташа бағасына жеткізу,

-Ата-бабасы әр жылғы нәубеттен болып шетелге қашқандардың оралман ұрпағы екені дәлелденсе, нәубет құрбанының ұрпағы мәртебесін беріп, төлемақы төлеу немесе түрлі жеңілдіктер жасау,

-Халқымыздың өнер-мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосқан оралмандарға дербес зейнетақы тағайындау,

-Оралман отбасы балаларының жоғарғы оқу орындарына түсуіне жеңілдік жасау, квота санын молайту,

-Оралмандарға берілетін квоталық көмек мөлшерін еліміздің жылдық бюджетінің бір пайызы көлемінде белгілеу туралы баспасөз арқылы жиі көтеріліп жүрген ұсынысты жүзеге асыру.

-Сондай-ақ оралмандарды тіркеуге отырғызу мәселесі былай қарағанда, мәселе емес сияқты көрінгенімен шын мәнінде олар осыдан бастап көп қиындық көреді.

Тіркеу мәселесі шешімін таппағандықтан, алдында бұрын көшіп келген ағайын-туысы, танысы жоқ оралмандар қайда тіркелерін білмей сандалуда, тіпті әлдекімдердің үй кітапшасына ақша төлеп уақытша тіркелуге мәжбүр (Тұрақты тіркеуі жоқ оралман квоталық көмегін ала алмайды.) Тіркеудің машақаты қалалы жерде тіптен қиын. Пәтер үйде тұратындар түрлі төлемдерді жан басына шағып есептейтіндіктен үй кітапшаларына басы артық адам тіркетпейді. Заңдағы шешімін таппаған осы мәселе қалалы жерлерде қазақ ұлтының сыбағалы салмағын арттыру тұрғысындағы ұлттық саясатқа да, бөгет болуда. (Әсіресе Өскемен сияқты басқа ұлт өкілдері басымдыққа ие қалалар үшін). Әрі қалалы жерде жұмыс көп табылатындықтан, жұмыссыз жүрген оралмандар қалаға орналасқысы келетіндігі де заңда ескерілуі қажет еді. Тіпті қалалы жерде тұруына бөгет болып отырған тұрақты тіркелу тәртібі оралмандардың азаматтық құқығын шектеу болып табылмақ.

«Халықтың көші-қоны туралы» заңында және оралмандарға қатысты басқа да заңдар мен нормативтік құжаттарда жетілдіруді қажет ететін біршама кемістіктер болғанымен жалпы сипаты бойынша бүгінгі таңда бұл құқықтық актілер өзіндік миссиясын орындап келеді», -деген қорытынды жасауға негіз бар. Атап айтқанда «Халықтың көші-қоны туралы» заңы басқа да, оралмандар мүддесіне қатысты заңдар мен нормативтік құжаттар аясында оралмандардың

құқы біршама жолға қойылды. Заң негізінде елімізден тыс тұрып жатқан ұлты Отанымызға оралуға және Қазақстан азаматтығын, қабылдауға жоғары деңгейдегі құқықтық база қалыптасты. Мәселен, Қазақстан Республикасының, “Азаматтық туралы” заңы бойынша оралмандарға азаматтықтан шығу талап етілмей, Қазақстан азаматтығын қабылдауға мүмкіндік жасаған.

Салыстырмалы түрде Ресей федерациясы, Беларусь және Қырғыз Республикаларының азаматтары халықаралық келісімге сәйкес Қазақстан азаматтығын 3 айға дейін мерзімде, ал басқа ТМД елдері және шетелдердегі оралмандар Қазақстан азаматтығын 6 айға дейін алу мүмкіндігіне қол жеткізуі көп жылғы айқай-шу болған күрделі мәселенің заң бойынша толық шешімін табуы деп бағалауға болады.

Мемлекет оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелеріне осы заңның 29-2 және 29-3 баптарында көзделген жеңілдіктермен, өтемақылармен, жәрдемақыларымен және атаулы көмектің басқа да түрлері халып отыр осы заңның 29-4 бабында көрсетілген құқықтарды қоспағанда, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан Республикасы азаматтығын алғандығына қарамастан, оралман мәртебесін үш жыл бойы сақталатын болуы, олардың көптеген жеңілдіктерді Қазақстан азаматтығын қабылдаған соң да, ала беруіне жол ашып, құқықтық шектеуді жойған шара деуге болады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы» заңына, оны орындауға бағытталған ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 68 Қаулысымен бекітілген 2005–2007 жылдардағы халықтың жұмыспен қамту туралы Бағдарламасында мемлекет халықтың, арнаулы тобына кіретін адамдарды жұмысқа ораналастыру арнайы қарастырылған. Бұл оралмандарға да, қатысты болуы оларға заң бойынша жасалып отырған үлкен қамқорлық деп түсінуге болады. Қазіргі таңда бұл іс шаралар «2008-2010 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Үкіметінің 2007 жылғы қарашадағы № 114 Қаулысымен, халықты жұмыспен қамту іс шаралары. Жоспары аясында атқарылып келеді. Сондай-ақ оралмандар кәсіби даярлық біліктілігін көтеру және қайта даярлау бағыты бойынша басым құқыққа ие болуда [86].

Сол сияқты барлық жерде, бірдей жүзеге аспай отырса да «Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің» 49 бабына сәйкес оралмандарға, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағаннан кейін меншігіне өтетін жеке өзіндік шаруашылық, саяжай құрылысына, бағбандық және ауылшаруашылық тауар өндірісі үшін жер телімін бөлу қарастырылуы, жеке меншігіне өтетін тұрғылықты жері бойынша жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімі берілетін болуы оралмандардың ең өзекті мәселесін шешті деуге болады.

Жалпы бұрын алыстан келген ағайындар шама-шарқына қарай көбінесе ескі үйлер сатып алып келсе, қазіргі таңда жер телімін береуге байланысты өз күштерімен баспана салып алуға көше бастады.

Қазақстанда шетелдерде өмір сүріп жатқан этикалық қазақтардың тарихи Отанына келуіне және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына уақыттық жеңілдіктер жасалудың сыртында, азаматтыққа

қабылданғаны туралы шешімді күтпей-ақ жұмысқа орналасуына мүмкіндік туғызу мақсатында, 2009 жылдың 30 мамырында ел Үкіметінің № 524 Қаулысына сәйкес оралмандар куәлігі әлеуметтік жеке код тағайындауға негіз болатын құжаттар қатарына жатқызылды. Сөйтіп, оралмандар жұмысқа тұруда, әлеуметтік көмек алуда, зейнетақысын рәсімдеуде Қазақстан Республикасының азаматтығын алу жұмыстарын күтпейтін болады.

Мұның барлығы түптеп келгенде, олардың жұмысқа орналасуында, атаулы әлеуметтік көмек алуына кедергі болатын белгілі бір қиындықтарды болдырмауға бағытталған шаралар деуге болады. Жалпы сипатта Қазақстан Үкіметі үшін де, шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері үшін де өзекті мәселелердің бірі оралмандардың құқықтық мәртебелерін толық айқындап, реттеу, бір жүйеге келтіру болмақ. Бұл тұрғыда ҚР Министрлер Кеңесі 1991 жылы 18 қарашада қабылданған «Азаматтық құжаттандыру туралы» қаулысы және ҚР Жоғары Кеңесінің 1992 жылғы 26 маусымында қабылданған «Көші-қон туралы» заңы көші-қон мәселесін толық шешпесе де кезінде оралмандарды қабылдап алудағы басты құжаттар ретінде мәселені реттеуде үлкен рөл атқарды [87]. Аталған заң шет елде тұратын қазақтардың тарихи Отанына емін-еркін оралуына мүмкіндік берді. Ол қазақ баспасөзінде кеңінен насихатталды.

Шетелде тұратын қандастарымыздың тарихи Отанына оралуына ҚР-ның Президентінің жарлығымен 1996 жылы қабылданған «Шетелдегі ағайындарға қолдау көрсету туралы мемлекеттік бағдарлама» және 1997 жылы қабылданған «2000 жылға дейінгі көші-қон саясатының негізгі бағыттары» сияқты пәрменді құжаттар, арты-артынан өмірге келді. Бұл құжаттар шетелдегі қандастарымыздың Қазақстанға көшіп келуіне және көшіп келгеннен әлеуметтік-экономикалық жағынан қорғалуына, қоғамдық өмірге еркін араласып, өз орнын тауып кетуіне құқықтық негіз болды.

Еліміз тәуелсіздігінің экономикалық тұрғыда дамуының бір тетігіне айналған көші-қон үрдісінің алға жылжуына құқықтық жаңа мүмкіндіктер туғызды.


Алайда дәл осы қарсаңында ел көлемінде етек алған нарықтық экономиканың өтпелі кезеңіндегі дағдарыс, қиыншылықтар сол құқықтық мүмкіндіктерді пайдаланып шетелдегі қандастарымыздың ағыла көшуіне мүмкіндік бермеді. Қандастарымыздың көшіп келуі осы тұста біршама тежелді.

Нақты деректерге жүгінсек алыс және жақын шет елдерден көшіп келуші ағайындардың саны 1996 жылы 1991 жылмен салыстырғанда төрт есе, 1993 жылмен салыстырғанда екі есе қысқарған. 1991-1992 Моңғолиядан 1100 отбасы көшіп келген болса, 1995-1996 жылдары құлдырап 200 отбасына да толмай қалды. Басқа елдерден келуші қандастарымыздың саны да күрт кеміді. Тіпті «Кері көш» деген атауға ие болған бұрынғы келгендердің елдеріне кері көшу процесі Моңғолиядан келгендердің арасында көп болғаны белгілі (кейбір деректерде 1000 отбасы 10 мыңдай адам деп жүр). Мұндай үрдіс Қарақалпақстаннан, Ресейден, (әсіресе Таулы Алтай Республикасының Қош-Ағаш районынан) келушілер арасында да болды. Ал Түркия және басқа елдерден Қазақстанға тұрақты мекендеуге қоныс шалып келген аздаған



ағайындар ат тізгінін тежеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл жылдары көші-қон мәселесі тығырыққа тірелді деуге болады. (Тек 2002 жылдан бастап қайта өрлей бастады).

**Диаграмма 2. 1993-2004 жылдар аралығында оралмандардың көшіп келу көрсеткіші**



Бірақ, бұл тоқыраудың негізін түгелдей дерлік «Көші-қон туралы» Заң, қаулылардың әлсіздігімен, жеткіліксіздігімен түсіндіруден аулақпыз. Кері көштің, тоқыраудың басты себебі, елдегі экономикалық қиыншылыққа соның ішінде қазақ көшін қабылдаушы негізгі нысаны болып есептелінетін ауыл өмірі, ауыл шаруашылығының дағдарысқа қалалы өндірісті өңірлерге қарағанда артық ұшырауынан болғанын аңғару қиын емес. Жергілікті тұрғындардың өзі байырғы мекендерін тастап ауылдан қалаға көшіп жатқанда оралмандардың осы ортаға орнығуы мүмкін емес еді. Дегенмен белгілі дәрежеде көшіп кетушілердің орнын басып, жаңадан көшіп келіп жатушылар да болды. Мұның сыртында тұрғылықты халыққа мүмкіндік жасай алмай дал болған жергілікті билік басындағылар көші-қонға қамқорлық жасау шараларын жүзеге асырудың тізгінін босатып алды. Өйткені «Халықтың көші-қоны туралы» 1992 жылы алғашқы Заң оралмандардың мүддесін қорғауға, қажеттілігін толық шешуге қауқарсыз болды. Заңда оралмандар мәселесін шешуге байланысты, барлық қажеттіліктер қамтылмады, басқа заң актілерімен қарама қайшылықтары көп болды [88].

Республикамыздағы қазақ тілді басылымдар осы тұста еліміздің қоғам өміріндегі күрделі проблема ретінде оралмандардың тұрмыс тіршілігіне байланысты өзекті мәселелерді жарыса жазды. Бұл материалдарды сараптай отырып, көптеген газет материалдарында оралмандар тұрмысына қатысты

кемшіліктер заңның орындалмауымен немесе заңның осалдығымен, тіпті, бұл мәселенің заңда қарастырылмағанымен түсіндіргенін байқауға болады. Нақты деректерге сүйенсек «Оралмандар орнықпай отыр» атты мақалада «Халықтың көші-қоны туралы» заңның 29 бабы, 3-тармағында оралмандарға жеке тұрғын үй құрылысына арнап жер телімдерін, субсидиялар беру, өндірістерді инвестициялау немесе жеке тұрғын үй салу кезінде бір жылғы қаржы көмегін көрсету, преференциялар беру жолымен бөлу тәртібі нақты белгіленбеген. Сондықтан оралмандар осы саладағы көмектерге қол жеткізе алмай, зәру болып отыр. Егер бұл талаптар орындалса оралмандардың тұрмыс тіршілігі (барлығында болмаса да біразында) біз ойлағаннан әлде қайда артық болар еді», деп жазады.

Өмір Есқалидың «Солтүстік көш керуен сап түзеді» [75, 3б.] мақаласында осы өңірге келген оралмандарға көрсетіліп жатқан қамқорлықтың көңілден шықпайтындығын сынайды. Мұнда кейбір жергілікті басшылардың оралмандардың мұқтаждығына жүрдім-бардым қарап отырғаны сыни материалдың өзегі деуге болады. Өйткені жергілікті басшылық оралмандарды баспанамен қамтамасыз етуге салғырттық танытып отырғанын нақты мысалдармен келтірген. Бұл мақаладан кемшіліктердің түп-тамыры үкіметтік қаулы-қарар шешімдерінде жатқанын аңғарасыз. Үкімет келген оралмандарды баспанамен қамсыздандыру жөнінде шешім қабылдағанымен кей аудандарда сатып алатын үй жоқ, 2009 жылы оралмандарға үй сатып беру облыстық көші-қон департаменті құзырында болса, 2003 жылы бұл құқық тікелей облыс әкімдіктеріне берілгендіктен мәселеге жауапты қызметкерлер оралмандардың жай-күйін толық түсінбеуі, басқаны қойғанда, әкімдіктегі осы іске жауапты қызметкерлердің қазақ тілін білмеуінің өзі кедергі келтіретін көрінеді. (Ал көші-қон департаментіндегі қызметкерлер түгелдей қазақ болып келеді). Тіпті 2001 жылы оралмандарға үй сатып алып беруді тендерлік тәртіппен өткізген.

Бұл тәртіптің өміршең еместігіне көз жеткізген соң үкімет келесі жылы тендрсіз жолмен департамент өзі таңдап, сатып алып беру тәртібіне көшкен. Ал үшінші жылы бұл билікті департамент емес әкімшілікке бергені тағы қиындыққа тіреген. Міне, осыдан бастап жапа шеккен, сергелдеңге түскен оралмандардың обалы мемлекеттік сатып алу заңындағы кемшіліктерге байланысты болғанымен, мәселенің түйінінде жергілікті жер кінәлі болып қала берген.

Оралмандарды баспанамен қамсыздандыру жайлы «Ана тілі» газетінің 2001 жылы 6 қыркүйектегі 36 санында жарияланған Дағжан Белдеубайдың «Оралмандарға үй сатып беру ережесі бекітілді» [54, 8 б.], -атты мақаласында ереженің «Тұрғын үй алаңы ең төменгі баға негізінде айқындалған тұрғын үй» деген жарымжан, әрі жаңылтпаш сөйлемнің астарында ең арзан үйлерді сатып әперу, қаржыны үнемдеу мақсаты тұр. Сонда оралмандар ең жаман үйде тұруы керек пе, сол сияқты «орман үй сатып әперу процесте бақылаушы ретінде жіберілуі мүмкін» деген бап оралмандардың бірін қатыстырса, бірін қатыстырмай-ақ нашар үйді сатып беруге құқылы деген астар жатыр деп жазады. Ал осы газеттің 2003 жылы 22 мамыр күнгі сонында жарияланған сын

мақаласында Дағжан Белдеубай тағы да оралмандардың баспанасыз жүргенін сынайды.

Жалпы оралмандарға баспана сатып алып беруге арналған ереже дұрыс жолға қойылмаған. Көптеген газеттерде жазылған қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сыни материалдарында баспана мәселесіне байланысты дау-дамай өзек болған. Әрі бұл сындардың орынды екеніне 2004 жылдан бастап тәртіп өзгеріп, ендігі жерде оралмандарға үй емес квоталық жәрдем ақшалай берілетін болғаны дәлел. Әрі мемлекет оралмандарға тұрғын үй салуына қолғабыс жасау мақсатында қаржының әртүрлі көздерін қарастыра бастады. Бұл біршама оң ықпал етті.

Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан Республикасының «Көші-қон туралы» алғашқы заңындағы солқылдақтықтарға, осалдылықтарға жетімсіздіктерге, басқа заңдармен карама-қайшылыққа және елдегі экономикалық дағдарыстық жағдайға байланысты оралмандардың саны 1994 – 1996 жылдары кеміп кеткенімен, 1997-1998 жылдары біртіндеп қайта толығы бастағаны белгілі.

Бұл біріншіден, Қазақстан экономикасында өрлеу пайда бола бастағандығы болса, екіншіден «Халықтың көші-қон туралы» жаңа Заңы өмірге келіп, мемлекеттік көші-қон агенттігі құрылып, нақты іс-шараларды қолға алумен байланысты болды.

Сондай-ақ бұл жылдары мемлекеттік көші-қон агенттігі көші-қон төңірегінде жинақталып қалған біршама мәселені шешті, көші-қонға бөлінген қаржының көлемі артты, оралмандарды малмен қамтамасыз ету мәселесі де біртіндеп өз шешімін таба бастады. Сондықтан бұл кездегі көптеген кемшіліктер заңға ғана емес, Қазақстан Республикасының сол кездегі экономикалық потенциалына да байланысты екенін ескеруіміз керек.

Осындай қиыншылықтарға карамай, тіпті көптеген күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді кейінге ысырып қойып, ҚР жоқтан бар етіп, көші-қон мәселесін біртіндеп шешіп келеді. Бірақ, еліміздің экономикалық-әлеуметтік, басқа да салалардағы мүмкіндігіне байланысты ұзақ жылдарға созылуға тиісті қазақтардың байырғы Отанына толық жиналу процесі өзінің әр этапында жаңа мәселелер туындата беретіні сөзсіз. Соған сай заң-заңнамалық ережелерде жетіліп кемелдене бермек.

Осы заңдылық бойынша 1997 жылы халықтың көші-қон мәселесін заңдастыратын өзгертулер мен толықтырулар енгізген «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының екінші заңы өмірге келгеніне бірінші тарауда егжей-тегжейлі тоқталдық. Бұл заңды да әлемдік және Қазақстан өмірінің талаптарына толық сай келеді деп айту мүмкін емес. Тіпті кемшіліктер шаш-етектен деуге болады.

Жалпы заң қатып қалған қағида емес болғандықтан, заман қоғам талаптарына сай өзгеріп отыратын, толықтырулар енгізуге тура келетін құжат екені белгілі жай. Дегенмен нақты жасалған мұқият заңдар көп уақытқа дейін осы саладағы мәселені толықтай шешуге қауқарлы болатыны да шындық. Міне осы талаптарды 1997 жылғы жаңа заң толық шеше алмағандықтан еліміздің

қазақ басылымдарында оралмандар мәселесіне қатысты кемшіліктерді нақты дәлелді сынаған, мәселе көтерген біршама материал жарық көрді.

«Егемен Қазақстан» газеті 2005 жылғы 28 қыркүйек санында тарих ғылымының докторы Задырхан Қинаятұлының мақаласын жариялады. Мақалада: «Заңның 29-бабында оралмандарға 13-14 түрлі жеңілдіктер, өтемақы мен басқа атаулы көмек көрсету белгіленген. Бірақ, «оралман» деген заңының тұлғасы, мәртебесі, құқы қандай, міндеті не? [89], Бұл тұрғыда аталмыш заңда жалпы анықтамадан өзге құқықтық өзекті талдау жоқ. Қазақстан Республикасының «Азаматтық заңы», «Жер туралы» Заңы, ережелері тек Қазақстан азаматтарына арналған және «Халықтың көші-қоны туралы» заңның 29-бабында көрсетілген мәселелер аталған өзге заңдарда басқаша белгіленген. Бұл бойынша бір заңмен басқа бір заңның ережелерін бұзуға болмайды. Заң қабылданды, бірақ жан беретін тетіктер қолға алынбады. Оны орындауға арналған ережелер бекітілмеді. Мысалы: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі оралмандарды еңбекке жұмылдыру туралы бапты, Қаржы министрлігі 24-баптың 9-тармағында көрсетілген негіздерді, туризм, білім және денсаулық сақтау министрлігі 2-тармақта көрсетілген негіздерді орындау ережелерін белгіленуі тиіс болатын. Оның барлығы да қолға алынбады. Осылайша заң орындалмай жатып-ақ, енді міне қайтадан өзгеріс енгізу мәселесі көтеріле бастады. «Заңның өзгерістерге ұшырауға тиісті тұстары бар, бірақ өзгерту үшін әуелі практикалық апробация (өмір талқысынан өту) жасап көруі қажет еді», - деп жазды.

Заңның осалдығына байланысты осы мақалада 1995-2000 жыл аралығында 12800 адам Моңғолия азаматтығынан шыққанымен оның 4000-ға жуығы ғана Қазақстан азаматтығын қабылдаған. Басқасы қайда? - деген заңды сұрақ туады. Мұның өзі оралмандарды қаншама құжат жинатып, өздерінше барлық дүниені заңды түрде бекемдеп жатқан сияқты көрінгенмен, шын мәнінде заңның "тесік" тұстары көп екендігін аңғартса керек. Бұлай дейтін себебіміз, келген оралмандардың толықтай Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдамауы.

Бұл кемшілік бірнеше негіздерге тікелей байланысты:

1. Заңда азаматтықты қабылдау туралы нақты уақыт көрсетілмеген. Көп адам осы жылдарда азаматтық ала алмай, алды он жылға дейін қаңғып жүргені, осыдан барып, қызметке орналаса алмай, түрлі жеңілдік жәрдем-ақы ала алмай жүргенін жоғарыда айтқанбыз.

2. Олардың біршамасы өздерінің атажұртқа толық сіңіп келе алатынына сенімсіздікпен қарап, азаматтық алуды кейінге қалдырып, бой тасалап немесе уақытша тұратын «ықтияр хат» атты куәлікпен жүр.

3. Заңда келген оралмандарды Қазақстан Республикасының азаматтығын алмай тұрып қайта кетуіне мүмкіндік бермеу үшін құжаттарын ауыстырып, Қазақстан Республикасының Президентіне заңды түрде өтініш білдіріп, Елбасы өтінішті қабылдаған соң жедел азаматтық алатындай етіп көрсетілген бап жоқ болғандықтан азаматтық алмай әліптің аяғын бағып, жағдайы келмесе қайта келіп қалу үрдісі қалыптасқан.

4. Шетелден келген қандастарымызға оралман куәлігін сол елдің азаматтығынан шыққаны туралы анықтама негізінде беру заңда қарастырылмаған.

Сондықтан заңға осындай тұстарды болдырмайтындай тетіктерді қарастырған өзгерістер енгізу қажет болатын. Бұл «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңда көрсетілуге тиіс.

Осы заңды талқылау барысында Парламент Мәжілісінің депутаты Амангелді Айталы келген оралмандарды сандалтпай, тура Қазақстан шекарасын асқан кезінде Қазақстан азаматтығына қабылданғанын растайтын құжат беруді заңға енгізу туралы ұсыныс жасағанына жоғарыда тоқталдық. Әрине, Амангелді Айталының ұсынысындағыдай шетелдегі қандастарымызға шекара сызығын аттаған сәтте Қазақстан Республикасының азаматтығын беріп, төлқұжатын қолға ұстату мүмкін емес екендігі белгілі. Бұл бір жағынан әлемді лаңкестік жайлаған, қауіп-қатерге толы заманда содыр-сотқарлардың «қой терісін жамылған қасқырдай» оралман атын жамылып елімізге кіріп кетпесіне ешкім де кепілдік бере алмаса, екінші жағы көптеген мемлекетпен шекараласатын кең байтақ территориялы, жол қатынасының түрлі саласы дамыған, келімді-кетімді жолаушы көп, ұлттық құрамы сан қилы елде тек лаңкестік ғана емес, басқа да келеңсіз жағдайлар болуы әбден мүмкін. Қалай дегенмен де 1992-1997 жылдары қабылданған екі рет көші-қон туралы заңда да оралмандарды Қазақстан азаматтығына қабылдау әуре сарсаңы көп дүние болғанын байқаймыз [32, 4.].

Бірақ, бұл мәселе соңғы жылдарда құзырлы органдардың арнайы қаулы қарарлары арқылы шешімін тауып оралмандардың 6 айға сыйғызып азаматтық алуы ұлттық басылымдардағы ұзақ жылғы «айғайының» нәтижесі екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Оралмандар өміріне қатысты екінші бір кемшілік квотаға байланысты құйтырқы саясатын сынаған материалдарды жоғарыдағы кең таралған басылымдармен шектелмей басқа да газеттерге көптеп жарияланғанын аңғарамыз. «Азия транзит» газетінің 2005 жылғы №10 санында ЕҰУ-нің Қуандық Шамақаев Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайы қарсаңында шетелдегі қандастарымыздың ата жұртына оралуына мүмкіндік жасау, келген соң көмек беру саласындағы келеңсіздіктер жайлы ой тастаған көлемді мақала жариялап, кетіп жатқан кемшіліктерді келесі құрылтайда күн тәртібіне қоюға байланысты мәселе көтерді. Бұл мақалада «Бұрын квотаға енгенде баспана беретін, енді оралмандарға ақша беретін болды. Жыл сайын көші-қон комитетінің облыстық басқармалары құшақ-құшақ құжат қабылдап мұрнынан шаншылады да жатады. Квотаға кімнің енгені, қайда орналасқаны жайлы деректерді соңғы кезде ашық жариялаудан тайсақтайтын болды. Ақша жүрген жерде жариялық болмаса оның арты неге әкеліп соғары айтпаса да түсінікті. Расында жаңадан келген оралман ба немесе аларын алған соң кетіп қалып, екінші рет қайта оралып келіп тұрған пысықай біреу ме дегенді ажырата білетін қарым-қабілеттің көші-қонның обылыстық департаментінде жоқ екендігіне сын айтып, мәселе көтереді. «Басталған көш түзеле қойған жоқ, осыны ашық

мойындауымыз қажет. Оған үкіметтік органдар, қоғамдық ұйымдар, шетелдегі диаспора өкілдері, сонымен қатар атажұртқа келген оралмандар біз өзіміз де кінәліміз. 2002 жылы Түркістан қаласында өткен екінші құрылтайға қатысқан шетелдік мейман қазақтардың дені осыдан он жыл бұрын келген қандастарымыз болғанын көрдік. Баяғы сол сән-салтанат, ырду-дырду айтылып жатқан әңгіме де бір сарынды жаппай қошемет, тамсанып-тебіренген құрғақ лебіз. Өткен құрылтайдан қабылданған шешімнің көбі декларация қалпында қалып қойды. Әрине, ішінара орындалғандары да бар шығар, дегенмен көңіл көншітеріліктей болмағанын жасырудың түк те қажеті жоқ», - дейді [90].

Ал «Көш» газетінде «Квота алатын оралман таппай жатырмыз» деген тақырыптағы көші-қон комитетінің қазіргі төрағасы Қабдылсаят Әбішпен тілші сұхбатында да бүгінгі өзекті мәселе оралмандардың квотасын ала алмай сандалуы, делдалдардың алдау-арбауы, жалған құжат жасап, квотаны бірнеше рет алу немесе шет елде жатып, оралман атын жамылып ақша ұрлайтындардың жолын кесу мәселесі жайлы ой қозғап, көші-қонға байланысты заң, қаулы-қарарлардың орындалмайтыны, «бармақ басты, көз қыстының» көбейіп кеткені айтылады. Бұл сұхбатта тақырыбы айтып тұрғандай, квота алушылардың табылмай жатуының өзі заңды белшесінен басудан болып, оралмандардың құқы бұзылып, қиыншылықтарға тап болуы алдағы келемін деп отырған алыстағы ағайындардың мәселесінде қайтарғанын Қабдылсаят мырза ашық мойындамаса да шындық осыған саяды [91].

Жалпы, көші-қон, оралмандар мәселесіне байланысты баспасөз беттеріне жарияланды, сын материалдар жергілікті жердегі әкімшіліктердің көші-қон агенттігінің (кейіннен комитет) кемістік - келеңсіздіктерінен гөрі көші-қонға байланысты әр жылдардағы үкіметтен шыққан қаулы-қарарлардың шикілігіне байланысты көп жазылғанын аңғаруға болады. Мәселен, шетелдегі ағайындар атажұртына орала бастаған алғашқы 5-6 жылда оралмандардың Қазақстан азаматтығын алу ісі әлденеше жылға созылып, осыдан жұмысқа ораласа алмай, түрлі жәрдемақы, зейнетақысын ала алмай сергелдеңге түсуіне байланысты сындар болса, келесі кезекте атажұртқа ораламын деушілерді жерінен барып көшіріп әкелетін үрдіс өзгерген соң қай елге бөлінген квотаның ақшасы игерілмей қалғаны екінші бір елден келемін деушілер шекараның арғы бетінде қамалғаны баспа беттеріне түспеген.

2004 жылдың соңында Парламент мәжілісінің бір отырысында депутат Уалихан Қалижан осы жылы 250 отбасын Моңғолия жеріне барып көшіріп әкелуге қаржы бөлгенімен, қараша айында небәрі 50 үй ғана көшіріп әкелінді. Қалған қаржы қайда, қандай мақсатқа жұмсалғанына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон департаментінің бастығы Алтыншаш Жағанова ханым жауап берсін деген сауал жолдауы сол тұста көші-қонға бөлінген қаржының мақсатсыз жұмсалғанын дәлелдейді. Осындай қаржы, бюджетті игеру саласындағы ол қылықтардан болып, сол жылы неше жылдай квота кезегінде тұрып, көлік келіп көшіріп алуын сарыла күткен, өз беттерімен шекара асуға тұрмыстық мүмкіндігі жоқ 200 отбасы сол күйі көшіп келе алмай қалды [92].

Қазақ баспасөздер бетіндегі осындай сындардан жалпы, көші-қон мәселесіне қатысты заң және құзырлы органдардың ұйымдастырудағы келеңсіздіктеріне байланысты көші-қон заңы өрескел бұзылып, бөлінген қаржы мақсатсыз жұмсалғанын көреміз.

Баспасөз беттерінде тағы бір жиі көтеріліп жүрген мәселе заңдағы оралмандардың еңбек ету құқығының көкейкестілігі деуге болады. Әрине, Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабының 1-тармағында «Халықтың көші - қоны туралы» заңның 4-бабында азаматтардың еңбек ету құқығы белгіленген. Әрі көшіп келген оралмандардың барлығы күні бүгінге дейін жұмыссыз бос сенделіп жүрген жоқ. Әсіресе оралмандар ішіндегі маманды мұғалімдер, дәрігерлердің баршасы (көбіне ауылдық жерлерде) өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрсе, қалған тобы да қол қусырып қарап отырмай, ата-бабамыздан қалған байырғы кәсіп мал шаруашылығымен айналысып, егін егіп, жерден нәпақасын тауып жүр. Ал заман талабына сай қаржысы, қарым-қабілеті жеткендер орта бизнеспен айналысса, енді бір тобы қанжыға саудамен-ақ өз күндерін көріп отырғаны шындық. Оларды жұмыссыз деп ешкім де атай алмайды. Бірақ шетелден келген талай білікті білімді азаматтарымыз бола тұра, мемлекеттік қызметте жүргендер саны саусақпен санарлық екені шындық. Бұл біржағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңында оралмандардың еңбек ету құқығын қамтамасыз ететін баптардан жоқтығына байланысты болса, екінші жағынан қоғамды жайлаған жемқорлық қол қарына тартып, туыстық-таныстық арқылы қызметке орналасатын жазылмаған заңдарға да байланысты. Оралмандар тірлігіне, құқығына қатысты мұндай келеңсіз жағдайлар қазақ тілді басылымдар жиі жазып келеді. Мұның көпшілік басылымдары жалпылама сынаумен шектелсе, кей басылымның заңның осалдығына байланысты екенін нақты мысалдар арқылы жазуымен ұтымды.

«Көш» газетінің 2005 жылғы 1-наурыздағы санында жарияланған оралмандар тірлігіне қатысты мақалада оралмандардың жұмыссыздық мәселесін «Халықтың көші-қоны туралы» заңында көрсетілгені «жер учаскілерімен» ұзақ мерзімді жеңілдік несие, субсидиялар бөлу арқылы шешуге болар еді. Ондайда оралмандардың, біріншіден, азаматтық мәселесі алға тартылса, екіншіден, көпшілігінің кепілдікке қояр мүліктері жоқ.

Осыған байланысты мемлекеттік көші-қон агенттігі жанынан мемлекеттің тікелей көмегімен «Көпшілік қаржы қорын құру мәселесін ойластырған жөн сияқты», - деп орынды мәселе көтереді. Оралмандарға мұндай жеңілдіктер көрсетуге арналған «Қазақстан Республикасы Министрлер Кәбинетінің Қаулысы 23 қыркүйек 1992 ж. № 791» Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік – экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы қаулы қабылданды [93]. Бірақ осы жеңілдіктерді жүзеге асыратын құзырлы министрліктер мен ведомствалар арнайы ереже бекітпеген. Жалпы, қазақ баспасөзі оралмандар өміріне байланысты тұрақты жазғанымен негізгі кемшілігі істің заңды негіздеріне жүгінбей көп жағдайда олардың бүгінгі таңдағы тұрмыс жағдайына ғана назар аударатын сыңаржақтық, тіпті асыра сілтеушілік, мақтаса тарыдайды

таудай етіп, жамандаса таудайын тарыдай етіп көрсететін үрдіс қалыптасқан деуге болады. Мәселен оралмандар жайлы сөз қозғаса, тек қиындықтарды ғана тілге тиек етеді. «Елім» деп келген қандастарымыздың түгелдей басында баспанасы жоқ, алдында асы жоқ бишара, мүсәпір етіп көрсетеді. Олардың көргендері бейнет, шеккендері зәбір-жапа сияқты. Әрине «жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды», мұндай кемшіліктің бар екені шындық. Ал шындық бола қалды деген күннің өзінде бұған кім кінәлі, мәселе қайда жатыр?-дегенге қорытынды жасамайды. Шын мәнінде мұндай аянышты күйде тіршілік кешіп жатқан қандастарымыз заң білмегендіктен өз құқықтарын қорғай алмаудан осындай күйге түседі. Нәпәқасын ала алмай осындай күйде тұрмыс кешіп жатқанына басшылықта, журналистер қауымы да мән бермейді. Олардың құқықтық сауаты мүлдем сөз болмайды. Әйтсе, оралмандардың құқықтық сауатын ашуға өзінен өзге кімдер мүдделі? Міне, осыған мән беру керек сияқты.

ДЖКҚ-ның төрағасы Сұлтанәлі Балғабаевтың «Оралмандардың орналастырудағы оралымсыздықтар» атты мақаласы осы кемістіктің себебін іздестірумен маңызды [94]. «Бұл сұраққа жауап іздегенде мәселе бұрын өз алдына жеке агенттік болған, қазір еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігінің құрамына кірген көші-қон басқармасына барып тірелді. Бұл басқарманың басты міндеті-атажұртқа қоныс аударған ағайындарды ойдағыдай орналастырып, тиісті жәрдем ақы беру ғана емес, сонымен қатар оларға көші-қон заңын, Қазақстанда тұрудың басқа да ереже-тәртіптерін түсіндіру және олардың орындалуын қадағалау. Өкінішке орай, бұл мәселе ескерілмей келе жатыр. Оралмандар арасында бұл жөнінде әңгіме жүргізілмейді. Соның салдарынан оралмандар өздерінің міндеттері мен құқықтарын толық білмейді. Кейбір ағайындарымыздың ойынша оралман деген мәртебе мәңгі-бақи берілетін құрметті атақ сияқты. Атамекенге осыдан 10 жыл бұрын келгендер, өздерін күні бүгінге дейін оралманбыз деп есептейді. Сәл бірдеңе болса, біз оралман едік деп бөлініп, осыған байланысты үстеме көмек дәмету де жиі кездеседі. Шынына келгенде, Қазақстанның 15 миллион азаматының бірі. Қазақстандағы барлық халықпен мәртебесі де, құқықтары да бірдей»-деп жазды. Бұл оралмандардың құқықтық мәртебесін көтеруге, құзырлы мекемелердің мән бермей отырғанын дәл басып көрсеткенін, баспасөздегі маңызды сын деп қабылдауымыз керек.

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарында оралмандардың жағдай-тірлігі жөнінде мәселе айтарлықтай-ақ айтылып, жазарлықтай-ақ жазылып жатыр десек артық айтқандық емес. Бірақ кеңестік дәуірдегідей сынның артынан түсіп, түзетуді өз қолына алатын коммунистік партияның орнын басатын, сын бойынша жұмыс істейтін құзырлы орган жоқ. Әрине, сын бойынша сол замандағыдай «шаш ал десе, бас алмаса да» әр мекеме өз атына айтылған сынға мән беріп, қорытынды жасап, асыра сілтеген, өтірік айтқан баспасөздің жапқан жаласына тойтарыс беру, өзін қорғау, дұрыс сын болса, кемшілікті жою тұрғысында іс-шара ұйымдастыру керек сияқты. Қазіргі жағдайда мұндай үрдіс қай мекемеде де байқалмайды. Түк болмағандай үнсіз отыра береді. Баспасөз сыны «жартасқа бардым, күнде айғай салдым, одан да шықты жаңғырықтың»



кебін киіп қала берді. «Қолға алынбай келе жатқан тағы бір мәселе, -деп жазады автор, оралмандардың бұрынғы тұрып жатқан елден шығып, атамекенге тұрақты оралып, азаматтық алуына дейінгі бүкіл оралмандардың көші-қоны туралы тәртіп, ережелері толықталып қағазға түспеуі болып табылады. Ең болмаса квота бойыша келгендер мен квотадан тыс келгендердің құқықтарының айырмашылығын нақтылап көрсетуге болды ғой. Әзірше ол жүзеге асырылған жоқ. Көші - қон жөніндегі дау-жанжал, сынаулар көбінесе осыдан туындайды. Мұны реттеу жөнінде ұсыныс жасалса, көші-қон қызметкерлері заң қабылдағанбыз, тұжырымдама жасағанбыз, енді бағдарлама жасауға кірісіп кеттік деген уәж айтады. Әрине, ондай үлкен құжаттардың керек екендігі де даусыз. Бірақ онда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыратын тетіктерді нақтылап бекіту керек емес пе?», - деп жазады. Бұл орынды әрі нақты сын .«Халықтың көші-қоны туралы» заңында оралмандарға тиесілі көмектің онға жуық түрі атап көрсетілген [57, 12 б.]. Міне, осының тек біреуі-оралмандарға жер телімін беру туралы ғана ереже бекітілген. Ал басқа жеңілдіктердің қалай жасалып жатқандығы әлі белгісіз. Міне, бұл оралмандарға қатысты құқықтық ережелерді жетілдіруге, қазіргі бар құқықтық ережелерді шеттен келген, Қазақстанның заңдарын жетік түсіне бермейтін қандастарымызға түсіндіру, түсіндіру ғана емес оны кімнің түсіндіруі қажет екендігін нақты айқындап берген. Сондықтан мұндай сынды баспасөздің зор ықпалы деп бағалауға болады.

Ал, соңғы кезде квотамен келген оралман ағайындарға қатысты проблема, тіпті, дау туғызып, баспасөз сынына ұшырап жүрген мәселе жаңадан квота бойынша көшіп келуші ағайындарға бұрынғыдай үй емес жан басына шағып ақша беретін тәртіп енгізілуі енгізілді. Бірақ жан басына есептейтін ақшаны мейлі бір отбасында 10 адам болса да қаланы қойып, ауылдық жердің өзінде үй сатып алу мүмкін емес екені белгілі. Міне, осыдан квотамен келетін ағайындардың саны азайды деген пікір таралуда. Бұл жүйе де екі жақты, дұрыстық, терістік жақтары бар. Бір жағынан үй емес, ақша беру тиімді. Оның бірнеше себептері бар. Үй сатып алып беру қалайда жемқорлыққа әкеліп соқтыратыны өмірде дәлелденді. Оралмандарға үй сатып алып беруге арналған ақшаға әкімшілік немесе көші-қон қызметкерлері халықтан арзан бағалы үй сатып алып, оны оралмандарға қымбатқа бағалап беру арқылы ортасынан пайда көрді. Тіпті сол арзанқол нашар үйлердің өзін қайдағы бір қиян шеттен, тұруға қолайсыз жерде орналасқан немесе құлағалы тұрған жарамсыз үйлерді арзан бағаға сатып алып беретін болды. Сондықтан квота тәртібіндегі оралманға жаман-жұтық, қолайсыз ортадан баспана беруден гөрі үй сатып алуға жеткіліксіз болса да, ақша берудің дұрыстығын қолдаған пікір ұсыныстар баспасөз беттерінен көптеп орын алған.

Оралмандарға байланысты заң жүйесін жетілдіруге орталық басылымдар ғана емес, облыстық газеттер де атсалысып, осы тақырыптағы олқылықтар жайлы, заң, тәртіп, ережелерді оралмандарға түсіндіруге, насихаттауға арналған материалдарды сирек болса да жазып келгенін айта кеткен жөн. Бір ғана мысал келтірсек: Шығыс Қазақстандық «Дидар» газеті, «Түркістан»

газетінің оралмандарға арналған «Қоныс» қосымшаларының редакторы, «Ел шежіре» қоғамдық қорының төрайымы Есенгүл Кәпқызымен сұхбатын жариялаған.

Бұл сұхбаттарға 2008 жылдың 1-сәуірінде қолданысқа енген Қазақстан Республикасы үкіметінің «Оралмандардың көшіп келу квотасына өзгеріс енгізу ережесін бекіту» туралы қаулысындағы өзгерістерге тоқталып, қаулының маңызы, ағайындарға тиімді жақтары нақты насихатталған. Сондай-ақ «Нұрлы көш» бағдарламасының ережесі түсіндіріліп Ұлан ауданындағы Асубұлақ ауылына көшіп келемін деушілерге ауыл орталығынан, және «Ақтау» елді мекенінен үй, егіндік жер, мал жайылымын беру мүмкіндіктері жайлы әңгіме өрбіткен [95]. санында жарияланған «Оралмандар үшін оңтайлы шара» атты мақалада бұрын оралмандар квотаға еніп, Қазақстан азаматтығын қабылдану үшін құжат тапсырып аудан, ауылдардан облыс орталығына әлденеше рет келіп қаржылық, уақыттық шығынға батып сергелеңге түсетіндігі, соңғы кезде бұл кемшілікті болдырмау үшін көші-қон департаментінің жаңа басшысы жаңаша ұйымдастыру жасап, барлық құжаттарды ауданда қабылдайтын болғаны туралы сөз етеді.

Оралмандарға қатысты заң ережелердің бұзылуы жайлы қазақ баспа сөзінде біршама кемістіктер төңірегінде мақалалар жиі жарық көргенімен, олардың кемшіліктері де жоқ емес. Ең бастысы-түрлі басылымдардағы оралмандардың құқығының бұзылуына қатысты сын материалдар үстірт жазылады, оның себебіне үңіліп, терең талдамайды, заң тармақтарынан нақты дәлелдер келтірмейді. Басқаша айтқанда бұл кемшілік заңда қарастырылмаған ба, заңның солқылдақтығынан ба, әлде екі заңның бір - біріне қарама қайшылығынан ба дегенге талдау жасамайды. Бұл журналистердің құқықтық білімінің көп жағдайда жетісе бермейтінін көрсетеді. Алайда, бұған қарап қазақ баспасөзі оралмандар құқына қатысты заңдардың жетілдіруге әсер ете алмады деген түсінік туындамауы тиіс.

Қорыта айтқанда, жалпы қазақ баспасөзі оралмандарға қатысты құқықтық ережелерді жетілдіруге байланысты ұдайы мәселе көтеріп, біршама әсер етіп келді.

Мұны көп жылғы сын тезіне іліккен оралмандардың құқын қорғаудағы заңдағы басты-басты кемшіліктердің түзетілуімен байланыстыруға болады. Олар:

- оралмандардың Қазақстан азаматтығын алудағы көріп келген қиыншылықтары баспасөз бетінде ұдайы сыналуы нәтижесінде шешілді деуге болады. Оралмандар көші-қонның алғашқы оншақты жылында Қазақстан азаматтығын алу үшін кемінде үш жыл, әйтпегенде 5-6 жыл сандалған болса, қазіргі заң бойынша 6 ай ішінде алатын болды.

- бұрын оралмандар Қазақстан азаматтығын растайтын жеке куәлік қолына тигенге дейін әлеуметтік жеке код (ӘЖК) ала алмайтын. Ал ӘЖК-гі жоқ адам Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңына сәйкес жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ. Келген оралмандардың көпшілігінің жұмыссыз болуының басты себептерінің бірі болған бұл кемістікке де жылдар бойғы баспасөз сыны әсер етіп, жаңа заң бойынша оралмандар «оралман куәлігі» арқылы әлеуметтік жеке код алатын, сөйтіп, жұмысқа орналасу құқына тезірек қол жеткізетін болды. (Оралман

куәлігі облыстық көші-қон департаментіне құжат өткізген соң бір аптаның ішінде беріледі).

- облыста бір жылда көшіріп алуға жоспарланған оралман отбасы квотасының игерілмеуі көбінесе ескі заңдағы бір жылда қабылданатын оралман санын әрбір шетелге айырмашылықта белгілеп, арасынан ауыстыруға қатаң тыйым салуы болды. Мысалы, сол жылы Ресейден келген оралман отбасы аз, Қытайдан келгендері көп болғанда бөлінген қаржыны ауыстырып жұмсауға облыстық көші-қон департаменті құқықсыз болды. Қазір бұл тәртіп күшін жойды.

- көшіп келу квотасы бойынша әр оралманға берілетін жәрдем ақшаның мөлшері 600 доллардан 1500 долларға жетті.

- оралмандардың квотаға ену кезегін ағайындардың Қазақстанға көшіп келген жылы, айымен емес, отбасындағы бала санына, бітірген оқу орнының, мамандығының санына қарай балдық жүйемен белгілейтін тәртіп жойылды.

- оралмандарды баспанамен, жұмыспен қамтудың проблемасын шешуге бағытталған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданды.

- бұрын оралман Қазақстан азаматтығын қабылдаған күннен бастап, оралман мәртебесі күшін жоятын. Бұл оралман ретінде шаруашылық жүргізуге немесе үй салуға арнап жеңілдікпен жер телімін алу құқығынан айыратын. Өйткені жер телімін алуға Қазақстан азаматтығын қабылдап квоталық жәрдем ақысын алған соң сол қаржы негізінде қол жеткізген. Тіпті жұмысқа орналасу үшін де Қазақстан азаматтығын қабылдауға тура келген. Сөйтіп, Қазақстан азаматтығын қабылдағандар, жұмысқа кіргенде, квоталық жәрдемақыны күтіп, Қазақстан азамат ретінде қызмет істеу құқығынан айырылған. Ал қазіргі заңда кейін, Қазақстан азаматтығын қабылдағаннан соң оралмандық мәртебесінен үш жыл бойы айырылмайтын болды. Бұл жоғарыдағы қайшылықты біржолата жойды.

Мұндай заңдағы олқылықтардың түзетіліп, жетілдіріліп, өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі, біріншіден, теорияның кемістігі практикада байқалатын, заман талабына сай дүниенің өзгеріп, дамып отыратын диалектикалық заңдылық болса, екіншіден, оралмандармен тығыз байланыс негізінде әрбір кемшілікті қалт жібермей байқап, басшылықтың әсіресе, парламент пен үкіметтің, тіпті Президенттің құлағына жеткізіп, назарына іліктіріп отыратын баспасөздің қарымы деген қорытынды жасай аламыз.

### **3 ОРАЛМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕРЗІМДІК БАСЫЛЫМДАРДА**

#### **3.1 Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.**

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жыл 1991 жылдан бастап шет елдегі қазақ диаспорасының атажұртына ағылуы бүгінгі таңға дейін бастау, тоқырау, қайта өрлеу белестерін бастан өткеріп, қалайда үздіксіз жалғасып келеді. Әрі «Ұлы көш», «Соңғы көш» деген сияқты әртүрлі атауға ие қоғамдық маңызы бар зор қозғалыс, бетбұрыс, ел тәуелсіздігін бекемдеудің бір негізі ретінде бағаланып еліміздің қазақ тілді баспасөздері (аудандық газеттерден бастап, облыстық,

республикалық газеттерге дейін) осы 19 жыл ішінде үздіксіз материалдар жариялап келеді.

Баспасөзде жарияланған материалдар мен құзырлы органдардың түрлі мәліметтеріне, статистика деректеріне сүйенсек алыстан атажұртым деп көшіп келіп жатқан ағайындарға мемлекетіміз жағдай мен қамқорлық жасап отырғанын ешкім жоққа шығармайды. Оралмандарға көрсетіліп отырған әлеуметтік көмектің ең бастысы квота бойынша қарастырылатын қаржы. Көші-қон комитетінің есебі бойынша 2009 жылы бір реткі ақшалай жәрдемақы, көлік шығыны және көші-қон үшін төлем, баспана алуға арналған қаражат дегендей 12,3 миллиард теңгенің қаржысы қарастырылған. Жалпы оралмандарды әлеуметтік жағынан қолдау үшін республикалық бюджет есебінен орта есеппен жыл сайын 16 миллиард теңге бөлінетін көрінеді. Бұл бір адамға шаққанда 2004 жылы 650 мың теңгеден айналса, 2010 жылы орта есеппен 1800 теңгені құрады [96].

Мұның сыртында шаруашылық жүргізуге, тұрғын үй салуға арнап жер телімін беру оралмандардың өз бетімен еңбек етіп тіршілігін түзеуіне зор ықпал етіп отыр. Бір ғана мысыл келтірсек 2007 жылы Оңтүстік Қазақстанға көшіп келген оралмандардың 801 отбасына үй салу үшін жер, 27 отбасына әлеуметтік тұрғын үй берілген. Көші-қон, оралмандар мәселесіне қатысты қалам тербеген әрбір журналистің көкейінде әуелгі кезекте «келген ағайындар ортамызға сіңісіп кетуі үшін жасалатын қамқорлықтар қандай дәрежеде» деген сауал тұру заңдылық. Олардың туған жері, өскен елін тастап ата(жұртқа келіп сіңісіп кетуі үшін әрине әуелгі кезекте қоғам, мемлекет тарапынан материалдық әлеуметтік көмектің ойдағыдай дәрежеде жасалуы қажет екендігі күмән туғызбайды. Бұл тұрғыда арнайы жоспар арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік көмектің (квота арқылы берілетін бір реткі көмек, жол шығыны, баспана сатып алуға арналған көмек т.б.) сыртында жергілікті жердің әкімшілігінен, шаруа қожалықтарынан жекелеген адамдардан берілетін түрлі көмек оралмандардың материалдық-әлеуметтік жағдайын түзеуге, сөйтіп жаңа ортаға тез бейімделіп кетуіне игі әсер етері сөзсіз. Сондықтан да оралмандардың материалдық-әлеуметтік жағдайын түзетуге арналған шаралар осы саладағы кетіп жатқан кемшіліктер, мән бермеушілік, немесе әдейі жасалған кереғарлық барлық қазақ баспасөздерінің де басты тақырыбына айналды.

Бір сөзбен айтқанда қазақ баспасөзінде оралмандар мәселесіне қатысты жарияланған материалдарды сараптағанда қай басылымда болмасын атажұртым деп алыстан келген ағайындардың әлеуметтік-материалдық жағдайына қатысты жазылған материалдардың басқа тақырыптан басым екенін аңғарасыз. «Қазақ елі» газетінде А. Мауқараұлының «Қазақ көшін тоқыратып отырған кімдер», «Қазақ репатрианттарының бүгінгі тағдыры қандай?» [76, 2 б.], «Егемен Қазақстан» тілшісі Ә.Қоңырбайдың «Көшкіміз-ақ келеді [97], көмек қажет», «Көш» газетінде В. Тюлекованың «Артық адамдар немесе өз еліндегі өгейлер туралы» [98], «Жас Алаш» басылымында Ж. Әлқожаұлының «Үкімет 50 мың оралманға жұмыс тауып бере ала ма?» [99], «Дидар» басылымында Қ. Мамаевтың «Оралмандарға кім көмектеседі?» [100], «Егемен

Қазақстан» Т. Зәкенұлының «Дарияға құйған бір бұлақ» [101] мақалаларында оралмандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына кеңінен тоқталып, сараланды.

Жалпы осы тақырыптағы материалдарды екі топқа жіктеуге болады. Бірінші, келген оралмандарға көрсетіліп жатқан көмек, қамқорлықтың жақсылық жақтарын, оралмандардың ортаға бейімделуін, қолға алып жатқан игілікті істерін, ел өркеніне қосып жатқан үлестерін насихаттауға арналған материалдар. Екінші: оралмандарды қабылдау, оларға қолдау көмек көрсетудегі құзырлы органдар мен облыс, аудан әкімдігі тарапынан кетіп жатқан кемшіліктер жөніндегі сын материалдар.

Ал, жанрлық тұрғыда оралмандардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты жарияланған материалдардың басым көпшілігін алыстан келген ағайындарға деген ыстық ілтипат, құшақ жая қарсы алу, жергілікті халықтан бастап, облыс аудан, ауыл әкімдіктері тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау, көмек және «елім», «жерім» деп аңсап келген оралмандардың қазақ елінің өркендеуіне үлес қоссам деген ниеті, еңбекқорлығы жайлы насихаттық материалдар, ұйымдастырылған шаралар жайлы репортаждар болып келді. Сондай-ақ, оралмандардың тұрмыс-тіршілігіндегі қиыншылықтарды, жергілікті әкімшілік органдардың немқұрайлылық танытып отырғанын нысанаға алған сыни материалдар мен оралмандар мәселесін түбегейлі шешу үшін қажетті заң, ережелердің олқылықтарын түзеудің жолдарын қарастырып, пікір-ұсыныс білдірген проблемалық материалдар да біршама кездеседі.

Жалпы, көші-қонның алғашқы жылынан бастап оралмандардың тұрмыс тіршілігіндегі оңды өзгерістерді де, түйткілді тұстарды да еліміздегі қазақ тіліндегі негізгі басылымдар қоғамның маңызды бір тобы ретінде қарастырып, түрлі материалдарды жариялап тұрды.

Бұл саланың көшбасында мемлекеттік саясаттың жаршысы ретінде «Егемен Қазақстан» газеті тұрса, халқымыздың рухани, ұлттық тәуелсіздінің туын көтеруші ретінде «Қазақ елі», «Түркістан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Жас Алаш» сияқты газеттер, оған қоса, барлық облыстық басылымдарды атауға болады. Олар қандастарымыздың тұрмыс тіршілігі, қазағым деген сағынышы, қоғамдық белсенділігі, еңбекке деген ынта жігері, жергілікті халық пен басшылықтың көрсетіп жатқан қамқорлығы жайлы материалдарды үзбей беріп тұрды. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінде желтоқсанның 2005 жылдың өзінде оралмандардың тұрмыс тіршілігін түзету жолындағы үкіметтен көрсетіліп отырған қамқорлық, талпыныстары, еңбеккерлігі нәтижесінде бақуатты тіршілік кешіп жатқандар туралы 12 материал жарияланса, Шығыс Қазақстан Облыстық «Дидар» газеті тек 2008 жылы 20 материал жариялапты.

Қай газеттен болмасын, оралмандардың тірлігіне байланысты «Елге ел қосылса құт» [102]. деген айдар мен жеке тақырыптарды үнемі көруге болады. «Егемен Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 28 қыркүйектегі санында С. Сәуірбаев бұл материалда Ақтөбе қаласындағы қандастарымыздың тұрмыс тіршілігіне байланысты және жергілікті басшылықтың бастамасының нәтижесі,

баспанамен қамтамасыз ету жолындағы ең игілікті істері баяндалады. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарынан келген ағайындар тұрмысын егжей-тегжейлі шертеді. Ақтөбе облысына көшіп келген ағайындар оралман мәртебесін алғанша уақытша бейімдеу орталығында тұратыны, қажетті құжаттарын алып тіркеуге отырған соң тұрақты баспана мәселесі қарастырылатыны жайлы айта келе көші қон заңы өзгеріп, үй берілмейтін болғаннан бері оларға үй алуға арнайы жер телімін беруге ерекше мән беріп отырғандығы осы мерзімге дейін 400 жуық отбасына үй салуға жер берілгені, олар бұл мүмкіндікті қолданалып жағдайына сай баспана тұрғызып, тұрмыстарының түзеп жатқаны айтылады. Тек Мәртөк ауданының Хлебодар ауылында 2 жыл көлемінде оралмандар үшін 150 үй салуға жер телімі берілген. Осынша отбасы баспаналы болған. Тіпті Мұғалжар, Ақжар аудандарында бос тұрған көп қабатты үйлерді жөндеп, қоныс аударушыларға беру үрдісі қалыптасқан. Облыста оралмандарды ағайын-туған, тамыр-таныстарына қарай топтап орналастыруға жағдай жасалып, қаланың аумағынан «Бауырластар» атты шағын аудан құрып берген.

Бүгінгі қоғамдық тенденцияға сай жергілікті ауыл тұрғындары сияқты оралмандар да қалалы жерге тұруға ынталы екендігін ескеріп, қалаға жақын елді мекендерге орналасуына жағдай жасалуда. Қалада тұрғысы келетіндіктердің көпшілігі зиялы қауым, түрлі мамандық иелері. Мысалы, Байзақ Исақұлов Ақтөбе университетінде, Нұрнияз Болашев, Ермұхан Исмақов Медицина академиясында, Бөлекбай Жәңтеев геодезия басқармасында ғалыми еңбекпен айналысып отырғанын айтуға болады. Оларға толыққанды жағдай жасалмаса да тарихи отанына қызмет етуде.

Оралмандарға жасалатын қамқорлықтың бірі оралман жастарды оқу орнына қамту мәселесі. Бұл тұрғыда Батыс Қазақстан агротехникалық институтында азаматтығы жоқ 1500-дей оралман жастарды жоғарғы оқу орындарына түсуге даярлауды қолға алған. Оларға жатақхана айына 5700 теңге шәкіртақы беріледі. Батыс Қазақстанда шеттен келген оралмандардың 2340 жоғары білімді, 2655-і арнаулы орта білімді азаматтар. Бұл жалпы оралмандардың 36% екен. Әрі ол маманды азаматтар өздерінің еңбеккерлігі, біліктілігі арқасында түрлі салада маман ретінде қызмет істеп жүргендігі аталады. Оралман жастарды жоғарғы оқу орындарына түсуге даярлауды Өскемендегі Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Алматыдағы қыздар педагогикалық институты сияқты Қазақстанның көптеген қалаларындағы жоғары оқу орындары жүзеге асырады.

Мұндай оралмандарға жасалып жатқан қамқорлық туралы «Көш» газеті де өзінің әр санында тұрақты жариялап отырды. Мысалы: 2009 жылдың қыркүйек айының 20-шы санында жарияланған көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің көші-қон саясатын жүзеге асыру жөніндегі бөлімнің бастығы Бейімбет Үйсінбекпен тілші сұхбатында Елордаға көшіп келіп жатқан шетелдегі қандастарымыздың проблемаларын шешуге қатысты өзекті мәселелер төңірегінде ой бөліскен. Әсіресе «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Астана қаласына орналасу, әрине, әр оралманның арманы деуге

болады. Бұл бағдарламаның Елордада нәтижелі жүзеге асып жатқанын айтады. Көп жылдан бері дау-дамайдың басы болып келе жатқан Астанадағы оралмандар тұратын «Қоянды» ауылындағы жер мәселесі, электр қуатын беру ісінің шешілу барысы туралы да сөз етеді. Қашан - да сұхбат жанры тілшінің сұхбат берушіге қойған сұрақтарының өміршеңдігі, тартымдылығы, нақты мәселелерді қозғай білуімен құнды. Аталмыш сұхбат осы талапты толық қамтамасыз еткен. Бұл ретте «атажұртым» деп аңсары ауған шет елдегі қандастарымызды тәуелсіз елінде дұрыс орналастырудың басты жолы оларға материалдық тұрғыдан көмектесу екені өмірден белгілі. Өйткені шет елдердегі қазақ диаспорасының көпшілік бөлігі тұрмысы төмен, өз бетінше көшіп келуге, келе сала шаруасын түзеп, жақсы тұрмыс құрып кетуіне мүмкіндігі шектеулі отбасылар екенін көріп жүрміз. Жалпы оралмандардың Қазақстан шекарасын алғаш оралман емес шетелдегі қазақ диаспорасы өкілі ретінде аттайтыны белгілі. Міне, оралмандардың әлеуметтік мәселесі сол сәттен басталмақ. Сондықтан 1992 жылдың өзінде «Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылдау мемлекетіміздің шетелден келетін ағайындарға қамқорлық көрсетуге арналған шарасының басы болды. «Егемен Қазақстан» газетінде С. Балғабаевтың «Қолға алынбай келе жатқан тағы бір мәселе» [103], «Азия транзит» газетінде Қ. Шамақаевтың «Кедергі көп» [93, 1 б], «Ана тілі» газетінде Д. Белдеубайдың «Оралмандардың жартысынан көбі баспанасыз», «Егемен Қазақстан» басылымында Ө. Есқалидың «Солтүстікке көш керуен сап түзеді» [75, 2 б], атты мақалалардан кейін оралман мәселелері жергілікті жердегі биліктің назарынан тыс қалмады.

Оралмандарға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған тағы бір маңызды шара мемлекет бастапқы жылдары шет елдегі Қазақстанға қоныс аударып келетін отбасыларды арнайы көлік жіберіп көшіре бастады. Мәселен 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі онжылдықта әсіресе Моңғолиядан көшіп келемін деген ағайындарды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігінің көші-қон Департаменті (кейіннен комитет) Жол және коммуникация министрлігі, Әділет министрлігі сияқты құзырлы министрліктер мен бірлесе отырып ұйымдастырды. Көшіп келемін деушілермен кездесіп, шарт жасасып (нақты орналасатын облыс, аудан, ауылдың (ол кезде ұжымшар) басшыларымен бірге) оралман отбасыларын Ан-24 ұшағымен, үй, дүние-мүліктерін «КамАЗ» автокөлігімен жеткізді. Бұл тұрмысы төмен отбасылары үшін зор көмек болды. Ал келген бетте шарт жасасып көшіріп алған аудан, ауыл басшылығы жер-жерде өз мүліктеріне сай үй, мал, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Әрі жұмыспен қамту үшін бағуға кеншардан отар берілді. Жекелеген кейбір мамандық иелері әсіресе мұғалімдер мамандығы бойынша қызметке орналастырылды. Қазір бұл екі шараның екуі де жоқ. Біріншісіне байланысты ДЖҚҚ-ның бірінші орынбасары Талғат Мамашов былай деп жазады: «Өкінішке қарай Қазақстан Үкіметі өзінің 2008 жылдың 9 ақпандағы №124-қаулысымен біраз құжаттармен қоса № 791 қаулының да күшін жойды» [72, 21 б.].

Сол сияқты алыстағы ағайынды жеріне барып, көлікпен көшіріп әкелу шарасы да көмек алысқа бармады дегендей дәл осы жылдары заман, қоғам өзгеріске ұшырап, халық тұрмысында қиыншылықтар туындады. Нақты айтқанда, тоқсаныншы жылдардың ортасында елімізде орныққан демократиялық жаңа қоғам, нарықтық экономика талаптарына сай бұрынғы мемлекеттік меншікке жаппай жекешелендіру жүргізілді де совхоздар тарап кетті. Халық айлап-жылдап жалақы ала алмайтын халге жетті, малдың бағасы түсіп кетті. Ауыл тұрғындары үдере көшіп қалалы жерге қоныс аудара бастады. Бұл қиыншылық ең әуелі жаңадан көшіп келген оралман отбасыларына ауыр тиді. Олар кеншарда еңбегі сіңбегендіктен жекешелендіруден үлес ала алмады, олар берген қырық жылғы ескі үйлері сата алмады. Мұндай қиындықты бұрынсоңды басынан кешірмеген кейбір оралман ағайындар келген мемлекетіне кері көшіп кетті. Аталған мәселелерді дабыл қағып тағы қазақ баспасөзі көтерді. «Дидар» облыстық газетінде Қ. Мамаевтың «Оралманға кім көмектеседі?», «Қазақ елі» газетінде Е. Кәріпқызының «Кері көшудің сыры неде?» т.б мақалалар жарық көрді [22, 1 б.].

Қоғамдық өзгерісті, халық тұрмысындағы келеңсіздіктерді назар төрінде ұстайтын ақпарат құралдары да ендігі жерде осы қиыншылықтарға байланысты материалдарға ден қойды. Әрине, оның бірқаншасы қай газетте болмасын қиындыққа алдымен іліккен оралмандар тұрмысына қатысты болды.

«Қазақ елі» газетінің 1995 жылғы № 22 санында Жүкел Қамайұлы: «Жергілікті газеттер шетелдерден келіп жатқан оралман ағайындарды «нәубет жылдары қарабасының қамын күйттеп Отанын сатып қашып кеткендер» [104] деп есептеп, қырын қарап, мәселенің баға-байыбын сараптап жатпай-ақ, бар кінәні оралмандарға артып, өзекті материалдар жазды. Бұларға көшіп келушілердің ішіндегі, мұндағы тұрмыс-тіршілікке көңілі толмай, «менің елім деп келгенде үлде мен бүлдеге бөлеп тастамадыңдар» деп өкпе артуға бейім тұратын, қоғамдық өмірдің байып бағасына бара алмаған солшыл оралмандар қосылды. Халықтың қаражатымен «Ұрпақ үшін» деп келіп алып, қайта көшіп жатқан «көшегендерді» де, олардың кері көшуінің себебін түсініп, байыбына бармай кінәлап отырған «солшылдар» да қазақ деп атаудың өзі қиын деп қынжыла жазды.

Аталмыш мақалада автор бұл кемшіліктердің себептерін табуға үніліп, ой қорытады. «Бес жылдық еңбек шарты» деген желеумен Қазақстанға алғаш көшіп келушілер жұмыссыз жастар болды. Одан кейінгі толқын Баян-Өлгейден тыс, ішкері жақтағы (басқа аймақтарда) зиялы қазақтар. Көші-қон саясатын дұрыс түсінген, шеттегі қазақтарды атамекендегі ағайындар іздеп жатқанын сезе бастаған Баян-Өлгейдегі зиялы қауым осылардың соңынан ғана қозғала бастады.

Ал облыстан облысқа, ауданнан ауданға көшіп, ешқайда тұрақтай алмай кері көшіп жатқандар Моңғолияға да тұрақты еңбек жасамағандар. Қазақстанға алғаш келген толқын осыларға қарап кері көшушілердің бәріне кінә тағуға болмайды. Олардың неліктен көшіп кетіп жатқандарының себеп-салдарын анықтап, бетпе-бет жүздесіп, сосын қорытынды жасаған игі болар деген пікір



айтады. Мақалада ағайындардың нақты шарасыздығы, бастан кешкен қиындықтары бүкпесіз ашық көрсетілген, өткір сын айта білуімен құнды.

Мәселен қайта көшкен мақала кейіпкерінің мына әңгімесіне назар аударыңыз: «Біз Моңғолиядан 1992 жылы көшіп келдік. Талдықорған облысының Алакөл ауданының «Қызылащы» кеңшарына ат басын тіреген екі атаның ұрпағы 14 адам, мұнда келісімен мал бақтық. Ортамызда үй ағаш шеберлері болғандықтан, кеңшар әкімшілігімен келісіп, үй жасайтын шағын кәсіпорын аштық. Бірақ жағдайымыз біз ойлағандай болмады. Қаражат тапшылығынан кәсіпорын жұмысы да жүрмеді. «Қызылащы» кеңшарын мекендеген төрт жыл ішінде 14 отбасының ешқайсысына үй берілмеді. Оларды баспана ретінде пайдалануға жарамай қалған ескі қонақ үйге қоныстандырды, қыста суық, пана болып жарытпады. Біздің арамызда әртүрлі мамандық иелері бар: құрылыс шебері Сейтхан Әбуханұлы, жүргізуші Қабылғазы Сыдықұлы, мейірбике Күлэнда Қауынқызы, Сәуле Әділханқызы, Венгриядан оқу бітірген тау-кен инженері Бекейхан Әбуханұлы ешқайсысы да өз мамандықтары бойынша жұмыс істемеді. Ол-ол ма, екі қолға бір жұмыс, ата-бабаларымыздың кәсібі ғой деп бағып отырған малымызды да көпсінген ауыл әкімі «өз шопандарымыз бағады» деп зорлықпен отарды да қайтарып алды. Тіпті ауылдан мал ұрланса, жем-шөп жоғалса бізге келетін болды. Біреудің ала жібін аттап көрмеген бізге мұның өзі ар-намысымызға жағылған қара күйе болды. Отырсақ-опақ, тұрсақ-сопақ, әрі-сәрі күйзеле жүрген бізге әсіресе батқаны:

Мұнда неге қаңғып келдіңдер?, Жақсы адам Отанынан безе ме?,- деген құйтұрқы қағытпалары болды. Моңғол елінің бізге қашан да есігі ашық екені даусыз. Бірақ біз атамекенге келдік қой. Енді байласа да тұрмайтын халге жеттік. Ақыры 1995 жылдың қараша айында 12 отбасы Моңғолияға кері атбасын бұрдық» [95, 91 б] деген алыстан келген ағайындардың шарасыз күйін осылайша қазақ баспасөзі ғана халықтың құлағына жеткізіп, солардың жыртысын жырты. Журналист Е. Кәпқызы да облыстан-облысқа, ауданнан-ауданға көшіп жан сақтап жүргендердің өмір тіршілігіне, нақты себептеріне үңіліп көрген [95, 208 б.].

«Талдықорған облысы, Көксу ауданының «Шаңырақ» кеңшарында бір жылдан астам уақыт тіршілік еттік. Баспана жоқтығынан осы уақыт ішінде 14 рет үйден-үйге көштік. Отарға кеткен малшылардың үйіне уақытша кіргізді. Айға жетпей иесі келді де басқа үйге көшірді. Бұдан асқан итшілеген тірлік барма ма. Өзім кеңшарда дәнекерші болып жұмыс істедім, жұбайым мектепте болды. Титтей үш балам бар, оның үстіне әйелімнің аяғы ауыр. Ақша табу үшін көктемдік қызылша алаңында да жұмыс істедік. «Бір тонна қант аласындар» деп сендірген еді. Қызылша маусымы біткен соң тиісті қантымызды сұрап ауыл әкіміне барсақ жөнсіз сылтау айтып, бір центнерге де жетер жетпес қант беріп қайтарды. Баспана күйзелісі жанымызға батқан соң Семей облысы, Үржар ауданы «Көкөзек» ауылына көшіп келдік. Мұнда келгелі де жылдан асты. Өзім дәнекерші, жолдасым мұғалім болып істеді. Ең бастысы басымызда баспана бар. Құдайдың мұнысына да шүкір. Қазақ халқының қолтығы кең ғой. Біріне сыймасақ та, біріне сыйып жатырмыз» - деді [105].

Осылайша облыстан-облысқа көшуді, немесе кері көшудің себебіне үңіле келе автор:-Әрине, елім деп келген қандастарымыз атажұрттан көңілдері қалмаса кері көшуді ойлайтын да емес. Көңіл күйдің нәзік қылын түсіну қиын шығар «Қазағым» деп келген қандастарымызды ренжітіп кері қайтарғанда олардың бөтен елге-қазақ жұртына сын көзбен қарап отырған басқа бір мемлекетке баратынын, қазақ елінің беделіне нұқсан келтіретінін ұмытпауымыз керек. Осыдан кейін олар: «жүз үйді сыйдыра алмаған Қазақстан миллиондаған қазақтың басын қалай біріктіре алсын» дегенді айтпай қайтсін деп ой түйеді.

Оралмандар тұрмысындағы өзекті мәселелердің бір ұшы көбіне жұмыссыздыққа келіп тіреледі. Жұмыс істеп, ақша таппаған отбасының тұрмысы түзелуі мүмкін емес екендігі белгілі жай. Жұмыссыздыққа әуелгі кезекте оралмандардың дені қоныс тепкен ауылдық жерлерде кеңшарлардың тарап кетуі себеп болса, ең бастысы оралмандардың Қазақстан азаматтығын жеделдетіп ала алмаулары болды. Қызмет бабында мықтап орныққан заң органдары оралмандардың азаматтығын қабылдауына қолдау көрсетіп, жеделдетудің орнына түрлі кедергілер жасап бақты. Құшақ-құшақ құжат жинатты. Тіпті, сұраған құжатының бәрін де әзірлеп өткізсе де азаматтыққа қабылданғаны жөніндегі Президент Жарлығын апталап, айлап емес жылдап күтуге мәжбүр болды. Мұның астарында көпшілік жағдайда не жатқанын да баспасөз құралдыры ашық жазды.

«Түркістан» газетінің 2004 жылы 26 ақпандағы № 9 санына Парламент депутаты У. Қалижан, А. Айталы, А. Тшановтарға жолдаған оралмандардың хаты жарияланған. Мұнда Алматының іргесіндегі Талғарда күнелтіп жатқан оралмандардың Қазақстан азаматтығын ала алмағандықтан алып шаһардың жанында орналасса да жұмысқа ораласа алмауы, баспана сиқы, тіршіліктерінің жұтаң халі баяндалады. Осы жылдары мұндай кемістіктер Оңтүстік Қазақстан облысында да көп кезіккенін баспасөз материалдарынан көруге болады. Көрші Өзбекстаннан келетін ағайындардың көптігі, бөлінген квотаның аздығы қол байлау болды. Мәселен осы облысқа 2004-2005 жылдары көшіп келгендердің 20-22 пайызы ғана квотаға енген (Оңтүстік Қазақстан облысында жалпы келген оралмандардың 88 пайызын Өзбекстаннан келген қандастарымыз құрайды). Жалпы, алыстан келген оралман ағайындардың жергілікті тұрғын халықтың өзі ауылдан жан баға алмай қалаға қарай ойысқан нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде біршама қиындық көргені-нақты өмір шындығы [106].

Осындай кезде қолдан бөліп берер экономикалық көмегі болмаса да, қиындық көрген ағайындардың тіршілігіне жаны ашып, араша түскен, басшылықтың құлағына мұң-мұқтаждарын жеткізіп, «қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей» болса да көмек көрсеткен қазақ баспасөзі болды. Олардың көтерген мәселелері басшылықтың бірінің болмаса, бірінің құлағына жетті. Бірі болмаса, бірі көмек қолын созды. Тіпті, қарапайым халық келген ағайындарды дұрыс түсінді.

Оралмандардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайына байланысты баспасөздердің нысанасын көп іліккен топ квотадан тыс келгендердің жайы.

Үкіметтің арнайы қолдау көмегіне сүйенген квота бойынша келген оралмандардың үй-күйсіз, түрлі жәрдемақы ала алмай, жұмыс таба алмай жүруіне қарағанда квотадан тыс келгендердің жағдайы бұдан да төмен екендігі айтпаса да түсінікті. Бір қарағанда квотадан тыс келген оралмандар өздерінің қаржы қорына немесе туған-туысқандарына, білім маманына сеніп келетін шығар деген ой түйөңізге болады. Алайда шетелдерден келіп жатқан қандастарымыз түгелдей дерлік бұрын мемлекеттік меншік жүйесінде болған Кеңес Одағы құрамындағы қала берді. Осыдан кейін Моңғолиядан, Қытайдан келгендер, соғыс зардабын тартып отырған Ауғанстаннан келетіндіктен, олардың ортасында үлкен қалталы бизнесмен азаматтардың аз екені де шындық. Сондықтан квотадан тыс келетін оралмандардың да көпшілігі «ата жұртты», «елім», «жерім», «ұрпағым» деп келетіндер. Олардың квотамен келуіне Қазақстан үкі(меті жағдай жасай алмай отыр. Әсіресе 2005 жылға дейін шет елдегі қандастарымыздың Қазақстанға оралуына бөлінетін квота саны, қаржының көлемі шектеулі болады. Мұның сыртында квота қазақтар тұратын елдерге адам санына, басқадай жағдайларға байланысты түрлі деңгейде бөлінді. Әрі бар елге бөлінген квота игерілмеген жағдайда келушілер көптеп сұранған екінші, үшінші елдерге ауыстыруға көші-қон комитетінің облыс, қалалардағы департаменттері құқықсыз. Міне, осындай себептерге байланысты шетелдерден квотадан тыс келетін оралмандардың тұрмыс тіршілігінде де түйткілді мәселе көп болды.

Дәл осы бір өзекті тақырыпта «Түркістан» газеті 2004 жылы сәуір және шілде айларында екі бірдей мақала жариялапты. «Квотадан тыс келген оралмандарды қолдау үшін мемлекеттік көші-қон қорын құру керек», - деген мақалада жазылған жайларға жүгінсек тек 2003 жылы Қазақстанға 10 мың отбасы көшіп келсе, мұның тең жартысы үй-жайсыз жүргені айтылады [107].

Осылайша уақытша қиыншылыққа төзбеген оралмандар бір орынға тұрақтанып отыра алмағандықтан қоныс аударып сабылып көшумен болды. Әрине, бұл жекеленген оралмандар басындағы қиыншылық. Әсіресе дұрыс еңбек істеп, тіршілік ету қабілеті төмен, ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүргісі келетіндер қиыншылыққа көбірек тап болды. Ал оралман ағайындардың негізгі бөлігі тұрғылықты халықпен бірдей, қиналған кезде қиналғанымен, қиыншылықты еңбекқорлықпен жеңе білді.

Баспасөздерде жарияланған материалдарды сараптай келе қиыншылықтың негізгі себебі Қазақстан азаматтығын ала алмаудан болып, мамандығын қойып, қара жұмысқа орналаса алмауы болса, екіншіден өзінің еңбекке қырсыздығынан, қала берді, жергілікті әкімшілік органдарының қырын қарап, оң қабақ танытпауынан болды деген қорытынды жасау жөн.

Дәл осы тұста туындаған тағы бір түйткіл жергілікті халық ішінде шеттен келіп жатқан ағайындарды нарықтың экономикалық өтпелі кезеңінде мемлекет өз халқының тіршілігін түзете алмай жатқан шақта елге масыл болды деп есептейтіндер, тіпті оралмандар кешегі елбасына күн туған нәубет шақтарда, әсіресе, 1931-1933 жылғы аштық 1937-1938 жылдарды нақақтан жазалау кезінде қара басының қамын ойлап, Отанды сатып қашып кеткендердің ұрпағы

деп танып, теріс пиғыл танытқан көзқарас та байқалғанын басылым беттерінен көруге болады .

Дегенмен, мұндай теріс пиғылды, түсінбеушілікті дәріптеп, ушықтырған, қандастарымыздың көңілін жаралаған материалдардың санының тым аздығы көңіл қуантады. Бұл жағынан еліміздегі баспасөз ақпарат құралдарының, кей елдердегі демократияны желеу етіп түймедейді түйедей етіп көрсетіп, шу көтеріп, жаңалық туғызуға бара бермейтінінің, баспасөз еркіндігін дұрыс жағынан түсінетіндігінің куәсі деп бағалауға тұрады.

Бұл әрі халқымыз кезінде басқа жұртқа да құшақ жайып, бауырына басқан дархан пиғылының көрінісі екендігі анық. Алайда, оралмандар атажұртына тез сіңісіп кетуіне мүмкіндік туғызған мемлекеттік, үкіметтік заң, қаулы-қаралардың шикілігінен, жергілікті облыс, аудан басшыларының селқос қарауынан болып отырған қателіктер мен кемшіліктер жайлы жазылған материалдар жалпы оралмандардың тыныс-тіршілігіне қатысты материалдардың басым көпшілігін иеленетіні «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ елі», «Ана тілі» т.б республикаға танымал кең тараған басылымдарға ШҚО «Дидар», «Семей таңы» газеттеріне жасалған сараптамалар барысында айқын аңғарылды. Солардың келесі кемшіліктерді сынға алған кейбір ауқымды материалдарына арнайы тоқталайық:

Оралмандарды орналастыру барысында табиғаты катал, өзге ұлттар жиі қоныстанған солтүстік өңірлерге қоныстанушылардың тым аздығы жиі айтылып келді. Мемлекеттік саясат негізіндегі жүйелі ұйымдастырған іс шаралардың арқасында, әрі ел астанасын Арқаға көшіруіне байланысты солтүстік облыстарға қоныстануға тілек білдіретін ағайындар саны 1990 жылдардың екінші жартысында күрт өскені белгілі.

Бұдан баспасөз сынының қателіктерді түзетуге ықпалын да аңғаруға болады. Баспасөз беттеріндегі оралмандар өміріне байланысты сын материалдардың екінші бір ауқымдысы (әсіресе 2004 жылдан кейін) квоталық жәрдем ақы төнірегіндегі әрекеттер жөнінде «Заң» газеті 2005 жылы 20-қыркүйектегі санында Парламент депутаты Зейнотола Алтынбаев жасаған [108]. Сұхбат беруші «Дәл қазір квота алудың құйтырқы жолдары ойлап табылып жатыр. Оралмандардың квоталық төлемдерін алуда делдалдық қызметті мемлекет кеңсесінің ғана емес, екі тараптың да көңілің таба білетін жылпостар шеберлікпен атқарып жүр. Бұл қазір қалыпты жағдайға айналып барады. Соның салдарынан болар, әсіресе мына әлеуметтік жағдайы төмен Өзбекстан мен Қырғыстан елінен жыл сайын квотадан тыс көшкен кедейлер легі көбейіп кетті» - деп жазды.

Ол тұста еліміз көлемінде нарықтың өтпелі кезеңі ауыртпалығын салып, жергілікті халықтың өзі жұмыссыздық салдарынан қалалы жерлерге қарай ағылып жатқандықтан, жат елден келген ағайындар түгіл жергілікті халықтың өзі ондай жайлы жер табуы мүмкін емес еді.

Ал ағайындардың екінші бір тобы туған жер, өскен елін аңсап кері көше бастады. Бұлай кері көшуіне біріншіден жоғарыда айтқанымыздай еңбекке қырсыздығы, отбасын алып жүру, ұйымдастыру қабілетінің төмендігі әсер етсе,

екінші тобына сол кездегі Моңғолияда тұрып жатқан қандастарымыздың уақытша болса да, нарық қиыншылығына дәл Қазақстандай ұрынбай өмір-тіршіліктерінің пышақ сырты артық тұруы әсер етті. Кері көшкендердің көпшілігі Манғолияда келген ағайындар болды. Ресми емес деректерге сүйенсек, 1996-2000 жылдар аралығында Манғолиядан келген 10 мың ағайын кері көшкен.

Моңғолиядан келген ағайындардың кері көшу себеп салдарын жазушы Мұхтар Мағауиннің «Көші-қон шырғалаңы» мақаласында салиқалы қорытындыланған. Кері көшуге оралмандар емес, ұлттық санасы төмен жергілікті ұсақ шенеуніктер кінәлі екенін нақты дәлелдейді [109].

Бұл тұста да кемістіктің бетін ашып, халықты үкіметтің назарына жеткізуге негізінен қазақ баспасөзі ғана мұрындық болды. Шетелден келіп жатқан қандастарымыздың тұрмыс тіршілігіне, жалпы қазақ диаспорасы, көші-қонды іркіліссіз жалғастыру саласындағы мәселелері өзекті тақырып етіп көтермеген бірде-бір қазақ баспасөзі жоқ десе де болады. Бұл мәселені өзінің басты тақырып етіп ұстанған «Қазақ елі» газетінде де көптеген өзекті мәселе көтерген мақалалар жарияланды. Бұған дәлел ретінде осы газеттің 2001 жылғы №5 санында жарық көрген Қ. Әділдің «Оралмандарда өкпе көп, немесе қолдан жасалған қиыншылықтардан құтылар күні барма?» [110], «Ұлы көшке үкімет мүдделі ме?», Н. Қазыбектің «Қазаққа қауіп қайдан?» (2001 жылы №10) сияқты мақалаларды айтуға болады [111].

Жалпы, оралмандар мәселесіне байланысты проблема, қиыншылықтардың көпшілігі әкімшілік органдарында отырған лауазымды шенеуніктердің бюрократтығынан, қолдан жасалған қиындықтар екенін қоғамдық талқыға салып, халық бұқара алдында кемшіліктің бетін ашу тұрғысында «Қазақ елі» газеті басқа біршама қазақ басылымдарынан белсенділік танытқанын зерттеу нәтижелері көрсетеді. Мысалы, жоғарыда аталған Қ. Әділ «Оралмандарда өкпе көп немесе қолдан жасалған қиыншылықтардан құтылатын, күн бар ма?» [110, 10 б.] сын мақаласында барша осындай кемшіліктердің бетін ашқан. «Мына біздегі қоғамдық өмірде адамдарды бюрократтықтың асқынған ауруы әбден дінкелетіп тұрғаны өтірік емес. Қағазбастылық тұқым қуалап жаңа ХХІ ғасырға да жетті. Осы қағазбастылықтың арасында паракорлық деген пәле таудай болып, шөгіп жатыр», - деп басталған бұл мақалада мысал ретінде Моңғолиядан келген бір оралман азаматтығын алу үшін зіл-батпан, сүп-суық он алты есікті сығалап екі жыл өмірін өткізген. Әрқайсысын қапысыз он шақты рет қағып шыққан. Жуырда оған «жүз доллар берсең - бітіреміз», - деген «жағымды жаңалық» айтыпты құзырлы кеңседегілер. Қуанып кеткен жігіт ағайын аралап, әлгі ақшасын тауып беріп азаматтығын алған. Жинаған қағаздары түкке керегі жоқ екен. «Он алты тесіктен қағаз жинаған азабымды қайтейін» дейді ол күйіп. Осы мақалада атажұртқа бүгінге дейін көшіп келген 184 мың оралманның қазіргі жағдаймен 50,4 мыңы ғана Қазақстан азаматтығын алғандығын ашына жазады. Сонымен 100 мыңнан астам сырттан келген оралман бауырларымыздың азаматтық алалмай жүргеніне 5-6 жыл болғанын сондай-ақ мақалада квотадан тыс өз беттерімен көшіп келгендердің өгей

баланың күйін кешіп жүргенін бұқпантайсыз ашып жазған. Міне, осы мақалада айтылған кемшіліктерге көз жүгіртсек мұның барлығы да шенеуніктердің қолдан жасап отырған, ләбе тілеген жасанды қиыншылығы екенін аңғару қиын емес. Мәселен көшіп келген 184 мың оралманның неге 50,4 мыңы ғана азаматтық алады. Елбасының алдына баратын тізім, қай негізде қаралып, қандай заңға негізделіп жатқаны түсініксіз. Ала-құла деп айырмай-ақ бәріне бірдей жарлық неге шықпайды?

Сол сияқты осы мақаладағы айтқан кемшіліктерге үнілер болсақ, оралмандарды жұмысқа орналастыру мәселесі тым төменгі деңгейде. Көшіп келгендердің арасындағы 87768 адамның қазіргі жағдайда 32 пайызы ғана жұмыспен қамтылған. Оларға да ең негізгі бөгет азаматтығын ала алмағанда.

Қолында Қазақстан азаматы деген жеке бастық куәлігі жоқ адамның жұмыс түгіл, түрлі жеңілдік, тіпті несие алып шағын бизнеспен айналысуға да мүмкіндігі жоқ. Ал шетелдерден өз бетімен квотадан тыс көшіп келген ағайындардың халі бұдан да мүшкіл. Оларға көмек көрсетілмейді. Тіпті басы артық адамдар сияқты. Шын мәнінде үкіметке ауыртпалық түсірмей өз беттерімен көшіп келген ағайындарға ең алдымен қолдау көрсетілуі қажет емес пе. Міне, осылайша қазақ тіліндегі қай басылымды парақтасаңыз да оралмандардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты кемшіліктер туралы сөз қозғаған мақалаларды қиындықсыз таба аласыз.

Осы тұста Республикамыздың бас газеті «Егемен Қазақстаннан», бастап «Қазақ елі», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан». (Соңынан «Көш» газеті) «Жас Алаш», «Жас қазақ», «Ана тілі», «Заң» сияқты басылымдар жүздеген проблемалық, сын материалдар жариялап, көштің тоқтап қалуы мүмкін екенін үкімет құлағына жеткізіп дабыл қақты. (Мұндай сан проблемалық мақалалардың барлығына талдау жасау мүмкін емес. Ал жекелеген басты-басты газеттердің негізгі мақалаларына талдау жасасақ: «Егемен Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 9 қарашадағы санында газеттің ақпарат бөлімі: «Алыста жүрген ағайындар деп аңсарымыз ауып, баспасөз бетінде «оларды құшақ жая қарсы аламыз» деген уәдені үйіп-жазып, шетелдегі қандастарымызды шақырып жатқанымыз рас. Олардың біразы көршілес Моңғолиядан, Қытайдан көшіп келіп, орналасып та жатыр. Алайда оларға жасалып жатқан жағдай қандай? Алыстан ат артып көшіп келіп жатқан ағайындардың елім деп келгенде еңселері түсіп, тауы шағылып тұнжыраған жайлары да кездесуде», - деген алғы сөзбен «Шүйіркелесіп отыру да бір арман», «Заңды тағатсыз күтудеміз», «Қайта қауышқан құшақтар», «Мемлекеттік тұрғыда мән беру қажет» деген төрт материал беріпті [112].

Бірінші мақалаға назар аударып көрейік: Алтай өлкесінен (Ресей) ата мекенге барамын деп аңсап келгендердің бірі мен едім. Орығып келген көңілім елге жеткен соң басылып қалды. Туған жерге келмекші болған ағайындармен арнайы айналысып көші-қонды реттеп отырған ешкім жоқ екен. Ұжымшарларды аралап жүріп жұмыс тауып алдым. Жұмыс болса, үй жоқ, үй болса ыңғайлы жұмыс жоқ дегендей келушілердің әуре сарсаңы көп. Соның салдарынан менімен бірге келген біраз шаңырақ кері қайтып кетті.

Тұрмысымыз өте ауыр, қазір мен де неге келдім, қайдан келдім», - деп өкінемін. «Тағы бір өкініштісі өз елімде жүріп ана тілімде сөйлей алмағаным. Мен Қазақстанда қазақ тілінің халі осындай мүшкіл деп ойламаған едім» деп жазды.

«Заңды тағатсыз күтудеміз» деген мақалада Целиноград облысының Алексеев ауданының Урголанский совхозына келген бір оралман: «Елге барып жырғаймыз нақтылы қазақ боламыз деп жиған тергенімізді шөміштеп шашып тастап, атамекенге аңсап келгенде озғанның орнына тозғанымыз туралы газет арқылы сыр шертеміз деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген еді. Дегенмен де жанға батқан сырды ашына айтуға тура келіп отыр. Көшіп келген елге үй тіккен шай беретін қазақи салт-дәстүрімізден жұрдай болыппыз. Шетелден атамекен деп аңсап келгенде бізге алғашқы айда тұрақты тіркеуге отырмадың деп «ораза ұстатқанша» бір ай азық-түлік беруге неге болмасын? Моңғолияда алатын айлық жалақы мұнда келгенде төмендегендіктен отбасының тіршілігі төмендеді. Моңғолияда курс бітіріп алған автожүргізуші куәлігіміз мұнда қуатсыз болып қалды. Жер ауысқанда мамандық жарамсыз болатын заң бар ма? Немесе шопан мен құрылысшыны ғана шақырған ба? Кеген ауданы Жалаңаш кеңшарында екі бірдей инженер жұмыссыз жүр. Неге? Мені, осының бәріне жазып беретін адам жоқтығы, заң жоқтығы қинады. Мен өз басым үй ішіммен 15500 сом шығарып өз қаржымен көшіп келдім. Мұғалім мамандығы бар әйелім жұмыссыз отыр. Сонда атамекен деп аңсап келгенде көрген жақсылығымыз осы ма? Алдымен шетелден келетін қазақтарға беретін жәрдем, көрсетілетін қамқорлық, қызмет жайы туралы арнайы қаулы шығарып, бір жүйеге келтірмей тұрып атамекендегілердің баспасөз бетіне дабыра қылғанына таңым бар», - деп жазады. Міне, газет бетіндегі бірер мысалдың өзінен-ақ сол кездегі оралмандардың жай-күйі қандай болғанын аңғаруға болады. Әрі оларға бөліп берері болмасада көңіл күйіне демеу болғандар, мұң-зарын біреудің болмаса, біреудің құлағына жеткізіп, септігі тиген қазақ баспасөз екендігі көрініп тұр. Жоғарыдағы оралманның «Арнайы қаулы шығарып, бір жүйеге келтірмей тұрып, атамекендегілердің баспасөз бетінде дабыра қылғанына таңым бар», - дегеннің өзі нені білдіреді? Әрине баспасөздің шетелдегі қандастарымыздың атажұртына көшуіне ықпалы болғаны осыдан-ақ көруге болады.

Көші-қон мәселесіне байланысты мұндай материалды кез-келген қазақ баспасөзінен табуға болады. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1998 жылғы 26 маусымдағы санында Моңғолияның Баян-Өлгей қазақ радиосының бас редакторы Б. Тоқанұлының «Сағындырған елімнің сансыратып қойғаны ай» [113] атты көлемді мақаласында атажұртын аңсап оралған ағайындардың басынан кешіп жатқан қиындықтары жайлы орамды ой қозғайды. «Қазақстандағы мал бағу тәсілі мүлдем өзгеше, қыс бойы қорада болатын ерекше бағым күтім тілейтін миренос қойды дұрыс баға алмай әуре-сарсаңға түскенін естідік. Өмірінде мал шетіне шығып көрмеген жұмысшылар, ядролық физика инженері, ұшқыш, дәрігер, мұғалім, экономист, есепші дегендей әртүрлі мамандық иесі-зиялы қауымға мал баққызу ақылға сыймайтын іс еді. Осындай келеңсіздіктерге Қазақстанның ауылдық жерінде нарық қиыншылығынан

малшыларға уақытында еңбекақы, зейнетақы төлей алмау салдарынан тіршіліктің күрт төмендеуі келіп қосылды да, көшіп барушылар торығуға ұшырап, кейін қалған ағайындарына «байқастандар, әліптің аяғын бағындар» деген сәлем жолдаумен болды [113, 3 б.].

Сондықтан 1995 жылдан бастап көші-қон екіні бәсеңдеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен көші-қон квотасының саны небәрі 5000 отбасына ғана белгіленді. Тіпті Қазақстанға көшіп барған біраз отбасы кері көшті. Дегенменде заман мүмкіндігіне сай көш өз жалғасын тауып, алға жылжи бермек. Ұлт бірлігінің артықшылығын сезінген Қазақстанның болашағына сенген ағайын-туысқанның көпшілігі атажұртта орын теуіп қалған туыстары әлі де көшуге әзір отыр деп жазады.

Бұл мақалада «қаншама қазағым, өз ұлтым» дегенмен жат ортаға барып бірден біте қайнасып кету мүмкін емес. Өмір бойы бірге өскен, біте қайнаған ағайын жекжат, құда-қудандал, дос-жаранмен араласып-құраласып, қауқылдасып бір қауышуға зар болу олардың көңіл-күйін құлазытып, артынан келген ағайын туысын іздеп облыстан-облысқа, ауданнан-ауданға ары-бері көшуге итермелейді. Бұл ретте көшіп барғандардың барлығын бір жерге шоғырландырып бір жерден орын беруге Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі екендігі барлығымызға түсінікті. Бірақ бір облыстағылардың арасы жақын бірнеше аудандарға шоғырландыруға неге болмасын? Осы мәселе сөз бола қалса мұны рушылдық, жерлестік көзқарасқа балап, ататонын ала қашатындар да, «басы ауырмағанның құдаймен не ісі бардың» кебін киіп, шеттен келгендердің жан дүниесін түсінбейтін шешуліктер де көп. Жоқ, олардың рушылдық қай теңі. Олар жат ортада кімнің басын жарып, көзін шығармақ. Сондықтан көшіп барушыларды мүмкіндігіне қарай барлығын болмаса да бір әулеттің 10-20 жанұясын бір-біріне жақын орналастырса, оларға беріліп жатқан материалдық көмектен де артық әсер етері қақ», -деп мәселе көтереді.

Жалпы көшіп келген оралмандар үшін материалдық көмектен де психологиялық көмектің қажет екенін басынан кешпегендер түсіне бермейтін болу керек. Өйтсе бұл мақала осындай адамның жеке басының психологиясына үңілуімен ерекшеленеді. Зерттеу, саралау барысында мұндай оралмандардың жан дүниесіне үңілген мақала кездестіргеніміз жоқ. Мақалаға көтерілген шетелден келген оралман қандастарымызды мүмкіндігінше шоғырландыру, жақын орналастыру мәселесі үкіметтің деңгейінде соңғы жылдары қолға алына бастады. Бұл да баспасөз құралдарының көптеген мәселесінің белгілі дәрежеде іске асып жатқандығын көрсетеді.

Соңғы жылдары оралмандарды шоғырландырып бір ортадан жер тілімін беру мәселесі Алматы, Астана, Павлодар сияқты еліміздің ірі, әрі оралмандар көп қоныстанған қалаларында жүзеге аса бастады. Мәселен, Алматы қаласында оралмандардың «Асар» қоғамдық бірлестігінің мұрындық болуымен «Бай-өлке» ықшам ауданын ұйымдастыруға қала әкімшілігінен арнайы жер телімі бөлініп, шетелдерден келген оралман қандастарымыз баспана тұрғыза бастаса, Астана қаласында оралмандар көптеп орналасқан Қоянды ауылына да назар аударылып, жол, жылу, жарық, су жеткізіліп оралмандардың шоғырлануына



мүмкіндік туды. Сол сияқты мұндай бастама Павлодар қаласында да орын алғаны, оралмандарға арнайы жер телімін бір жерден беріле бастағанын баспасөз беттерінде қаралды.

Сондай-ақ Ақмола облысында Степногорск қаласын қайта жабдықтап, ондағы өндіріс құрылыс жұмысына оралман ағайындарды кеңінен тартуы да дәлел бола алады. Ал, Шымкент қаласының шетінен оралмандарға арналған ықшам аудан ұйымдастырылып, жеке меншік компаниялардың есебінен жылыжайларымен қоса осы заманғы тұрғын үйлер салып, ең арзан несиemen 15-20 жылмен жалға беру шарасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жоғары бағалап, бұл бастаманы барлық обылыстарда жүзеге асыру тапсырмасын берді [114]. Қазіргі көптеген облыс бұл бастаманы іске асыра бастағаны оралмандарды бір орталыққа шоғырландыру жөніндегі баспасөздің көтерген мәселесінің іске асып жатқанын дәлелдеді. Әрі бұл бастама «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында жалғасын тапты.

Көші-қон, оралмандар мәселесін насихаттауда қазақ баспасөзінің тағы бір жетістігі осы саланы дербес қарастыратын «Көш» атты қоғамдық газеттің өмірге келуі болды. Әрине, оралмандар мәселесі көпшілік қазақ басылымдарының негізгі тақырыбына, басты нысанасына айналса да, бұл газеттердің қай-қайсысы да осы бір маңызды мәселені тұрақты түрде егжей-тегжей жазу мүмкін емес екені белгілі. Өйткені әрбір басылымның өзінің бағыт-бағдары, ұстанымы, міндет, мақсаты бар. Сол бағытқа басымдық беруі заңдылық. Сондықтан да мемлекеттік мәні бар, әлі толық шешімін таппаған аса күрделі, шуы көп мәселе алыстағы ағайындардың атажұртқа оралуына байланысты туындаған қоғамдық саяси сан алуан мәселелерді негізгі бағыты ретінде ту етіп көтеріп, бүге - шігесіне дейін, егжей-тегжейлі жазу мақсатын алға қойған дербес басылымның рөлі зор. Бұл қажеттікті еліміздегі қоғамдық-саяси өмірі өзі талап етті. Өйткені, демократиялық қоғамның әлем мойындаған қағидаларының бірі баспасөз еркіндігі болғандықтан бұл іс мемлекет тарапына емес, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың тарапынан жүзеге асты. Басқаша айтқанда, қоғамның бұл сұранысын «Асар» деген атпен 2001 жылдан бастап Моңғолиядан келген қандастарымыздың зиялы қауымы өз мүдделерін қорғау, оралмандар жөніндегі мемлекеттік саясатқа қолдау көрсету мақсатында құрылған мемлекеттік емес ұйым өз қолына алды. Олар дүние жүзі қазақтар қауымдастығы сияқты осы бағыттағы басқа да ұйым мекемелердің қолдау көмегін ала отырып, қол жеткізді. Сөйтіп «Ұлы көштің» қызған шағы 2001 жылдан бастап еларалық ақпаратты басылым «Көш» газетін өмірге әкелді. (Бірінші саны 2001 жыл наурыздың 17 жұлдызында жарық көрді). Бұл Қазақстан Республикасында шетелдердегі қазақ диаспорасы, көші-қон, оралмандардың хал-ахуалы қоғамдық маңызы бар, ауқымды да, күрделі мәселе болып қалыптасқанын көрсетеді.

Бұл ретте 1991 жылдардың басынан өріс алған шетелдегі қандастарымыздың атажұртына қайта оралу мәселесі төңірегінде соңғы жылдары көптеген келеңсіздіктер орын алып, келген ағайындардың құқы өрескел бұзылып (ең бергі жағы Қазақстан азаматтығын ала алмай 5-6 жыл

жүруі, бұрынғыдай оралмандарды жерінен барып көлікпен көшіріп алудың орнына өз беттерімен келгендерді ғана қабылдауы т.б.) көптеген мәселелер туындады газеттің өмірге келуіне түрткі, негізгі себеп болды десе де болады.

Жазушы Ж. Шалұлы «Көш көлікті, жұрт жұрағатты болсын десек» [115] мақаласында оралмандарды тұрақтандырудың, тіршілігін орамды болдырудың жолдарына тоқталған, мәселе көтерген. «Оралмандардың орналасамын деген жеріне көңіл жықпай, қол тартпай қалауы бойынша орналастыру. Сонда үйін салып жұмыспен айналысуын қамтамасыз етіп, өміріне қолайлы жағдай туғызудың жалғыз тетігі жер телімін беру. Бүгінгі оралмандардың күн тәртібіндегі негізгі мәселе осыған келіп тіреліп тұр. Айталық, үкіметте бұрынғыдай үй салып бермейтін болды. Квотаға қарамай өз бетімен келушілер одан да көп Үкіметтен беріліп жатқан көмек олардың тұрмыс-тіршілігін ары қарай алып жүруге және бала-шағасын оқытуға қазіргі заман талабына сай кіші және орта бизнеспен айналысуына мүмкіндік туғыза алмайды» деп жазады. Бұл мақаладағы оралмандарға үй салуға, шаруашалық жүргізуге айқын көрсетілгенімен қайда да шенеуліктердің бюрократтығы салдарынан орындалмай отырған дүние болғандықтан барлық баспасөздің көп айтып, жазып жүрген тақырыбы. Оралмандардың көкейіндегі ойы. Бұл мақалада Жамлиха Шалұлы бұл кемшіліктің орнын толтыру үшін оралмандардың қоныстану орнын өз еркімен таңдаудың, ағайын-туыстардың бірге болып, бірлесіп еңбек етуінің тетігі ретінде қарастырады. Сондай-ақ оралмандардың мүддесін қорғайтын, нақты іс шара, шаруа ұйымдастыратын оралмандардың қоғамдық ұйымын молайту керек екендігіне тоқталады.

Бұл тұрғыда Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен парламент жаңа заң қабылдауға қамданып жатқан шақта жазылған бұл мақала қоғамдық саясатқа дәл уақытында үн қосып, мемлекеттік саясатты қолдаумен ерекше. Амантай Әлімханұлының (Республикалық оралмандардың «Асар» қоғамдық бірлестігінің Павлодар бөлімінің төрағасы) «Қазаққа жер жеткенімен ел жетпейді немесе шаңырақ биік, іргеміз мықты болсын десек» [116] атты көлемді мақаласында осы облыстағы оралмандар мәселесіне қатысты шешімін таппай отырған күрделі мәселелер жұмыссыздық, тұрғын үй, көші-қон заңының осал тұстары, жүзеге асыру саласындағы кемшілік, мемлекеттік мекемелердегі орыс тілінің үстемдігінен тіл білмейтін оралмандардың шегіп отырған зардабы оралмандарды орналастыру мәселесіндегі келеңсіздіктер тақырыпшаларға бөлініп, егжей-тегжейлі баяндалады. Мақалада дүние жүзі қазақтарының III құрылтайындағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атап көрсеткендей шетелден өз күштерімен квотасыз көшіп келіп тіршілігін түзеуге бел байлаған азаматтарға ерекше қолдау көмек көрсету үшін бюджеттен арнайы қаржы бөлу қажеттігін, сондай-ақ Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан 2300-ге жуық тақыр кедей отбасы атамекенге жетуді армандаумен отырғанын, оларға қалталы азаматтар қол ұшын берсе деген тілегін де айтады. Бұл мақаланың ерекшелігі Павлодар облысына қоныс аударған оралмандардың өмір тіршілігіне қатысты өзекті мәселелер кешенді түрде көрініс тапқан. Мақалада оралмандардың «Асар» қоғамдық бірлестігінің осы келеңсіздіктердің орнын толтыру, түзету

тұрғысында атқарылып жатқан шаралары өзге облыстарға үлгі боларлықтай. Бір ғана Павлодар қаласына 500 ге жуық оралманды орналастыруға осы қоғам мұрындық болған. Олардың көпшілігі басында үй жоқ жас отаулар. Оларға Павлодар қаласымен Кенжекөл ауылынан 110 отбасына үй салуға арнап жер телімін беруге қала әкімшілігіне мәселе қойып, шештірген.

Баспасөз беттеріндегі оралмандар мәселесін қозғаған әрбір екі материалдардың бірінде үй салатын жер телімін (әсіресе үлкен қалалардан ) беруді көтеріп жатады. Бірақ көптеген облыстарда оралмандардың қалаға орналасуына осы жер телімі бөгет боп отырғаны өмір шындығы. Осы тұрғыда Амантай Әлімханның айтқанындай «Асар» қоғамдық бірлестігі жұмысын барлық облыстарда жалғастырса мәселе оңтайлы шешілетіндігі анық. Көші-қонның тоқырауына байланысты мемлекетте 2004 жылдан бастап жаңа шаралар белгіленді. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен көші-қон квотасы 10000 отбасына белгіленді.

«Көш» газеті көтерген оралмандардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сын мақалалардың ішінде Виктория Тюленованың дайындауы бойынша берілген «Артық адамдар немесе өз еліндегі өгейлер туралы» [98, 5 б.]. атты мақаланы ең өткір жазылған сын екенін атап өтуді жөн көрдік. Мақала Ауғанстан, Ирак, Пәкістаннан квота бойынша көшіп келіп Түркістан ауданы «Достық» кеңшарына орналасқан қандастарымыздың жұпыны тірлігінен сыр шерткен. Мақала «Шағатын шаяны бар кеңшар», «Су, су, су», «Бір әйел үйінде босанды», «Нанды несіне алады?», «Ақы сұрайтын қызметкерлер», «Таудай уәде», «Балабақшадағы байғұстар», «Кенжебай әлі күтуде» деген 8 тақырыпша бойынша толық бір бетке берілген. Әр тақырыптың өзі айтып тұрғандай мұндағы оралмандар нағыз ауыр тұрмыс кешіп жатқанына куә болып қабырғаңыз қайысады. Олар әуелі квота бойынша Қарағанды, Қостанай облыстарына жіберілген. Бірақ, барған жерлерінде жол және жүк жеткізген қаражаттарынан өзге ешбір көмек берілмеген, квоталарын ала алмаған. Жылы жақтан келген оралмандар қыста жан бағатын мүмкіндік жоқ болғандықтан қайтадан оңтүстікке үдере көшіп, осы Достық кеңшарын паналағандар. Енді мақала жолынан үзінді келтірейік. «Оралмандарға берген үйлері осыдан 12 жыл бұрын жарамсыз болып қалған үйлер. Күрделі жөндеуден өтпеген. Кейбіреулердің өздері балшықтан күрке тұрғызып алғандардың баспанасының басып қалу қаупі бар. Барлығы да бала-шағалы. Балалары да ер жетіп үйлі-боранды болған. Үйсіздіктің кесірінен олар да әке-шешелерімен бірге тұрып келеді. Екі бөлмелі кішкентай үйде 18 адам тұрады. Қарттар, балалар, ерлі-зайыптылар, жасөспірімдер және т.б.»

«Жалпы халық жадау, еңселері түсіп кеткен, шаршаған, селқос, ешкімге де, ешнәрсеге де үміттенбейді. Киімдерді де жұпыны ескі-құсқы, етіктері тозған, қыс киімдерін жазда да іліп сүлдері жүргендері де кездеседі. Мүгедектік анықтамасын алмаған мүгедектер де көп», «Түркістан қаласы әкімшілігінің еңбекпен қамту және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім қызметкерлері олардың мәселесін шешу үшін ақысына ақша сұрайды» [117]. Міне, осылайша сан түрлі адам төзгісіз кемшіліктерді санамалап берген. Қазақ

басылымдарындағы оралмандар мәселесіне қатысты дабыл қағып, мәселе көтерген сын мақалаларды сараптағанымызда кемшілікті дәл осы мақаладай толық айқындап, жеріне жеткізе батыл жазған мақала кездестірген жоқпыз.

Газеттің дәл осы көлемді материалмен қоса берген Зарема Әшімованың «Маған мұндай Отанның қажеті қанша?» деген шағын материалының тақырыбының өзін оқығанда жүрегіңіз зырқ ете қалады. «Түркиядан көшіп келген оралмандар келгеніне апта толмай жатып-ақ, бекер көшіппіз», - деп өкінетіндерін білдіреді. Мариям Екеже – Шымкент қаласына мемлекеттік квотамен келгендердің бірі. Ол бұған дейін Стамбулдың Қазақ кентінде тұрған. Атамекенге деген сағынышы оны өмір сүріп отырған жерінен қозғаған. Ұшақтан түсе салысымен бақыттан басы айналып, жылап, туған жерінің топырағын сүйген еді. Алайда, оның көңілі су сепкендей басылып, енді өкінішке ауысыпты. Мен Түркиядан өзімнің екі қабатты үйімді қалдырдым. Ал, мұнда маған түкке тұрғысыз тиын тебен берді. Ол қаржы ешқандай баспана сатып алуға жетпейді. Баспана тұрғызуға жер де бермеді. Егер осылай жалғаса берсе қайтып кетемін. Онда балам мен келінім әлі де менің үйімде тұрып жатыр дейді. Қазір Мариям Екеже Шымкенттің орталығында пәтер жалдап тұрып жатыр. Әрі қарай не істерін әлі шешкен жоқ. Облыстық көші-қон және демография басқармасындағылар «оралмандардың жақсы тірлік етуі мемлекеттің ісі дегенмен, олардың жаңа өмір жасауға өздері де қадам жасау керек» деген пікірде деп жазады. Бірақ, болмағанда баспана ала алмай, тіпті үй салуға жер телімін ала алмай сандалып жүрген қиындығына қабырғаңыз қайысады. Мұндай сын мақалалар «Көш» газетінің әр жылғы сандарынан табылады. Сондықтан «Көш» газеті оралмандардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты нақты сын өрбіте білген, әрі шынайы болмысты бүкпей, өткір ашық жазып келе жатқан бірден-бір қазақ басылымы деуге болады.

Осы тұста қандастарымыздың көріп отырған қиыншылықтары жайлы құнды да, әрі шенеуніктердің қытығына тиер сын материалдарды «Жас Алаш» газетінен де көптеп кездестіруге болады. Алмас Сақбаевтың «Оралмандар үшін жаңаша саясат керек немесе оралмандар туралы ұсыныстарды біздің билік органдарымыз неге қабылдамайды», «Үкімет 50 мың оралманға жұмыс тауып бере ала ма?» [118], Жүсіп Әлқожаның «Оралмандар зейнетақысы неге төмен?» сияқты бір қатар мақалаларын тізуге болады [119].

Оралмандардың әлеуметтік мәселесіне қатысты мұндай кемшіліктер тек Қытайдан, Моңғолиядан келгендердің басында ғана болған жоқ. Елімізге сырттан келген ағайындардың басым бөлігін құрайтын Өзбекстаннан келген қандастарымыздың тіршілігіне де тән. Газетте жарияланған «Елім - деп келген оралмандарды кім ескереді?» атты мақалада: «Ұлжан апайдың Қазақстанға көшіп келгеніне үш жылдың жүзі болды. Өзбекстанның Бостан қаласынан көшіп келген бұл отбасы мұнша қиыншылықты Өзбекстанда да көрмеген сияқты. Құдай қосқан қосағы екеуі бес бала өсіріп, тәрбиелеген. Тұратын үйлері-екі бөлмелі лашық. Осы лашықты салудың өзі оңайға түспеген. 6 сотық жерді 2007 жылы 7 мың АҚШ долларына сатып алған оралмандар бұл күнде жұрттың біріне қолжетімді болған электр қуаты мен газ жүйесін қойып, ауыз

судың өзіне зәру болып отыр», деп жазады Дана Есқұлова. Міне, осылайша баспасөз бетінен оралмандардың әлеуметтік мәселелеріне қатысты орын алған кемшіліктері туралы мысалды көптеп келтіруге болады. Мәселе, олардың атын тізуде емес, затын сараптауда екені белгілі. Осы тұрғыда оралмандарға қатысты қандай кемшіліктердің бетін ашқанын анықтап көрелік.

«Оралмандар үшін жаңаша саясат керек» [120], атты мақалада өзекті мәселе көтеріп, шет елдерден келген оралман ағайындарға саяси қуғын-сүргін көріп Отанынан қуылған немесе шетелге қашуға мәжбүр болған репрессия құрбандарының ұрпақтары деген мәртебе берсе, түрлі төлемақы берілсе келушілердің саны бұдан да молайтылып, оларға қамқорлық көрсету бүгінгідей тек көші-қон басқарма комитеті ғана емес жергілікті әкімшілік және құқық қорғау ұйымдары мойнына алатынын айтады. Кезінде еліміздің тәуелсіздігіне қатысты заң, қаулылар бекітілген кезде ғалым Сабыр Қасымов Қазақстан үшін оралмандар мәселесінің маңыздылығын ескере отырып әр жылғы бюджеттің бір пайызын тұрақты бөліп отырсақ оралмандарға жетіп жатыр [61, 2 б.] деген пікір ұсынған. Бірақ бұл ұсыныстың үкімет, мемлекет тарапынан қолдау таппай отырғанын айтады.

Мақаланың құндылығын мына бір мысалдан көруге болады. Автор «50-жылдардағы тың игеру кезінде Қазақстанға келемін деген әр орыс отбасына түрлі жеңілдіктерден сырт 13 мың рубльден баспана үшін таратылған еді. Ол дегенің бір адамның өмірлік табысына тең болатын. Иә, ол көші-қонда КСРО ерекше жомарт болды. Ал сонда қуылған, қырылған қазақтардың ұрпағы бүгін елге ораламын десе, Қазақстан үкіметі «Шық бермес шығайбай» деңіз. 35 пайыз қазаққа бюджеттің бір пайызын бөл десе шық ете қалады» деп орынды, ойлы тұжырым жасады.

Сондай-ақ 1997 жылғы мәжіліс депутаты Әкім Ысқақтың көші-қонды үйлестіретін жоғары орган құру және мемлекеттен тыс арнайы қор құру ұсынысының өтпей қалғаны да шетелдерден келетін оралман қандастарымыздың тұрмыс тіршілігін жақсартуға байланысты шараның жеткіліксіздігінің негізгі себептердің бірі екенін тілге тиек етеді. 2001 жылдың күзінде оралман балаларын оқыту туралы мәселенің ушыққанын Қазақстанға оқуға, (әрине, біржолата қалып қызмет етуге) келген балалардың баратын жер таппай көшеде қалуын, 5 миллион қазақ диаспорасына білім алу үшін небәрі 394 грант бөлгенін сынға алады [57, 21 б.].

«Дұрыс емес, Әділетті емес. Бұл халқымыздың 35 пайызын құрайтын шетте жүрген қандастарға беріліп отырған сан ғой. Олар алыс елдерден шашылып, шабылып отанына келеді. Төлемді оқу орындарына түсе алмайды. Осындай 18-20-ның арасындағы ұлдар мен қыздардың азаматтықтары, жұмыстары, үйлері жоқ. Ешкім оларға көмектесуге асықпайды. Орыс тілін білмейтін олар біздің заңдармен өзін-өзі қорғай алмайды. Оқуға өтініш білдіргендердің саны 1000-ға жуық еді.

Бұл мәселені әр сала өз мүмкіндігінше көтеріп бақты. БАҚ-тар жазып жатты, әрі мұндағы барлық сандық көрсеткіштерді алдын-ала байланысқа шығып, депутат Шерхан Мұртазаға жібердік дей келе бұл істен нақты толық

нәтижеге шықпағанын жазады. Оралмандардың әлеуметтік мәселесін көтерген мақалаларда Қазақстан азаматтығын қабылдауға өтініш білдірген соң квотасын дереу алу қажет. Егер квотасын ала алмай кезек күтіп жүргенде азаматтық жөніндегі Президент жарлығы шығып кетсе, квотадан құр қалатыны әділетсіздік екенін, тіпті квота алмаған күннің өзінде азаматтыққа қабылдана сала оралман мәртебесінен айырылып, түрлі жеңілдіктерден айырылатыны әділдік еместігін, сондай-ақ оралмандардың көшіп келген соң баспана тауып алып, оны заңдастырып болғанша қайда тіркелетінін білмей сандалатыны, тіркеуде жоқ болса квота, басқа да түрлі әлеуметтік жеңілдік ала алмайтыны айтылады.

Оралмандар мәселесіне орталықтан шығатын қазақ баспасөздері, соның ішінде «Егемен Қазақстан» газетінен кейін көп орын беріп, жиі насихаттауды басым бағыт ретінде ұстануда облыстық газеттердің ролі зор. Өйткені, облыстық газеттер сол облыстық әкімдігінің ұйымдастырып отырған сан-салалы шараларын, мемлекет саясатын тұрақты насихаттап тұру мақсатындағы тендерді жеңіп алып, тікелей қызмет көрсететіндігімен ерекшеленеді. Оралмандар мәселесін жергілікті жерде тікелей ұйымдастыру облыстық әкімдікке, оған қарасты көші-қон комитетінің облыстық департаменттеріне жүктелгендіктен, облыстық газеттер, мемлекеттік іс-шаралардың құрамдас бөлігі ретінде қарады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылып жатқан шетелдердегі қандастарымызды атажұртына шақыру, сол арқылы халқымыздың ұлттық бірлігін нығайту, байырғы халық санының басымдығына қол жеткізу, сондай-ақ еліміздің жұмыс күшін толықтыру мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болғандықтан, оралмандар мәселесін көтеру облыстық газеттердің басты міндеті болды. Республика көлеміндегі қай облыстың болмасын газеттерін парақтасаңыз көші-қон проблемалары, оралмандар мәселесіне байланысты материалдардан кем де кем емес екендігін аңғарамыз. Осы бағытты ұстанып көші-қон мәселесі тұрақты насихаттап келе жатқан облыстық газеттердің бірі - Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті екендігіне зерттеу барысында көз жеткіздік. Әрі зерттеу жұмысын осы ортадан жүргізіп отырғандықтан, газеттің көп жылғы сандарын мұқият саралау мүмкіндігінің молдығына байланысты әдейі таңдап алынды. Облыстық «Дидар» газеті көші-қон, оралмандар мәселесін мемлекеттік сипат алған алғашқы жылдардан бастап, тұрақты, әрі жүйелі түрде, үздіксіз насихаттап келеді.

2008 жылға дейін аптасына екі-ақ рет шығатын жылына 52 саны оқырман қолына тиетін бұл газеттің 18 жылғы санын парақтап көргенімізде осы мәселеге қатысты айына 2-3 материал, дүние жүзі қазақтары құрылтайлары өтетін қарсаңда, әр құрылтай өткен соң форумнан қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға қатысты ай сайын 4-5 материал жарияланып келген. Жарияланған материалдардың ауқымды бөлігі көшіп келген оралмандардың тыныс-тіршілігі, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін қайта жаңартуға, еңбек күшін толықтыруға қосып отырған үлестері жайлы болып келеді [121].

Өйткені Шығыс Қазақстан облысы шетелдегі қандастарымыздың ең көп бөлігі шоғырланған Қытай Халық Республикасының Шыңжан автономиялық ауданымен тікелей шекаралас, Моңғолия қазақтарының көбі өмір сүретін Баян-Өлгей аймағына да ең жақын орналасқан облыс ретінде осы жылдары бұл облысқа келетін оралмандар легі толастаған емес. 1991 жылы Ұлы Көшті бастаған Моңғолиялық оралмандардың басым бөлігі Семей, Өскемен өңіріне қоныстанса, соңғы жылдары Қытай Халық Республикасынан келетін оралмандар саны күрт өскен. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек Қытай Халық Республикасынан Шығыс Қазақстан (облысына 2003 жылы, 2004 жылы, 2005-те, 2006-да, 2007-де, 2008-жылы оралман қоныс аударды.) Олардың көпшілігі облыстың қазақтар көп тұратын аудандары Зайсан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім, Көкпекті, Ұлан, Жарма аудандарына қоныс тебуге. Тіпті соңғы жылдары орыстар көп тұратын Шемонайха, Бородулиха, Зырян, Глубокое аудандарына да оралман отбасылары қоныстана бастағаны байқалды.

Газеттің әр жылдағы сандарын саралағанымызда оралмандар тақырыбындағы жазылған дүниелер жанры жағынан сан алуан екендігі аңғарылады. Әсіресе, жаңа көшіп келген ағайындарға мемлекет тарапынан, жергілікті басшылықтан, көпшіліктен көрсетіліп отырған қамқорлық жайлы «Елге ел қосылса құт» айдарындағы материалдар басым көпшілігі болып табылады. Ал, «атажұртым» деп аңсап келген ағайынға көмек қолын созбай немқұрайлы қараған басшылық тұрғысындағы кемшіліктер жайлы жазылған материалдар екінші орында тұ [122].

Тек, 2008 жылы көші-қон, оралмандар тақырыбына қатысты «Дидар» газетіне барлығы 25 материал жарияланған, оның оншақтысы оралмандардың тыныс-тіршілігі, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында өнімді еңбек етіп жатқан ағайындардың табыс жетістіктері жайлы жазылған. Ағайындардың жаңа ортаға тез бейімделіп, еңбекқорлығымен жергілікті халыққа үлгі көрсетіп отырғандығы жайлы Күршімдегі меншікті тілші Хасен Закарияның «Ағайын тату болса» (№50-51), «Гүлназдың шеберханасы» (№16 2-желтоқсан). Үржарлық меншікті тілші Бейсенғазы Ұлықбектің «Іскер азамат» (18-қараша) сияқты мақалалары арнайы суреттермен, берілген. Тілі жаттық көркемдігі жоғары көлемді материалдар.

«Дидар» газетінің оралмандар мәселесін күн тәртібінен түсірмей, газеттің әрбір төртінші санына бір материал жариялап келгені сан жағынан азырқанарлық дүние емес. Әсіресе оралмандардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты материалдар жеткілікті насихатталған. Басқаша айтқанда басшылықтың ұйымдастырған шараларын насихаттап, басшылықтың қолайына жағатын ағымдағы материалдар негізгі тақырыпқа айналған. Алайда, газетінің бір жылғы санына жарияланған материалдарды сараптағанда газет бетінен сын материалдардың орнының ойсырап тұруы басты кемшілік деп санауға болады.

Жалпы, «Дидар» газетіне бір ғана сын материал жарияланған. «Оралмандарға кім көмектеседі?» [100, 2 б.]. Бұл материалда Глубокое ауданы Мало-Ульбинка ауылына қоныстанған 112 адамның (отбасы санын көрсетпеген) басына келіп жатқан қиындықтары, атап айтқанда ауылда мектеп

жоқтығы, жер алуда құжат жинаудың әлегі, орыс тілін және кириллица қарпін білмейтіндіктен жұмысқа орналаса алмайтыны, тіпті, Қытайда оқыған тракторист, слесарь сияқты мамандықтарының куәлігі мұнда жарамсыз болып табылатыны сөз болады. Міне, бір жылда бір ауыл тұрғындары жайлы жазылған жалғыз сын мақалаға көз тастасақ ондаған кемшілікті көресіз. Әрі мұндай кемшілік тек Мало-Ульбинка ауылында орналасқан оралмандарға тән емес екендігі айдан анық дүние. Барлық ауылдарға келген оралмандар осындай күй кешіп жатса да, облыстық баспасөз беттерінен көрініс таппауы сынның жабық екендігін көрсетеді

Жалпы, кемшілік туралы жергілікті баспасөз беттерінде сынның тым сирек жазылуы «Дидар» ғана емес облыстық барлық газеттерге тән кемшілік деуге болады. «Дидар» газетінің бір жылдық санын сараптағанда байқалған тағы бір кемшілік - өмірде көріп жүргеніміздей оралмандарға Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін заң бойынша көрсетілетін қолдау-көмек, жеңілдіктерге құзырлы мемлекеттік түрлі органдардың мән бермей отырғандығын ашып көрсету мәселесі. Мысалы: түрлі жеңілдікпен үй салатын, шаруашылық жүргізетін жер телімін алу, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу, балаларын жеңілдікпен оқыту, сияқты түрлі қолдау-көмектер алу «Халықтың көші-қоны туралы» заңында көрсетілгенімен басқа жерлердегі сияқты Шығыс Қазақстанның құзырлы органдары да көз жұмушылықпен қарап келеді. Ал, облыстың көші-қон департаменті оралмандарға бір ретке көшіп-қону квотасын беруден өзге көмек жасауға қауқарсыз [123].

Бұл ретте барлық жерде оралмандар мәселесіне тек көші-қон департаменті ғана жауапты деген ұғым қалыптасып, облыстық, аудандық әкімдікке қарасты мемлекеттік органдардың мән бермейтіні жалпылама сипатталып отырғанын баспасөз ұйымдары ашып көрсете алмай келе жатқанын айта кеткен жөн.

Мұның сыртында Көші-қон жөніндегі Елбасының тапсырмасы, мемлекет саясаты барлық жерде мүлтіксіз жүзеге асып жатыр деуге ешбір негіз жоқ екені өмір шындығы. Соның ішінде көзбен көріп, құлақпен естіп жүргеніміздей Шығыс Қазақстан өңірінде де оралмандар өміріне қатысты кемшіліктер шаш етекпен. Атап айтсақ, ең басты кемшілік оралмандардың Қазақстан азаматтығын алу үшін құжат жинаудағы қағазбастылық. Алды үш жылға дейін құжаттарын өткізе алмай, өткізсе азаматтыққа өткен жайлы жауабын ала-алмай сергелдеңге түсіп жүрген оралмандар аз емес. Соңғы жылдары азаматтыққа қабылдану үшін әуелі кезекте ықтияр хатқа тапсырған құжатты ішкі, сыртқы істер басқармалары, қауіпсіздік комитеті қатарлы төрт мекеме екі ай бойы тексеруге тиіс. Бұл екі ай тек заңда көрсетілген мерзім, ал өмірде 3-4 айсыз ықтияр хатты алуға оралмандардың қолы жетпейді. Сол сияқты Қазақстанға қоныс аударған оралмандардың басындағы ең қиыншылық-үй кітапшасына тіркелу. Өзге елден көшіп келген ағайындардың алдынан күтіп алып, қамқорлық жасайтын туыс туғаны көбінде жоқ екені белгілі. Ал азаматтыққа құжат өткізу үшін бір мекенжайда тұрақты тіркеуде болуға тиіс. Нақтырақ айтқанда белгілі бір отбасының үй кітапшасына тіркелулері қажет. Ауылдық жерлерде көпшілік отбасы әлеуметтік жәрдемақы (атаулы көмек, балаларға



берілетін түрлі жәрдемақы) алатындықтан құжат жинау кезінде кесірі тиеді деп көріп, үй кітапшасына басқаларды тіркеуден бас тартады. Осыдан барып, шетелден көшіп келген ағайын-туысы, тамыр-танысы жоқ ағайындар тұрақты тіркеуге тұра алмай, көп жағдайда әлде кімдерге ақы төлеп тіркеуге тұрады. Қауқарсыз келген ағайындардың бөлігі мамандығы бойынша, тіпті қарапайым дене еңбегі көп табылатын қалалы жерлерге орналасқысы келеді. Алайда қаладағы пәтер үйлерде тұратындар жан басына шағып төлейтін судың, жылудың, тағы басқа төлемдерінен болып үй кітапшасына тіркеуден бас тартады. Мұны облыс көлеміне көшіп келіп жатқандардан Өскемен қаласына тұруға тұрақты тіркелген оралманның саусақпен санарлық екені айғақтайды. Қазақтардың саны азшылық болып келетін. Өскемен қаласына оралмандарды көптеп қоныстандыруға мүмкіндік туғызу еліміздің ұлттық саясатының құрамдас бөлігі екенін ескерсек, бұл «Дидар» газетінің көтерер басты мәселесінің бірі болуға тиіс еді.

Ал орталықтан шығатын қазақ басылымдары облыстық газеттермен салыстыруға мүлдем келмейді десе де болады. Өйткені оларда келген оралман қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі жақсылық жақтары, әсіресе, олардың еліміздің дамуына иненің жасуындай болса да қосып жатқан үлестерін насихаттаудан гөрі оралмандардың тұрмысындағы түйткілдер, келеңсіздіктерге байланысты сын материалдар, шешімін таппаған өзекті мәселелер көбірек берілетіндігімен ерекше. Орталық басылымдардағы тағы бір ерекшелік бір газеттегі оралмандар өміріне байланысты сөз болған кемістік көтерілген мәселе көп жағдайда өзге газетте қайталанбаған. Бұл бір жағы газеттердің бірін-бірі қайталамайтын, таптуырын болған жайдан қашатын талғампаздығын көрсетсе, екінші жағы оралмандардың көріп жатқан қиыншылық мәселелері айтып таусылмастай көп, шаш етекпен екендігін аңғартса керек.

Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы баспасөз беттерінде көтерілуін қорыта келсек, оралмандардың әлеуметтік мәселесіне қатысты туындаған сын, мәселелердің себеп-салдары ретінде төмендегі мәселелерді қарастыруға болады: Ұйымдасқан түрде келісім шартпен көшіп келген ағайындарды қабылдап алып жатқан кеңшарлардың өзі нарықтық қоғамның өтпелі кезеңде өздері бірінен соң бірі банкротқа ұшырап, кеңшарлар ұжым ретінде аяғынан тұра алмай, тарай бастады. Кеңшардың мың-мыңдаған малы мен қазына мүлкі, соның ішінде ауыл шаруашылығы машина, техникалары ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде кетті. Малдың құны көк тиынға татымай қалды. Ақша, еңбекақы мүлдем жоқ. Кешегі көшіп келген ағайындар қараусыз, қамқорлықсыз далада қалды.

Шетелдегі тілек білдірген қандастарымызды ҚР сыртқы істер министірлігінің ұйымдастыруымен шекарадан бөгетсіз асырып алғанмен мұнда келген соң олардың Қазақстан азаматтығын қабылдап, жеке куәлік алуы жолға қойылмады. Алды 3 жылға дейін, арты 10 жылға дейін азаматтығын ала алмай сандалды. Қазақстан азаматы екенін растайтын төл құжат, жеке куәлігі болмағандықтан көшіп келген оралман жұмысқа орналаса алмады, зейнетақы, түрлі жәрдемақыға қолдары жетпеді. Осындай күйзеліске ұшыраған көшіп

келген қандастарымыздың бір жартысы (көшуге мүмкіндігі барлар) кері көшіп кетті. Ал еш қандай мүмкіндігі жоқ кедей отбасылары әр облыс, әр аудан, әр жерге қоныстанған ағайын туыстарына да қатынаса алмай қалды.

Алғашқы көшіп келген қандастарымызды қабылдап алған кеңшарлар жұмыс күші аздықтан артта қалған сол кездегі Семей облысының Абыралы, Абай, Саржан сияқты ядролық полигоны аумағына орналасқан ең қолайсыз өлкелер болды.

Келген оралмандардың бар тобы кезінде Кеңестер Одағынан білім алған ядролық физика мамандары әзірлейтін институттан бастап ұшқыш, адам, мал дәрігері, мұғалім сияқты мамандық иелері болғанымен оларға мамандығы қызметтері берілмеді. Жаппай мал бақты. Тіпті нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде бағатын мал да, өзге қара шаруа да табылмай қалды.

Моңғолия көшіп келгендердің мен Қазақстан Республикасы тура шекараласпағандықтан екі жақта қалған ағайындардың барыс келісі қиындыққа ұшырады. Жайшылықта сағынғандар амандық саулықты біліп қайтуды қойып, өлім-жітім кезінде қайғыларына ортақтаса алмады. Бұл әсіресе Моңғолиядан қоныс аударғандарға қатысты болды. Өйткені жермен жүретін көлік үшін ең әуелі Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қандастарымыз 1700 шақырымға ел астанасы Ұлан-Батор қаласына барып, Ресейдің Моңғолиядағы елшілігінен (жол қаржы сол кездегі құнды ақшамен 6-7 мың теңге) бір апта сандалып жүріп 30 мың доллар төлеп төлқұжатына виза қойғызды. Мұнан соң Баян-Өлгей аймағына бүйірі тиіп тұрған, әрі Моңғолиядан көшіп келгендердің дені қоныстанған Шығыс Қазақстан облысына бару үшін Баян-Өлгей, Ташант, Қошағаш, Таулы Алтай, Барнаул, Семей, Өскемен маршруты бойынша 2000 шақырым жол жүріп қаншама шығынға батып, кейде жолда Ресейдің қарақшыларына тоналып, сілікпесі шығып жететін еді. Ал көшіп келгендердің біршамасы орналасқан Қостанай, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл облыстарына жету қаржылық тұрғыдан да, уақыт тұрғысынан да қиынға түсті.

Оралмандарды баспанамен қамту шарасы заңдағы осалдықтарға байланысты дұрыс жолға қойылмады. Шетелдегі ағайындарды көшіріп алуға байланысты үкіметтің қатысты министірліктері бірлесе қимылдап шекарадан асырып алғанымен, мұнда келген соң қиыншылықтарды шешуге мүдделі бірде-бір ұйым болмады. Көші-қон агенттегі тек квота берумен ғана шектелді.

«Халықтың көші-қоны туралы» заңда оралмандарға жеңілдік көрсететін көптеген бап енгенімен, оларды жүзеге асыратын тетіктер қарастырылмады, қатысты органдарға жүктелетін тәртіп, ереже бекітілмеді.

### **3.2 Қазақ баспасөзіндегі оралмандардың мәдени - рухани өмірі**

Бұл күнге дейін шетелдегі қазақ диаспорасымен байырғы Отанына атбасын бұрған оралмандар мәселесімен ел көлемінде тікелей, нақты айналысқан екі-ақ ұйым бар екенін жақсы білеміз. Оның біріншісі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитеті болса, екіншісі Елбасы басшылық ететін дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы болды. Көші-қонға, қазақ диаспорасына қызмет көрсететін осы екі құзырлы

органның бірі материалдық, әлеуметтік мәселелерді шешумен шұғылданса, екіншісі, олардың рухани сұраныстарын қамтамасыз етуге, диаспора арасында идеологиялық жұмыстар жүргізуге ден қояды. Өз кезегінде, мұның бірінің орнын екіншісі толықтырып отыратын маңызды шаруа екендігі күмән тудырмаса керек. Бірақ, бұл ұйымның да қауқары, құзыреті көп емес. Қауымдастық қоғамдық бірлестік болған соң оған бюджеттен бірде тиын қаржы бөлінбейді. Қауымдастықтың жұмысы еліміздегі өзге қоғамдық бірлестіктерден мүлдем басқаша. Сырттағы 32 елмен ұлан-ғайыр саладағы байланыстарды тұрақты қаржысыз көп мәселелерді жүзеге асыра алмай тұйыққа тіреле беруіміз содан, деп жазады қауымдастықтың бірінші орынбасары Талғат Мамашов «Алыстағы ағайын» атты кітабында [72, 10 б.].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитеті негізінен Қазақстанға келген оралмандарды квотаға тіркеп, орналастырумен ғана айналысады. Сондықтан бұл комитетте оралмандардың рухани мәселесін шешуге арналған қаржы жоқ. Жалпы комитеттің мәртебесі онша айқын емес екендігін айта кеткен жөн. Бірақ осындай қаржылық қиыншылықтарға қарамай көші-қон комитеті де, ДЖКҚ-ы да өз шамаларынша оралмандардың, шетелдегі қазақ диаспорасының рухани қазынасын күллі қазақтың игілігіне жаратуға, насихаттауға өз шамаларынша үлес қосып келе жатқанын ешкім жоққа шығармайды. Алайда, аталмыш салада барлық мәселенің айы оңынан туып тұр десек, артық айтқандық болар еді. Әрине, бір орында тұрып қалған жоқпыз, баяу болса да жылжып келеміз. Қалай дегенде де еліміздегі түрлі өнер ұжымдары, «Қазақстан Жазушылар Одағы», «Суретшілер Одағы», Ғылым Академиясы сияқты өнер, ғылым мекемелері оралман ағайындар ішіндегі дарын талантты азаматтарды қызметке орналастырып, олардың өнерін, туындыларын кең көлемде насихаттап келеді.

Бүгінгі таңда опера әншісі Майра Мұхаметқызы, Қабылаш Әбікейұлы, биші Шұғыла Сапарғалиқызы сияқты өнер майталмандарының сыртында Құран Кәрімді қазақ тіліне аударған ғалым, жазушы Халифа Алтай, түркі әлемін түгел зерттеген академик Зардыхан Қинаятұлы, көне түркі бабаларымыздың басындағы руникалық Орхон жазуларын қайта оқып, толықтырып бүгінгі ұрпаққа жеткізген ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы, тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Нәбижан Мұқаметханұлы, Тұрсынхан Зәкен, саясаттанушы ғалым, Парламент депутаты Нұртаза Булутай сияқты ғалымдар күллі Қазақстан Республикасына әйгілі болса, сөнуге шақ қалған сыбызғы өнерін бүгінгі ұрпаққа жалғастырған Кәлек Құмақайұлы, қылқалам шебері Өмірзақ Рүстемұлы, күйші Қабыкей Ахмерұлы, әнші ақын Керім Елемес сияқты өнер шеберлері, Сәбит Жақсылық, Қабидаш Қалиасқарұлы, Жәди Шәкен және Бодауқан Тоқанұлы қатарлы көптеген ғалым, ақын-жазушыларды халыққа кеңінен танылды. Алайда, әсіресе оралман жастар ортасында небір дарын, талант иелері орыс тілін білмеуден, басқа да себептерден қызметке ораласа алмай, ғылым, өнер саласындағы бағын аша алмай жүргені де шындық [124].

Жалпы оралман ағайындар бойындағы рухани қазынаны халық игілігіне жарату тұрғысында кемшілік аз емес. Оралмандардың рухани мәселесіне мән беруде үкіметтік органдар да, қоғамдық ұйымдар да салғырттық, енжарлық танытып істен гөрі сөздің, кейде тіпті жалаң ұраншылдықтың жетегінде кетіп отыр.

Басты кемшілік елімізде кең өріс алып жатқан мәдени мұраларды сақтау, рухани құндылықтарымызды қорғау жайындағы дүбірлі әңгімелерде, келелі шараларда шет елдердегі ағайындардың, келген оралмандардың рухани құндылықтары, оларды насихаттау, кәдеге жарату ауызға алына бермейтіндігі, шекараның арғы бетіндегі қандастарымызда қазақ әдебиеті мен өнерінің, тарихы мен мәдениетінің сарқылмас мол мұралары бар. Олардың бұл салада жасап жатқан еңбектері тіптен қыруар. Сол мәдени құндылықтарды біртұтас қазақ руханиятынан бөліп қарауға еш негіз жоқ. Бәрі де қазақ руханиятының қайнар көзі екендігінде дау жоқ. Мәселен, Қытайдағы әдебиет зерттеушісі, белгілі қаламгер Оразанбай Егеубаевтың мәлімдеуінше, ондағы қазақ фольклорының жинағы 100 томға дейін барады. Шыңжаңдағы қисса-дастандарды бастырудың тарихы 1982 жылы тарихшы ғалым, жазушы Нығмет Мыңжанның тікелей араласуымен басталады. Қазірге дейін осы тақырыптағы дүниелердің 18 томы жарық көрген екен. Ал, ғашықтық жырлар 8 томға дейін баспадан шыққан. Айтыстың өзінен 6 томдық кітап жарық көріпті. Бұл аз қазына емес.

Шыңжаң өлкесінде 1,5 миллион қазақ тұрады деген ресми дерек бізге көптен бері мәлім. Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарына қарасты 22 аудан, 5 қалада тұратын қандастарымыз бүгінгі таңда 11 газет, 30 журналды өз тілдерінде оқиды. Сонымен қатар ішкі өлкелерге таратылатын 3 газет, 10 журнал тағы бар екен. Бұған Бейжіңдегі «Ұлттар», Үрімшідегі «Шыңжаң», Құлжадағы «Іле» халық баспаларын қосайық. Осы басылымдарда қандастарымыздың қаншама фольклорлық, археология-этнографиялық, музыкалық дүниелері жарық көріп жатыр. Баспасөзде тиісті орындар осыған назар аударулары қажеттігі жиі айтылады [125].

Қытай қазақтары әдебиетіндегі фольклорлық дүниелерді былай қойғанда осы заманғы жалпы қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан ақын-жазушылар қаншама. Таңжарық ақынның жырлары, Қажығұмар Шабданның романдары еліміз баспасынан енді-енді ғана жарық көре бастады. Бірақ аз данамен басылатын бұл кітаптар жайлы қарапайым оқырмандар мүлдем хабарсыз десе де болады. Ал, күллі қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет Қазан қаласында 1890-1900 жылдары жеті кітабын бастырған, Алаштың арысы Міржақып Дулатовпен бірдей «Оян, қазақ» деп жар салып, халқын өнер, ғылым-білім үйренуге шақырған Қытай қазақтарынан шыққан әйгілі ақын Ақыт Үлімжіұлы шығармалары біз үшін мүлдем бейтаныс десе де болады. «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» басылымдары арқылы ғана бізге енді жетіп жатыр. [126]

Шекараның арғы бетіндегі қандастарымызда қазақ әдебиеті мен өнерінің, тарихы мен мәдениетінің сарқылмас мол мұралары бар. Олардың бұл салада жасап жатқан еңбектері тіптен қыруар. Сол мәдени құндылықтарды біртұтас

қазақ руханиятынан бөліп қарауға еш негіз жоқ. Бәрі де қазақ руханиятының қайнар көзі.

Әсіресе қазақ баспасөзі шетелдегі қазақ диаспорасы мен оралмандардың рухани қазынасын насихаттауды ұмыт қалдырды деп айта алмаймыз. Көптеген басылым бұл саланы тұрақты насихаттап келеді. Шетелдегі қазақ диаспорасының рухани қазынасы білікті азаматтармен жасалған сұхбаттарда, олардың жазған мақалаларында біршама орын алды. «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған ғалым Тұрсынхан Зәкенұлының «Дарияға құйған бір бұлақ» атты көлемді мақаласында қытай қазақтарының мәдениеті мен әдебиетінің сан ғасырлық тарихы, бүгінгі даму деңгейі жайлы егжей тегжейлі баяндайды [101, 2 б.].

Жалпы шетелдегі қазақ диаспорасының өнер-мәдениет қайраткерлерінің мұрасы мүлдем зерттелмей, айтылмай, жазылмай жатыр деген қорытынды жасаудан аулақпыз. Шетелдегі қазақ диаспорасы атажұртқа қоныс аударып бастаған осы аз жыл ішінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, көші-қон департаменті өзге де органдардың оралмандардың мәдени-рухани өміріне, олардың күллі қазақ ұлтының рухын көтеруге қосқан үлесін насихаттауға біраз еңбек сіңіргені зерттеу барысында айқын аңғарылады. Олардың том-том шығармалары кирилл қарпімен қайта басылмаса да көптеген еңбек жарық көрді, насихатталды.

Алайда, қай басылымды парақтап көрсекте көші-қон саласында сұхбат иелері көбінесе осы салаға жауапты басшылар болып келеді. Бұл әрине, заңды үрдіс. Алайда олар оралмандардың тұрмыс тіршілігіне байланысты, соның ішінде жақсылық жақтарын, мемлекет, үкімет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау көмек жайлы көпірте айтқанымен шеттен келген ағайындарымыздың рухани жағына үңіле бермейді. Көптеген басылым өнер-мәдениет саласының білгірлерімен оралмандар тақырыбында сұхбат өткізбейтіні де сараптама барысында анық болып отыр.

Ал, шын мәнісінде оралмандар мен шетелдегі қазақ диаспорасының еліміз үшін басты құндылығы экономикадан да артық халықтың рухани өміріне қатысты құндылықтар болуға тиіс. Елбасының дүние жүзі қазақтарының үшінші құрылтайында сөйлеген сөзіндегі келген ағайын «елімнен не аламын деп емес, не беремін деп келулері керек» деген сөзін де біржақты экономикаға байланысты түсініп жүргенге ұқсаймыз. Экономикадағыдай нақты нәтижесін цифрмен есептеуге болмаса да рухани құндылықтың маңызы экономикадан асып түсетініне оралмандар ісіне жауапты мемлекеттік органдар да, қазақ баспасөзі де жіті мән бере алмай келеді. Әрі шетел диаспорасында сақталған ұлттық құндылықтарымыз бен осы құндылықтарды жасаушылардың өкілі оралмандардың ұлттық салт-дәстүрімізді, тіліміз бен дінімізді жаңғыртудағы рөлінің күшті екенін ескеруіміз қажет. Әрине қазақ деген қажырлы халық қайда жүрседе ұлттық рухын жоғалтпайтын шындық. Өз атажұртында отырған қазақ халқының ұлтжанды бөлігі қазақи рухтан біржола айырылып қалды деуден аулақпыз. Дегенмен еліміде тоталитарлық жүйе, отаршылдық саясат

салдарынан ұлттық рухтың біршама солғындағаны да шындық. Сондықтан бізге жетіспейтіні де - осы рухани қазына.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін парламент мәжілісінің депутаты Уәлихан Қалижанмен «Түркістан» газеті тілшісінің сұхбатына жүгінейік. Депутат қазақ баспасөзінде жарияланған оралмандарға қатысты түрлі лауазым иелерінің мәселені экономикаға ғана әкеліп тірейтін үрдісін бұзып, қандастарымыздың осы мәдени, рухани саладағы рөліне баса назар аударуы мен қоса, жоғары баға беруімен құнды [126, 3б.].

Депутат өз сөзінде оралмандардың елдің экономикалық өркеніне қосып жатқан үлесінен мәдени, рухани өміріне қосып жатқан үлесінің артықтығы жайлы біздің ойымызды нақтылай түсіп: «осы жылдары тарихи Отанына келген оралмандардың 45-і ғылым докторы, 245-і ғылым кандидаты, 27 мыңға жуығының жоғары білімі бар, 3 мыңнан астамы аяқталмаған жоғары білімді, 50 мыңының арнаулы мамандығы бар, 150 мыңнан астамы орта білімді, 1,5 мыңдайы шығармашылық қызметкер. Бұл енді цифр ғана, осы цифрлардың артында адам тұр. Екіншіден ғылымды дамытуға үлес қосып жатыр. Біздің қаймағы бұзылмаған қолөнерімізді алып келіп жатыр. Қытайдан, Моңғолиядан келген біздің қолөнершілеріміз қолданбалы өнеріміздің маржандарын жаңғыртуға көмек болуда» деген құнды мәлімет берілді

Сондай-ақ, оралмандар ортасындағы мәдени-рухани байлығымызға өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар жайлы да нақты дерек келтіріп, оларға дербес зейнетақы белгілеу қажеттігін айтады.

Оралмандар «отанынан не аламын деп емес, не беремін деп келсін» деген ұран жиі көтеріліп жүр ғой. Осы орайда келгенде шетте жүрсе де қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосқан адамдар бар. Мәселен Қытайдағы Қажықұмар Шабданұлы немесе Моңғолиядан келген, бүгінде 80 жасқа толып отырған Қабыкей Ахмерұлын алайық. Бұл кісілердің бірі әдебиетке зор үлес қосса, екіншісі мәдени мұрамызды жинауда ерекше еңбек сіңірген адам. Айталық, Қабыкей Ахмерұлы Баян-Өлгейде тұңғыш ұлт аспаптар оркестрін құрып, 350 әнді жинап, нотасымен еңбек етіп шығарған, 150 күйді тарихымен жинақ етіп бастырған адам. Ол кісінің еңбегі ескерілмей жатыр. Бұларға ұлтқа сіңірген еңбегі үшін дербес зейнетақы төлеу жағын ескерген жөн емес пе!» дейді [127].

Бұл ретте «Көш» газеті өзге басылымдардан озық келеді. Газеттің әр жылғы сандарын парақтағанда осындай қорытындыға келдік. «Көш» газетінің шетелдегі қазақ диаспорасы мен көшіп келген ағайындардың жай күйі жақсы білетін зиялы қауым өкілдерімен өткізген сұхбаттары оралмандардың рухани жан дүниесіне көбірек үңіледі. Түрлі лауазым иегері, басқаша айтқанда басшылар мемлекет, үкімет адамдары ретінде осы саладағы мемлекеттік саясатта орын алып отырған кемшіліктерді айтуға құлықсыз, бүркемелеп, жасырып жабуға тырысады. Әрі руханият тақырыбында ой қозғауға көпшілігінің өрелері де жете бермейтіні қапысыз шындық. [128]

Ал өнер мәдениет қайраткерлері, әсіресе, басшылыққа қатысы жоқ зиялы қауым халқымыздың рухани тірлігінің білгірлері ретінде оралмандардың осы

саладағы қажеттіліктерін, ұлт рухын өсірудегі үлестерін жан-тәнімен түсінетіндіктерімен ерекшеленеді, әрі, ештеңеден қорықпайды. Сұрақ төтесінен қойылса олар төтесінен жауап беруден тартынбайды. Бірнеше мысал келтіріп көрсек. Моңғолиядан келген тарихшы-этнограф, жазушы С. Қажыбайұлымен «Көш» газетінің тілшісінің сұхбаты 2005 жылы жетінші желтоқсанда «Оралманның профессоры да жазушысы да мал бақты» [129],- деген айшықты тақырыппен беріліпті. Оралмандар өміріне, шетелдегі қазақ диаспорасына қатыста көптеген мәселені қозғаған бұл сұхбатта осы саладағы олқылықтар, кемшіліктер шешімін таппай отырған күрделі мәселелер баса айтылады. Тақырыбының өзі айтып тұрғандай Қазақстан үкіметі шетелден келген жоғары білімді азаматтарымыздың өзіне лайықты жұмыс бермей шеттетіп келгенін, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтары арасындағы Кеңес одағы кезіндегі мәдениет, әдебиет, білім беру, өнер саласындағы жақсы байланыс Қазақстан жеке ел болғаннан кейін әрі дамудың одан мүлдем ұмыт қалып бара жатқандағын мәселе етіп көтереді.

Ал 2006 жылы ақпанның 14-і күнгі санына жарияланған Моңғолиядан келген ақын жазушы Ж. Қамайұлымен сұхбат: «Жүректің бәрі жаралы, көңіл бүтін қазақ жоқ» [130],- деген тақырыппен беріліпті Тілшінің «қалыңыз қалай» деген сұрағына: «әрине, әлеуметтік тұрғыда бәрі болып жатыр, жаман емес, рухани тұрғыда сіз қалай кемтар, шала жүрсеңіз мен де сондаймын. Рухани тұрғыда ашпын, жұтаңмын. Мен бір шаруамен құжат тапсырсам, я жалақымды алсам, қойшы әйтеуір аттап бассам орысша жазуым керек, сөйлеуім керек. Олай болса атамекенге не үшін келдім? Қазақша сөйлей алмасам, қазақша жаза алмасам тіпті қазақ ретінде керегім жоқ болса, онда әу бастан Ресейге көшіп баруым керек еді ғой. Шекара асып шеттен келген әр қазақ осында қазақтың жері, қазағымның ортасы, ұрпағымды жеткізейін, баламды қазақ қылып өсірейін деп Отанын, қазағын сүйгендіктен соны қорғауға, қазақша сөйлеу үшін «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген қағиданы ұстанып келіп отыр. Бірақ біздің конституциядағы «орыс тілі ресми тіл» деп жазылған бір ауыз сөз барлығымыздың жанымызды ауыртып отыр. Әйтпесе үкімет көрсетпей отырған жоқ» деп ашына жауап береді. Міне мұндай ашық та ашына жауап хатқа сұхбаттарды «Көш» газетінің кез-келген санынан оқи аласыз.

Газетке әр санына жарияланып келе жатқан сын және проблемалық мақалалардың көтерген жүгі бұдан да артығырақ деуге болады. Әрі көлемді материал ішінде де осындай мақала әр саннан орын алған. Есенгүл Кәпқызының «Ұлт және оралман» [131] атты мақалада түрлі жиындарда басшылардың сөйлеген сөздері мен оралмандар жайлы жарыса жазып жатқан баспасөз құралдары осы уақытқа дейін оралмандардың Қазақстанға қосып жатқан үлесін тек демографиялық тұрғыда ғана сараптап, олардың үлесін әлеуметтік және саяси тұрғыдан қарамайтынымызды мақалаға арқау еткен. «Астанада өткен әлем қазақтарының III құрылтайында Елбасы жасаған баяндамада «Қазақтар ата мекенінен не аламын деп емес, не беремін деп келуі қажет» дегенді. Осы тұрғыда біздің шенеуніктер мұның материалдық астарына көбірек көңіл бөлді. Келген қазақтың ерулігін берудің өзін ауырсынды. Сөйтіп,

кейбір басылымдар олардың келуінен материалдық шығынды көбірек іздей бастады. Шын мәнінде оралмандар бізге не берді? Өзгесін қайдан, әрбір оралманның көкейінде елім, жерім деген патриоттық сезім басым болады. Демек, шетелден келген қандастарымыздың бойында ұлттық рухтың жоғары жатқаны. Сөйлем алынып тасталды. Қазіргі мәжіліс депутаты Мұхтар Шаханов ағамыздың келтіріп жүрген деректеріне қарағанда 2 миллионға жуық қандасымыз өз ана тілінде оқып жаза алмайтын көрінеді. Яғни, ұлттық рухы солғындап, өз тегінен өзі жерігін ұрпақ дүниеге келген бүгінгідей заманда ұлттық рухы жоғары оралмандардың келуі рухани, мәдени дүниеміздің дүр сілкінуіне әсер етпей қоймайтыны анық» деп жазады. [132] Міне, газет бұл мақала арқылы оралмандар материалдық емес, өзге рухтық тұғырдан қараудың маңыздылығын орынды көтеріп отыр. Шынында да көптеген басылымдардың оралмандар жайлы жазылған материалдарын саралап көргенімізде олар руханият мәселесінен гөрі материалдық жағына көбірек көңіл бөлетінін байқаймыз. Соның ішінде де ой еңбегімен шұғылданып ғылым-білім, руханият саласында еңбек етіп жүрген зиялыларымыз туралы емес, мал бағуға келген малшы оралмандар, Қытайдан «тайдай қызыл тракторларына» келіп егін егіп, жер жыртып жүрген, Моңғолиядан келіп әр жерде құрылыс салып жүрген құрлысшы оралмандарымыз жайлы көп жазылады. Міне сондықтан Рух және оралман мақаласы осы үрдісті бұзуға келген ағайындардың елдің отаншылдық рухын көтеруге қосар үлесі мол екенін түсінуге, баспасөз құралдары бұған мән беруге ой тастайтын мақала.

Журналист Есенгүл Кәпқызы ойын түйіндей келе мысал ретінде 1954-1962 жылдар арасында Қазақстанға Қытайдан қоныс аударған 200 мың қандасымыздың зорлық-зомбылық, күшпен ұжымдастыру, аштық, соғыстан кейінгі қалжыраған халықтың қоламтасына түскен шоқ болғаны бүгінгі саяси элита мойындамаса да ұлттық элита мойындайтынын тілге тиек етеді. Бұл көптеген газеттердегі оралмандар тақырыбындағы бірін-бірі қайталаған жаттанды болған көзге көрініп тұрған кемшіліктерді жарыса жазуынан бөлек тың сұрлеу солғын жаңа мәселе көтерген мақала деуге болады [132, 5 б.].

«Көш» газеті оралмандардың рухани мәселесін көтеруде тек өнер мәдениет саласының қайраткерлімен сұхбат өткізумен шектелмей бірнеше ғасыр бойы өзге мемлекеттерде өмір сүріп келген ағайындарымыздың жасаған әдебиет өнер туындыларының жауһарларын, сол саланың көрнекті өкілдерін, диаспора қазақтарының салт-дәстүр, тіл, әдет-ғұрыптарын сақтап қалу, дамыту саласында қажырлылық танытқан қайраткерлерінің өмір тарихына байланысты да танымдық рөлі зор көптеген қызықты да құнды материалдар жариялап тұрады. Атажұрттағы жалпақ елге насихаттауға да ұдайы назар аударып отырды. Газеттің өзінің алғашқы санында-ақ «Қашқан көш пен қайтқан көштің арасында» деген тақырыпта Қытай қазақтарынан шыққан ақын Алмас Ахметбекұлымен келелі сұхбатын, ҚХР-ында туып өсіп ондағы қазақтардың діни көсеміне, саяси қайраткеріне айналған аса көрнекті ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы жайлы мақала, ақынның «Қырық төрт назым» жырынан үзінді беруі бұған дәлел.



Қазақ баспасөзі соның ішінде «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ елі», «Көш», «Дидар» сияқты басылымдар отанына оралған оралмандар мен диаспора қазақтарының қоғам, өнер, мәдениет, әдебиет саласындағы ұлтымыздың салт-дәстүр, тіл, әдет-ғұрыптарын сақтап қалу, дамыту саласында қажырлылық танытқан қайраткерлерінің өмір тарихына байланысты да танымдық рөлі зор көптеген қызықты да құнды материалдар жариялап келді.

«Егемен Қазақстан» газеті Түркиядан оралған қандасымыз ғалым, қоғам қайраткері Халифа Алтаймен әр жылдары бірнеше сұхбат өткізсе, «Қазақ әдебиеті» газеті қытай түрмесінде өмірін өткізген күрескер жазушы шыңжандық Қажықұмар Шабданның өмір жолын, туындыларын зерттеуге арналған материалдар жариялады. Ал, «Көш» газеті «Шетелде туып, Алматыда оқыған аз қазақтың бірімін» деген тақырыпта [133] филология ғылымдарының докторы, әдебиет танушы Моңғолиядан келген оралман Қабидаш Қалиасқарұлымен, «Маған сенім сыйлаған жан» тақырыбында әйгілі әнші қытайлық оралман Майра Мұхамедқызымен көлемді сұхбаттар жариялады. Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті «Сыбызғысын Ертістен суарған күйші» тақырыбында Ғафура Сәрсенбайқызының [134] Кәлек Құмақайұлы жайлы, «Қос қанат» тақырыбында Бейсенғазы Ұлықбектің ақын Кәп Құмарұлы мен Егеухан Мұхамәдиқызы жайлы көлемді очерктерін жариялады.

Бұл материалдардан қазақ баспа сөзінде шетелден келген қандастарымыз арасындағы өнер, мәдениет қайраткерлерінің өмірі, өнер жолын насихаттау оралмандардың әлеуметтік жағдайына қатысты материалдардай көп болмаса да ұлттық негізгі басылымдарда назардан тыс қалмаған деген қорытынды жасауға болады. Тағы бір ерекшелік, қайраткерлердің өмір жолын көрсеткен материалдар көбінесе сұхбат жанрында берілген. Бұл біржағы баспасөздің дәстүрлі жанры көркем очеркті бүгінгі таңда портреттік сұхбат жанры публицистика алаңынан тысқары бастағандығын көрсетеді.

Оралмандардың руханият мәселесі, халқымыздың салт-дәстүр, өнер-мәдениетіндегі ұмытыла бастаған құндылықтарымызды қайта жаңғыртуға алыстан келген ағайындардың қосып жатқан үлесін насихаттауда Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті біршама белсенділік танытып көптеген материал жариялағанын көреміз. Әрине, жалпы басшылық органдар, соның ішінде оралмандар мәселесіне жауапты мекемелер келген ағайындардың халқымыздың рухын көтеруге қосып жатқан үлестерін насихаттауға көңіл аударып, түрлі жұмыс ұйымдастырмаса журналистердің ойдан шығарып, материал жазбайтыны белгілі. Әрі кеткенде бірен-саран сын, проблемалық мақалалар жазған болар еді. Ал Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі мен көші-қон департаменті бұл ретте көптеген жұмыс ұйымдастырғанын айта кету ләзім. Мәселен, осы облыс басшылығының бастамасымен оралман ағайындардың салт-сана, ата дәстүрімізді дамытып жаңа белге көтеру жолындағы үлестерін насихаттау мақсатында 2007, 2008 жылдары «Қазақстан - атажұртым аңсаған» [120, 2б.], деген атпен қатарынан екі жыл бойы форум өткізген. Бұл форумға облыс көлеміндегі барлық аудандар қамтылып, өз аудандарында, көршілес аудандарға барып және облыс орталығында

ұйымдастырды. Форумда оралмандар мәселесіне мүдделі мекеме басшылары өз тараптарынан ұйымдастырып отырған түрлі жұмыстарын баяндап, ағайындардың пікір-ұсыныстарын тыңдаудың сыртында оралмандардың өз қолдарымен жасаған ұлттық бұйымдарынан көрме әзірлеп, жалпы халыққа тамашалатуды дәстүрге айналдырды.

Газеттің сол жылғы № 141-142 санына жарияланған Әлібек Қаңтарбаевтың Өскеменде өткен оралман ағайындардың I өнер фестивалінен жазылған «Сағыныш» тақырыбындағы репортажында «фестивалдің соңы ән-жырға, мың бұралған би мен сай сүйегінді сырқыратар, тарих ирімдеріне шым-шымдап бойлатар күйлерге ұласты. Бородулихадан келген Қажымұхан ініміздің, Зайсаннан келген Түсіпхан Қайсар атты жеткіншектің, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқитын Шолпан Рысханқызымыздың әндері-ай Азатбек пен Бейсхан сынды жігіттердің күй сайысы-ай. Мейлі әнің, мейлі термесін, мейлі күйлерін, анау шекара сызығының арғы беттеріндегі дариға күндерін аңсамайды дейсіз бе деп оралмандардың өнеріне тамсана таңдай қағып, жүректеріндегі сағынышына терең бойлайды. [135]

Сол сияқты Ондасын Елубайдың «Самардағы сағыныш сазы». Ардақ Бөлдекбайдың «Атажұртым аңсаған» сияқты репортаждарды атауға болады [136].

Оралмандардың мәдени-рухани өмірінің қазақ басылымдарында көрініс табуына қатысты тағы бір айта кетер жай «Көш» газетінен басқа барлық қазақ басылымдарында оралмандар тұрмыс-тіршілігіне байланысты сипай қамшылап, әсіресе мақтаған материалдар біршама кездескенімен нақты еңбек адамдарының, оралмандар ішіндегі өзге елде жүріп, ғылым-білім, басқа да салаларда айрықша көзге түсіп, сый-құрмет, атақ-абыройға ие болған зиялы қауым өкілдерінің өмір жолын ұрпаққа өнеге еткен немесе жат елде жүріп халқының ұлт азаттығы үшін күрескен тұлғалар жайлы көлемді портреттік дүниелердің жоқтың қасы екендігі.

Бұл ретте «Дидар» газетінің жарияланған журналист Бодаухан Тоқанұлының «Қытай абақтысында 20 жыл отырған оралман» [137], - атты көлемді материалдарын ерекше атауға болады. Портреттік очеркіде Семей қаласына жақын «Жаңа жол» ауылына осыдан төрт жыл бұрын отбасымен көшіп келген 75 жасар қария Сайын Айдарбекұлы 1950 жылдардағы Қытайдағы бір қазаннан ас ішкізіп, халықты дамылсыз ауыр еңбекке жеккен «Коммуна» саясатына қарсы көтеріліске шыққан топтың мүшесі ретінде сотталып абақтыда 20 жыл отырғаны, ондағы көрген ауыр азабы, заман өзгерген тұста ұрпақтарын атажұртқа жеткізу үшін көшіп келген жайлы баяндалады. Материалдың тақырыбына қарасақ оқырман бір шолып шығары сөзсіз. Әрі шетелде ұлты үшін басын бәйгеге тігіп, азапқа түскен абзал азаматтың қым-қуыт, қиыншылыққа толы өмір жолы оқырмандарды толғандырарлықтай.

Жалпы, еліміз көлеміндегі газет-журналдардың басты тақырыбының бірі-өмір жолы өнегелі, Отан үшін аянбай отқа түсіп қан майданда ерлік көрсеткен немесе бейбіт өмірде ел игілігін еселеу үшін тер төккен асыл қарияларымыз жайлы жазылған тағылымдық материалдар. Бұл-әрине, жас ұрпақтарға үлгі-

өнеге боларлықтай, ғибрат аларлықтай қажетті дүние. Алайда соңғы кезде әркім өзінің әке-шешесін, ата-бабасын дәріптеп жер көкке сыйғызбай мақтап, баспасөз беттерінде орынсыз насихаттап жүргендерді де білеміз.

Ал, «танымасты сыйламас» дегендей ұлтының тағдырына араша түсіп, жанын шүберекке түйген талай-талай қаһарман оралман ағайындарымыз жайлы мұндай материал баспасөз беттерінен орын ала бермейтіні өкінішті жәйт. Біз бүгінгі таңда көп ретте шетелдегі қазақ диаспорасы халқымыздың байырғы әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтап қалғанын тамсана айтумен шектелудеміз. Бірақ, осы үрдістің болашақта да жалғасын табатынына кепілдік жоқ екенін ескере бермейміз. Мәселен, біз қазір шетелдегі, әсіресе, ҚХР мен Моңғолиядағы қазақтар шетелде жүрсе де, байырғы Отанында отырған ағайындардан артық ұлттық салт-дәстүрін, тілін сақтап келеді дегенімізбен, бұл үрдіс ортаға, заманға байланысты енді бір ұрпақ ауысқан соң, бұрынғы дәрежесінен төмендеп, болашақта мүлдем құрдымға кетері анық. Өйткені азшылықтың аты азшылық, көп ұлтқа сіңісіп кетпек. Әсіресе, ҚХР бұл тұрғыда бұрынғы ұлттық саясатты (аз ұлттарға қамқорлық) босаңсытып, біртіндеп қытайландыру саясатына ауысты. Қазақ мектептері бастауыш сыныптармен шектеуде. Дін еркіндігіне байланысты қолдау, бала тууға байланысты жеңілдік қазір жоқтың қасы. Тіпті ШҰАР-да бұрын ұйғыр, қазақ ұлттарының сыбағалы салмағы ханзулардан артық болса, қазір ұсақ ұлттар осы өлкенің 3/1-і ғана құрайтын дәрежеге жетті Таяу болашақта жыл санап бұданда төмендейтіні айтпаса да түсінікті. Бұл-жоғарыда айтқанымыздай, өз жерінде отырып, шетелдік болып қалған қазақтардың бүгінгі жай-күйі.

Ал шет елдердегі қазақтардың қалған диаспорасы - қоғамдағы әртүрлі жағдайлардан қуғын сүргін көріп, басқа елдердің территориясына өтіп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыздың ұрпақтары. Басқаша айтқанда, нағыз репатрианттар. Олардың ұлттық болмысты сақтап қалу мүмкіндігі тіптен төмен. Жергілікті ұлттармен ассимиляцияға түсіп, тілден біржолата айырылуға шақ қалғандар.

Сондықтан қазақ баспасөзі тек байырғы Отанына қоныс аударған оралмандардың ғана емес, шетелдегі қазақ диаспорасының мәдени-рухани өмірін зерттеп, олардың мол мұрасын күллі қазақтың асыл қазынасына айналдырудың сыртында, олардың болашақ ұрпақтарының ұлттық рухтан айырылып қалмауына мүмкіндіктер жасау күн тәртібіндегі мәселе болуға тиіс. Қытай, Моңғолия қазақтары өз ішінде ұлттық тілде көптеген газет-журналдар, кітаптар шығарып халқымыздың ұлттық болмысын сақтап қалуға арналған шаралар қолданып отырғаны белгілі. Ал, шетелдегі өзге қазақ диаспорасында бірде-бір басылымның жоқтығы оларға пана болатын атажұрттағы арқа сүйері еліміз үшін ойлануды қажет ететін дүние. Елімізден оларға рухани азық боларлық не ұсынып отырмыз? Рас, шетелдегі қазақ диаспорасының рухани қажеттілігін өтеуде, олардың рухын оятып, атажұртқа деген аңсарын аударуға кеңестік дәуірден бері еларалық басылым ретінде «Шалқар» газеті көп рөл атқарды. Қазіргі таңда бұған қосылған жалғыз басылым «Алтын бесік» журналы ғана [138].

Жаһандану үдерісінде өз қиындығын ерте бастан сезер болсақ, онда Қытайдағы қазақтарға арналған төте жазу үлгісінде Еуропадағы, Түркиядағы қандастарымызға латын әріпінде жарық көретін газет-журналдар шығарып, тарату да маңызды. Қазіргі жалғыз «Алтын бесік» журналы шетелдегі қазақ диаспорасын толықтай ақпараттандыруға, олардың ұлттық болмысын сақтап қалуға жеткіліксіз екенін ескеруіміз қажет. Бөтен ел, бөгде жұртта жүрген аз ұлттар яғни, диаспора үшін олардың тілі мен мәдениетін сақтап қалудың ең тиімді жолы - өзінің тарихи Отанымен әрдайым тығыз қарым-қатынаста болу деп білеміз. Шеттегі қандастарымыздың өз еліне келіп-кетуіне, араласуына ешбір кедергі жасалып отырған жоқ. Енді, атажұрттан сол ағайындарымыздың арасына барып, әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізетін, гастрольдық сапарлар ұйымдастыратын кез келді. Мұндай шаралардың диаспораға берері өте көп. Ең бергісін айтқанда, бұл ниет қандастарымыздың ұлттық санасын оятады, төл тілі мен мәдениетін сезінуіне көмектеседі. Өзгеге сіңісіп, жойылып кетпеуіне осындай қарапайым қадамдардың өзінің рөлі аса зор екендігін ұмытпауымыз керек. «Бармасаң, келмесең жат боласың» деп қазақ бекер айтпаған. Әсіресе, шет елдегі қазақ жастарының өз тарихи Отанында білім алуларына бар мүмкіндігімізше жағдай жасауға міндеттіміз.

Жалпы, бұл бөлімге байланысты байқалған қазақ баспасөзіндегі басты кемшілік, жасалатын қорытынды қазақ баспасөзі тарихи Отанына көшіп келген оралмандар ортасындағы өнер-мәдениетін насихаттауға белгілі дәрежеде ат салысқанымен шетелдегі қазақ диаспорасында сақталған құнды мұраларымызды бүгін зерттеп, күллі қазақтың игілігіне жаратпасақ, ертең айырылып қалу қаупі төніп тұр деген қорытынды жасауға болады. Бұл бір жағы осы салада журналистеріміз өз бетімен ізденіс жасап, игерілмей жатқан рухани құндылықтарымыздың көзін ашудан гөрі «дайын асқа тік қасық» болып, оралмандардың мәдени өмірін насихаттауға арналған түрлі мекемелердің ұйымдастырған шараларын ғана насихаттаумен шектеліп келгенін аңғартады. Мысалы, Құран кәрімді қазақ тіліне аударған Халифа Алтайдың, көне түркі бабаларымыздың басындағы руникалық Орхон жазуларын бүгінгі ұрпаққа жеткізген ғылым докторы Қаржаубай Сартқожаұлының, қазақ әндерін бүкіл әлемге танытып жүрген опера әншісі Майра Мұхаметқызының рухани қазынамызға қосқан үлесінің өзі неге тұралық. Ал шетелдегі қазақ диаспорасындағы ұлттық әдебиетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ондаған ақын жазушыларының еңбектері өз алдына бір төбе.

Сондықтан шетелдегі қазақ диаспорасы мен тарихи Отанына атбасын тіреген оралмандардың еліміздің, ұлтымыздың мәдени, рухани қазынасына қосқан үлесін насихаттау ісі қазақ баспасөзінің басты нысанасы болуға тиіс.

Жалпы оралмандардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өміріне қатысты мәселелерді қарастырған бұл тараушаның қорытындысы ретінде әлі де шешімін таппай келе жатқан кемшіліктер мен оларды шешудің жолдарына байланысты ұсынысымызды да айта кеткен жөн.

Оралмандардың тіршілік тірегі жұмысқа орналасуы, зейнетақы, түрлі жәрдемақы алу десек бұл мәселелердің бәрі тұрақты тіркеуден басталады.

Тұрақты тіркеусіз бұл мәселелердің бірі де шешілмейді. Сондықтан біріншіден оралмандардың қалада да, ауылдық жерде де өзіндік баспаналы болғанға дейінгі тұрақты тіркеуін шешу. Бұл бір қарағанда онша маңызды емес болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде олардың күйісін кетіріп жүрген басты проблемалардың бірі. Тұрақты тіркеуі жоқтықтан жұмысқа орналаса алмайды, тіпті квоталық жәрдемақысын ала алмайды. Қазір ауылдық жердің өзінде квотасын алу үшін әлдекімдердің үйіне ақша төлеп тіркеліп жүр. Соның өзінде тіркелген үйінің отбасы мүшелерінің табысы қоса есептелінетіндіктен атаулы көмек, балалар жәрдем ақысын ала алмайды. Бұл нағыз қолдан жасалған кедергі. Үкімет арнайы шешім қабылдаса көші-қон полициясына нақты тапсырма берсе жетіп жатыр. Әрі мұндай үрдіс бұрын болған. Тіркелетін таныс туысы, өзінен бұрын көшіп келген ағайыны жоқ отбасын 2004 жылға дейін көші-қон департаментінен арнайы ашып қойған үй кітапшасына тіркеп келген. Сондықтан осы үрдісті жаңғыртса, жұмыссыздық мәселесін шешуге де ықпал ететін болады [139].

Оралмандардың көптеп келуіне жол ашатын маңызды тетіктің бірі-елімізде мемлекеттік тіл болып саналатын қазақ тілінің мәртебесін күшейту. Қазір шетелдегі қазақ диаспорасының атажұртқа келуден жасқанатындардың бір бөлігі елдегі басымдыққа ие орыс тілін білмейтіндер. Әсіресе өзі тұрып жатқан елде жоғары білімі бар зиялы азаматтар жоғары беделге ие. Онда түрлі лауазымда қызметтер атқарып жүр. Тіпті олардың ортасында мемлекеттік жоғарғы лауазым иелері де, ғылымның түрлі саласында күрделі мамандықтар бойынша қызмет атқарып жүргендер де көп. Бір ғана мысал келтірсек Моңғолиядағы нейрохирургия саласының ең білікті дәрігерлері екеуі де мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайролла және Нота Әнуарұлы. Оларсыз миға бірде-бір күрделі операция жасалмайды. Шетелдегі осындай білікті азаматтарымыз Қазақстанға келсе өзінің бұрынғы орынын, беделін, лауазымын сақтап қала алмайды. Өйткені олар ең әуелі орыс тілінен ақсайды. Оны қойып, қатардағы түрлі мамандық иелері өз мамандығы бойынша жұмыс істемек түгіл тазалаушы жұмысына да орналаса алмайды. Өйткені олар орыс тілін білмейді. Сондықтан барлық мекемелерде мемлекеттік тіл - қазақ тілі үстемдік құрса, шетелдегі қандастарымыз экономикасы қарқынды дамып келе жатқан әрі жұмыс күшіне тапшы Қазақстанға ағылары сөзсіз.

Қазіргі жағдаймен оралмандарға зейнетақы тағайындауда олардың еңбек өтіліне қарамай жаппай ең төменгі мөлшердегі зейнетақы белгіленіп келеді. Бұл, әрине, олар жат елде қоғамға қырық жыл қызмет етсе де, Қазақстанға еңбегі сіңбегендіктен дұрыс та шығар. Дегенмен, ұлтымыздың өнер, мәдениетіне зор үлес қосқан адамдарды Қазақстанға еңбегі сіңбеген деп кім айта алады? Сондықтан ҚР Халықты Еңбек және әлеуметтік қорғау министірлігі осындай оралмандарға дербес зейнетақы төлеу жөнінде шешім қабылдауы қажет. Жалпы, статистикалық мәліметтер бойынша, осы жылдар ішінде атажұртына қоныс аударған оралмандардың небәрі 5 пайызы ғана зейнет жасындағылар екенін ескерсек, оралмандарға зейнетақы төлеу еліміздің экономикасын ортайтып отырмағаны айдан анық [140].

Қазақ баспасөздері көтеріп жүргендей шетелдегі қазақ диаспорасының бір бөлігін құрайтын 1931-1937 жылдарғы нәубет кезінде басқа елдерге бас сауғалауға мәжбүр болған қандастарымыздың бүгінгі ұрпақтарына белгілі мөлшерде өтемақы төлеуді мемлекет тарапынан шешу. Бұл ең әуелі Қытай үкіметі тарапынан жасалып отырған кедергілердің сыртында қандастарымыздың өздері тарапынан «әліптің артын бағып» ондағы күйкі тірлікке байланып, немесе тұрмыстағы уақытша қолайлылықтың құлы болып отырған ағайындардың елге атбасын бұруына әсер етері сөзсіз. Бұл ретте қытайдағы 1,5 миллион қандасымыздың тым аз бөлігі ғана нәубеттен қашқандардың ұрпағы екенін ескерсек, еліміздің экономикалық әлеуеті көтермейтіндей онша мол қаржы қажет болмайды. Ал, стратегиялық бұл саясат нәтижесінде Ресейдегі, Өзбекстаннан өзге де Орта Азия елдеріне тарыдай шашылып кеткен, бұл күндері ұлттық нышандардан айырыла бастаған, атажұртқа атбасын бұруға онша құлықты емес қандастарымызды көптеп келтірудің тетігіне айналар еді [141].

Оралмандарға жағдай жасау ісіне үкметтік емес ұйымдар мен ірі кәсіпорындарды тартудың тетіктерін табу. Бұл күнге дейінгі оралмандардың тұрмыс-тіршілігін түзеп байырғы халықтармен бірдей жақсы тұрмыс кешуі үшін экономикалық-әлеуметтік барлық шараны мемлекет қана жүктеп отырғаны белгілі. Ал шын мәнінде бұған қоғамдағы барлық күштерді жұмылдыру қажет-ақ. Әсіресе, елім, жерім, қандасым деп соққан жүрегі бар мықты кәсіпкер, бизнесмендеріміздің қолдау-көмегіне ие болдыру, қала берді өз тарапынан нақты жұмыстар ұйымдастыра алатын үкметтік емес ұйымдар құру, қор құру, қайырымдылық шараларымен айналысатын ұйым мекемелердің көмегі тағысын тағы.

Шетелдегі қазақтардың мүддесін қорғау үшін біз бүгін Отандық түрлі ұйым, мекемелерлі, жеке азаматтарды жұмылдыруды мәселе етіп көтеріп отырмыз. Ал, кезінде, Қытайдан Кашмирге, Ауғанстанға, Пәкстанға көшіп барған босқын қазақтардың Түркияға жеткенге дейінгі қаржысын түрік үкіметінің өздері тапқанын, сонымен бірге Годфри Лиастың «Казахский исход» [134] монографиясында көрсеткеніндей 1952–1954 жылдары қандастарымызды Пәкстаннан Түркияға көшіп алу мәселесі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы қордан қаржы бөлуді қарастырғанын білеміз. Солай етсе елімізде оралмандар мәселесін үкметтің ғана мойнына жүктемей, қор құруға, қоғамдық ұйымдардың көмегіне жүгінуге неге болмасын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей онда мемлекет қаржысына ауыртпалық аз түсіп, әрі оралмандарға көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшері молайып, олардың жаңа ортада аяқтарынан тез тұрып кетуіне септігі тиер еді.

Қоғамдық ұйым құру жөнінде оралмандар өздері мұрындық болып Алматыда топтасқан Моңғолиядан, Қытайдан келген азаматтар «Асар» қоғамдық бірлестігін құрғанын білеміз. Бірнеше облыста өз бөлімдерін ашқан қоғамдық бірлестік оралман ағайындарды топтастыру, ықшам аудандар құру тұрғысында біршама жұмыстар атқарыпта жүр. Дегенмен бұл жалғыз

бірлестіктің атқарып отырған жұмысы барлық шеттен келген ағайындарды қамтып, олардың мүддесін толық қорғай алмайтыны белгілі.

Сондықтан ең әуелі халықтар достастығы кіші ассамблеясы құрамындағы барлық орталықтардың басты мақсатының бірі Елбасы атап көрсеткендей, кезінде жер аударылып, азып-тозып көшіп келген басқа ұлт өкілдерін қазақтардың құшақ жая қарсы алып бауырына басқаны белгілі. Өйтпесе бүгінгі таңда «сыйға-сый» ретінде келіп жатқан қандастарымыздың ортамызға сіңісіп кетуіне қол ұштарын берсе ынтымақ-берекемізді жарастыруға олардың қосқан үлесі болары сөзсіз. Әрине, олар экономикалық-әлеуметтік тұрғыда емес, рухани тұрғыда көмектесе алады. Отаршылдық жылдарында ұлттық болмыс, тіл салт-дәстүрінен айырылуға шақ қалған жергілікті қазақтарға ортамызда сол салт-дәстүрді сақтап қалған оралмандардың өнегесін Кіші ассамблея құрамындағы мәдениет орталықтары күш салатын болса, оралмандарды қолдауға да ұлттық рухымызды көтеруге де қосылған қомақты үлес болмақ.

Бұл жөнінде бірен-саран болмасын пікір ұсыныстар да жоқ емес. Мәселен кәріс халқының өкілі профессор И.С. Ханның Парламент сенаты алдындағы пікірталаста «Қазіргі күнде қазақтарға, оралмандарға көмектесетін біздің кезегіміз келді. Біз қазақтың мейірбандығын есімізден еш шығырмауға міндеттіміз», - деген сөзін жоғарыда келтірген болатынбыз. Міне, осындай бастаманы қолдап, ұйымдастыру оралмандардың болашағының негізі болуына жасалған зор қамқорлық болары сөзсіз. Сол сияқты «Атажұртымнан не аламын деп емес, не беремін». деп келген ағайындардың әрқайсысының өз шамаларына қарай еңбек етіп еліміздің өркеніне үлес қосып жатқаны рас [142]. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Ендігі жерде болашақта көшіп келетін қандастарымызға бұрын көшіп келіп, өз тұрмысын түзеген ағайындардың көмегін де пайдалану керек.

Қазіргі оралмандарға бөлініп отырған квоталық жәрдемақының олардың жыртығын жамауға да жетпейтіні белгілі. Квоталық жәрдемақы көлемін ұлғайтуды бүгінгі таңда мемлекеттің қалтасы көтермейтіні де түсінікті. Сондықтан өткен екі құрылтайда, одан бұрын сан рет айтылса да күні бүгінге дейін шешімін таппаған тағы бір мәселе мемлекеттік көші-қон қорын құру. Егер қор құрылса, ол ойдағыдай жақсы жұмыс істесе көптеген қордаланған мәселелердің оңды шешілуіне жол ашылар еді. БҰҰ-ның салалық мекемелерінен, халықаралық ұйымдардан қаржылық қолдау табуға да мүмкіндік туары сөзсіз. Басқаны айтпағанның өзінде, шетелдегі қазақ кәсіпкерлері де қарап қалмасы белгілі. Егер бұл мәселе қолға алынғанда қазақ диаспорасы өкілдерінің, еліміздегі оралмандардың құрған қоғамдық бірлестіктерінің, үкіметтік емес ұйымдардың гранттық негізде жұмыс істеулеріне үлкен мүмкіндік жасалған болар еді.

Бұл тұрғыда еске алатын жайлар да жоқ емес. Жоғарыда айтқанымыздай, елімізде тәуелсіздік жылдарында оралмандар құрған бірнеше қоғамдық ұйымдар жұмыс істеді. Олардың арасында Алматыдағы "Асар" және Павлодар, Астана, Қарағанды сынды калаларда құрылған ұйымдардың қандастарымызды ортаға бейімдеуге, жергілікті халықпен араласып, жаңа қонысқа үйренулеріне қосқан өзіндік үлестері болды. Сонымен қатар оралмандар атына кір

келтіргендері де кездесті. Айталық, Алматыда құрылған «Тамсан» атты қоғамға 90-жылдардың соңында халықаралық «Сорос» қоры грант есебінде ақша бөлінгенімен жеке адамдар пайдаланып кетті. Мұндай келеңсіздіктің салдары өзге қоғамдық бірлестіктерге жайсыздық әкелді. Халықаралық ұйымдардың қара тізіміне енген «Тамсанның» кесірінен оралмандар мәселесімен айналысатын өзге қоғамдық бірлестіктер қанша үздік жоба жасап ұсынса да, грантқа қол жеткізе алмайтын жағдайға душар болды. Бұл да оралмандардың болашағын ойластырғанда еске алатын жай екендігі баспасөз беттерінде жиі қозғалатын мәселелердің бірі.

Көші-қон және қазақ диаспорасы жөнінде елімізде атқарылып жатқан істер аз емес. Осы салада жинақталған тәжірибелеріміз де бар. Бірақ соған қарамастан әлі де болса, оны жетілдіретін, жүйелейтін мәселелердің өмірдің өзінен туындап отырғанымен санасуымыз керек. Сондықтан да, төменде айтылған ұсыныстарды ортаға салуды жөн көріп отырмыз.

Жетінші, шетелдегі қазақ диаспорасы, оралмандар жайындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін оған жаңаша көзқарас, шұғыл бетбұрыс жасалу қажет. Қазіргі жағдайда көп ретте жергілікті басқарма комитетке, комитет Парламентке немесе Үкіметке жалаң сандық ақпараттар жөнелтіп отыруды әдетке айналдыруда. Олар барлығы тамаша атқарылып жатыр деген баяндамалар мен рапорттар басымдау болып келетін кеңестік обкомдар мен комсомол ұйымдары деңгейінде жұмыс жүргізумен шектеліп келеді. Алдағы уақытта мұндай төрешілдігі мол қызмет көші-қон ісінің ілгерілеуіне көмектеспейді. Сондықтан, барлық көші-қон мекемелері қызметкерлерін арнайы оқытатын семинар-тренингтер ұйымдастыруды жедел түрде қолға алу қажеттігі де «Қазақ елі» басылымында қозғалып, жоғарыларға ой салды. Бұл аса қиын шаруа да емес. Оқыту жоспарлары мен бағдарлама жобалары жасалса, кез-келген халықаралық ұйым оған грант бөле алады.

Шетелдегі қазақ диаспорасы, оралмандар туралы ақпараттарда бір ізділік жоқ. Соның салдарынан жергілікті әкімдерден бастап, билік басындағы лауазым иелерінің арасына дейін қандастарының жайын дұрыс түсінбеушілік, ахуалды шынайы түрде бағаламаушылық кездесіп жатады. Мұндай дүмбілездіктің алдын алып отыру үшін және бұл тұрғыдағы мемлекеттік саясатты жетілдіре түсу мақсатымен Қазақстан Республикасы Президенті жанында қазақ диаспорасы және көші-қон мәселелері жөніндегі арнайы кеңесші тағайындап, тұрақты жұмыс істету керек. Елімізде диаспоратану институтын құратын мезгіл жетті. Шетелдегі қазақ диаспорасының және тарихи Отанға келіп орныққан қандас бауырларымыздың мәселелерін зерттеп, анықтайтын, осы саладағы атқарылатын жұмыстардың механизмдерін қарастыратын, стратегиялық жобалар жасап, жүзеге асыратын осындай құрылымның болуын заман талабы деп қараған жөн. Сонымен қатар шетелдегі қазақ диаспорасының тарихын, мәдениетін, әлеуметтік мәселелерін ғылыми түрде зерттеудің, танудың мәні біртұтас ұлтымыздың жоғын түгендеу, кем-кетігін толықтыру екендігін түсінуге міндеттіміз.



Қазақ диаспорасы мен оралмандардың мәселесі, ұлттық тұтастығымызға, мемлекеттігіміздің баянды болуына тікелей қатыстылығымен ерекшеленетіндіктен бұл бәріміздің жұмыла көтеретін жүгіміз. Осыны аса жауапкершілікпен сезінуіміз керек.

### **3.3 Нұрлы көш бағдарламасының мәні мен маңызы**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен тәуелсіздіктің алғашқы жылынан-ақ өріс алған шетел диаспорасында өмір сүріп жатқан қандастарымыздың Қазақстан Республикасына ат басын бұруы өткен 20-ға жуық жылдың ішінде бірде қарқын алып, бірде саябырлап болса да тоқтаусыз жалғасып бүгінге жетті. Нәтижесінде статистикалық есеп бойынша осы аралықта бір миллионға жуық (кей дерек бойынша 800 мыңдай) [143] қандасымыз атажұртына оралып, алпауыт империяның сан жылдарға жалғасқан отарлау саясаты салдарынан өз жерінде азшылыққа ұшырап, ұлттық рухынан ажыратуға шақ қалған халқымыздың санын, сапасын арттыруға, рухын көтеруге, тіпті экономикалық өркенімізге де белгілі дәрежеде үлес қосты.


Алайда, қандастарымыздың тарихи Отанына көшіп келу үдерісі даңғыл жолмен кедергісіз мүлтіксіз жүзеге аспағаны белгілі. Айталық, ең бергісі, оралмандарды елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына бейімдеу өзекті мәселе күйінде қалуда. 90-жылдардың басында «Қайт, қазақ еліңе!» деген ұранның көтерілуі асығыс болды дейтіндер де аз емес. Бүгінге дейін оралмандардың елде жеткілікті деңгейде қолдау таппай, бірқатар қиындықтарды бастан кешкені көпшілікке аян. Сонымен қатар Қазақстанға келуге тілек білдірген қандастарымыздың саны артқанына қарамастан, 90 жылдардың аяғында оларға бөлінген квота көлемінің азая түскендігі көңілге кірбің келтірмей қойған жоқ. Өз тарихи Отанына оралушылар үшін 1993 жылы он мың отбасына (50 мың адамға) квота бөлінсе, ол кейінгі жылдары қысқара түсіп, 1994 жылы жеті мың отбасына, 1995 жылы бес мың отбасына, 1996 жылы төрт мың отбасына, 1997 және 1998 жылдары үш мың отбасына, 1999 жылы бесжүз отбасына, 2000 жылы алты жүз отбасына ғана квота бөлінеді. Ал, 2001 жылда бастап квота қайта көбейді [1, 2 б.].

Дегенмен Қазақстандағы қазіргі демографиялық ахуал, және шетелдердегі қазақтар мен оралмандар мәселелеріне қорытынды жасай келгенде, ұланғайыр жері бар, ал халқының саны бар болғаны 15 млн. ғана Қазақстан мемлекетінің әрбір шаршы шақырымына 5,5 адамнан келіп, әлемдегі халық аз қоныстанған елдер қатарына жататыны ойлануды қажет етеді. Ұлттық қауіпсіздігімізді сақтап қалу және экономикамызды жаңа еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Елбасымыз 2015 жылға дейін республика халқы саны 20 млн.-ға жеткізу қажеттігін баса айтып келеді.

Міне, сондықтан халықтың санын көбейтіп, құрамын нығайтатын, тарихи-демографиялық ғылым айқындаған екі жолды, табиғи өсім мен сырттан келетін көші-қонды оң пайдалану керек. Сондықтан болашақта шетелдерден келетін қандастар арқылы еліміздің жан санын арттыруға мүмкіндік толық. Тек көші-қон үрдісін тоқтатпай оралмандар санын молайту үшін өткен мерзімдегі

оралмандар ісін ұйымдастырудағы кемшіліктеріміз бен қателіктерімізге қорытынды жасап, бұрынғыдан да күрделі шаралар іске асыру қажеттілігі туындауда. Мүмкіндігінше квотаны шектемей, молайтып қазақтар тұрған шет мемлекеттермен дипломатиялық жолмен көші-қон үрдістерін жеңілдетіп, тездетуге жол ашу, ал көшіп келгендер үшін барлық жағдайды жасау еліміздің шетелдегі қазақ диаспорасын көшіріп алу жөніндегі саясатының күн тәртібінде тұр [144].

**Диаграмма 3. Оралмандарға бөлінген квотаның мөлшері**



Жалпы, шетелдердегі қандастарымыздың елімізге қазақ тұратын барлық шет елдерден лек-легімен ағылуының ұлтымыз тарихында бұрын-сонды болмаған саяси маңыздылығын ескеріп, өткен 19 жыл ішінде көптеген ауқымды шаралар жүзеге асырылды. Мұндай алдында сүрлеу соқпағы жоқ тың істі жүзеге асырудағы тәжірибесіздік, оралмандар өміріне қатысты қабылданған заңдар мен шешімдердің шикілігі, осы тұсқа дүп келген қоғамдық өзгерістер, әсіресе, нарықтық экономиканың өтпелі кезеңі көшіп келген ағайындардың тұрмысын түзеуіне қиыншылықтар туғызды. Мұның сыртында жергілікті жердегі басшылықтардың немқұрайлылығы, салғырттығы салдарынан туындаған, басқаша айтқанда, қолдан жасалған қиыншылықтар да аз болған жоқ. Міне осындай қиыншылықтар мен кедергілерді осы салаға жауапты үкіметтік органдардың қажырлылығы, бастамашылдығы арқасында және баспасөз құралдарының сын тездері нәтижесінде дұрыс жолға қойылып түрлі шаралар қолданып, кемшіліктердің орны толтырылды.

Бір сөзбен айтқанда, мемлекетіміз бүгінге дейін шетелдегі қазақ диаспорасын байырғы Отанына оралтудың әртүрлі жолдарын дәйекті түрде қарастырып келеді. Ең бастысы еліміз деп келген қандастырымызға барлық жағдай жасауға саяды. Әрине, 20 жылға жалғасқан бұл үдеріс барысында


мемлекет мүмкіндігі келмеген іс шаралар да, қолдан келетін шараларды дұрыс ұйымдастыра, ұқсата алмаған салғырттық, немқұрайлылық та болғаны белгілі. Осындай әртүрлі себептерден болып атажұртына оралған бауырластарымыздың жаңа ортаға бейімделгенге, тіршілігін түзеуге дейінгі уақыттарда біршама қиындықтарды бастан кешіргені жасырын емес. Ондай қиындықтардың бастысы ретінде келген ағайындарды әуелі баспанамен қамдау, сонан соң тіршілігін жалғастырып кету үшін еңбекпен айналысуына, жұмыспен қамтылуына мүмкіндік туғызу тұрғысындағы кемістіктерді атауға болатынын баспасөз құралдарының материалдарын зерттеу, сараптау барысында көз жеткіздік. Міне, сондықтан алда осы екі кемшілікті болдырмаудың жолдарын мемлекетіміз қарастыра бастады.

Бұл ретте Шымкент қаласы шетінен оралмандарға арнап үкіметтің және жеке секторлардың қолдау көмегімен бау-бақша өсіріп, табыс табуға мүмкіндік туғызатын жылыжайлармен қоса арзан бағалы, тұруға қолайлы тұрғын үй салып, ұзақ жылдық несиemen беру бастамасын Елбасымыз Назарбаевтың өзі қолдап, бұл тәжірибені барлық облыстарға тарату, осы негізде бағдарлама әзірлеу тапсырмасы 2009 жылдан бастап жүзеге аса бастады. Ол үшін Қазақстан Республикасының үкіметі 2008 жылдың 2-желтоқсанында № 1126 қаулысымен «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдады. Жоба бойынша қандастарымызды жұмыспен қамту, тұрғын үй мәселесі және басқа да жеңілдіктер қарастырылған [122, 21 б.].

Осы түйінді тізбектерді тарату мақсатында Елбасы тапсырмасымен һәм Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен мақұлданған «Нұрлы көш» бағдарламасы дүниеге келді. Бағдарламаның негізгі мақсаты да көшіп келушілерді, Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген Қазақстанның бұрынғы азаматтарын, еліміздің қолайсыз аудандарында тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу болып табылады. Осылайша, бар жүгі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелген «Нұрлы көш» бағдарламасы алдағы 3 жылда жүзеге асырылуы тиіс. «Нұрлы көштің» шырайын келтіру үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттен 197 миллиард теңге қарастырылып отыр. Демек, қолдау бар, қаржы бар мөлшермен – 60 мың отбасын, орта есеппен 300 мың адамды Қазақстанға көшіріп алу. Яғни, бір жылға бөлінген квота, Елбасы растағандай 20 мың орыннан аспайды. Инфрақұрылымдық дайындық қалай десеңіз, әзірге биыл бұл бағдарламаны іске асырудың сынамасы Оңтүстік Қазақстан (Шымкент қаласында «Асар» елдімекені) 575 отбасына, Шығыс Қазақстан (Курчатов қаласы) 200 және Ақмола облыстарында (Красный Яр ауылы) 276 отбасына баспана салу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр [145]. Сөйтіп, бұрынғыдай стихиялы көші-қон келмеске кетеді. Оралман өзі тұратын жерді таңдамайды, Үкімет ұсынған жерге барады. Себебі, елімізге келетін әр азаматтың жасы, білімі, еңбек тәжірибесі, мамандығы сарапқа салынады да, жұмысқа тұруына лайықты деген аймаққа жіберіледі. Сонымен бірге, бұрын оралмандарды ауылдық жерлерге

қоныстандыру көзделсе, бұл бағдарлама бойынша республикалық және аймақтық қалалардың маңайына орналастыру көзделіп отыр. Бағдарлама бойынша үш жылдың ішінде (2009-2011 жылдары) 60 мыңнан астам отбасы қабылданады. Олардың жартысынан астамын солтүстік аумақтық даму кіндігіне жататын өңірлерге бағыттау қарастырылады. Бағдарламаға қатысушылардың үштен бірі орталық аумақтық даму кіндігіне жататын аудандарда, шамамен 20 пайызы оңтүстік кіндігінің елді мекендерінде қоныстанатын болады.

**Диаграмма 4. Оралмандарды облыстар бойынша қоныстандыру**



Жалпы шет елден келген қандастарымыз алғашқы жылдары Алматы, Оңтүстік Қазақстан өңірлеріне көптеп шоғырланды, бұл біржағы сол өлкелермен қанаттас ҚХР-сы мен Өзбекстаннан келушілердің көпшілігіне байланысты болса, екінші: жағы қай елден келген оралман болсын ауа райы қатал солтүстік өңірлерге қоныстануға құлықсыз болды. Тек ел ордасы Астана бой көтерген жылдардан бастап оралмандардың солтүстікке қоныстану саны да өсті. Бағдарламаға қатысушылардың барлығы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі деп көзделген. Бұл орайда, тұрғын үй қоры тұрғын үйді қалпына келтіру, салу, сатып алу және жалға алу ( Астана және Алматы қалаларындағы бағдарламаға қатысушылар үшін ) есебінен қалыптастыратын болады.

Тұрғын үйді қалпына келтіру республикалық бюджеттен бөлінетін біржолғы өтемақы мен жәрдемақылардың есебінен, тұрғын үй құрылысы, «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы несиесі есебінен, ал тұрғын үй арендасы бағдарламасына қатысушылар жергілікті

бюджет қаражатынан және жұмыс берушілердің қоса қаржыландыруы негізінде жүргізілетін болады.

«Нұрлы көш» бағдарламасының тағы бір ерекшелігі, оралмандарға қатысты мәселені шешу үшін әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың тартылуы. Қазіргі кезде Қазақстанда жұмыс істеп жатқан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар «Нұрлы көш» бағдарламасы арқылы оралмандарды баспанамен қамтамасыз ету ісіне қатысатын болды. Бұл корпорациялар оралмандардың және бағдарламаға қатысушы өзге де тұрғындарды баспанымен қамтамасыз ету ісінде еңбасты тапсырыс берушілердің міндетін атқаратын болды. Ал әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар құрылыс салушыны тартуы тиіс [146].

Бағдарламаға қатысушыларды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне тоқталар болсақ, бағдарламаға қатысушыларды түрлі салаларда жұмыспен қамту ісі көзделген. Бұл өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау, басқарумен әлеуметтік қызмет көрсету салалары болуы мүмкін. Бұл ретте жұмыспен қамтамасыз етудің түрлі нысандары: жалдамалы еңбек, шағын және орта кәсіпкерлікке қатысу шаралары да қолданылатын болады. Дегенмен, оралмандарды жұмыспен қамтамасыз ету ісі олар орналасқан өңірлердің стратегиялық маңыздылығы мен өндірістік ерекшелігіне де байланысты болмақ. Сондықтан, оларға ұсынылатын жұмыс түрлеріде өңірлерге қарай өзгеріп отыруы мүмкін, сонымен бірге бағдарламаға қатысушылардың білім, білік деңгейі мен экономикалық белгілі бір секторындағы жұмыс тәжірибесі болуы керек. Ал, қажет болған кезде жергілікті атқарушы орган ұйымдастырылатын оқуға және қайта оқуға дайын болуы тиіс. Бағдарламаға қатысушылар өзінің жеке кәсібін ашуға ниетті болған жағдайда, олардың тиісті машығы мен тәжірибесі, кәсіпкерлікпен айналысу үшін қажетті белгілі бір қаражаты болуы керек. Шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру үшін әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар несие береді және өзгеде жәрдем көрсетіледі, жалпы, бағдарлама толық жүзеге аса қалған жағдайда еліміз бойынша 150 мың адам жұмыспен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазір «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыс еліміздің түкпір-түкпірінде қарқын алды. Атап айтқанда көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінде 2008 жылдың 1 қазанындағы жағдайында 5661 қоныс аударушы (1199 отбасы) тіркелген. Оның ішінде Моңғолиядан - 245 отбасы, Қытайдан - 157, Ресейден - 276, Өзбекстаннан - 423, Түрікменстаннан - 46, Тәжікстаннан - 3, Қырғызстаннан - 75, Белоруссиядан - 2, Украина бір, Молдовадан - бір отбасы көшіп келген. Бағдарлама бойынша өткен жылдың соңының өзінде Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарында жүзеге аса бастады. «Сарыарқа» компаниясы Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласы іргесінен 100 – ден астам отбасына арналып тұрғын үйлер салып пайдаға берді. Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласындағы иен тұрған төрт пәтер үйді күрделі жөндеуден өткізіп оралмандарды 2009 жылдың желтоқсан айында қабылдау дайындығы жылдың 2 жартысында басталған болатын. Ал Өскемен қаласының іргесіндегі Новоявленка ауылынан 2010 жылы

300 - ден астам отбасына арнап «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында тұрғын үй салынып жатыр.

Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстанның Қызылжар ауданында 140 отбасылық «Бәйтерек» ықшам ауданы, Ақтөбе облысының Хромтау ауданындағы мыс кеніші жанынан «Көктау-2» 200 отбасылық ықшам ауданы, Ақмола облысының Степногор қаласында, Қостанай облысының Заречный кенттерінің әрқайсысында 300 отбасылық коттедж үйлер салынууда. Әрі бұл аудандардың барлығында мектеп үйі және балабақша, сондай-ақ тұрмыстық қызмет орындары бой көтеруде. Ал осы бағдарламаның бастамашысы Шымкент қаласында 575 коттедж салынған. Алдағы үш жыл ішінде тағы 1725 коттедж салынбақ. Бұл оралмандардың болашағының жарқын болуы үшін жасалып жатқан қадамдардың бірі ретінде бағалануда.

«Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы, артықшалығы жайлы еліміздің қазақ тілді басылымдарында жарияланып жатқан материалдардың молдығы бағдарламаның өміршеңдігін көрсетеді. Бір ғана мысал келтірсек өткен жылы еліміз көлеміндегі ең мол таралымды басылымдарды айтпағанда тек «Ақиқат» журналында өзі бұл бағдарламаға жіті назар аударып көптеген материалдар жариялады. Тіпті 2009 жылғы №10-11 сандарында қатарынан көлемді екі мақала жариялаған. Осындай мақалалардың барлығында да «Нұрлы көш» бағдарламасының ел дамуындағы басты стратегиялық бағыттардың бірі екендігі баса дәріптелуде. Мысалы, «Ақиқат» журналында Б. Паратқанның «Нұрлы көш не әкелер екен?». Сөйтіп, «Нұрлы көш» бағдарламасы оралмандардың тұрмысын түзеу, басқа да мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара бастағанын аңғару қиын емес [147].

Біріншіден Оралмандардың басты проблемасы баспана мәселесін шешті, екіншіден жұмыссыздық мәселесін толықтай болмаса да белгілі дәрежеде азайтты, үшіншіден оралмандардың кері көшінің жолын кесті, төртіншіден «Нұрлы көш» бағдарламасының басты жетістігі квотаға қатысты сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге мүмкіндік туғызып отыр. Күні бүгінге дейін қазақ баспасөзі шетжағалап қана сын семсеріне іліктіріп жүрген, бақылаушы органдар санаулы адамдарды ғана қолға түсіріп, қылмыстық іс қозғап, жаза кескен бұл қылмыс шын мәнінде тамырын тереңге жайып үлгіргені қапысыз шындық еді. Көші-қон полициясы, облыстық көші-қон департаменттері, делдалдар арасындағы ымыра жемқорлықтың асқынып тұрғанын, оралмандар саны жасанды құжаттармен артып, бөлінген квота жемқорлардың қалтасына түсіп жатқанын оралмандар өз орталарында күңкілдеуден аспайтын. Ал «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша келгендер тұрақты бір жерде 15 жыл өмір сүруге тура келетіндіктен мұндай құйтырқылық жолмен жоқ адамдарды бар етіп көрсетіп, құжат өткізіп, квота ақшасын жейтіндердің жолын кесті.

Алайда, еліміздің, елім деп аңсап келетін оралмандардың болашағы үшін Елбасының тікелей тапсырмасымен атқарылып жатқан «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыруда көптеген жетістіктер болғанымен кемшіліктер де жоқ емес. Ең әуелі маңызды бұл істің науқаншылдыққа айналып кетпеуін де қадағалау қажет сияқты. Жалпы жаңадан қолға алынған істе шикілік тұстар да

жиі кездесетінін ескеру қажет. Мәселен жоғарыда айтқанымыздай Көкшетау қаласы іргесінен салынған үйлердің тым сапасыз болғандығы орналасқан ағайындардың ренішіне әкеліп соққанын жергілікті және орталық баспасөз құралдары әлденеше рет санағанын білеміз. Ал Курчатов қаласындағы жөндеуден өтіп жатқан пәтер үйлердің жоспарланған мерзім 2009 жылдың желтоқсанында бітпей 2010 жылдың сәуір айына дейін жалғасуы салдарынан бұл үйлерге тапсырыс беріп, шарт жасасқан оралмандар көп уақыт еңбексіз Өскемендегі бейімдеу орталығының 4 бөлмесінде 5 отбасы қысылып-қымтырылып өмір сүріп қиындық көрді. Бұл Елбасының тапсырмасын орындау атты игі бастама болғанымен, «Қолы көтермейтін шоқпарды беліне байлау» деген сияқты орындай алмайтын шаруаны қолға алып ақыр-соңында көзбояушылыққа дейін баратын жағдай туындатып жатқанының алғашқы көрінісі болса керек. Сондықтан оралмандардың болашағына арналған мұндай қадамда мұқият болмаса бағдарлама нәтиже бермей қалуы мүмкін екенін де ескеру керек.

Көші-қон барысында «Нұрлы көш» сияқты нақты бағдарламалар жасалып, игі қадамдар жасалғанымен 20 жыл бойы айтылса да, қазақ баспасөз құралдары сан мәрте дабыл қақса да шешімін таппай келе жатқан мәселелер толып жатыр. Оның үстіне қолға алынған қандай іс болмасын жүзеге асу барысында жаңа проблемаларға тап болатыны да заңды құбылыс. Сондықтан оралмандар мәселесінің де болашақта дұрыс жолға қойылуы шешімін таппай келе жатқан кемістіктерге қорытынды жасап, жеделдетіп шешудің тактикалық жолдарын қарастыру мен болашақта туындауы ықтимал өзекті мәселелерді болдырмаудың алдан-ала жолдарын қарастырған стратегиялық жоспар, бағыт-бағдар белгілеуге тіке байланысты болмақ [148].

Шетелдегі қандастарымыздың ата жұртына оралуы еліміздің экономикасын дамытудағы адам ресурсы атты негізгі мәселені шешу, ел-жердің байырғы иесі жергілікті ұлттың басымдығын арттыру, сабағынан үзілуге дәс қалған ұлттық рухымызды көтеру, сөйтіп, тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты тетіктерінің бірі екенінде дау жоқ. Әрі қандастарымыздың дені, нақтырақ айтқанда 5 миллиондай қазақтың әлі де шетелдерде тұрып жатқанын ескерсек, алыстағы ағайындарды атажұртқа оралту тұрғысындағы бүгінге дейінгі атқарылған шаруа үлкен істің бастамасы ғана. Ең әуелі біз өткендегі қателіктерден сабақ ала отырып, бүгінге дейін орын алып келген басты-басты кемістіктерді толық жоюға бағытталған іс шараларды жедел қолға алуымыз қажет.

Оралмандардың болашағын нұрлы болдыруға кедергі болып отырған, әрі баспасөз құралдарында айтыла-айтыла жауыр болған ең басты кемістіктер мен оларды шешудің тактикалық жолдары ретінде үкімет тарапынан төмендегі жайлардың шешімін табу.

Бірінші: Оралмандардың жаңа ортаға келген соң ел қатарлы өмір сүріп кетуінің басты кепілі-баспана мәселесін шешудің жаңа жолдарын қарастыру. Бұл тұрғыда «Нұрлы көш» бағдарламасы маңызды рөл атқарғанымен мәселені түбегейлі шеше алмайтыны белгілі. Жоғарыдағы кемістіктер жолға қойылды

дегеннің өзінде бұл бағдарлама алда келетін барлық оралмандарды қамти аламайды. Ондай мақсат қойып та отырған жоқ. Сондықтан оралмандарды баспаналы болдырудың басқа жолдарын қарастыру немесе «Нұрлы көш» бағдарламасының ауқымын кеңейтіп, оралмандарды баспаналы болдырудың басқадай жолдарын да «Нұрлы көш» бағдарламасына енгізу қажет [149].

1 Баспана салуға бөлінетін квоталық қаржының көлемін кемінде ауылдық жердегі сатылатын үйлердің бағасының орташа деңгейіне жеткізу, жалпы квота мөлшерін арттырып республикалық бюджеттің бір пайызына дейін көтеру жөніндегі ұсыныстарды жүзеге асыру.

2 Облыс орталығы, басқа да ірі қалалардан баспана салуына арнап оралмандарға жер телімін беруді түбегейлі шешу, әрі рәсімдеу жолдарына жеңілдіктер көрсету. Бұл оаралмандарды баспаналы болдырудың ғана жолы емес қалалы жерлердегі қазақтардың үлес салмағын арттырудың да тиімді тәсілі болмақ.

3 Оралмандардың үй салуына арнап жеңілдетілген несиелер беру қазір «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша «Тұрғын үй жинақ банкіне» ғана рұқсатталған. Алда екінші дәрежелі банктердің барлығына мемлекет тарапынан міндет жүктеу.

Екіншіден көші-қонның алғашқы жылдарындағы үрдісті қайта жаңғыртып, «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша оралмандарды көлік апарып, жерінен көшіріп әкелу. Бір ғана мысал келтірсек, қазір дамуы мешеу Моңғолияда тіршілік тауқыметінен болып, жол қаржысын таба алмаудан келе алмай отырған мыңдаған отбасы бар екеніне зерттеу барысында көз жеткіздік. Бұл, әрине, шығын мөлшерін арттырады. Бірақ ондай елге жетуге зар болып отырған отбасылары сол көлік шығынына кететін қаржыны алуға тиісті квоталық жәрдемінен ұстап қалса да қынжылмайды


Үшінші: Күні бүгінге дейін көп айтылса да шешімін таппаған мәселенің бірі квотадан тыс өз күштерімен келетін оралмандарға арнайы қамқорлық жасап, қолдау көмек көрсетуді заң аясында шешу. Ол үшін ең бергісі өз күшімен келушілердің тіршілік деңгейін анықтау. Өйткені өз бетімен келушілердің барлығын тұрмысының жақсылығынан келді деп есептеуге болмайды. Квотаға сыйыспағандықтан жоқтан құрап бар қылып, ұрпақ қамын ойлап, отаншылдық рух жетегінде келіп жатқандар қаншама. Сондықтан өз бетімен келушілердің ауқаттыларына түрлі жеңілдіктермен несие беру тетіктерін қарастыру, тіршілігі төмендеріне квоталық мөлшерде болмаса да белгілі дәрежеде көмек көрсету, «Нұрлы көш» бағдарламасына әуелгі кезекте квотадан тыс келгендерді қамту шарасын қолданған жөн.

Төртінші: Қазір «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша көшіп келгендерді (бір отбасынан екі адамды) жұмысты болдыру ісі формалды түрде іске асып жатыр. Мамандығы бойынша жоғары жалақылы жұмыс тауып бермей, қоғамдық түрлі жұмыстарға тартып отыр. Мұндай шаруалардың жалақысы 20 мың теңгеден аспайтындықтан ай сайынғы 36 мың теңгелік қарызда жабу мүмкін емес. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша алған үйдің қарызына алғашқы бес жылда ай сайын 36 мың, қалған он жылда 24 мың теңге төлейді)



Сондықтан «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша келген оралмандарды жұмыспен қамтудың нақты жолдарын қарастыру. Бұл мәселені шешудің де бір жолы жоғарыдағыдай келген оралмандардың қалалы жерге орналасуына мүмкіндік жасау. Қалаға орналасқан ағайындар түрлі өндіріс, қызмет көрсету орындарын сағалап, «екі қолға бір күрек табатыны» өмірде дәлелденген шындық. Олар жұмыс сұрап басшылықтың басын ауыртпайды. Түрлі кәсіптік мамандық курстардан мамандық игеруіне де мүмкіндік толық. Ұрпақ үшін деп келген қандастарымыздың балаларын оқытуына да мүмкіндік туады.

**Диаграмма 5. ҚР-на көшіп келген оралмандардың жас шамасын талдау**



Шетелдегі қандастарымыздың байырғы Отанына оралуын жеделдету, оралмандардың санын молайту үшін мемлекет «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында стратегиялық төмендегі шараларды жүзеге асыру керек [122, 25 б.].

Бірінші: Қандастарымыз тұрып жатқан басты-басты шетелдердің әрқайсысының өз ерекшелігіне сай бағдарлама әзірлеу.

1 Шетелдегі қазақ диаспорасының ең ауқымдысы, әрі қандастарымыздың болашағы күрделі жағдайда тұрған Қытай Халық Республикасындағы ағайындарды көшіріп алудың нақты бағдарламасын жасау. Оның алғы шарты ретінде біздің үкіметіміз осы елден тарихи Отанына оралуға ниетті азаматтарға кедергі болып отырған, қытай тарапынан шешілетін өзекті мәселелерді тиянақты зерттеп, мәселе қою арқылы екі ел үкіметтері арасында оралмандар мәселесін реттеуді жүзеге асыратын жаңа, нақты келісім түзуге қол жеткізу керек.

Жалпы шетелдегі қазақ диаспорасының ең ауқымды бөлігі тұратын ҚХР-ында олардың атажұртына оралуына кедергі көп екенін ДЖКҚ-да мойындайды. Қауымдастықтың бірінші орынбасары Талғат Мамашев «Алыстағы ағайын» атты кітабында: [72, 48 б.], «Қытай қазақтарының ұлт ретіндегі ертеңгі болашағында үлкен қауіп бар екенін де айта кетуіміз керек. Қазіргі кезде қазақтар өз жерінде пайыздық есеппен алып қарағанда мүлдем азайып барады. Ішкі Қытайдан келушілердің барынша көбеюі күн өткен сайын қазақтардың оларға сіңіп кету қатерін ұлғайтады. Қытайдағы бала тууына шектеу саясаты да қазақтардың азаюына әсер етіп жатыр. Қытайдағы қазақтар төте (араб) жазуын пайдаланады. Мұның өзі Қазақстанға келіп білім алуына біраз қиындықтар туғызып отыр. Оның үстіне қазір қазақтар тұратын ШУАР өңірінде екі тілде оқыту мәселесі кеңінен жүргізілуде. Соған орай қазақша білім алудың аясы тарылып, қазақ мектептері азайып барады. Міне, осындай жағдайларға алаңдаған қытай қазақтары арасында атамекен Қазақстанға қайтсақ деген көңіл-күй кеңінен тараған. Оның үстіне Қазақстанда ағайын-туыстары бар кісілер де аз емес. Солар ағайынға қайта қосылсақ дейді. Бірақ бүгінгі таңда Қытайдағы ағайындардың бұл арманының орындалуы өте қиынға соғып отыр. Қытайдың негізгі заңы бойынша сырт елдерге қоныс аударушыларға ешқандай кедергі жоқ. Бірақ, соған қарамастан қазақтардың шығуына барынша тосқауыл қойылған. Яғни оларға сыртқа шығатын төлқұжат алу мәселесі өте қиын. (Басқа ұлт өкілдеріне шақыру алса болды бірден төлқұжат беріледі)

Қазақстандық қазақтардың да Қытайдағы туыстарына шақыру беруіне қытай жағы көп тосқауыл қойған. Қытайдағы ағайындар Қазақстанға жеке кісілердің не заңды тұлғалардың шақыруымен жеке төлқұжат не қызметтік төлқұжат жасатып келеді. Ал, қаншама қиындықтармен келген осы кісілердің Қазақстанда тұрақты тұрып қалуына кейбір жергілікті көші-қон мекемелер дұрыс көңіл бөлмейді. Үрімшідегі құзыры төмен, штаты аз консулдың олардың бәріне бірдей виза беруге шамасы жететін емес Осыған байланысты Үрімшідегі консулдың мәртебесін қайта қарап, штатын көбейту керек», - деп жазады.

Міне, Қытайдағы қазақ диаспорасын атажұртқа тарту үшін арнайы мемлекеттік саясат керек екенін осы пікірден-ақ аңғаруға болады. Бүгінгі таңда ҚХР-нан келетін оралмандарға қатысты осындай кемшіліктерді жолға қоюға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон басқармасы бас ауырттып отырған жоқ, әрі қауқарсыз. Көші-қон басқармасының жұмысы өз беттерімен көшіп келген ағайындарға оралман мәртебесін беріп, квотаға енгізумен ғана шектелуде. Оның өзінде бұл шараны жедел ұйымдастыра алмай отыр. Бұған соңғы жылдары тек Шығыс Қазақстанға Қытайдан қоныс аударған оралмандардың әлі күнге квоталарын ала алмай жүргені дәлел.

Жалпы, Қытайдағы ағайындардың шекарадан өткеннен кейін бала-шағасын шұбартып, қайда барарын білмей дағдарып тұратыны қапысыз шындық. Міне, осындай көші-қон комитетінің қызметінің, құзыретінің шектеулі болуына байланысты қазіргі кезде ҚХР-ында тұрып жатқан ағайындарды Қазақстанға көшіру жұмысымен жеке адамдар, түрлі жеке меншік

фирмалар ғана айналысып жүр. Екі ел арасындағы шешімін таппаған мәселелерге олар да қауқарсыз. Әрі мұндай делдалдық кей жағдайда сыбайлас жемқорлыққа апарып соғатыны да анық. Ондай қылмыс 2007 жылы Шығыс Қазақстанда әшкерленіп, «Дидар» газетіне жазылды [150].

Сондықтан ендігі жерде бұл жұмысты көші-қон комитеті тарапынан реттеп бір жүйеге түсіретін уақыт жеткен сияқты. Яғни алдағы уақытта Қытайдан қоныс аударатын ағайындар қашан келеді, қай облысқа орналасады, квотаға кіре ме, кірмей ме, осының бәрі алдын ала белгілі болуы тиіс.

2 Моңғолиядан келетін қазақтарға байланысты Қытайдағыдай Моңғолия үкіметі тарапына кедергі жоқ екені белгілі. Сондықтан «Нұрлы көш» бағдарламасында бірінші жоғарыда айтқанымыздай ең өзекті мәселе тақырып кедейлік салдарынан жол қаржысын таппай отырғандарды жерінен көлік апарып, көшіріп алу. Бұл тұрғыда «Бұдан жаман күнімде де тойға барғанмын» дегендей ел еңсесін көтермеген нарықтық экономиканың өтпелі кезеңіндегі қиыншылық жылдарында да Моңғолиядағы қандастарымыздың мүлкін машинамен, адамдарын ұшақпен жеткізу Қазақстан үшін дамудың қарқынды жолына түскен бүгінгі таңда көп экономикалық ауырлық туғызатын мәселесі еместігі белгілі жай. Бағдарламада ол жақтан келетін қандастарымызға көмектесу желеуімен делдалдық жасайтындардың жалған төлқұжат арқылы квоталық қаржыны қымқыруының, нақты айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен пайда табуының жолын кесетін тетіктер қарастыру. Ол үшін Моңғолияның Ішкі Істер Министрлігінің азаматтарды тіркеу және ақпарат орталығымен ғалам торлық тығыз байланыс орнату арқылы жалған құжат жасауға жол бермеу, сондай-ақ байырғы отанына қоныс аударушылардың Моңғолия азаматтығынан шыққаны жөнінде ақпарат алмасып тұру арқылы олардың бірнеше рет квота алуына тосқауыл қою. Көп жыл айтылса да шешімін таппай келе жатқан Моңғолия мен Қазақстан арасындағы Ресей жерінің 50 шақырымын ғана басып өтетін Баян-Өлгей-Катон-қарағай төте жолын ашу арқылы қандастарымыздың аз шығынмен атажұртына жетуіне мүмкіндік туғызу.

Екінші: Оралмандарды қоныстандыру мәселесіне байланысты стратегиялық жоспар жасау. Оралмандар мәселесіне байланысты шешімін толық таппай отырған мәселенің бірі келген ағайындарды барынша топтастыру, соның ішінде жергілікті ұлт өкілдері азшылық болып келетін солтүстік өңірлерге қоныстандыру мәселесі. Бұл тұрғыда «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында Солтүстік өңірлерге топтастыру үшін жұмыс қолы жеткіліксіз жерлерден үй жаймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру ісі қолға алынып жатқанын білеміз. Жалпы көші-қон мәселесіне айрықша әсер еткен күштің бірі Президенттің тікелей жарлығымен ел астанасының көшірілуі, Астана қаласының бой көтеруі болды. Басқа жағын айтпағанда оралмандарды солтүстікке орналастыруға зор ықпал етті, көші-қонның бағыт-бағдарына да үлкен өзгерістер әкелді. Бұрын оралмандар негізінен Оңтүстік облыстарға көптеп көшіп келетіндіктен орналастыруда қиыншылықтар туындайтын. Ендігі жерде Елорда Астанаға көшірілген соң оралмандар да көштің басын орталық және солтүстік облыстарға қарай бұрды. Осының нәтижесінде бұрын санымыз

азайып, ана тіліміздің жағдайы тығырыққа тірелген бұл өңірде қазақтар саны күрт көбейіп, ұлттық өркендеуімізге жол ашылып, ұлттардың арасалмағы біршама түзеле бастады. Бұл да ұлт тағдырына байланысты күрделі мәселені барынша тиімді және дұрыс жолмен шеше білудің айқын көрінісі.

Алайда, сол үрдісті одан да күшейту үшін жасаған «Нұрлы көш» бағдарламасы әлі де болса дұрыс жолға қойылмай отыр. Айталық көпшілік облыстардағы «Нұрлы көш» бағдарламасы, тек Елбасының тапсырмасын орындадық деген ат алуды мақсат тұтып, алдын-ала ойластырмай, дұрыс ұйымдастырмай немесе асығыстық танытып, шала ұйымдастырып отырғаны баспасөздерде, оралмандар жиындарында жиі айтып жүр. Мәселен «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Ақмола облысында да «Нұрлы көш» бағдарламасына сәйкес Көкшетау қаласының шетіне «Сарыарқа» корпорациясының тұрғызған үйлеріне алғашында оралмандар қуана орналасқаны, мемлекет саясатына, «Сарыарқа» корпорациясына шексіз алғыс айтқаны кеше ғана еді. Олардың қуанышы қыс ортасына жетпей-ақ су сепкендей басылғанын жергілікті газеттер мен ұлттық телеарналар жарыса жазып, айтып жатыр. Бұл үйлердің сапасы сын көтермейтіні, қыста пана болмайтыны айдан анық болды. Оралмандар ендігі жерде оңбай алданғандарын біліп, аяқтары жеткен жерге дейін шағымдануда. Олардың бұл қылықтары жалпы «Нұрлы көш» бағдарламасына деген сенімсіздікке әкеліп соқтырды. Бұл туралы «Түркістан» газетіндегі мақалада дәйектелді [151].

Көкшетау қаласының «Красный Яр» ауылына қоныс тепкен 113 отбасы оны салған «Сарыарқа» әлеуметтік корпорациясының үстінен шағымданып, үйлердің талапқа сай болмай жатқанын мәлімдеп дабыл қаққан. «Красный Яр» ауылы Көкшетау қаласына тікелей бағынышты болғандықтан Көкшетау қаласының әкімі Бақыт Сапаровты шақырып, мәселенің оңды шешілуін талап еткен. Олар ең әуелі баспаналарының қарызын қайтарудың кепілі жұмыспен қамту ісінің жүзеге аспай жатқанын айтады. Көрші ауылдағы Васильевский кен байыту комбинаты кәсіби мамандарға иек артатынын айтып, оларды жұмысқа алмаған. Басқа жұмыс орындарына не жастары, не тіркеулері сай келмеген деп жазады. Ал «Көш» газетінде осы мәселеге байланысты «Нұрлы көштен» тағы да ши шықты» [152] - деген материал жариялап жоғарыдағы кемшіліктерді Мәжіліс депутаты Құрманғали Уәлидің аузымен баяндайды Міне, осылайша «Нұрлы көш» бағдарламасының орындалуында (құрылыс сапасы, жұмыс тауып беру) күмән туғызатын жайлар да аз емес. Сондықтан «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша тұрғызып жатқан баспаналардың сапасына, жұмыспен қамту ісінің (Бір отбасынан екі адамды жұмысты болдыру немесе бау-бақшамен айналысуға жағдай жасап жылыжай қоса салу т.б.) орындауына құзырлы органдардың жиі қадағалап, бақылау жасауы да оралмандар болашағына қатысты маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Бұл жөнінде пікір ұсыныстар да жоқ емес. Мәселен кәріс халқының өкілі профессор И.С. Ханның парламент сенаты алдындағы пікірталаста «Қазіргі күнде қазақтарға, оралмандарға көмектесетін біздің кезегіміз келді. Біз қазақтың мейірбандығын есімізден еш шығырмауға міндеттіміз» [1000] деген

сөзін жоғарыда келтірген болатынбыз. Міне, осындай бастаманы қолдап, іс болдыру, ұйымдастыру оралмандардың болашағының нұры болуына жасалған зор қамқорлық болары сөзсіз. Сол сияқты «Атажұртымнан не аламын деп емес, не беремін» деп келген ағайындардың әрқайсысының өз шамаларына жарай еңбек етіп еліміздің өркеніне үлес қосып жатқаны рас. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Ендігі жерде болашақта көшіп келетін қандастарымызға бұрын көшіп келіп, өз тұрмысын түзеген ағайындардың көмегін де пайдалану керек. Бұл жөнінде де бастама жоқ емес. 2005 жылы Артықбай Үкібаев деген азаматтың бастамасы, ұйымдастыруымен Өзбекстаннан, Моңғолиядан, Қытайдан, Түркиядан және басқа елдерден келген оралмандар өзара бас қосып, «Қазақстан оралмандар одағы» құрылғаны жөнінде газет баспалары арқылы білеміз [153]. Мемлекет осындай қоғамдық ұйымдардың бастамасын іліп әкетіп, қолдау, көмек көрсетсе ғана болашақта өз бағыт-бағдарын тауып кетер еді. А. Үкібаев мырза өз қоғамның болашақта атқаратын шаруалары, шешетін мәселесі жөнінде төменгі мәселелерді көтереді:

1. Оралман қазақтардың бүкіл Қазақстан бойынша бірқалыпты орналасуына күш салу, мұның өзі бірқатар өңірлерде қазақтардың үлес салмағын өсіруге ұлттық сапасын арттыруға әсер етеді. Әр оралмандардың әртүрлі мамандықтарды игеру қажеттілігін тудырады.

2. Оралмандардың жаңа баспанаға тезірек кіруіне және сырттағы қазақтардың көшіп келуге қызығушылығын арттыру үшін қажет.

3. Оралмандар қатарындағы жоғары лауазымды қызметтер де болған азаматтардың әлеуетін пайдалануға әсер етеміз.

4. Жұртшылық арасында оралмандар да қазақ ұлтының өкілі екенін түсіндіріп, оралман деген ұғымды екі жаққа да тезірек ұмыттыруға арналған жүйелі жұмыс жүргізу. Міне мұның барлығы жалпы оралмандар мәселесін реттеуге соның ішінде «Нұрлы көш» бағдарламасын онан әрі жетілдіріп, ауқымын кеңейту ісіне мемлекеттік емес ұйымдарды, әлеуметтік компанияларды белсенді қатыстыруға жол ашады.

Осылайша жан-жақты ойластырып, шетелдегі қазақ диаспорасында өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тарихи отанына оралуына тек мемлекет емес, еліміздегі барлық күш атсалысса, «Нұрлы көш» бағдарламасы жүзеге сәтті асары, оралмандардың тұрмыс тіршілігіне қатысты қиыншылықтарды шешуде маңызды рөл атқарары сөзсіз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі ең өзекті мәселе осы тәуелсіздікті сақтап қалудың тетігі бола алатын құндылықтарды айқындау болды. Мұның ең басты мемлекеттің өзегіне айналған байырғы, әрі негізгі ұлт қазақтардың ұлттық мүддесін қорғау, кеңестік дәуірде нақты болмысынан ажырап, дінін, ділін жоғалтып, тілі қоғамдық қолданыстан шеттеп мәңгүрттене бастаған халықтың рухын көтеру, құндылықтарын қалпына келтіру, демографиялық тұрғыда өсім қалыптастыру болды. Мұндай келелі мақсатқа қол жеткізудің ішкі мүмкіндігі ұлттық идеология қалыптастырып, халқымыздың рухын көтеру, ұлттың табиғи өсімін қамтамасыз ететін демографиялық жағдайлар жасау, шаралар белгілеу, құрып бара жатқан тілін, дінін, салт-дәстүрін қалпына келтіру, ол үшін қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру, қазақ бала-бақшалар мен мектептер санын көбейту болса, сыртқы мүмкіндік шетелдердегі қазақ диаспорасын өзіне тарту болды.

Осы мақсатта Елбасының тікелей бастамасымен қолға алынған шетелдегі қазақ диаспорасында өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тарихи отанына оралуына қатысты белгіленген шаралар, ұйымдастырылған жұмыстар мүлтіксіз болмаса да, біртіндеп табысты жүзеге асқандығы зерттеу барысында айқындалды деген қорытынды жасауға болады. Басты жетістігіміз ұлы мақсат жүзеге асырыла бастаған 19 жыл ішінде арнайы мемлекеттік квотамен және квотадан тыс өз күштерімен бір миллиондай алыстағы ағайын ортамызға оралды [147].

Бірақ, зерттеудің негізгі мақсаты шетелдегі қандастарымыздың тарихи отанына оралуына мемлекеттен белгіленген шараларды атқарушы биліктің жүзеге асырылу барысында кеткен ең негізгі қателіктер мен кемшіліктерді, халықтың, мемлекеттің көзі һәм құлағы болған баспасөздің атқарған рөлін саралап көрсету, алда ескеретін жайларға бағыт сілтеу болды.

Бұл тұрғыда барлық іс-шара заң шеңберінде жүзеге асырылатындықтан оралмандардың құқығын қорғауға тікелей және жанама қатысы бар Қазақстан Республикасының заңдары мен құқықтық-нормативтік құжаттардағы кемшіліктерге баспасөз беттеріндегі сын, оралмандардың өздерінің пікір-ұсыныстарына сүйене отырып, төмендегідей қорытынды жасалды.

1. Оралмандардың құқығын қорғайтын басты заң ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» [148] заң екі мәрте жаңарып, бірнеше рет толықтырулар мен өзгертулер енгізілсе де, шикі тұстары көп деген, қорытындыға келдік. Олардың бастыларын атасақ:

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңында оралмандарға жеңілдік көрсететін көптеген бап енгізілгенмен оларды жүзеге асыратын тетіктер қарастырылмады, қатысты органдарға жүктелетін міндеттің тәртіп, ережелері бекітілмеді, бекітілсе де, жүзеге аспады. Басқаша айтқанда, бақылау қойылмады.

Бұл заңның көптеген тармақтары ҚР-ның басқадай заңдарының тармақтарына қайшы келуден болып, жүзеге аспай отыр. (бұл жөнінде екінші тарауда нақты мысал, дәлелдер келтірілді)

Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңы күні бүгінге дейін, бірнеше рет жаңаланып, өзгертулер мен толықтырулар енгізілсе де «оралман» атауының тұжырымдама анықтамасы дұрысталған жоқ.

Оралман ұғымының заңдағы анықтамасының екі-үшті болуы олардың мәртебесін толық айқындауға, қауқарсыздық танытты. Осыдан болып заң актілердегі оралман ұғымы мен баспасөздегі оралман ұғымының арасында айырмашылық, алшақтық пайда болды.

Қазақстан Республикасында, көші-қон туралы заң, құқықтық нормативті ережелері бекітілгенге дейін мемлекеттік, өкіметтік ресми құжаттарда да, баспасөз беттерінде де, «оралман» деген ұғым, атау қалыптасқан жоқ. «Отандастар», «шетелдегі қандастар», «ағайындар», шетелдердегі, қазақ диаспорасынан байырғы отанына, оралушылар сияқты тіркестер арқылы беріліп келді [149].

Әрине шетелден келген қандастарымызды, жеке әлеуметтік топ ретінде қарап, түрлі шаралар белгілеу үшін топқа қысқа да, нұсқа атау беру қажеттілігі мемлекеттік іс қағаздар, құжаттар үшін де нормативтік актілер үшін де, тіпті баспасөз үшін де қажеттіліктен туындағаны белгілі. Осы қажеттілік тұрғысында қалыптасқан «оралман» атауы 1992 жылғы ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» алғашқы заңы арқылы өмірге келді. Ресми түрде де, баспасөзде де, халық арасында да толық қалыптасты [150].

Бірақ, оралман атауы көп адамға, әсіресе, шетелден келген қандастарымыздың өзіне ұнай бермейтіні жайлы көп айтылып жүр. Жалпы оралман ұғымына берілген түсінік, анықтама бір ізге түспегендіктен заңды анықтама мен халықтың санасындағы анықтама жер мен көктей алшақ. Оралмандар жөніндегі басты құжат 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы бекітілген «Халықтың көші-қон туралы» Заңында «оралман» сөзіне «репатриант» терминін қосарлап қолданып: «репатриант (оралман) жалпы саяси қуғын-сүргін, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы адам, сондай-ақ, оның ұрпақтары» деген анықтама берген болатын [151].

Бұл кезде жалпы қоғамда, шетелдегілердегі қазақ диаспорасы түгелдей жоғарыда, аталған қуғын-сүргінге ұшырап жат-жұртқа кеткен қандастарымыз ұрпағы деген түсінік болғаны да бүкпесіз шындық еді. Ол кезде келген оралмандар ата – бабаларының, репрессияға ұшырағаны туралы анықтама қағаз тапсыратын болғаны соның айғағы.

Алайда 2002 жылы (ҚР 2002.03.27.№ 313) «Халықтың көші-қоны» туралы заңына өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, онда оралман атауы заңдағы «репатриант» терминімен қосарланбай дербес қолданылады, әрі жаңа түсінік, анықтама беріледі. Ол анықтама төмендегідей: «оралмандар» - Қазақстан Республикасы егемендігін алған кезде, оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған, және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген ұлтты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар. Бірақ, оралман сөзінің

анықтамасы Заң, қағаз жүзінде өзгерсе де, халық санасында өзгермей қалып қалды. Сөйтіп, баспасөз беттеріндегі мақалалар мен халықтың арасындағы қалыптасқан түсінік бойынша оралмандар дегеніміз: - Қазақстандағы 1931 жылғы аштық пен 1937-38 жылғы қуғын-сүргін нәубеті кезінде шет елдерге бас сауғалаған адамдар (тіпті қара басының қамын ойлап, отанын сатқан қашқындар, сатқындар) ретінде қалыптасқан.

Қазір жоғары білімді зиялыларымыздың көбі (тарихпен шұғылданатын, қызықтайтын топты қоспағанда) «Мен шетелден келген оралман десеніз, сонда сіздердің ата-бабаларыңыз 1931-37 жылдардағы аштықта, нәубетте қашып кеткен бе?» деп сұрайды [0000].

1997 жылы Алматыдағы “Ғылым” баспасынан Г.М. Меңдіқұлованың «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры, Пайда болуы мен дамуы» атты еңбегінде «Осы жерде шетелдердегі қазақтардың бәрін «диаспора» деп атауісті айта салудың өзі қай жағынан болсын (ғылыми, заң жүзінде және т.б.) дұрыс болмайтынын ескерген жөн. Себебі, «диаспора» деген сөз ұлттың өз Отанынан басқа елге шашырап кеткен топтарын білдіреді. Өз атамекенінде қалып қойған Ресей, Өзбекстан мен Қытайдағы қазақтарды “ирридент” деп атау жөн болар» деген пікір ұсынады.

Оралман атауы, баспасөз беттеріндегі бірер мақала арқылы ғана талқыланып, әңгіме өзегіне айналып жүрген мәселе емес. Бұл мәселе Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да көңіліне ұнамаған. 2008 жылы қазақ тілді газеттердің, бас редакторларымен кездесуінде, бір ұлтты жергілікті және оралман деп екіге бөлудің қажеті жоқ деп өз көзқарасын білдірген болатын.

2. Оралмандардың азаматтық құқының бұзылуына ҚР-ның Конституциясындағы мемлекеттік тілдің, мәртебесінің орындалмауы да, әсер етіп отыр. Орыс тілін білмейтін оралмандар Қазақстанда ана тілі арқылы өмір етуге құқылы. Өйтсе еліміздегі, бүгінгі қалыптасқан тілдік ахуал оралмандар тек орыс тілін меңгергенде, басқаша айтқанда Ата заңның 7-бабының 1-тармағындағы «Мемлекеттік тіл –қазақ тілі» деген бап толықтай іске асқанда ғана басқалармен тең құқыққа ие бола алады.

3. Заңда ҚР «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау» министрлігінің көші-қон комитетінің, заңды құқығы айқындалмады. Сондықтан бұл комитет оралмандардың құқығын қорғауға дәрменсіз, тек олардың квоталық көмегін үлестіруші ұйым болып қалды.

4. Елімізге квотадан тыс келіп жатқан ағайындардың құқы «Халықтың көші-қоны туралы» заңында да, басқадай заңдар мен құқықтық-нормативтік құжаттарда да қарастырылмағандықтан әлеуметтік жағынан қорғалмай отыр.

Зерттеу, сараптау қорытындысы қазақ баспасөзінің осы сыртқы мүмкіндікті жүзеге асыру жолындағы мемлекеттік саясаттың жиырмаға жуық жыл ішінде табысты жүзеге асуына белсенді үлес қосып, елеулі міндет атқарғанына көз жеткізуге саяды.

Шетелдегі қазақ диоспарасы мен келген оралмандардың мәселесін көтеруде зерттеу нысанасы болған негізі басылымдардың, барлығының бірдей ерекше белсенділік танытып өздерінің басты бағыттарына айналдыра білуі



қазақ баспасөзінің ұлт рухын көтерудегі мәртебелі міндеттерін, борыштарын абыроймен атқарып келе жатқанын көрсетеді. Әрі бұл салада бірін-бірі қайталамай өзіндік ерекшеліктерімен таңғалғанын атау ләзім.

Әсіресе ел-жерге деген сағынышпен жат ел топырағында көз жұмған ата-бабаларының аманатын арқалап, байырғы отандарына жеткен оралмандардың нарықтық қоғамның өтпелі кезеңіне тап болып, әлеуметтік тұрғыда көрген қиыншылықтары қазақ баспасөзінің басты тақырыбына айналған. Нәтижесінде үкіметтің құзырлы органдарының, жергілікті басшылықтың назарына іліктіріп, кемшіліктерді түзеуде «қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей» болса да, үлес қосқанын жоққа шығаруға келмейтінін аңғаруға болады. Мұны нақты экономикалық есеппен дәлелдеуге келмесе де, жалпы көші-қон мәселесіне оралмандардың құқықын қорғауға бағытталған заңдарды әлденеше өзгертуге, өзгертулермен толықтырулар енгізуге, нормативтік құжаттарды жаңалауға тигізген әсерінен толық байқаймыз.

Осы орайда оралмандардың әлеуметтік жағдайына қатысты әлі де шешімін таппаған мәселелер, қазақ баспасөзінің бұл кемшіліктерді көтермеуінен емес, еліміз дамысының бүгінгі әлеуетінен немесе уақыт өткен сайын жаңа қиыншылықтар, кедергілер туындап жататын қоғамдық заңдылақтардан іздеуіміз керек. Мұндай заңдағы олқылықтардың түзетіліп, жетілдіріліп, өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі біріншіден теорияның кемістігі практикада байқалатын, заман талабына сай дүниенің өзгеріп, дамып отыратын диалектикалық заңдылық болса, екіншіден оқырмандармен тығыз байланыс негізгі кемшіліктерді басшылықтың әсіресе, парламент пен үкіметтің, тіпті Президенттің құлағына жеткізіп, назарына іліктіріп отыратын баспасөздің қарымы деген қорытынды жасауға болады.

Алайда, оралмандардың құқықын қорғайтын заңдар мен құқықтық-нормативтік құжаттардың кемшіліктерін нақты көрсету, қандастарымыздың жаңа ортаға толық бейімделуіне, дейінгі уақытта мемлекет тарапынан белгілеген шараларды жергілікті әкімшілік органдарының жүзеге асыруындағы кемшіліктер мен қателіктерді көре біліп, құзырлы органдардың назарына іліктіру, қазақ баспасөзінде шетелдегі қазақ диаспорасының ұлттық болмысын, олардың жылдар, ғасырлар бойы жасаған рухани қазынасын, ұлттық салт-дәстүрін жаңғыртудағы үлесін насихаттау, қандастарымыздың атажұртқа оралу құлшынысын арттыратындай әсер, рух беретін әсерлі дүниелерді оқырмандарға ұсынуда жетістіктен гөрі кемшілік басым екені зерттеудің негізгі қорытындысы болмақ.

Алда ескерілетін негізгі кемшіліктер төмендегідей:

Ең бастысы, түрлі басылымдардағы оралмандардың құқығының бұзылуына қатысты сын материалдар үстірт жазылады, оның себебіне үңіліп, терең талдамайды, заң тармақтарынан нақты дәлелдер келтірмейді. Басқаша айтқанда, бұл кемшілік заңда қарастырылмаған ба, заңның солқылдақтығынан ба, әлде екі заңның, бір-біріне қарама қайшылығынан ба, дегенге талдау жасамайды. Бұл журналистердің құқықтық білімінің көп жағдайда жетісе бермейтінін көрсетеді.

- «Халықтың көші-қоны туралы» заңында оралмандарға жеңілдік көрсететін көптеген бап енгенімен оларды жүзеге асыратын тетіктер қарастырылмады, қатысты органдарға жүктететін міндеттің тәртіп, ережелері бекітілмейді, бекітілсе де мұны жүзеге асырып жатқан орган жоқтың қасы. Сөйте тұра бұл кемшіліктерді сынаған құзырлы басшылық мекемелердің, назарына ұсынған сыни, проблемалық материалдар қазақ баспасөзінде жоқтың қасы.

- Қазақ баспасөзі тарихи отанына көшіп келген оралмандардың өнер-мәдениетін насихаттауға белгілі дәрежеде ат салысқанымен шетелдегі қазақ диаспорасында сақталған, бірақ, бүгін зерттеп, күллі қазақтың игілігіне жаратпасақ, ертең айырылып қалу қаупі төніп тұрған мәдени мол мұрамызды насихаттау ісі ақсап жатыр.

- Оралмандардың әлеуметтік мәселесіне, қатысты сын орталық басылымдарда біршама орын алса да, жергілікті басылымдар (облыстық газеттер) көзжұмбайлықпен қарап, келгендігі аңғарылады. Тек жергілікті басшылық тарапынан ұйымдастырып отырған шараларды дабырайтып көрсету басым бағытта. Бұл жергілікті басылымдардың басшылыққа тәуелділігі, басыбайлығының салдары деген қорытынды жасауға болады. Өйткені облыстық газеттердің барлығы дерлік облыстық бюджеттен тендер деген бүркеншік атпен дотация алады. Сондықтан газеттің публицистикалық ұстанымын әкімдіктер айқындайды. Әкімдіктің кемістігін айтуға, газет редакциялары қауқарсыз. Тіпті Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті заңды түрде облыс әкімдігінің ішкі саясат бөліміне бағынады. Сондықтан жергілікті баспасөз құралдырының басқаға тәуелсіздігін, дербестігін қамтамасыз ету шешімін таппаған мәселе деген қорытынды жасауға болады.

- Оралмандардың квоталық көмегіне қатысты сыбайлас жемқорлық жайлы баспасөзде, нақты сын жоқтың қасы. Тек осы саладағы лауазым иелерімен өткізген сұхбаттарда «бұл кемшілікке қандай тосқауыл қойып, қандай шаралар қолданып отырсыздар?» деген сияқты тұспал сұрақтар қойылады да сұхбат иесі де, жүрді-барды сипай қамшылаған, нақты дерексіз жауаптар қайтарады. Бұл мәселе оралмандар арасында көп айтылғанымен нақты дерек көздерін атауға құлықсыз. Таяқтың бір ұшы өзіне тиетіндіктен көші-қон басқармасы мен көші-қон полициясы да, дәиекті жұмыс жасап жатқаны байқалмайды. Бұған осы салада сыбайлас жемқорлық асқынып тұрғанмен республика көлемінде бақылаушы органдар санаулы адамдарды, ғана қолға түсіріп, қылмысты іс қозғап, жаза кескені дәлел бола алады.

Оралмандардың құқын қорғау, осы негізде олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ұлттық мәдени рухани құндылықтарымызды, сақтаудағы үлесін арттыру мәселелеріне қатысты қортынды бөліміндегі санамалап көрсетілген басты проблемаларды шешудің жолдары, бағыттары оралмандардың болашағы бөлімінде қарастырылды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Бұл құрылтай–қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі // Егемен Қазақстан. – 2002, қазан – 24. – 1 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-Мемлекет саясатының мақсаты. Президенттің халыққа Жолдауы // Егемен Қазақстан. –2008, наурыз – 6. – 2 б.
- 3 Бадуаамов Л. Шыңжаң қазақтарының Ұлы ықпалы мен төңкерісі: истор. наук. дис. автореф. – Алматы, 1975. - 28 б.
- 4 Рабочей группы по подготовке проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О миграции населения» // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 32-іс, 213-п.
- 5 Асылбеков М.Х. Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 252 с.
- 6 Асылбеков М.Х, Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. – Алматы: Атамура, 1995. – 143 с.
- 7 Нұрмағамбетов А. М. Қазақтар саны 600 мыңға көбейді // Заң газеті.- 2006, мамыр - 19. – 2 б.
- 8 Мендикулова Г. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – 283 с.
- 9 Тәтімұмов М. Қазақ әлемі. – Алматы: Ата-мұра, 1993. – 170 б.
- 10 Қазақ диаспарасы: бүгін мен ертеңі. – Астана: Елорда, 2005. – 167 б.
- 11 Нысанбаев Ә. Еуразиялық интеграция және қазақ диаспарасы. – Алматы, 2007. – 65 б.
- 12 Алиев И.И. Этнические репрессии. – М.: Радио Софт, 2008. – 472 с.
- 13 Тілесов А.Т. Саяси-әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының қалыптасу ерекшеліктері: Саяси ғылымдарының кандидат. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 28 б.
- 14 Найманбаев Б.Р. Қазақстандағы 1970-1999 жылдар аралығындағы көші-қон (миграция) процестерінің тарихы: тарих ғыл. кандидат. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 28 б.
- 15 Енсенов Қ.А. Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959): канд. дис. автореф. – Алматы, 2007. – 19 б.
- 16 Аман Ә.Б. Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары): канд. дис. автореф. – Орал, 2009. – 28 б.
- 17 Тоқанұлы Б. Рухани ашаршылық, ұлттық өгейліктің басталғаны ма? // Ана тілі. – 2009, тамыз - 19. – 8 б.
- 18 Мендеке Ә. Жақыныңды жат етпе // Социалистік Қазақстан. – 1991, сәуір – 12. – 5 б.
- 19 Мағауин М. Ұлттың күре тамыры; Ұлы көш мұраты // Жұлдыз. – 1994. – № 10. – 12 б.
- 20 Мағауин М. Көші–қон шырғалаңы // Жұлдыз. – 1994. – №10. – 166-167 бб.

- 21 Зәкенұлы Т. Бүгінді біліп, болашақты барласақ // Қазақ елі. – 1998, шілде – 16. – 2 б.
- 22 Кәпқызы Е. Кері көшудің сыры неде? // Қазақ елі. – 1996, наурыз - 22. – 4 б.
- 23 Балғабаев С. Еңсеру // Егемен Қазақстан. – 2005, қыркүйек - 28. – 4 б.
- 24 Үкібаев А. Елге ел қосылса-құт // Егемен Қазақстан. – 2002, қыркүйек - 28. – 5 б.
- 25 Жанболатов С. Нұрлы болашақтан таймайық // Егемен Қазақстан. – 2006, шілде - 3. – 2 б.
- 26 Асылбеков М.Х., Әбжанов Х.М. Қазақстандағы демографиялық процесс тарихы мен ақтандақтары // Қазақстан мектебі. – 1991. – №5. – 53-60 бб.
- 27 Қинятұлы З. Оралмандардың азаматтық құқығын қамтамасыз ететін бүгінгі жай-күйі // Егемен Қазақстан. – 2005, қыркүйек - 28. – 7 б.
- 28 Шамақайұлы Қ. Не істеу керек? // Егемен Қазақстан. – 2007, наурыз - 6. – 2 б.
- 29 Ниязханқызы Г. Қазақстандағы көші-қон процестері және оралмандар // Отан тарихы. – 2005. – №3. – 150 б.
- 30 Нұрмұратов С. Қазақ оралмандарының өркениеттік мәселелері // Қазақ өркениеті. – 2005. – №3. – 4 б.
- 31 Нурумбетова К Тәуелсіз Қазақстандағы оралмандардың орналасуы және әлеуметтік – экономикалық жағдайы // Отан тарихы. – 2009. – №3. – 132-137 бб.
- 32 Айталы А. Адам Отанын іздейді // Алтын Орда. – 2005, қазан - 27. – 4-5 бб.
- 33 Нөкішұлы Ғ. ШығысТүркістандағы дауыл. – Алматы: Санат, 1998. – 35 б.
- 34 Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі (тарихи көркем публицистика) – Алматы: Мерей, 1995. – 106-107 бб.
- 35 Қобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г, М.Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: ДҚҚҚ, 2009. – 296 б.
- 36 Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат – Астана: «Ана тілі – Ата тарих», – 2007. – 32б.
- 37 Енсенов Қ.А. Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959): канд...дис.автореф. – Алматы; 2007. – 19 б.
- 38 Назарбаев Н.Ә. «Қайт, қазақ, отаныңа», // Егемен Қазақстан. – 2008, наурыз - 6. – 2 б.
- 39 Махат Д. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925 – 1956 жж.). – Астана: «Ана тілі – Ата тарих», 2007. – 54б.
- 40 Заханқызы С., Дөрбетханқызы Б. Ұрпақтар тоғысы. – Астана: Елорда, 2001. – 290 б.
- 41 ҚР.Президенті Назарбаев Н.Ә. «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» // Егемен Қазақстан. – 2000, шілде - 4. – 1 б.
- 42 Сәмитұлы Ж. Қытай қазақтары, Моңғолия қазақтары // Шалқар. – 1993, ақпан - 2. – 3 б.

- 43 О Комитете по миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, утвержденное постановлением Правительства Республики Казахстан // ҚРОММ 53–қ., 1–т., 210–іс, 56-п.
- 44 Надмид Д., Бөхийн Б. Ардын эрх (Халық құқы). Уланбатаар, 1994. – 23 б.
- 45 Хурэн – Алагийн О. Қазақстанда босқындар лагері қажет болды // Уланбатаар: Ил товчоо ( Айқын шежіре ) – 1993, маусым - 12. – 3б.
- 46 Батбаяр Н. Қазақтар Моңғолияға опасыздық жасады // Уланбатаар: Ардчилал (Демократия) – 1992, желтоқсан - 8. – 1б.
- 47 Жәлелұлы Қ. Мен Қазақ емеспін, өлсем сүйегім Моңғолияда қалады // Уланбатаар: Ардын эрх (Халық құқы). – 1993, қараша - 4. – 2 б.
- 48 Асқанбайұлы С. Ұлы көштің табанына кімдер тапталды? // Ардын эрх. – 1994, наурыз - 25. – 4 б.
- 49 Асқанбайұлы С. Ұлы көштің табанына кімдер тапталды? // Түркістан. – 1994, қазан - 28. – 1 б.
- 50 Арманды шындыққа жалғайтын жиын? // Егеменді Қазақстан. – 1992, қыркүйек - 29. – 1-2 бб.
- 51 Дүниежүзі қазақтары Құрылтайына қатысушылардың Қазақстанның және жер жүзі халықтарына, мемлекеттеріне және олардың үкіметтеріне Үндеуі // Шалқар. – 1992, желтоқсан - 17. – 1 б.
- 52 Құрылтай елдіктің бір сыны // Егемен Қазақстан. – 2005, маусым - 29. – 3 б.
- 53 Тайжан Б. Оралмандар, Отан деп оралғандар // Егемен Қазақстан. – 2003, шілде - 3. – 2 б.
- 54 Белдеубай Д. Оралмандарға үй сатып беру бекітілді, бірақ. // Ана тілі – 2001, қыркүйек - 6. – 5 б.
- 55 Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы 15 жыл – Алматы: «ДЖКҚ» 2007. – 105 б.
- 56 Қазыбекұлы Н. Біз оралман емеспіз – Алматы: «Жазушы», 2008. – 192 б.
- 57 Мельников Г. Шет қақпай көрмейді // Арай. – 2000, желтоқсан - 5. – 2 б.
- 58 Кәпқызы Е. Қандастарымыз – қара орманымыз // Түркістан. 2002, қыркүйек - 26. – 7 б.
- 59 Захарченко И. Құрылтай қорытындылары // Егемен Қазақстан. – 1992, тамыз – 28. – 3 б.
- 60 Балғабаев С. Не істеу керек ? // Егемен Қазақстан. – 2002, қараша - 29. – 3 б.
- 61 «Миграционная политика в Республике Казахстан на современном этапе» // ҚРОММ 53–қор, 1–т., 116–іс, 211-п.
- 62 Халықтың көші-қон туралы заңы (ҚР 2002.03.27.№ 313). – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 7 б.
- 63 Указ Президента // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 1-іс, 181-п.
- 64 Уатқан Б. Отандастар тағдыры ойыншық емес // Қазақ елі. – 1997, сәуір - 4. – 2 б.

- 65 Сәдірқызы Г. Көш-керуен кері бұрылып кетпесе екен. // Егемен Қазақстан. – 2005, маусым - 3. – 3 б.
- 66 Бодауханұлы Қ. Қазақ диаспорасының көші-қоның үйлестіру жәйттері // Саясат. – 1997. – № 2. – 40 б.
- 67 Нормативные правовые документы // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 2-іс, 167-п.
- 68 Оңғарсынова Ф. Тағыда заң жобасы туралы // Қазақ елі. – 1997, сәуір - 25. – 1 б.
- 69 Елемес К «Кетушіден келушінің мүддесі биік болса // Қазақ елі. – 1997, наурыз - 11. – 2 б.
- 70 Уәлиұлы Н. Оралман сөзін олқы көрмейік // Ана тілі. – 2010, мамыр - 27. – 3 б.
- 71 Мұхаметханұлы Н. Қазақ тарихынан зертеулер. – Үрімжі қаласы, 2002. – 182 б.
- 72 Мамашов Т. Алыстағы ағайын. // Алматы: Атажұрт, 2008. – 250 б.
- 73 Бабаш Б. Қияндағы қандастардың оралуы люмпенизация әкеле ме? // Алтын Орда. – 2005. – №41. – 21-25бб.
- 74 Ақышев Н. Қазақ өз жерінен неге көшеді // Қазақ әдебиеті. – 1992, тамыз -14.– 4 б.
- 75 Есқали Ө. Солтүстікке көш керуен сап түзеді // Егемен Қазақстан. – 2003, маусым - 3. – 3 б.
- 76 Мауқара А. Оралман атауымен келіспеймін // Көш. – 2007, наурыз – 28. – 1 б.
- 77 Тоқанұлы Б. Менің ата-бабам қуғын-сүргіннен қашқан жоқ //Ана тілі. – 2009, тамыз - 19. – 8 б.
- 78 Айталы А. Шетелдегі қазақтарды көшіріп алмасақ, олардан біз айырыламыз // Алтын орда. – 2005, қазан - 27. – 1-2 б.
- 79 Жаншуақов Қ. Қытайдағы қазақтың маңдайы жарқырап келсе // Жас Алаш. – 2002, шілде -30. – 3 б.
- 80 Назарбаев Н. Сапар сәтті болсын (үндеу) // Егемен Қазақстан. – 2002, қазан -22. – 1 б.
- 81 Халифа А. Алтайдан ауған ел. – Алматы, 2000. – 272 б.
- 82 Рамазан Д. Ата –жұртты аңсап келген ағайын, қасиетті Түркістанда бас қосты // Қазақ әдебиеті. – 2002, қазан - 25. – 3 б.
- 83 Нормативные правовые документы // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 27-іс, 174-п.
- 84 Кәпқызы Е. Оралмандар жеңілдік сұрайды // Түркістан. – 2002, ақпан - 14. – 4 б.
- 85 Приказы по основной деятельности // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 57-58-іс, 144-п.
- 86 Переселения оралманов на историческую родину: ҚР Үкіметінің 2007 жылғы қарашадағы № 114 Қаулысы // ҚРОММ. 53-қ., 1-т., 116-іс, 152-п.
- 87 Нормативные правовые документы // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 171-іс, 168-п.
- 88 Миграция: сборник нормативных правовых актов РК. – Алматы: Юрист, 2007. – 128 б.

- 89 Қинаятұлы З. Оралмандар // Егемен Қазақстан. – 2005, қыркүйек – 28. – 5-9 бб.
- 90 Шамақаев Қ. Кедергі көп // Азия транзит. – 2005. – №10. – 2 б.
- 91 Әбішев Қ. Квота алатын оралман таппай жатырмыз // Көш. – 2009, қыркүйек - 20. – 36 б.
- 92 Қалижан У. Сұхбаты // Түркістан. – 2006, наурыз - 16. – 8 б.
- 93 Правил о порядке финансирования и использования средств, предназначенных на переселение на историческую родину и социальную защиту репатриантов (оралманов) // ҚРОММ 53-қ., 1-т., 33-іс, 156 п.
- 94 Балғабаев С. Оралмандардың орналастырудағы оралымсыздықтар // Егемен Қазақстан. – 2005, қаңтар - 25. – 5 б.
- 95 Кәпқызы Е. Сөздің шыны // Алматы: Ел шежіре, 2002. – 372 б.
- 96 Қазақстан-цифрларда 2003: Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасының Статистикалық жөніндегі агентігі. – Алматы: Қазақстан ақпарат, 2003. – 398 б.
- 97 Қоңырбай Ә. Көшкіміз-ақ келеді // Егемен Қазақстан. - 1995, қазан - 4. – 1 б.
- 98 Тюленова В. Артық адамдар немесе өз еліндегі өгейлер туралы // Көш. – 2007, сәуір - 11. – 5 б.
- 99 Әлқожаұлы Ж. Үкімет 50 мың оралманға жұмыс тауып бере ала ма? // Жас Алаш. – 2003, қыркүйек - 25. – 3 б.
- 100 Мамаев Қ. Оралмандарға кім көмектеседі? // Дидар. – 2008, наурыз - 6. – 2 б.
- 101 Зәкенұлы Т. Дарияға құйған бір бұлақ // Егемен Қазақстан. – 2005, қыркүйек – 24. – 2 б.
- 102 Сәуірбай С. Елге ел қонса құт // Егемен Қазақстан. – 2001, қыркүйек – 24. – 2 б.
- 103 Балғабаев С. Қолға алынбай келе жатқан тағы бір мәселе // Егемен Қазақстан. – 2005, наурыз – 3. – 26 б.
- 104 Қамайұлы Ж. Жарқын елдің болашағы // Қазақ елі. – 1995. – № 22 – 14 б.
- 105 Қазақ тілі және оралман Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тіл комитеті // Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы. – Алматы: Өлке, 2006. – 160 б.
- 106 По программному обеспечению, организации локальной сети, построению сети передачи данных, аппаратному обеспечению// ҚРПМ қ-53., т-1., іс-167. 2-п.
- 107 200 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан. – 2000, маусым - 20. – 2 б.
- 108 Алтынбаев З. Дәл қазір квота алуда құйтырқы жолдары ойлап табылып жатыр // Заң газеті. – 2005, қыркүйек - 26. – 2 б.
- 109 Мағауин М. Көші – қон шырғалаңы // Жұлдыз. – 2004. – №2. – 169 б.

- 110 Әділ Қ. Оралмандарда өкпе көп, немесе қолдан жасалған қиыншылықтардан құтылар күн барма? // Қазақ елі. – 2001, наурыз - 26. – 8 б.
- 111 Қазыбек Н. Ұлы көшке үкімет мүдделі ме? // Қазақ елі. – 2001, наурыз - 16. – 5 б.
- 112 Мұқанов М. Мемлекеттік тұрғыда мән беру қажет. // Қазақ елі. 2000, шілде - 8. – 4 б.
- 113 Тоқанұлы Б. Сағындырған елімнің сансыратып қойғаны-ай // Қазақ әдебиеті. – 1998, маусым - 26. – 9 б.
- 114 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2008 жылы 2 желтоқсандағы №1126 қаулысымен бекітілген. // ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігінің вебсайты: [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz).
- 115 Шалұлы Ж. Көш көлікті, жұрт жұрағатты болсын десек // Қазақ әдебиеті. – 1995, тамыз - 29. – 14 б.
- 116 Амантай Ә. Қазақтар неге қайта көшіп жатыр? // Қазақ елі. – 2007, наурыз - 1. – 4 б.
- 117 Әлімханұлы Ж. Тайжан Б. Отан ортақ деп келді барша қазақ // Егемен Қазақстан. – 2002, қазан - 22. – 4 б.
- 118 Әлқожаұлы Ж. Үкімет 50 мың оралманға жұмыс тауып бере ала ма? // Жас Алаш. – 2003, қыркүйек - 25. – 3 б.
- 119 Әлқожаұлы Ж. Оралмандар зейнетақысы неге төмен? // Заң газеті. – 2006, қаңтар - 20. – 2 б.
- 120 Сақбаев А. Оралмандар үшін жаңаша саясат керек // Жас Алаш. – 2002, мамыр – 23. – 3 б.
- 121 Тоқанұлы Б. Оралмандардың «Атамекен» форумы // Дидар. 2008, сәуір - 2. – 3 б.
- 122 Көшімбаев Т. Тастай батып, судай сіңіп // Дидар. 2008, наурыз - 17. – 2 б.
- 123 Оралмандарды қолдау және оларды жаңа ортаға бейімдеу. – Алматы: Ел-Шежіре. – 2005. – 17 б.
- 124 Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы 15 жыл. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 206 б.
- 125 Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920) – Алматы, 2002. – 33 б.
- 126 Қалижан У. Квотадан тыс келген оралмандарды қолдау үшін мемлекеттік көші-қон қорын құру керек // Түркістан. – 2004, ақпан - 26. – 4 б.
- 127 Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. – Баян – Өлгей, 1980. – 140 б.
- 128 Бурылтай Б. Олжа табудың оңай жолы // Көш. – 2002, тамыз - 1. – 4 б.
- 129 Қажыбайұлы С. Оралманның профессоры да жазушысы да мал бақты // Көш. – 2005, шілде – 12. – 5 б.
- 130 Қамайұлымен Ж. Жүректің бәрі жаралы, көңілі бүтін қазақ жоқ // Көш. – 2006, желтоқсан – 22. – 2 б.
- 131 Кәпқызы Е. Ұлт және оралман // Түркістан. – 2005, ақпан - 20. – 4 б.



- 132 Шаханов М. Күні бүгінге дейін көші-қон заңы ғана мемлекеттік тілде қабылданған // Заң газеті. – 2006, маусым - 15. – 1 б.
- 133 Қалиасқарұлы Қ. Маған сенім сыйлаған жан // Көш. – 2005, қараша - 15. – 5 б.
- 134 Қасымов С. Оралмандар мәселесі оңтайлы шешілсе екен // Қазақ әдебиеті. – 1997, тамыз - 12. – 4 б.
- 135 Мәсихан Д. Елге ел қосылса - құт // Егемен Қазақстан. – 2001, желтоқсан - 14. – 9 б.
- 136 Елубаев О. Самардағы сағыныш сазы // Дидар. – 2008, мамыр - 17. – 2 б.
- 137 Тоқанұлы Б. Қытай абақтысында 20 жыл отырған оралман // Дидар. – 2008, сәуір - 1. – 3 б.
- 138 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі. Оралмандарды қолдау және оларды жаңа ортаға бейімдеу. – Алматы: Санат, 2008. – 10 б.
- 139 Асылбеков М.Х., Алтаев А.Ш. Историко-демографические исследования в Казахстане: тенденции, современное состояние и перспективы // Отан тарихы. – 1999. – № 1. – С. 28.
- 140 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты // ҚРОММ қ- 64, 1-т, 1-іс, 62 п.
- 141 Халифа А. Алтайдан ауған ел. – Алматы: Санат, 2000. – 272 б.
- 142 Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚРПМ), 182-қ., 1-т., 40-іс, 42-іс, 46-іс, 48-іс, 52-іс, 58-іс, 4-п. Егемендік жылдары.
- 143 Семей қаласында орналасқан Шығыс Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағаты 7 – қ., 2– т., 167– іс, 171-п.
- 144 Мамашев Т Соңғы он жылда елге миллионға жуық қазақ оралды // Егемен Қазақстан. – 2010, қазан – 16. – 3 б.
- 145 Алмасбекұлы М. Елбасы қолдаған жоба. // Көш. – 2009, қыркүйек– 28. – 3 б.
- 146 Құмар Е. Жерге қазық қағылды // Көш. – 2002, тамыз – 1. – 4-5 б.
- 147 Кәпқызы Е. Үкімет «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдады // Түркістан. – 2008, қазан – 23. – 2 б.
- 148 Паратхан Б. Нұрлы көш не әкелер екен ? // Ақиқат. – 2009. - № 10. – 43 б.
- 149 Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы көш» - Нұрлы жол // Көш. – 2009, наурыз – 17. – 1 б.
- 150 Международной организацией по миграции (МОМ) по вопросам миграции // ҚР ПМҚ 53 т. 1, іс, 20. 6-п.
- 151 Ғали Ә., Ғали Д. Этнодемография және саясат сыры. – Астана, 2003. – 170 б.
- 152 Галимова А. К. Процессы репатриации в Республику Казахстан в 1991-2006 гг // Еуразия орталығы. – 2008. - №1. – С. 34-43.
- 153 Құрманғали У. Нұрлы көштен тағы да ши шықты // Көш. –2009, мамыр - 14. – 11б.

- 154 Белдеубай Д. Оралмандардың жартысынан көбі баспанасыз // Ана тілі. – 2003, Мамыр – 22. – 1 б.
- 155 Әділ Қ. Оралмандарда өкпе көп, немесе қолдан жасалған қиыншылықтардан құтылар күн барма? // Қазақ Елі. – 2001, наурыз – 26. – 8 б.
- 156 Әділ Қ. Елге оралуға ынталы көп, ілтипат қалай? // Заң газеті. – 2005, қараша – 20. – 13-14 бб.
- 157 «Нұрлы көш» бағдарламасына қатысу жағдайы туралы жадынама. – Астана, 2009. – 25 б.
- 158 Қалижан У. Квотадан тыс келген оралмандарды қолдау үшін мемлекеттік көші-қон қорын құру керек // Түркістан. – 2004, ақпан – 26. – 4 б.
- 159 Тоқанұлы Б. Сағындырған елімнің сансыратып қойғаны-ай // Қазақ әдебиеті. – 1998, маусым – 26. – 9 б.
- 160 Тәтімов М.Б. Демография – халықтану. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 9-10 бб.
- 161 Алексенко Н.В. Население Казахстана 1920-1990. – Алматы, 1993. – С. 126.
- 162 Джаганова А. По зову родной земли: Исполнилось 10 лет со дня прибытия на родину первых оралманов // Казахстанская правда. – 2001, апрель - 29. – С. 3.
- 163 Досжанов Б. Оралманы // Простор. – 2006. - №5. – С. 169-177.
- 164 Механизм экономической интеграции оралманов в казахстанское общество: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. – Алматы, 2007. – С. 32.
- 165 Калашников А.Н. (зав. Кафедрой прокур). Правозащитная деятельность прокуратуры в отношении оралманов // Закон и правосудие. – 2005. - №1. – январь - 5. – С. 4.
- 166 Рагусова Г. Миграционные приоритеты не исключают запреты // Казахстанская правда. – 2005, сентябрь - 2. – С. 5.
- 167 Козыбаев И. О репатриации казахов // Analytic. – 2007. – №1. – С. 82-88.
- 168 Лопатко И. Родина-мать зовет, а встречает кто? : Чиновники наживаются на обмане оралманов // Юридическая газета (РК). – 2003. – 9 июля. – С. 4.
- 169 Мустафаев Н. Миграционный фактор конфликтного потенциала в // Саясат (Политика). – 2007. - №4. – С. 24-28.
- 170 Нурғалиева С., Завалко Н. К вопросу об организации учебного процесса на подготовительных отделениях для представителей казахской диаспоры и оралманов // Ұлт тағылымы. – 2004. - №4. – С. 44-47.
- 171 Нысанбекова Л. Политика возвращения и интеграции оралманов в Казахстане // Правовая реформа в Казахстане. – 2005. - №3. – С. 78-81.
- 172 Оболенский К. Десять лет с оралманами // Экспресс К. – 2001, февраль - 13. – С. 3.
- 173 Базанова Ф.Н. Формирование этнического состава населения Казахстана // Вестник АН КазССР. – 1977. - №7. – 58-66 сс.
- 174 Құдайбергенова А.И. Көші-қондық үрдістерді зерттеудің кейбір мәселелері // Қазақ тарихы. – 2003. - №6. – 32-33 бб.

175 ҚРОММ. 698-қ., 1-т., 193-іс., 33-п.

176 Қойгелдиев М.Қ., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

177 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 313 б.

178 Дьяченко С. Учиться жить по Конституции // Казахстанская правда. – 2005, август - 25. – С. 2.

179 Жетесова М. Оралманы могут ли повлиять на демографию Казахстана // Вестник КазГУ. – Сер. Экономическая. – 2005. - №2. – С. 119-122.

180 Найманбаев Қ. Өмірі мен тарихы // ҚР ПМ.Қ. 182; т. 1, іс 42.–2п.

181 Захарченко И. Құрылтайға дейін бір ай қалды // Егемен Қазақстан. – 1992, наурыз - 3. – 4 б.

182 Уатқан Б. Қазақтың көші түзеледі // Дидар. – 1998, мамыр – 30. – 2 б.

183 Должностные и функциональные обязанности работников // ҚРОММ. 53–қор, 1–т, 50–іс, – 133-п.

184 Заседания Консультативного совета руководителей миграционных служб Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Республики Таджикистан // ҚРОММ. 53–қор, 1–т, 72–іс, – 165-п.

185 Редакциялық хроника // Шалқар жылнамасы. – 2004. - №5. – 3 б.